Целесообразно учреждение в структуре Министерства экологии, геологии и природных ресурсов отдельного органа – Договорно-правового отдела, на который возлагалось бы осуществление деятельности Министерства в области международного договорного сотрудничества. Именно этот отдел был бы связующим звеном в системе межведомственного и внутригосударственного взаимодействия в вопросах выполнения международных договорных обязательств, вытекающих из признанных Республикой международных экологических договоров.

Именно этот отдел мог бы эффективно осуществлять контроль над соблюдением и выполнением конвенционных положений и международных экологических стандартов на

региональном уровне. Работа такого отдела способствовала более тесному взаимодействию Министерства с местными представительными и исполнительными органами Республики Казахстан.

Таким образом, подводя заключение, необходимо еще раз отметить следующие предложения, направленные на усиление государственного контроля за соблюдение и надлежащим выполнением международных экологических договоров универсального, регионального и двустороннего характера. Мы предлагаем внести некоторые дополнения в действующее Положение о Министерстве экологии, геологии и природных ресурсов. В частности перечень Задач Министерства предлагаем пополнить еще одной не менее важной задачей, а именно «контроль над надлежащим выполнением международных договорных обязательств Республики Казахстан в области охраны окружающей среды и использования природных ресурсов».

Предлагаем также раскрыть содержание функции Министерства по осуществлению международного сотрудничества. В частности, мы предлагаем изложить эту функцию следующим образом: «Министерство экологии, геологии и природных ресурсов: участвует в международном сотрудничестве в области охраны окружающей среды: совместно или по согласованию с Министерством иностранных дел и/или иными заинтересованными государственными органами разрабатывает проекты межгосударственных, межправительственных и межведомственных международных договоров Республики Казахстан в области охраны окружающей среды и использования природных ресурсов; на основе полученных от компетентных уполномоченных органов полномочий участвует в заключение международных договоров Республики Казахстан в области охраны окружающей среды; участвует в работе специализированных международных межправительственных и неправительственных экологических организаций, международных конференций и симпозиумов по актуальным экологическим проблемам; осуществляет соответствующие мероприятия по согласованию и адаптации международных правовых норм и стандартов с действующим экологическим законодательством Республики; совместно или по согласованию с Министерством иностранных дел Республики Казахстан инициирует вопросы о присоединении Республики к международным экологическим договорам, о денонсации международных экологических договоров Республики Казахстан в Парламенте Республики; осуществляет контроль над надлежащим выполнением Республикой международных договорных обязательств в области охраны окружающей среды и использовании природных ресурсов; ежегодно представляет Президенту, Правительству и Парламенту Республики отчеты о состоянии и тенденциях развития международной договорной деятельности Казахстана в области охраны окружающей среды».

Считаем необходимым создание в структуре Министерства экологии, геологии и природных ресурсов специального структурного подразделения – Договорно-правового отдела, на который возлагалось бы осуществление деятельности министерства в области международного сотрудничества Казахстана по вопросам охраны окружающей среды и использования природных ресурсов. Именно этот отдел был бы связующим звеном в системе межведомственного и внутригосударственного взаимодействия в вопросах выполнения международных договорных обязательств, вытекающих из признанных нашей страной международных экологических договоров.

Как отмечает Р. Ережепкызы, «среди сложностей и барьеров в эффективной реализации Орхусской конвенции являются наличие коррумпированности и некомпетентность в системе государственных органов, отсутствие слаженной координации между ними, что порождает несовершенство правовой базы по вопросам, касающимся процесса имплементации (в частности, размытость механизмов участия граждан в процессе принятия решений по соответствующим вопросам; существующая система сбора и обобщения экологической информации требует совершенствования, условия ее распространения должны быть прописаны; участие общественности в процедурах оценки влияния на окружающую среду носит формальный характер)» [19, С. 144]. Считаем, что следует обеспечить слаженную работу и координацию государственных органов в области реализации международных договорных экологических обязательств.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Bodansky, The Art and Craft of International Environmental Law, p. 223.

2. David Victor, Kal Raustiala and Eugene B. Skolnikoff, eds., The Implementation and Effectiveness of International Environmental Commitments: Theory and Practice (MIT Press, 1998).
3. UNEP, «Future shape of international law to address pollution of global significance affecting the Earth's ecosystems».
4. ООН, Пробелы в международном экологическом праве и касающихся окружающей среды документах: к заключению Всемирного пакта о защите окружающей среды. Доклад Генерального секретаря. Семьдесят третья сессия. Пункт 14 повестки дня//https: //wedocs.unep.org/bitstream/handle/20.500.11822/27070/SGGaps_RU.pdf? sequence=5&isAllowed=y
5. Республика Казахстан. О присоединении Республики Казахстан к Конвенции о трансграничном воздействии промышленных аварий: Закон от 23 октября 2000 г. N 91-II.//Ведомости Парламента Республики Казахстан, 2000 г., N 14-15, ст. 287
6. ОБСЕ. Секретариат по международным отношениям. Реформы в Казахстане: успехи, задачи и перспективы//http://www.oecd.org/eurasia/countries/Eurasia-Reforming-Kazakhstan-Progress-Challenges-Opport.pdf
7. Байдельдинов Д.Л., Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан. Алматы, 2004. - 311 с.
8. Соглашение «О Межпарламентской Ассамблее государств – участников Содружества Независимых Государств», подписанное в Алма-Ате 27 марта 1992 г.//Информационный бюллетень Межпарламентской Ассамблеи СНГ. 1992. № 1.
9. О Регламенте Совета Республики Национального собрания Республики Беларусь: Постановление Совета Республики Национального собрания Республики Беларусь от 2 апреля 1998 г. № 278-СР/IV (с изм. и доп.)//Эталонный банк данных правовой информации «Эталон. Беларусь» l29800278; Ведомости Национального собрания Республики Беларусь. 1999. № 1 Ст.10; 1999. № 32. Ст.466; Национальный реестр правовых актов Республики Беларусь. 2001. № 66, 4/2547; 2004. №188, 4/3950; 2005. № 107, 4/4238; 2006. № 72, 4/4549.
10. Шестакова Е.В. Теоретические и практические аспекты применения модельного законодательства в странах СНГ//Право и политика. 2005. № 4 С. 90.
11. О модельном Кодексе о недрах и недропользовании для государств-участников СНГ: Постановление Межпарламентской Ассамблеи государств - участников Содружества Независимых Государств от 7 декабря 2002 г. № 20-8//Информационный бюллетень Межпарламентской Ассамблеи СНГ. 2003. № 30.
12. О модельном Лесном кодексе для государств-участников СНГ: Постановление Межпарламентской Ассамблеи государств-участников Содружества Независимых Государств от 15 ноября 2003 г. № 22-11// Информационный бюллетень Межпарламентской Ассамблеи СНГ. 2004. № 33.
13. О модельном Земельном кодексе для государств-участников СНГ: Постановление Межпарламентской Ассамблеи государств-участников Содружества Независимых Государств от 4 декабря 2004 г. № 24-8// Информационный бюллетень Межпарламентской Ассамблеи СНГ. 2005. № 35 (2).
14. О новой редакции модельного закона «Об экологической безопасности»: Постановление Межпарламентской Ассамблеи государств-участников Содружества Независимых Государств от 15 ноября 2003 г. № 22-18// Информационный бюллетень Межпарламентской Ассамблеи СНГ. 2004. № 33.
15. О новой редакции модельного закона «Об экологическом страховании»: Постановление Межпарламентской Ассамблеи государств-участников Содружества Независимых Государств от 15 ноября 2003 г. № 22-19// Информационный бюллетень Межпарламентской Ассамблеи СНГ. 2004. № 33.
16. О модельном законе «О доступе к экологической информации»: Постановление Межпарламентской Ассамблеи государств-участников Содружества Независимых Государств от 6 декабря 1997 г. № 10-7// Информационный бюллетень Межпарламентской Ассамблеи СНГ. 1998. № 16.
17. О модельном законотворчестве в Содружестве Независимых Государств: Постановление Межпарламентской Ассамблеи государств-участников Содружества Независимых Государств от 14 апреля 2005 г. № 25-8// Информационный бюллетень Межпарламентской Ассамблеи СНГ. 2005. № 36.
18. Правительство Республики Казахстан. О мерах по реализации Указа Президента Республики Казахстан от 17 июня 2019 года № 17 "О мерах по дальнейшему совершенствованию системы государственного управления Республики Казахстан" от 5 июля 2019 года № 479.// САПП Республики Казахстан 2019 г., № 26-27 ст. 236.
19. Ережепкызы Р. Правовое регулирование доступа общественности к экологической информации (сравнительный анализ национального и зарубежного законодательства). Дисс. на соиск. учен. степ. доктора философии (PhD). Алматы. 148 с.

УДК 349.6

Садуакасова Лаура Байкеновна,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Талдықорған қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: laurabs@bk.ru

ТАБИҒАТ ОБЪЕКТІЛЕРІНЕ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТУЫНДАУ ЖӘНЕ ТОҚТАТЫЛУЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аннотация. Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы табиғат объектілеріне меншік құқығының туындау және тоқтатылуының құқықтық реттелуі қарастырылған.
Кілт сөздер: табиғат объектілері, табиғат ресурстары, жер, су, орман, жануарлар дүниесі, атмосфера, меншік құқығы, иелену, пайдалану, билік ету.
Аннотация. В данной статье рассмартивается правовое регулирование возникновения и прекращения права собственности на природные объекты Республики Казахстан.
Ключевые слова: природные объекты, природные ресурсы, земля, вода, лес, животный мир, атмосфера, право собственности, владение, пользование, распоряжение.
Annotation. This article discusses the legal regulation of the origin and termination of ownership of natural objects of the Republic of Kazakhstan.
Keywords: natural objects, natural resources, land, water, forest, wildlife, atmosphere, ownership, possession, use, disposal.

Кез келген мемлекеттің негізгі байлығы оның табиғи ресурстары болып табылады, олар күрделі әлеуметтік-экологиялық, экономикалық және саяси басқару объектісі болып табылады. Табиғат объектілері туралы айта отырып, біз еліміздің табиғи ресурстарының бәрін пайымдай аламыз. Көптеген ғалымдар мен практик-заңгерлер табиғатты пайдалану саласындағы әлеуметтік әділдік пен бәсекені қамтамасыз етуде нарықтық өзгерістер жағдайында бұл қатынастарын реттеу мәселесін көтереді. Казақстан Республикасы бүкіл дүние жүзіндегі табиғат ресурстары босалқы қоры жағынан ең бай елдердің бірінен саналады. Бұл орайда, табиғат ресурстарын өндіру тұтастай алғанда бүкіл экологаялық жүйеге теріс әсер ету мүмкін екенін әсте де ұмытуға болмайды, өйткені жиынтығында табиғат объектілерінің өзі (жер, жер қойнауы, су, орман, жануарлар дүниесі, атмосфера) экологиялық жүйенің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Табиғат объектілерінің азаматтық айналымдағы әдеттегі заттар мен мүліктен өзгешелігі өзінің айрықша белгісі болады. Атап айтқанда, олардың пайда болуы өндіріспен немесе адамның өнер табысымен байланысты болмайды, табиғат ресурстарын табиғаттың өзі табиғи әдіспен жасайды. Тек біздің елімізде ғана емес, сонымен бірге бүкіл ғаламшарда қолайсыз экологиялық ахуалды ескере отырып, адамзат экологиялық жүйенің табиғи теңгерімін жасауға және сақтауға қалайда ұмтылып бағады. Осымен байланысты, қазіргі уақытта қоршаған ортаны қорғау саласындағы біздің мемлекетіміздің құқық доктринасы ұлттық игілік ретінде табиғат объектілерінің тұжырымдамасы деп аталатын ауқымдарға негізделіп, дамуда.

Ұлттық игілік ретінде табиғат объектілері ұғымы кеңестік кезеңдегі табиғат ресурстарына жалпы халықтық меншік деп аталатын идеологиялық ұғыммен бірдей емес. Егер табиғат объектілерін жалпы халықтық меншік деп есептейтін болсақ, онда мұндай көзқарас заңдық мағынасынан айрылған болар еді және ол қате көзқарас болар еді, өйткені кез келген жағдайда заңдық тұрғыдан табиғат ресурстарының меншік иесі мемлекет болып табылады [1, 118].

Мемлекет, заң шығарушы, атқарушы және сот оргаадары атынан билікке ие бола отырып, табиғат ресурстарын мейлінше ойдағыдай басқарып, халықтың кажеттерін қанағаттандыра және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңды бұзғаны үшін жазалау шараларын қолдануды қоса алғанда, экологиялық құқық тәртібін қамтамасыз ете отырып, бүкіл халықтың мүдделері үшін табиғат ресурстарының құқықтық режимін анықтау міндетін шеше алады.

Заңда ұлттық игілік ретінде табиғат ресурстарының құқықтық режимі табиғат объектілерін тек кана мемлекеттің меншігіне жатқызу арқылы реттеледі. Алайда, кандай да бір табиғат ресурстары немесе олардың бір бөлігі жеке меншікте болуы мүмкін. Атап айтқанда жер өзінің айрықша қасиеттеріне ие болады, бұл оны табиғаттың басқа объектілерінен өзгешелейді. Өндірістік қасиеттерінен басқа, жер инфрақұрылымның объектілерін салу мен дамыту үшін қажет. Осымен байланысты, Қазақстан Республикасында жердің жеке меншікте болуына жол беріледі. Бұл жағдай нарықтық экономиканы дамыту үшін аса маңызды алғышарт болып табылады.

Табиғаттың баска объектілеріне, атап айтқанда жер қойнауына, суға, орман мен жануарлар дүниесіне катысты айтар болсақ, онда оларға жеке меншік орнату тиімсіз болады. Жеке меншікте болатын жер учаскелерінде орналасқан жабық с утоғандары, сондай-ақ жасанды ормандар өскен, жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың қаражаттары есебінен жасалған және оларға жеке меншікке берілген жеке орман қоры бұған жатпайды.

Мемлекеттің меншігі жеке меншік алдында ешқандай да басымдыққа ие болмайды, мұның қай-қайсысы да тек қожайынына ғана емес, сонымен бірге бүкіл қоғамға қызмет етуге тиіс, бұл ҚР-сы Конституциясының 6-бабында өзінің көрінісін тапты, онда былай делінген: Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады. Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс.

Жалпы, меншік туралы айта отырып, меншік институты заң ғылымындағы ең көне институттардың бірі болып табылатынын айту керек және ол өзінің бастауын бүкіл адамзат дамуының таң шапағынан алған. Кез келген адам қоғамы меншіктің қандай бір нысанына ие болуды көксейді және атап айтқанда, меншік өндірісті арттыру мен бүкіл нарықтық экономиканы дамыту үшін қозғаушы күш болып табылады.

Табиғат объектілеріне меншік құқығы немесе тағы да оларды табиғат ресурстары деп атайтынындай, тек экологиялық құқықтың мәнін құрап қана қоймайды, сонымен бірге конституциялық, азаматтық, аграрлық, тау-кен, су, орман және жер құқығы сияқты құқықтың бірқатар басқа да салаларын құрайды.

Табиғат объектілеріне меншік құқығын немесе табиғат ресурстарын 2 мәнісінде қарастыру керек.

Біріншіден, табиғат объектілеріне меншік құқығы ұғымынан нормативтік құқықтық актілерде баянды етілген, экологиялық құқық катынастарын реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығын түсінеміз. Басқаша айтқанда бұл объективтік мағынадағы меншік құқығы.

Екіншіден, табиғат объектілеріне меншік құқығы деп табиғат ресурстарын иелену, пайдалану және билік ету жөніндегі субъектілердің заңдылық жиынтығы түсініледі. Басқаша айтқанда бұл субъективтік мағынадағы меншік құқығы ретінде түсініледі.

Табиғат ресурстарының негізгі объектілері және табиғаттың осындай объектілеріне меншік құқығы негіздерінің өзі ҚР Конституциясында баянды етілген. Айталық, ҚР Конституциясының 6-бабына сәйкес, «жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңмен белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін» [2].

Сонымен бірге, ҚР Азаматтық Кодексінің 193-бабында былай делінген: «Жер, оның қойнауы, су, өсімдік және жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттік меншікте болады. Жер заң актілерінде белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте болуы да мүмкін» [3].

ҚР Азаматтық Кодексінің 1 бабына сәйкес, табиғи ресурстарды пайдалану және айналадағы ортаны қорғау жөніндегі катынастарға азаматтық зандар, егер мұндай мүліктік құқық қатынастары табиғи ресурстарды пайдалану және айналадағы ортаны қорғау туралы зандармен реттелмеген жағдайларда қолданылады.

Меншік құқығының азаматтық заңда баяңды етілген жария жалпы анықтамасы бар, ол жоғарыда аталып өткендей экологиялық құқыққа да қолданылады. ҚР Азаматтық Кодексінің 188 бабында былай делінген: «Меншік құқығы дегеніміз субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы. Алайда бұл заңдылық абсолютті болып табылмайды, мемлекет нормативтік құқықтық актілерін шығару арқылы меншік құқығының өзін, сондай-ақ табиғи ресурстардың меншік иесі жасауы мүмкін іс-қимылдарды да шектей алады. Мысалы, жеке меншікте қорғаныс мұқтаждары және мемлекет қауіпсіздігі үшін орналасқан жер учаскелері бола алмайды. Сондай-ақ жер учаскелерін ұзартылған мерзімге алған адамдарға учаскенің сатып алу бағасын толық төлегенге дейін мәмілелер жасауға (сатуға, жалға беруге немесе өтеусіз пайдалануға, шаруашылық жүргізетін субъектілердің жа-ғылық капиталына салым немесе жарна ретінде беруге) тыйым салынады. Жеңілдікті бағамен ұзартылған мерзімге сатылған жер учаскесімен мәміле жасауға құқыққа оның сатып алу бағасын толық төлегеннен кейін он жыл өткен бойда жол беріледі.

Табиғи ресурстарды иелену, пайдалану және оған билік ету құқықтарынан басқа меншік иесіне табиғат объектілерін ұтымды пайдалануды, оларды қорғау мен қайта жаңғыртуды қамтамасыз ету міндеті жүктеледі.

Табиғат объектілеріне меншік құқығы туындауының және тоқтатылуының негіздері ҚР-ның қолданыстағы заңдарымен анықталады және кандай да бір объектінің кімдерге - мемлекетке немесе жеке тұлғаға тиесілі болуына тікелей байланысты болады. Меншік құқығын алудың жалпы негіздері заң актілерінде белгіленген.

Табиғат объектілеріне меншік құқығы мыналар арқылы туындайды:

1) меншік құқығын беру;

2) меншік құқығын табыстау (басқаға беру);

3) меншік құқығының әмбебап құқық мұрагерлігі (мұраға алу, заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру) тәртібінде көшуі;

Меншік құқығын беру, табыстау және көшуі табиғат объектілерінің нысаналы мақсатын ескере отырып жүзеге асырылуға тиіс [4, 98].

Табиғат объектілеріне меншік құқығы мыналардың негізінде туындайды:

1) мемлекеттік органдардың актілері;

2) азаматтық-құқықтық мәмілелер;

3) Қазақстан Республикасының заңында көзделген өзге де негіздерде.

Табиғат объектілеріне меншік құқығы мынадай жағдайларда тоқтатылды:

1) меншік иесінің табиғат объектілерін баска адамдарға иеліктен шығаруы;

2) меншік иесінің табиғат объектілеріне меншік құқығынан бас тартуы;

3) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес меншік құқығынан айрылуы жағдайында. Бұл табиғат объектілерін ұтымды пайдаланбаған, пайдаланбаған немесе заңды бұза отырып пайдаланған жағдайда болады.

Меншік иесінен табиғат объектілерін, атап айтқанда жер учаскесін, сатып алуды қоса алғанда, алып қоюға жол берілмейді, оған мына жағдайлар жатпайды:

1) меншік иесінің міндеттемелері бойынша ақы өндіріп алу;

2) мемлекет қажеттері үшін меншік иесінің жер учаскесін, сатып алуды қоса алғанда, алып қою;

3) Меншік иесінен мақсатынша қарай пайдаланылмаған немесе заңды бұзып пайдаланылған табиғат объектісін мәжбүрлеп алып қою;

4) мұрагерліктің мемлекетке көшуі;

5) реквизициялар, яғни төтенше сипаты бар табиғи зілзала, авариялар, індеттер жағдайында және өзге жағдайларда меншік иесінен табиғат объектілерін алып қою, табиғат объектілері мемлекеттік органдардың шешімі бойынша қоғамның мүддесі үшін заң актілерімен белгіленген төртіпте және шарттарда меншік иесінен, оған құнын төлей отырып, алынып қойылуы мүмкін;

6) радиоактивтік ластануға ұшыраған табиғат объектісін меншік иесінен соған тең жер учаскесін бере отырып алып қою;

7) тәркілеу, яғни қылмыс жасағаны немесе өзге құқық бұзғаны үшін санкция түрінде сот тәртібінде меншік иесінен табиғат объектілерін өтеусіз алып қою;

8) ұлт меншігіне алу, яғни азаматтар мен заңды тұлғалардың меншігіндегі табиғат объектілерін меншікке айналдыру.

Мемлекеттік табиғи ресурстарды мемлекеттік құрылымдар арқылы да пайдаланады. Ондай реттерде мемлекеттік кәсіпорындарды, ұйымдарды, ауылшаруашылық тәжірибе, ғылыми мекемелерді және басқа да мемлекеттік құрылымдарды құрып, оларға табиғи ресурстарды атқаратын қызметіне қарай мақсатты пайдалануға береді. Олар өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, орман немесе басқа да салалар өнімдерін өндіруді, сондай-ақ халықтың әлеуметтік - мәдени қажеттерін қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Культелеев С.Т. Экологическое право Республики Казахстан. - Алматы: Дәуір, 2003. - 328 с

2. Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамызда қабылдаған Конституциясы // http://adilet.zan.kz

3. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық Кодексі (жалпы бөлім) // https://online.zakon.kz

4. Күлтелеев С.Т. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. Оқулық: жалпы және ерекше бөлімі. - Алматы: HAS, 2008. - 326 б.

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ
ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА
PEDAGOGICAL SCIENCE

УДК 37.013.77

Алибаева Жулдыз Еркиновна,
докторант,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
E-mail: alibaeva_zh@mail.ru

Байгожина Жанара Манатбековна,
п.ғ.к., профессор,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,
E-mail: bzhm70@mail.ru

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДА ДИАЛОГТЫҚ ТӘСІЛ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі кезде өзекті сипатқа ие диалог мәселесі қарастырылады. Авторлар педагогикадағы мәдениетаралық қарым-қатынастың негізі ретінде диалогты талқылауға әрекет жасады. Сондай-ақ, психологиялық ғылымдағы диалог тақырыбы, аз зерттелген және көп аспектілі тақырыптардың бірі ретінде толық қозғалды**.**

Түйін сөздер: диалог, мәдениет диалогы, мәдениетаралық диалог, психология.

Аннотация. В данной статье рассматривается проблема диалога, которая в данный момент носит актуальный характер. Авторы предприняли попытку обсуждения диалога как основы межкультурного общения в педагогике. Также подробно затронута тема диалога в психологической науке, как одна из малоизученных и много аспектных тем.

Ключевые слова: диалог, диалог культур, межкультурный диалог, психология.

Annotation. This article discusses the problem of dialogue, which is currently relevant. The authors attempted to discuss dialogue as a basis for intercultural communication in pedagogy. The topic of dialogue in psychological science is also discussed in detail, as one of the little-studied and many aspect topics.

Key words: dialogue, dialogue of cultures, intercultural dialogue, psychology.

Диалог ұрпақты тәрбиелеудегі негізгі аспектісі болып табылады. Ол басқа адамның жан дүниесіне жолсерік, адамаралық байланыстарды орнату құралы болып табылады.

Диалогсыз тәрбие жоқ деп батыл айтуға болады. Бұл жай ғана дағдыны немесе білімді беру емес, бұл қарым-қатынастың мәні. Көптеген педагогтар диалогтік қарым-қатынаста тәрбиенің мәнін көрді. В.А. Сухомлинский былай деп жазды: "рухани қауымдастық, өзара сенім, ашықтық, тілектестік". Тәрбиедегі диалог - бұл бірлескен көзқарас, жағдайларды талқылау. Бұл жерде мәселені шешуге бірлескен бағытталу фактісі маңызды. Басқа сөзбен айтқанда диалог – мұғалім мен оқушы, бала мен ата-ананың бір-біріне көзқарасының ұмтылысы емес, яғни екі жақтың бір мақсатқа жетуінде. Януш Корчак баланы түсіну және әлемді оның көзімен көру үшін, оның деңгейіне дейін төмендеу немесе "балалық шақтың жіңішке ақиқатына"дейін көтерілу керек деп санайды. Баланы тану және зерттеу Диалог және тәрбие процесінде өтеді , бұл онымен қарым-қатынас жасайтын өзек.

Диалогты құруда эмоционалды күйзелістер әрдайым маңызды. Олар барлық қарым-қатынаста болады, адамнан адамға беріледі. Эмоция көріністерінде шынайылық пен табандылық маңызды. Диалогтық тәрбиені тар мағынада түсінуге болмайды. Бұл кейбір педагогтар қолданатын тілдік қалыпталған пікірлер және стереотипті қауіптер емес.

Болашақ мұғалім өзін балалармен жұмыс істеуге дайындап, яғни қарым-қатынасқа, диалогқа дайын болу керек. Ол адаммен қарым-қатынаста болуға ұмтылып, өз күшін өзге адаммен байланысқа салып, адамның жан жағдайын түсініп, өзін оның орнына қоя білуі тиіс.

Қарым-қатынас қажеттілігі әрқашан адамның әлеуметтік қажеттіліктерінің негізгі болды. Бірақ ол әрдайым қанағаттанбайды және одан әрі дамымайды, өйткені білім беру үдерісінде қажетті жағдайлар жоқ. Қазіргі әлемде адамда Интернеттің, гаджеттердің толқуына қарамастан, қарым-қатынаста терең қанағаттанбаушылық бар, бұл алаңдаушылықтың, сенімсіздіктің дамуына, төмендетілген өзін-өзі бағалаудың пайда болуына, тұлғалық даму мен әлеуметтік бейімделудегі қиындықтарға әкеледі.

Қазіргі әлемде адам көпмәдени қоғамда тұрады. Бұл жағдайда әлеуметтік-мәдени даму әлемді қабылдаудың түрлі жақтарын біріктіреді және басқа мәдениеттердің байлығын меңгереді.

Көп ұлтты ортада тәрбиелеу қиындық туғызып, проблемаларды анықтайды. Мұндай мәселелерді шешу мәдениаралық диалог болды, онда әр түрлі мәдениеттегі жастар бір мәдени феномендерді қабылдап, бағалай алады.

Мәдениет диалогы - бұл қарым-қатынасқа қатысушы өзін теңестіретін мәдениет контекстіндегі жеке тұлғаны сезіну деңгейіндегі энергетикалық өзара іс-қимыл. Мәдениет диалогы мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастыру құралы және қарым-қатынас субъектісінің шығармашылық әлеуетін ашады.

Бұл жерде басқа мәдениет адамдарымен белсенді қарым-қатынас жасауға дайындық ретінде толеранттылықты қалыптастыру туралы айту маңызды. Сонымен қатар ол мәдениетаралық қарым-қатынастың нәтижесі болып табылады.

Мәдениетаралық коммуникациядағы толерантты тәсіл индивидтің немесе топтың қандай да бір мәдени ерекшеліктері тек көпшілігінің бірі болып танылатынын және басқаларын өзіне бағындыра алмайтынын білдіреді. Мұндай тәсілде бөтен мәдениетті қабылдау бұрынғы тәжірибе мен жаңасын салыстыру, өз мәдениетінің ұқсас элементтерімен бір мезгілде ұтымды және сезімдік-эмоционалдық негізде салыстырылып жүреді. Толеранттық қарама-қарсы интолерантық болып табылады. Интолеранттықта адам басқаша көрінеді, басқаша ойлайды, басқаша шешім жасайды. Нәтижесінде үстемдік, жою және т.б. тудыратын төзбеушілік қалыптасады.

Көпэтностылық, көптілділік, көпмәдениеттілік жағдайында жастарда толеранттылықты тәрбиелеу көп жоспарлы және келесі мақсаттарды көздейді:

- өз халқының мәдениетін меңгеру басқа мәдениеттерге интеграциялау міндетті шарты ретінде.

- әлемдегі мәдениеттердің алуан түрлілігі туралы түсініктерді қалыптастыру және мәдени айырмашылықтарға оң көзқарасты тәрбиелеу.

- басқа халықтардың мәдениетін біріктіру үшін жағдай жасау.

Шетел тілін оқытуда мәдениет диалогын жүзеге асыру ерекше маңызға ие. Басқа этнос тілін оның мәдениетін, сондай-ақ басқа да әлеуметтік-мәдени нормалар мен ережелерді танымай білу мүмкін емес. Мәдениет диалогы жағдайында мәдениетаралық қарым-қатынастың нысаны ретінде субъективті-жеке кезең бар: бұл халықтың тарихи-мәдени дәстүрлері мен мәдени-тілдік ерекшеліктері.

Мәдениет диалогы- шет тілдерін үйренудегі маңызды аспект. Студенттерді оқыту барысында әр түрлі мәдениеттерді салыстыру маңызды: ұқсастықтарды ғана емес, сонымен қатар жан-жақты мәдениеттегі айырмашылықтарды да көру; қазіргі заманғы көп мәдени әлемде басқа мәдениеттермен қатар өмір сүру нормасы ретінде қабылдау; қазіргі әлемдегі мәдени теңсіздікке, мәдени кемсітушілікке қарсы бағытталған өмірлік ұстанымды қалыптастыру.

Психологиялық ғылымдағы диалог өте кеш келді, бірақ қазір белсенді зерттеле бастады және зерттеледі. "Диалог" ұғымы жалпы психология әдістемесінде, әлеуметтік психологияда, жас және педагогикалық психологияда, психологиялық кеңес беру және психиатрияда зерттеледі. Жалпы психологияда адам санасы мен сана-сезімінің диалогтық құрылымы, диалог пен ойлау байланысы, зерттеу әдісі ретінде диалог мәселелері дамыды. Жас және педагогикалық психология онтогенездегі диалогтық қарым-қатынасты қалыптастыру проблемаларына қызығушылық танытады. Клиникалық психологияда психикасының бұзылуынан зардап шегетін адамдардың сана-сезімінің бұзылуын зерттеу үшін диалогтік тәсіл қолданылады.

Әлеуметтік психологияда қарым-қатынастың диалогтық және монологиялық формаларының ерекшеліктерін және коммуникациядағы диалог рөлін дамытады.

"Диалог" ұғымы консультациялық психологияға терең еніп, онда ол клиент пен консультанттың қарым-қатынасуымен және Диалог ретінде ойлану басталуымен байланысты, соның нәтижесінде психологиялық кеңес беруде жаңа тәсілдер пайда болды.

Диалог тілдік әсер ету формасы ретінде коммуникативтік-лингвистикалық ұғым ретінде берілген. Мұнда диалог коммуникативті рөлдердің дәйекті ауысуын білдіреді, оның барысында сөйлеу хабарының мәні анықталады, байыту, ақпараттың дамуы орын алады. Диалог өзара іс-қимыл формасы болып табылады. Кезінде жүргізілетін мағынасын түсіну керек, - дейді екіншісі.

Сондай-ақ, диалогтың мазмұндық сипаттары да бар, онда әңгімелесушілердің пікірлері өзара логикалық және мазмұндық байланысты.

Г.М. Кучинский диалогты іргелі зерттеуді жүзеге асырды. Ол "диалог пен ойлау" мәселесін қарады. Автор сыртқы диалогты субъект - субъектілік өзара іс-қимыл нысаны ретінде анықтады. Сөйлеуде әртүрлі мағыналық позициялар дамиды және әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылады.

Диалогтық өзара іс-қимыл қатысушының ойлау құрылымында әріптеспен өзара іс-қимыл жасауға бағытталған диалогтық буындардың бірлескен шешімін жүзеге асыруды көздейді. Оларға "әріптеске табылған шешімнің түсініктемесі, негіздемесі", "басқаның гипотезасын құру" жатады. Осылайша, диалог субъектілердің ой және сөйлеу өзара іс-қимылы ретінде қарастырылады, оған олардың орталықсыздыққа деген айқын қабілеті, олардың бір-біріне бағдарлануы тән.

Диалог - бұл көрсетілген қызметтің тиімділігін елеулі түрде айқындайтын, проблемаларды шешуде ілгерілеуге әкелетін өзара іс-қимыл. Мұнда диалогтың екі кезеңі бөлініп шығады, олар дәйекті түрде жүзеге асырылады: 1) позициялардағы нақты айырмашылықтарды анықтау (түсіну фазасы); 2) жалпы проблеманы шешуде жылжу алу (өнімді ойлау фазасы).

Демек, диалогтың бірлескен ойлау процесі ретінде маңызды белгілері: өзара іс-қимылдың тілдік сипаты; тақырыптың ортақтығы; әңгімелесушілерде жалпы мәселе бойынша әртүрлі көзқарастың болуы болып табылады. Олар дыбысталады және дамиды.

Н.В. Гришина проблеманы шешудің оңтайлы баламасын іздеу немесе қарсы тұратын позицияларды біріктіретін интегративтік шешімді немесе оларды татуластыратын ымыраны әзірлеу мақсатында пайдаланылатын стратегияларды белгілеу үшін диалогты пайдаланады. Сонымен, бұл диалог олардың арасындағы қайшылықтарды еңсеру бойынша бірлескен қызмет болып табылады.

Іс-әрекеттің нақты уәждері деңгейіндегі диалог - адамдардың бір-біріне интсубъектілік, диалогтық процесс ретінде әсер ету және қабылдау процесі. Бұл диалогта қатысушы өзін танытатын, өз хабарламалары мен мәтіндерінде ашылатын нақты тұлғалар болып табылады. Өз қызметінің шынайы мәнін ашық көрсетеді немесе жасыруға тырысады. Хабарламалар ақпаратты беру ғана емес, Коммуникатор мен реципиент арасындағы кеңістікте дамитын оқиға ретінде түсіндіріледі. Коммуникатор өзін көрсетеді, бұл жағдай хабарламаның принципті ашықтығын анықтайды. Мұнда диалог, бірінші кезекте, тұлғалық ұстанымдарды, тұлғалық мағыналарды қарсы алу, "өзіне арналған мағыналар" деңгейінде қарым-қатынас жасау.

Диалог - бұл бір-біріне қызығушылық танытқан екі тұлғаның, тең сұхбаттасушылардың кездесуі, бұл диалогта өзі туралы ақиқат туады және онда адам өзін таба алады.

Сонымен, іс-әрекеттің нақты дәлелдері деңгейінде қарым-қатынас ретінде диалогтың негізгі сипаттамалары: субъект-серіктестердің қарым-қатынасының субъектілік сипаты, ашықтыққа, шынайылыққа, хабарламадағы өз қызметінің нақты уәждерін ашу, серіктестің әлемге тұтас болмыс қызметінің шынайы уәждері енуі, тұлғалық ұстанымдарды, мағыналарды, сенім қарым-қатынасын, со-шығармашылықты, өзара қолдауды, өзара көмек көрсетуді, серіктестердің шоғырлануы, серіктестердің санасында жаңа мазмұнның пайда болуы.

Өткен ғасырдың 80-ші жылдарында психологиялық ғылымда диалог зерттеулерінде серпіліс болды.

Олардың бірі қарым-қатынастың жеке сипатына негізделген диалогты зерттеу болды. Бұл жағдайда назар бір адамға емес, адамдар арасындағы өзара іс-қимылға жасалады. Адам психикасы диалогтық және тұлға - интерсубъектілік білім болып табылады. Психологиядағы интерсубъектілік парадигма үшін адамның оң әлеуетіне, оның шығармашылық мүмкіндіктеріне, даму және жетілдіру мүмкіндіктеріне деген сенім тән.

Г.А. Бодалев шынайы тұлғааралық қарым-қатынас - бұл нақты диалогтық қарым-қатынас болып табылады, оның ерекшелігін автор бір-біріне серіктестерге қатысты көреді. Бұл қарым-қатынас үшін бір-бірін бағалаусыз қабылдау, эмпатия және конкруэнттілік тән. Сондай-ақ диалогтық қарым-қатынас әңгімелесушілердің өзара қарым-қатынасының жағымды эмоциялық тонусымен сипатталады және өзара ашылудың қажеттілігі мен мүмкіндігін болжайды.

Диалогты зерттеулерде психологтар оны адам үшін ерекше тұлғааралық өзара іс-қимыл түрі және қарым-қатынас сапасы ретінде қарастырады, бұл ретте басқа адам (әңгімелесуші) мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған м енің іс-әрекетімнің объектісі немесе шарты ретінде емес, өз мүдделерім, құндылықтары, ішкі әлемі бар және өз мақсаттарын көздейтін, маған тең құқықты еркін субъект ретінде әрекет етеді. Бұл жерде серіктеске қатысты белгілі бір құндылық - мағыналық қондырғылардың болуы , сұхбаттастардың бір-бірінің коммуникативтік құқықтарын сақтауы, өзара түсіністіктің, бір-біріне сезімтал қарым-қатынастың болуы.

Біздің зерттеуде диалогтық өзара әрекеттестіктің маңызды аспектісі оқытушының студенттермен қатынасы болып табылады. Оқытушының студенттермен диалогтық қарым-қатынасы - бұл студенттердің Болашақ педагогикалық қызметінде эталондық ретінде қабылданатын іскерлік тұлғааралық қарым-қатынасты құру үлгісі. Болашақ педагог үшін, оның кәсіби қызметіне байланысты, басқа адамға қарым-қатынас маңызды, бұл өз-өзімен қарым-

қатынас сипатының готына, оның өзін-өзі дамуына, "мен" үйлесімділігіне байланысты. Бұрын ол өзіне деген қарым-қатынас туралы ойлаған сайын, болашақта ол терең маман болады.

Диалог құрылымында ішкі және сыртқы диалогтың болуы байқалады. Ішкі жеке тұлғалар арасында орын алады, яғни әр түрлі "Мен" арасында, сыртқы нақты тұлғалар арасында орын алады. Ішкі диалог - рефлексивті диалог. Рефлексия кәсіби қасиеттердің болуын немесе болмауын анықтауға мүмкіндік береді. Сыртқы үш түрі бар: диалог-таным, диалог-қызмет, диалог-қарым-қатынас. Е.Г. Евдокимова әңгімелесушілердің кездесуі болған қарым-қатынас деңгейін атап өтеді: эмоциялық, саналы, рухани.

Диалогтық өзара іс-қимыл мынадай сипаттамаларды қамтиды: 1) ықтимал "жауапқа" диалогтық орнату, өзінің мағыналық құндылықты пайымдауына "басқа" құқығын болжайды; 2) диалог қарама - қайшылықты да, белгілі бір бірлікті да қамтиды, келісімсіз диалогтық өзара іс-қимыл мүмкін емес; 3) диалог нәтижесінде болмыстың жаңа мүмкіндігі, жаңа сапа, жаңа қарым-қатынас туады; 4) диалогқа кіру - басқаша болуға тырысу дегенді білдіреді. Диалог көп қырлы және қарым-қатынастың барлық жақтарын қамтиды: коммуникативтік (қарым-қатынас бойынша әріптестер арасындағы ақпарат алмасу), перцептивті (бір-бірінің әр түрлі тұлғаларымен өзара қабылдау және түсіну), интерактивті (қатысушылардың бір-біріне өзара қатынасы).

Сондай-ақ, диалог тәрбие мәселелері контекстінде қарастырылды. Яғни диалог қарым-қатынастың мәні болып табылады, онда қарым-қатынастың ерекше сипаты рухани тұтастық, өзара сенім, теңдік. Ол эмоционалдық жылы қарым-қатынас болып табылады, онда сезім, қуаныш, бірлескен қызмет бар. Диалогта сұхбаттасушылардың мақсатты байланысы маңызды. Яғни, егер әңгімелесушілер бір-бірінің коммуникативтік талаптарын елемесе, бұл қарым-қатынас бұзылады және мұндай қарым-қатынасты диалог деп атауға болмайды.

Диалог өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі негізгі аспектісі болып табылады. Ол басқа адамның жан дүниесіне жолсерік, адамаралық байланыстарды орнату құралы болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сухомлинский В.А. Родительская педагогика. — Новосибирск: Зап.-Сиб. кн. изд-во, 1985. — 224 с.
2. Кучинский Г.М. Диалог и сознание личности/Г.М. Кучинский//Психологический журнал. – 2008. – №3(19). – С. 30-40.
3. Гришина Н.В. Психология конфликта : учебное пособие/Н.В. Гришина. - 3-е изд. — Санкт-Петербург : Питер, 2015.
4. Бодалев А.А. Психология общения: Избранные психологические труды 2-е изд. — М.: Московский психолого-социальный институт, Воронеж: НПО «МОДЭК», 2002. — 256 с. (Серия «Психологи Отечества»)
5. Калкеева К.Р. «Білім мазмұнының жаңғыртудың философиялық танылымы». - "Білім берудегі сандық технологиялар: мәселелері мен болашағы" атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының жинағы. Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты. 2018ж. - 134 б.
6. Калимжанова Роза Лаиковна – «Синхронность развития речевой культуры студентов в условиях внедрения информационно-коммуникационных технологий обучения». дис. … на соиск. Phd. ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. 2018 г.
7. Сейдина М.З., Менлибекова Г.Ж. - Толерантная направленность профессиональной подготовки социальных педагогов. Статья. Журнал «Наука и жизнь Казахстана», № 3 (59) 2018, с. 173-177.

ӘОЖ 378.091.12
МРНТИ 14.09.35

Әбдіғапбарова Ұлжарқын Мүсілімқызы,
п.ғ.д., профессор,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

Айтенова Эльмира Абдикалиевна,
лектор,
М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы,
Алматы қ., Қазақстан

Кожабергенова Гаухар Есенбаевна,
Phd философия докторы,
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті,
Тараз қ., Қазақстан

ДУАЛЬДІ-БАҒДАРЛЫҚ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДІ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫҢ МОДЕЛІ

Андатпа: мақалада дуальді бағдарлық оқыту жағдайында болашақ мұғалімді кәсіби даярлаудың авторлық моделі қарастырылады. Бұл модель БжҒМ мемлекеттік гранты негізінде орындалып жатқан «дуальді-бағдарлық оқыту – болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығын жетілдірудің шарты» ғылыми жобасы аясында жүргізілген зерттеулерден алынған нәтижелер негізінде жасалған. Бұл қазіргі уақытта жоғары педагогикалық білім беру жүйесіне дуальді оқыту элементтерін ендіру қажеттілігінен туындап отыр. Авторлар мақалада аталған модельдің құрылымы мен мазмұнын жан-жақты сипаттайды. Модель мақсатты, технологиялық және бағалаушы блоктардан тұрады. Модельдің ерекшелігі «мектеп-колледж-жоғары оқу орны» іс-әрекеттерінің интеграциясында жүзеге асырылады.

Түйін сөздер: жоғары оқу орны, дуальді-бағдарлық оқыту, болашақ мұғалімді кәсіби даярлаудың моделі, мақсаттық блок, технологиялық блок, балаушы блок.

Аннотация: в статье рассматривается авторская модель профессиональной подготовки будущего учителя в условиях дуально-ориентированного обучения. Данная модель разработана на основе результатов исследований, проведенных в рамках научного проекта «дуально-ориентированное обучение – условие совершенствования профессиональной подготовки будущего учителя», реализуемого на основе государственного гранта МОН РК. Это в настоящее время обусловлено необходимостью внедрения элементов дуального обучения в систему высшего педагогического образования. Авторы подробно описывают структуру и содержание данной модели. Модель состоит из целевых, технологических и оценочных блоков. Особенность модели заключается в интеграции деятельности «школа-колледж-высшее учебное заведение».

Ключевые слова: высшее учебное заведение, дуально-ориентированное обучение, модель профессиональной подготовки учителя, целевой блок, технологический блок, оценочный блок.

Abstract: the article considers the author's model of professional training of the future teacher in the conditions of dual-oriented training. This model is developed based on the results of studies conducted under the research project «dual-oriented teaching – a condition for improvement of professional preparation of future teachers», which is implemented on the basis of the state grant of MES of RK. This is currently due to the need to introduce elements of dual training in the system of higher pedagogical education. The author describes in detail the structure and content of this model. The model consists of target, process, and evaluation blocks. The model features the integration of the «school-College-higher education institution» activity.

Key words: higher education institution, dual-oriented training, teacher training model, target block, technological block, evaluation block.

Қазіргі уақытта қоғамның жаһандану мен инновациялық ұтқырлық, ақпараттық пен технократтық, цифрлық өзгерістеріне сәйкес қарқынды дамуы мен рухани жаңғыруы жағдайында осы заманауи қағидаттарды жүзеге асыруға білікті мамандардың қажеттілігі артып отыр. Ал олардың осындай өзгешеліктер мен жаңалықтарға жылдам бейімделіп, тез сіңісіп кетуі болашақ маманның, соның ішінде мұғалімнің практикалық даярлығының жеткілікті көлемінен және жоғары деңгейінен талап етіледі.

Ал бұл болса, болашақ педагогтардың жоғары білім алу барысында келешектегі кәсіби қызметіне практикалық бағдарлы даярлануын, яғни практикалық дайындығын күшейту қажеттілігін арттырады.

Осыған байланысты педагогикалық білім беруде теориялық даярлығы мен практикалық даярлығы оқу орнында және өндірісте, яғни біздің жағдайымызда бала бақшаларда, мектептер мен колледждерде қатар жүруді жүзеге асыратын дуальді оқыту өзекті болып табылады.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымы мен тәжірибесі саласында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне дуальді оқытуды ендіру мәселелерінің теориялық-әдіснамалық, ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздерін зерттеуге аса мән берілуде. Өйткені Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында дуальді кәсіптік білім беруді дамытудың маңыздылығы атап өтілген. Осыған орай Қазақстан Республикасының Үкіметі, БжҒМ жүзеге асыру мақсатында оның нақты жолдарын анықтады [1].

Бүгінгі таңда Қазақстанда дуальді оқыту орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКББ) ұйымдарында табысты жүзеге асырылып келеді. Осы тәжірибе дуальді оқытуды ендірудің теория мен практика арасындағы алшақтықты жоятындығын; білім алушының оқу мен жұмысқа практикалық дағдысын игеру түрткісін жоғарылататындығын, ұйым басшысының өзінің қызметкерін практикалық оқытуға қызығушылығы болатындығын және т.б. көрсетті.

Алайда, қазіргі уақытта дуальді оқытуды болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығына толығымен ендіру, көшіре салу мүмкін емес. Өйткені олардың кәсіби даярлығындағы теориялық және практикалық құрамдарының пайыздық көрсеткішін теңестірудің, ал практикалық бөлігінің барлығын өндірісте (яғни болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығында мектеп пен колледж базасында) жүзеге асырудың әдіснамалық-ұйымдастырушылық негіздері жасала қойған жоқ, ол *біріншіден. Екіншіден,* дуальді жүйені жоғары педагогикалық білім беруде жүзеге асырудағы қиындықтар себептерінің анықталмауы және оны ендіру механизмінің жасалмауы да бұл мәселенің теориялық-практикалық тұрғыдан зерттеле түсуін қажет етеді.

2015 жылдан бастап отандық ғылымда осы бағытта жасалып жатқан мемлекеттік ғылыми жобалар (С.А. Жолдасбекова, К.Ж. Бұзаубақова, Ұ.М. Әбдіғапбарова, Г.К. Исаева, Л.А. Фрезоргер [2, 3, 4, 5]) мен диссертациялық зерттеулер (Ж.О. Нұржанбаева, Ж.Е. Алшынбаева, А.А. Сманова [6, 7, 8]) бүгінгі таңда жоғары педагогикалық білім беру үдерісіне дуальді оқыту элементтерін ендіру мүмкіндіктерінің бар екендігін көрсетеді. Ал бұл болса, бізге болашақ педагогтарды кәсіби даярлығында *дуальді-бағдарлық оқыту* жағдайы қалыптасуының басымдығы туралы айтуға мүмкіндік береді.

Осы мүмкіндік жағдайында болашақ мұғалімді кәсіби даярлау процесіне дуальді оқыту элементтерін ендірудің моделін жасаудың қажеттілігі туындайды.

Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында мұғалімді кәсіби даярлаудың авторлық моделі мақсатты, технологиялық және бағалаушы блоктардан құралатын логикалық құрастырылған және аяқталған құрылым болып табылады.

Аталған блоктар дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ мұғалімді кәсіби даярлауды жетілдіру үдерісін сипаттайды және оларды бірізділікпен жүзеге асыру қажеттілігі талап етіледі:

- ЖОО-да дуальді-бағдарланған біртұтас үдерісті ұйымдастырудың әдіснамалық тұғырлары және ұстанымдарын негіздеу;

- тұжырымдамалық, нормативті, әдістемелік мазмұнын анықтап, технологиялық блоктың құрылымын және толықтырылуын құрастыру; болашақ педагогтарды тиімді дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында даярлауды қамтамасыз ететін педагогикалық өзара әрекеттестіктің ұйымдастырушылық кезеңдерін жүзеге асыру механизмерін жасау; болашақ педагогтерды кәсіби даярлаудың компоненттерін, көрсеткіштерін және деңгейлерін қамтып, бағалаушы блоктың құрылымы мен мазмұнын құрастыру.

Модельдің ажыратып көрсетілген блоктарының сипаттамасы (Сурет 1).

Мақсатты блок. Құрастырылатын модельдің мақсаты ретінде, біз педагогикалық білім беруді жаңартудың қазіргі заманауи жағдайында дуальді-бағдарлық оқыту (ДБО) негізінде болашақ мұғалімді кәсіби даярлауды жетілдіру үдерісін қарастырамыз. Біздің пікіріміз бойынша, қойылған мақсат ЖМББС талаптарымен және кәсіби мотивацияның жоғары деңгейін, кәсіби-педагогикалық құзыреттілікті меңгерген педагогикалық білім беру саласындағы жоғары білікті мамандарды даярлауға қоғамның әлеуметтік тапсырысымен нақтылануы қажет. Аталған *блокта* педагогикалық

кәсіпті меңгерген студенттердің даярлығын қалыптастыруға ықпал ететін әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар ұсынылған.

Болашақ педагогтарды дуальді-бағдарланған кәсіби даярлаудың негізгі тұғырлары ретінде ұстанымдардың жиынтығын анықтайтын жүйелі-құрылымдық (А.А. Богданов, Т.А. Ильина, Л.Я. Зорина), жүйелі-кешенді (Д.М. Гвишиани, В.Г. Афанасьев, В.М. Сорокин, В.Л. Кокоренко), жүйелі-әрекеттік (Л.С. Выготский, Б.Г. Ананьев, А.Н. Леонтьев, В.А. Сластенин, В.В. Давыдов және т.б.) әдіснамалық тұғырлар алынды. Олар кәсіби мотивацияны қалыптастыру кезеңдерінің үздіксіздігі мен сабақтастығын, білім берудің интеграциясы мен тұтастығын, бірегей жағдайда бірегей тұлғаны дамытуды, болашақ педагогты даярлау процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің вариативтілігі мен икемділігін қатиды [9].

Таңдалған тұғырлар және ұстанымдар болашақ педагогтерді дуальді-бағдарлық кәсіби даярлау үдерісінің мазмұнына қойылатын талаптар ретінде алынады.

Модельдің *технологиялық блогы* қарастырылатын үдерістің мазмұндық-технологиялық жағын көрнекі түрде ұсынуға мүмкіндік береді.

Аталған блок тұжырымдамалық негіз ретінде (авторлық модельді ендіру механизмін, бағалау критерийлерін, ДБО диагностикалық құралдарын құрастыру); нормативті алғышарттармен (ЖМББС-на өзгертулер және толықтырулар, өзара әрекеттестікті реттейтін ережелерді құру (ҚР БҒМ, ББ, «Атамекен» ҰП, құқықтық органдар); әдістемелік мазмұнмен (ЖОО дейінгі практика, ментордың жетекшілігімен аптасына 1 күн, семестраралық демалыс кезіндегі практика, ДБО элективті курстары, колледжде, мектептерде ЖОО-ның бейіндік пәндерін өткізу) ұсынылған.

Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында мұғалімді кәсіби даярлаудың авторлық моделін жүзеге асыру механизмінің логикасы Абай атындағы ҚазҰПУ-нің базасында министрліктің өкілі жетекшілік ететін кәсіби педагогикалық білім беруді ұйымдастыру Орталығын алғашқы құрудан Үйлестіру Кеңесін құруға дейін (ҚР БҒМ, ББ, «Атамекен» ҰП, ЖОО, колледж, мектеп өкілдерінен) бірқалыпты өтуді; мектептің, колледж мұғалімдерінің қатарынан менторлардың кәсіби іс-әрекетінің жеке бағыттарын және саналы рефлексиясын құрастыру және оларға студент-практиканттарды бекітуді көздейді.

Мұндай нұсқаны шынайы түрде жүзеге асыруға болады, себебі біз ментор туралы Ережені және өндірістік базадағы жұмыс берушілер бекіткен педагогикалық практика туралы Ережені құрастыратын боламыз.

Педагогикалық өзара әрекеттестіктің объектілері және субъектілері (ҚР БҒМ, ББ, «Атамекен» ҰП, «Мектеп-колледж-ЖОО» корпоративті жүйесі) жүйелердің иерархиялық принципіне сүйене отырып, дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ мұғалімді кәсіби даярлауды жетілдіру үдерісінің кезеңдеріне реттелген сәйкестікте болады. Бұл ретте объектілі-субъектілі қатынастар кезеңнен кезеңге өту барысында субъектілі-субъектілі (әлеуметтік серіктестер, кәсіпорындар, жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептердің өкілдері) қатынастарға ауысады.

Құрастырылған модельдің *технологиялық блогы* «мектеп-колледж-ЖОО» жүйесінің білім беру субъектілері түрінде көрсетілген: педагогикалық кадрлар, оқытушылар, менторлар, әлеуметтік серіктестер.


Қазіргі ЖОО-ы оқытушысынан модульдік білім беру бағдарламаларын құрастыру, инновациялық педагогикалық тәжірибені зерттеу және меңгеруге арналған жаңа формаларды іздеуді жүзеге асыру біліктілігі талап етіледі. Бұдан басқа, дуальді-бағдарлық оқытуды жүзеге асыру үшін креативті құралдарды іздеу қабілетін дамыту қажет. Жоғары оқу орны оқытушысының жетекшілігімен жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептердің мұғалімдері, студенттер дуалді-бағдарлық оқытуды жүзеге асыру стратегиясы мәселелері бойынша ғылыми-практикалық конференцияларға қатысады, мақалаларды жариялайды, мұғалімдердің жоба жұмыстарының тең құқылы бірлескен авторлары болады, диплом жұмыстарын орындайды.

Жұмыс берушілер – бұл Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогика және психология институтының аудиториядан тыс жұмысына (шеберлік сыныптарын, тақырыптық кештерді өткізу), студенттердің мектептегі педагогикалық практикасына жетекшілік жасау үшін, студенттердің зерттеу, жоба жұмыстарын жетекшілік ету үшін, ДБО-ды жүзеге асыру үшін жоғары оқу орны тартатын білім беру ұйымдарының тәжірибелі педагогтары [10].

ЖОО-ның оқу үдерісіндегі әлеуметтік әріптестердің рөлін күшейту, олардың ДБО-ды жүзеге асыруға және мониторингілеуге қатысуы, теориялық оқытуды практикамен табысты ықпалдастыруға және дуальді-бағдарлық оқытуды тиімді ендіруге ықпал етуге мүмкіндік береді.

Дуальді-бағдарлық оқыту үдерісін ұйымдастырудағы студенттің рөлі – оны білімді тұтынушы позициясынан тапсырыс беруші, тең құқылы автор позициясына алмастыру. Студент өзінің кәсіби

Annotation: The article considers the problems of development of students' research skills based on independent study of local lore in biology. And also, tasks for the development of students' research skills are proposed.

Keywords: skills, research skills, independent study of local lore, useful plants, medicinal plants.

Соңғы он жылдықта ғылыми білімнің құндылығы, білімалушылардың зерттеушілік іскерлігінің маңыздылығы педагогика қоғамдастығында ерекше назар аудартып отыр. Сондықтан білім беруде білімалушылардың танымдық, әрі зерттеушілік іскерлік дағдыларын меңгеруді белсендіретін ғылымның және оның әдістерінің рөлін арттырудың қажеттілігі туындауда.

Білімалушылар оқу зерттеуді іске асыру барысында қажетті ақпаратты жинау, оларды жүйелеу, сұрақ қою және оған жауап таба білу, белгіліден белгісізді іздеу сияқты дағдыларды меңгереді. Бақылау, тәжірибе және сабақ кезінде жинақталған білім нәтижесінде білімалушы өзбетінше өзін қызықтырған мәселелерді шеше алуы тиіс.

Я.А. Коменскийдің есептеуінше оқу нәтижелілігінің басты шарты – білімалушылардың пәннің мәнін тани отырып, оқу-таным үдерісінде шынайы ғылымға етене жақын болуы [1]. Ж.Ж. Руссо білім беру барысында тәрбиеленушілердің қоршаған ортаны өздігінен зерттеуін негізге алды және де білімді өздігінен игеруге жол ашатын жаңа оқу әдісін ұсынды [2].

И.Г. Песталоцци “оқудың негізгі міндеті - ойлау қабілетін дамыту” деп есептейді, сонымен қатар, оқыту үдерісі, оның ойынша, таным үдерісіне сай жүргізілуі керек. Ол білімнің негізін құрайтын өзіндік зерттеулердің қажеттілігін баса көрсетті [3].

А. Дистервегтің пікірінше, білім беру мекемелерінің басты міндеті – білім алушының өзіндік ойлауын дамытуында, ал бұл білім беруші білім алушының шынайы қажеттілікті өзі іздеп табуына дағдыландыра білгенде ғана жүзеге асырылады [4].

Еліміздің дала педагогтары Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Шоқан Уәлиханов, Шәкәрім Құдайбердіұлы адамның адам болып қалыптасы, рухани ішкі қуатының кемелденуі, оның өзіндік мұратына жете алуы әркімнің өз мүмкіндігіне байланысты екенін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан дәлелдеген [5].

Зерттеушілік білік пен дағдының қажеттілігі тек қандайда бір қарапайым табиғат заңдылықтарының қызметін мысалға келтіре отырып түсіндіруде ғана емес, сонымен қатар, олардың маңыздылығы тұлғаның үнемі өзгеріп отыратын қоршаған ортаның шартына бейімделе алу мүмкіндігіне қол жеткізу әдісінің ең оңтайлысы екендігінде.

Білімалушыларға тәрбие мен білім берудегі биологиялық және экологиялық өлкетанудың маңызын ескермеу мүмкін емес. Баланың мақсатты түрде жұмысты ұйымдастыру дағдысын қалыптастыратын зерттеу жүргізуде тәжірибесі болмаса да, балада туған өлкенің табиғи нысандарымен жанаса отырып іске асатын табиғи ізденімпаздығы мен білім құмарлығы болады.

Биологияның барлық бөлімінде туған өлкенің тірі табиғатындағы нысандарды бақылауды қажет етеді, ол қабілеттілік биологияны жүйелі оқудың алғашқы кезеңдерінде қалыптасады, яғни 5-7 сыныптарда.

Сабақта және сабақтан тыс уақытта білімалушы мен білімберуші арасындағы өзара байланыс білімалушы бойындағы тұлғаға тән әлеуметтік белсенділік қасиеті – таным дербестігін дамытуға дерліктей әсер етеді. Биологиядан шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды – белгілі-бір тірі табиғат нысанына бақылау, тәжірибе жүргізу, өзін қоршаған ортадан олардың даналарын іздеп тауып, коллекция, гербарий жасау, байырғы тұрғындармен сол нысандар жөнінде әңгімелесу және т.б. сол секілді істерді нәтижелі орындауға мұрындық болады. Білімалушылар әртүрлі көздерден мәлімет жинауды, алынған мәліметтерді жүйелеу мен саралауды, құбылыстар мен фактілерді жинақтап, дұрыс тұжырым жасауды және қоршаған ортаға байланысты зерттеулерді пайдасына жарата білуді үйренеді.

Білімалушылардың зерттеушілік іскерлігін дамытуда туған өлке материалдарын өзбетінше орындалатын жұмыстарда пайдаланудың маңызы зор [6]. Себебі, туған өлке материалдарын пайдалану негізінде білімалушының бойында патриоттық сезімі қалыптасады. Ол өзін қоршап тұрған ортаны таниды: айналасында өсіп тұрған өсімдіктердің қайсысы дәрілік, дәрумендік, тағамдық, малазықтық, отындық, техникалық екендігін, кейбір өсімдіктер тек өзі тұратын аймақта ғана өсетін – эндемик екендігін, кейбірінің шығу тегі еліміз екендігін және т.б. Ал бұл білімдерді білімалушы өзбетінше жинақтайды, сонымен қатар келесідей дағдыларды өз бойында қалыптастыра алады:

-каталогпен жұмыс жасау;
-конспекті жазу;
-жоспар түзу;
-үзінділер жазып алу;
-тезис жазу;
-кесте, кластер, блок схема, график, диаграма құру;
-мәтін құру;
-мәтінге сай үйлестіру матриалдарын таңдау;
-түрлі ғалымдардың анықтамаларын салыстыра отырып, өз анықтамасын беру;
-зерттеудің мақсат, міндет, әдістерін құрастыру;
-есеп жазу, оны қорғау және т.б.

Мұндай тапсырмалармен жұмыс істеу барысында білімалушылар ғылыми ізденістің әліппесінен бастау алып, оның әрі қарайғы қадамдарымен танысады, ғылыми танымы мен пәнге деген қызығушылығы артады.

Мәселен, каталогпен жұмыс жасауды үйрету үшін ең алдымен білімалушыларды каталог, картатека деген ұғымдармен таныстырған жөн, олардың түрлері мен жүйеленуін түсіндіріп, көрнекі түрде (презентация, үлестірме материалдары арқылы) олардың қандай болатынын көрсету қажет. Сабақ барысында үлгі ретінде алфавиттік, жүйелік және электронды каталогпен жұмысты білімберуші білімалушылармен бірге орындағаны дұрыс. Келесі кезекте алдын ала дайындалған үлестірме материал негізінде әдебиеттер тізімінен өздерінің тақырыптарына қажетті әдебиеттерді өзбетінше тізіп жазып алуға үйретуге болады. Мысалы, «Қазақстанның пайдалы өсімдіктері» тақырыбында каталогпен жұмыс жасауға негізделген тапсырмаларды ұсынамыз:

1 тапсырма. Төменде тізілген әдебиеттерден: 1 топ – Қазақстанның пайдалы өсімдіктеріне арналған әдебиеттерді; 2 топ – Айдарбаева Докторхан Қайсарбековнаның еңбектерін жазып алыңыз:

Кочаев В.А. «О краеведении в школе»//Естествознание в школе., - №3, 1948г., - С. 69-72.

Қазақстанның қызыл кітабі. – Астана, 2014. - 304 б.

Айдарбаева Д.К. Қазақстанның пайдалы өсімдіктері. - Қарағанды: ЖК «Ақнұр» баспасы, 290 бет.

Лебедева Т.П. К методике сбора этноботанических данных.//Общая - биология №8(169), - г. Петрозаводск, - 2017г., С. 98-105.

Бабакова Т.А. «Экологическое краеведение»//Биология в школе., - №4, 1996г., - С. 60-62.

Семенов А.С. «Экскурсия по следам древней жизни в окрестностях Москвы»//Естествознание в школе., - №3, 1948г., - С. 72-74.

Боровицкий П.И. «Школьная экскурсия на тему о весенних явлениях в мире растений»// Естествознание в школе., - М., - №1, 1946г., - С. 91-97.

Айдарбаева Д.К., Бижанова Г.Қ., Иманкулова С.К., Мусаев Қ.Л. Қазақстанның халық медицинасында пайдалынатын дәрілік өсімдіктері//Іле педагогикалық университетінің ғылыми журналы, №6. - Құлжа қ. (ҚХР), 2013. – 93-98 б. Быстров А.А., Ю.К. Круберг «Комнатные растения в учебной работе по ботанике в школе//Естествозанние в школе., - №2, 1948 г., - С. 42-53.

Дебелло Л.И. «Экспедиция по изучению родного края»//Биология в школе., - №6, 1981 г., - С. 58-59.

Иллюстрированный определитель растений Казахстана 1,2 том. – Алматы, 1972. - С. 40, 41, 265, 317.

Козьмин В.А. Полевая этнография [Электронный ресурс]. Режим доступа: http://refdb.ru/look/2515819-pall.html.

Белов И.Г. «Применение комнатных растений на уроке и во внекласной работе»// Естествозанние в школе., - №6, 1946 г., - С. 89-107.

Стрельцовой А.А. «Ознакомление учащихся с природой родного края//Естествозанние в школе., - №4, 1959 г., - С. 65-67.

Корсунская В.М. «Из опыта экскурсионной работы Ленинградских учителей»//Естествозанние в школе., - №7, 1947 г., - С. 69-71.

Айдарбаева Д.К. Қазақстанның оңтүстігі мен шығысындағы өсімдік қорларының қазіргі жағдайы: биол. ғылым. док. автореф..., - Алматы, 2010. – 52 б.

Қалиев Б. Өсімдік атауларының түсіндірме сөздігі. - Алматы, 2012. - Б. 272-273, 294-295, 346-347, 362.

Долонова Г.М., Омурова К.О., Содомбеков И.С. Отражение в произведениях кыргызского устного творчества сведений о полезных растениях, используемых народом//Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. Пенза: Академия Естествознания, 2016. 6-4. С. 706-709.

Байтенов М.С. Флора Казахстана. Родовой комплекс флоры. Том 2 .- Алматы, 2001. - 279 с.

Айдарбаева Д.К. Растительные ресурсы Казахстана и их рациональное использование. – Караганда, 2014. – 144 с.

Петрунько А.В. «Каким быть региональному содержанию биологического образования при переходе на новые стандарты//Биология в школе., - №2, 2011г., - С. 30-35.

Савинова Е.В., Н.М. Семчук «История становления принципа краеведения в методике школьного естествознания»//Успехи современного естествознания. Российская Академия Естествознания, - №6, - 2008 г.

Қажымұратов, Мәжит Қазақстанда кездесетін пайдалы өсімдіктер/Қажымұратов, Мәжит, - Алматы : Қайнар, 1975 . - 219 б. [8] п. сурет Библиогр.: 208-211 б. - 9 000 дана. – көрсетілмеген (мұқ.): 50 тг.

Шәріпбаев Н.Ш. Пайдалы өсімдіктерді мал дәрігерлігінде қолдану [Мәтін]/Н. Ш. Шәріпбаев, - Алматы: Қайнар, 1988. - 242, [5] б., сурет. - 5700 дана. – 5-629-00074-5 (мұқ.): 900 тг.

Қанаев Ә.Т. Пайдалы өсімдіктер және оларды дайындау биотехнологиясы [Мәтін]: анықтамалық/Ә.Т. Қанаев, З.Қ. Қанаева; Әл-Фараби атын. Қазақ Ұлттық ун-ті - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 259 б. Библиогр.: 254 б. - 150 дана. – 978-60-04-1486-0: 2100 тг.

Дескриптор: - Қазақстанның пайдалы өсімдіктеріне арналған әдебиеттерді тізіп жазады;

- Айдарбаева Докторхан Қайсарбековнаның еңбектерін тізіп жазады.

2 тапсырма: Электронды каталогтан 1 топ – дәрілік өсімдіктерге; 2 топ – инсектицидті өсімдіктерге; 3 топ – балды өсімдіктерге; 4 топ – техникалық өсімдіктерге арналған, ең аз дегенде, 5 ғылыми жұмыстарды тізіп жазыңыз.

Дескриптор: - электронды каталогтан керекті ғылыми жұмыстарды таба алады.

3 тапсырма: Электронды каталогтан 1 топ – М.К. Кукеновтың, 2 топ – Б.А. Быковтың, 3 топ - М.С. Байтеновтың; 4 топ – Қ.Л. Мусаевтің ғылыми еңбектерін (кемінде-5) жазып алыңыз.

Дескриптор: - электронды каталогтан авторлар бойынша ғылыми жұмыстарды таба алады

4 тапсырма: Сәйкестендіру кестесін толтырыңыз

Авторлары	**Библиографиялық көрсеткіші**	**Кілттік сөздері**	**Аңдатпасы**
ҚАЖЫМҰРАТОВ МӘЖИТ	Пайдалы өсімдіктерді мал дәрігерлігінде қолдану [Мәтін]/ Н.Ш. Шәріпбаев, - Алматы :	таулы жер өсімдіктері, пайдалы өсімдіктер,	Анықтамалықта дәрілік өсімдіктер туралы

	Қайнар, 1988. - 242, [5] б., сурет. - 5700 дана. – 5-629-00074-5 (мұқ.): 900 тг.	пайдалы өсімдік түрлері, өсімдіктерді қорғау, өсімдіктерді тиімді пайдалану	мәліметтер беріліп, оларды жинау, дайындау және халық медицинасында емдеу мен алдын алу шаралары ретінде пайдалану тәсілі ретінде қарастырылған
ШӘРІПБАЕВ НҰРҒАЗЫ ШӘРІПБАЙҰЛЫ	Қазақстанның оңтүстігі мен шығысындағы өсімдік қорларының қазіргі жағдайы : Биология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. автореферат. 03.00.05 мамандығы бойынша/Айдарбаева, Докторхан Кайсарбековна, - Алматы: [Б.Ж.], 2010 . - 47, [6] б. Библиогр.: 43-47 б. - 100 дана.	дәрілік өсімдіктер, дәрілік өсімдіктерге сипаттама, дәрілік өсімдіктерді пайдалану, дәрілік өсімдіктердің медицинада қолданылуы, Қазақстандағы пайдалы өсімдіктер	Бұл кітапта пайдалы өсімдіктердің ботаникалық сипаттамасы, табиғатта таралуы, шикізат ретінде жиналуы, сақталуы, химиялық құрамы және мал дәрігерлігінде қолданылуы жөнінде сөз болады
ҚАНАЕВ ӘШІМХАН ТОҚТАСЫНҰЛЫ	Қазақстанда кездесетін пайдалы өсімдіктер/Қажымұратов, Мәжит, - Алматы: Қайнар, 1975. - 219 б. [8] п. сурет Библиогр.: 208-211 б. - 9 000 дана. – көрсетілмеген (мұқ.): 50 тг.	дәрілік өсімдіктер, дәрілік өсімдіктерді өсіру, дәрі түрлері, алоэ шырыны, дәрілік шөптер	Зерттеу мақсаты: Оңтүстік Қазақстан, Жетісу Алатауы және Оңтүстік Алтай таулары пайдалы өсімдіктерінің табиғи шикізат қорларының қазіргі жағдайын анықтап, оларды тиімді пайдалану жөнінде ұсыныстар жасау
АЙДАРБАЕВА ДОКТОРХАН КАЙСАРБЕКОВНА	Пайдалы өсімдіктер және оларды дайындау биотехнологиясы [Мәтін]: анықтамалық /Ә.Т. Қанаев , З. Қ. Қанаева; Әл-Фараби атын. Қазақ Ұлттық ун-ті - Алматы: Қазақ университеті, 2016 . - 259 б. Библиогр.: 254 б. - 150 дана . – 978-60-04-1486-0: 2100 тг.	мал шаруашылығы, дәрілік өсімдіктер, мал аурулары, емдік шипалар, дәрілік шөптер, витаминдік өсімдіктер, улы өсімдіктер	Кітапта республикадағы кездесетін пайдалы өсімдіктердің морфологиялық-биологиялық сипаттамасы беріліп отыр

Мұндай тапсырмалар негізінде білімалушы өзіне қажетті материалдарды өзбетінше қайдан және қалай жинақтауға болатындығын үйренеді, оның ғылыми іскерлігін дамытудың алғашқы қадамы жасалады. Яғни, өзін қызықтырған сұрақтардың жауабын іздеудің мүмкіндіктерін үйренеді.

Педагогика және психологиялық мәселелердің бірі ретінде іскерлік ұғымына түрліше анықтама беріледі. Солардың бірі бұл ұғымды әрекет әдісі ретінде қарастырса, екіншілері іскерлікті нәтижелі әрекетке дайындық, мүмкіндік немесе жинақталған тәжірибе деп есептейді.

Бірақ бұл анықтамаларға ортақ дүние ол – іскерліктің білімдерге негізделуі, іскерлік пен білімді бір-бірінсіз елестету мүмкін емес. Әрбір іскерлік жинақталған білімдер негізінде пайда болады.

Сонымен қатар, қайталау білім анасы демекші, теория мен практика ұштасқанда ғана алынған білім толық болады. Сондықтан білімалушыларға келесідей үй тапсырмаларын беруді ұсынамыз:

1 тапсырма: Мектеп кітапханасы қорындағы «Қазақстанның пайдалы өсімдіктеріне» арналған ғылыми еңбектердің тізімін жазыңыз.

2 тапсырма: Алматы қаласындағы кез-келген кітапханаға жазылып, оның қорындағы 1 топ – алфавиттік; 2 топ – жүйелік және 3 топ – пәндік каталогтан «Жабайы өсетін дәрілік өсімдіктерге» қатысты ғылыми еңбектерді және сол еңбектердің картотекада жазылған қысқаша сипаттамасын жазыңыз.

3 тапсырма: 2 тапсырма нәтижесінде жинақталған ғылыми еңбектерді отандық және шетелдік деп екі топқа топтастырыңыз

Қорыта айтқанда, білімалушылардың зерттеушілік іскерлігі негізінен оның тапсырмаларды өзбетінше және мұғалімнің көмегімен жүйелі түрде орындауынан дамиды есептейміз. Ал мұндай тапсырмалар туған өлке материалдары бойынша құрастырылса білімалушылардың қызығушылықтары артатыны сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Середенко П.В. Формирование готовности будущих педагогов к обучению учащихся исследовательским умениям и навыкам: дисс. ... д.п.н. – М., 2008. – 440 с.
2. Основные педагогические идеи Жан-Жака Руссо. https://урок.рф. 5.02.2020
3. Джуринский А.Н. История зарубежной педагогики: Учебное пособие. - М., 1998.
4. Шабашов Леонид Данилович Развитие исследовательских умений учащихся средней школы: афвтор. ... к.п.н. – Санкт-Петербург, 1997. – 16 с.
5. Көшербаева А.Н., Шолпанқұлова Г.К., Тленбаева М.Б., Махметова Б.Т. Этнопедагогикалық білім негіздері. Оқу құралы. – Алматы, 2009. – 131 б.
6. Нурабаева Л.С. Краеведческие основы экологического образования и воспитания учащихся: дис... канд.пед.наук/Таразский государственный педагогический институт – Тараз, 2010. – 150 с. Инв. №0410РК01040

ҒІМРА 34.01.45
ӘОЖ 57:372.8

Джунусова Раушан Жексенбайқызы,
6D011300-биология мамандығының 2 курс докторанты,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ.,
e-mail: rosh_81@mail.ru

БОЛАШАҚ БИОЛОГ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ГЕНЕТИКАЛЫҚ БІЛІМІН ДАМЫТУДА ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. Мақалада болашақ биолог мұғалімдердің генетикалық білімін дамытуда өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың маңызы, генетика пәнін оқыту үрдісінде басшылыққа алатын негізгі қағидалар, сонымен қатар көптілді оқыту жағдайында генетика пәнінде қолдануға тиімді өзіндік жұмыстар көрсетілген.

Кілтті сөздер: генетикалық білім беру, оқыту үрдісі,қағидалар, көптілді оқыту, өзіндік жұмыстар, әдістемелік нұсқау.

Аннотация. В статье рассматривается важность самостоятельной работы в развитии генетических знаний будущих биологов, основные принципы, которыми руководствуется в процессе преподавания генетики и эффективное использование самостоятельной работы по генетике в условиях полиязычного обучения.

Ключевые слова: генетическое образование, учебный процесс, принципы, полиязычное обучение, самостоятельная работа, методическое указание.

Annotation. The article discusses the importance of independent work in the development of genetic knowledge of future biologists, the main principles that guide the teaching of genetics and the effective use of independent work on genetics in the context of multilingual education.

Key words: genetic education, educational process, principles, multilingual training, independent work, methodological guidance.

Қазақстан Республикасының жоғары білімі шығармашылық әлеуетті іске асыруды жоғары деңгейде жүзеге асыратын, кәсіби дайындықтың жоғары деңгейіне ие, кәсіби қызметті ғылыми-зерттеу дағдыларымен үйлестіретін және үздіксіз оқуға сонымен қатар қажеттілікке ие жаңа типті маман қалыптастыруды көздеуде. Бұл мақалада генетика пәнін оқыту барысында педагогикалық университет студенттеріне өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктерін қарастырамыз.

Студенттің өзіндік жұмысы білім беру процесінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады, оның барысында дағдылар, қабілеттер мен білімдердің қалыптасуы жүреді, ал студент кейіннен танымдық әдістермен, шығармашылық жұмысқа деген қызығушылықпен және сайып келгенде, білім беру және ғылыми міндеттерді шешуге бейімделеді. Біздің зерттеу тақырыбымыз генетика пәнін оқытуда өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру мәселесіне арналған [1].

Генетика ғылымында XXI ғасырдың басындағы ашылып жатқан көптеген ғылыми жаңалықтар әсіресе генетиканың жетістіктеріне байланысты. Байқағанымыздай генетиканы оқыту мәселесінің аз және соңғы уақытта қазіргі қоғам талабына сай зерттелмегені және оның көпшілігі орта білім беруге арналғандықтары айқын болды.

Соның ішінде генетиканы мектепте оқыту жайлы Т.М. Рустамова, Б.Х. Соколовской, Л.П. Анастасова, Б.Х. Соколовская, Бансидхара Трипатхи, К.Б. Бутаевалар зерттегенін, ал қазақстандық ғалымдардан Р.А. Алимкулова, Н.Б. Ишмухамедовалар зерттеулер жүргізген.

1966 жылы Т.М. Рустамова генетика мәселелерін мектептегі биология курсына енгізудің әдістемесін ұсынды.

1969 жылы Б.Х. Соколовскаяның «Вопросы молекулярной биологии и генетики в десятом классе» деген ғылыми еңбегінің жарыққа шығуы қиынға соқты, себебі генетиканы мектепте оқытуға 30 жылға жуық тиым салынған болатын (1939 жылдан 1966 жылға дейін). Сол уақытта бұл мәселе жаңадан зерттеле бастады. Автор өзінің мақсат, міндеттеріне орай ғылыми-әдістемелік проблеманың стратегиялық және тактикалық сипаттамасын анықтады. Ол молекулалық биологиядан сабақ беру үрдісін дамытуда кибернетикалық тәсілдің аса тиімді екеніне көз жеткізді. Ал генетикадан білім алушыларға терең білім беруде әсіресе генетикалық есептерді шығару басты мәселе болып саналатындығы белгілі. Бұл ғылымды білім алушылар генетикалық есептерді дұрыс шығармай меңгере алмайтындығын көрсетті. Молекулалық биология мен генетиканы оқытуда

проблемалы-логикалық әдістің білім алушылардың танымдық белсенділіктерін арттыруда және терең білім беруде үлкен маңызы бар екендігін дәлелдеді.

Одан кейін 1970 жылы Л.П. Анастасованың «Изобразительные наглядные средства в формировании и развитии основных генетических понятый курса общей биологии» деген ғылыми зерттеу жұмысы жарияланды. Мұнда ғалым негізгі негізгі генетикалық түсініктер қалыптастыруда көрнекі оқулықтар қажет, ол білім алушылардың абстрактілі ойларын дамытып, ойша пайымдауға, жинақтап, талдап ой қортындылауға үйретеді деп оқу құралдарын пайдалану барысында алынатындығын дәлелдеді. Сонымен қатар жалпы биология мен химия пәнінің арасында пәнаралық байланыс орнату қажет деп есептейді. Көрнекі оқу құралын құрастырғанда оны білім алушы тек тәжірбие сабақтарында ғана емес, өзіндік жұмыс орындау кезінде де пайдаланады. Көрнекі оқу құралының мазмұны барлығын тұтастай емес емес бірте-бірте қалыптастыруға негізделгендігінде деп қортындылайды.

1972 жылы Бансидхара Трипатхидің «Развитие способности решения биологических задач в курсе общей биологии» деген ғылыми еңбегі жарық көрді. Бұл ғылыми жұмыста мынадай мәселелер қарастырылды: биологиялық есептер қандай болып келеді; биологиялық есептердің жіктелуі; есептерді шығару; биологиялық есептерді шығаруға қабілеттілік; биологиялық есептерді шығаруға қабілеттілікті дамыту.

Ары қарай биологиялық есептерді шығаруға қабілеттіліктің көрсеткіштерін талдайды: олар есептің күрделілігі, дұрыс шығару, қателер саны, есепті шығару түсініктілігі, есепті шығару жылдамдығы,қысқалылығы т.б. Сонымен қатар биологиялық есептерді шығаруға қабілеттілікті дамыту жолдарын айқындайды.

1998 жылы Нгуен Динь Ням «Формирование и развитие у учащихся генетических знаний в процессе обучения общей биологии в общеобразовательных школах Вьетнама» деген еңбегі Вьетнамдық мектеп оқушыларының генетикалық білімінің сапасын арттыру қажеттілігі мен жалпы биологияны оқыту үрдісінде олардың қалыптасуы мен дамуы үшін әдістемелік жағдайлардың жеткіліксіз дамуы арасындағы қайшылықтарды шешуден тұрады.

Ал қазақстандық ғалымдардан 1976 жылы Р.А. Алимкулова «Самостоятельные работы учащихся в процессе обучения общей биологии» деген ғылыми зерттеу жұмысын қорғады. Онда жалпы биология пәнінде қандай өзіндік жұмыстар жүргізуге болатындығына тоқталады. Білім алушылардың өзіндік жұмыстарын қалай ұйымдастыруға болады, өзіндік жұмыстардың мазмұны оны орындау жолдарын анықтап береді.

1998 жылы Н.Б. Ишмұхамедованың «Уроки по основам генетики» оқу құралы жарық көрді. Бұнда әсіресе генетикалық материалдарды сабақта қалай қолдануға болатындығы көрсетіледі.

Ізденістерден байқағанымыз Қазақстандағы генетиканы оқыту мәселесіне арналған арнайы ғылыми оқулықтар мен оқу құралдарының өте аз екені және бұл бүгінгі күнгі білім беруде, биолог-педагог мамандарды дайындауда қоғам сұранысын қанағаттандыра алмайтын көкейкесті мәселенің бірі екендігін аңғаруға болады.

Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиетке талдау жасау және университеттегі биологиялық пәндерді оқыту практикасының жай-күйі, атап айтқанда генетика пәнінің жаңа түсінік пен одан әрі зерттеу қажеттілігін көрсетеді [2].

Оқытушыларға студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруға негізделген генетикалық білімді қалыптастыру және дамыту бойынша әдістемелік әзірлемелер, атап айтқанда оны орындау әдістері, өлшеу және бағалау критерийлері қажет. Осыған байланысты генетиканың эмпирикалық және ғылыми-теориялық тұжырымдамаларын саралау үшін критерийлерді таңдау, жалпы ұғымдарды анықтау және олардың иерархиясын құру сияқты қызмет аспектілеріне назар аударған жөн. Сонымен қатар генетика ұғымдарының дамуы үшін студенттердің зияткерлік іс-әрекетінің жеке ерекшеліктерінің сипаттамалары маңызды. Бұл әсіресе соңғы жылдары, оқытуды саралау қағидалары мен болашақ биология мұғалімі қызметінің мазмұны әр түрлі түсіндіріле бастаған кезде айқын көрінеді. Өзіндік жұмыс түрлерін қолдану студенттерге белсенді, өз бетінше, шығармашылықпен, мақсатты түрде жаңа білім алуға мүмкіндік береді; тұлғаның тұтас дамуына ықпал етеді [3].

Генетика пәнін оқыту үрдісінде дидактикалық қағидалар басшылыққа алынады. Қағида (принцип) - басшылыққа алатын идея, талап ендеше оқытуға қойылатын талаптар өзгеріп отыратындықтан, кейбір қағидалар ескіріп (табиғатқа сәйкестік, партиялық), кейбіреулері жаңадан пайда болады (кіріктіру, ізгілендіру).

Биология пәні оқытушыларының әдістемелік дайындығы аясында өзіндік жұмысты ұйымдастыруда генетикалық білімді дамыту барысында басшылыққа алатын қағидалары:

1. Ғылым және теорияның практикамен байланысы қағидасы. Генетика пәнін оқытудың мазмұны қазіргі ғылым деңгейіне сәйкес келуі керек, ал теориялық білім абстрактілі болып қалмауы керек, оларды эксперимент, зертханалық және практикалық жұмыстар барысында шынайылығын тексеріп, студенттердің іс-әрекеттері деңгейіне жеткізу керек.

2. Білім беру мазмұнын іргелендіру қағидасы. Мазмұнды таңдау кезінде әлемнің ғылыми бейнесі туралы іргелі, жан-жақты идеяларға сүйену керек, ол өз кезегінде молекулалық биология және генетикалық заңдылықтарға, негізгі әдіснамалық қағидаларға және биология мен генетика жалпы заңдарына негізделген болу керек.

3. Пәнаралық кіріктіру қағидасы. Кіріктіріп оқыту әдісі жалпы барлық дидактика тәрізді, қазіргі кезде қиын кезеңнен өтуде. Жалпы орта білім берудің мақсаттары өзгерді, жаңа оқу жоспарлары және пәндерді кіріктіріп оқытудың жаңа тәсілдері әзірленуде. Ал білім беру мазмұнын жаңарту оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі емес әдістері мен түрлерін, сондай-ақ түрлі пәндерді кіріктіріп оқыту сабақтарын қолдануды талап етеді. Сол себепті де білім берудің жаңа технологиялары пайда болуда, олардың бірі пәндік-тілдік кіріктіріп оқыту технологиясы. Біздің зерттеу тақырыбымызда да осы қағида басты қағидалардың бірі деп айтуымызға болады.

4. Қолданбалылық мәні қағидасы. Оқытуда генетиканың ғылыми прогресстегі рөлін ашып көрсету керек. Ғылыми білімді практикалық қолдана білу бүгінгі таңда әлеуметтік практиканың үнемі өзгеріп тұратын жағдайларында қажет болатын кәсіби икемділіктің негізі болып табылады. Генетиканы оқыту процесінде мұндай педагогикалық қағидалар сабақтастық, қол жетімділік, жүйелілік сияқты қағидалар арқылы жүзеге асырылады.

5. Кәсіби бағдарлау қағидасы. Білім алушылардың генетикалық білімі мен дағдыларының мазмұны тек теориялық материалмен және дерексіз тапсырмалармен шектелмеуі керек; генетикалық ұғымдар үшін студенттер нақты кәсіби нысандарды көруі танысуы керек.

6. Интерактивті оқыту қағидасы (генетикалық білімнің күрделілігіне байланысты қажет болатын интерактивті диалог пен кері байланысты қамтамасыз ету) білім алушының зияткерлік әлеуетін дамытуға бағытталған (алгоритмдік, бейнелік, теориялық ойлау стилін қалыптастыру, қиын жағдайда оптималды немесе ауыспалы шешімдер қабылдау, ақпаратты өңдеу қабілеті).

7. Дидактикалық оқу циклінің тұтастығы мен сабақтастығын қамтамасыз ету қағидасы (тақырып, генетика пәнінің бөлімі шеңберіндегі дидактикалық циклдің барлық байланыстарын аяқтауға мүмкіндік беру). Барлық тақырыптар өзара байланысты және генетиканы оқытудың жалпы логикасына сәйкес болуы керек.

8. Үздіксіздік қағидасы. Студенттердің өзіндік жұмысына арналған оқу және ғылыми мазмұны студенттердің генетиканы зерделеу кезінде алған білімдерін, дағдыларын ескеруі және басқа пәндерді оқытуда сұранысқа ие болуы керек.

9. Жеке тұлғаға бағдарлау қағидасы. Оқу мазмұнын игеру процесі өте күрделі және әр студент үшін әр түрлі болатын көптеген факторлардың жиынтығын қажет етеді. Генетика мазмұнын қолдану арқылы құрылған білім беру ортасы студенттің танымдық жұмысын өз бетінше ұйымдастыруға, реттеуге және бақылауға мүмкіндік береді.

10. Өзін-өзі тәрбиелеу қағидасы. Студенттердің тәуелсіз оқу іс-әрекетіне көбірек қатысуы студентті объектіден субъективті позицияға ауыстыруды талап етеді, яғни белсенді кәсіби өзін-өзі дамыту ұстанымына және басты назарды білімді игеруден тәуелсіз игеруге көшіру. Оқу процесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде өзіндік жұмыс студенттердің кәсіби және танымдық белсенділігін арттырудың құралы болуы керек [4].

Осы қағидалардың соңғысы және пәнаралық кіріктіру қағидасы біздің диссертациямыздың тақырыбымен «Көптілділікті оқыту жағдайында өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру арқылы болашақ биолог мұғалімдердің генетикалық білімдерін дамыту» тақырыбымен өте тығыз байланысты.

Генетика пәнінен білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың маңызы өте зор. Өйткені, сол арқылы білім алушылардың іс-әрекетінің дербестігі артады. Білім алушының өзіндік жұмысы кез-келген пәнді оқуға өзіндік жұмыстың орындалу әдістерінің қалыптасуына бағытталғанымен, бұл жұмыс олардың ғылыми, оқу кәсіби қызметін қалыптастырып, мәселелерді өзіндік шешуіне оптималды шешімдерді қабылдауға, дағдарыстық жағдайлардан шығуға арналған. Біз бүгінгі күннің талабына сай генетика пәні бойынша ағылшын топтарын оқыту барысында пайдалануға ыңғайлы өзіндік жұмыстардарды құрастырып, өз тәжірибемізде қолданудамыз. Биология ғылымының кез-келген саласын оқыту барысында да өзіндік

жұмыстардың алатын орны ерекше. Генетика пәнін ағылшын тілінде кіріктіре отырып оқыту-өмірден өз орынын тандай алатын өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап,кез келген ортаға тез бейімделетін,белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, өзге дамыған елдермен білім бәсекелестігіне түсе алатын,еліміздің биология саласын дамытуға үлес қоса алатын, көптілді және мәдениетті құзіреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыруға ықпал етеді. Қазақстан Республикасының халықаралық ынтымақтастықта жедел қарқынмен даму кезеңінде әлемдік экономикаға жан-жақты ену кезеңінде, ағылшын тілін меңгерген, күнделікті және кәсіби салада оны тиімді пайдалана алатын мамандарға сұраныс көбеюде.

Генетика пәні жаратылыстану ғылымының басқа салаларының арасында маңызды орын алады. Білім алушылардың концептуалды биологиялық ойларын қалыптастыруында үлкен рөл атқарады. Дегенмен, генетика тілі өте ерекше, генетикалық материалды таныстыру логикасы заңдылықтарды түсіндіру өзгешелігімен ерекшеленеді.

Кіріктірілген оқытуды ұйымдастыру оқытушыға әр сабақты мұқият дайындау мен жоспарлауды, қазіргі заманғы педагогикалық тәсілдерді қолдануды және т.б. талап етеді. Үштілді білім беруде заманауи CLIL әдісін белсенді қолдану өте тиімді. 1994 жылдан бастап Дэвид Марш және басқа да көптілді білім беруді дамыту бойынша ғылыми зерттеулер жүргізген ғалымдар CLIL әдісін жоба ретінде әзірлеп ұсынды. 1999 жылы профессор Ду Койл CLIL әдісі бойынша сабақтарды жоспарлаудың негізгі және маңызды 4 «С» қағидаларын дамытты. Яғни олар: Content - мазмұн, Commynication – қарым-қатынас, Cognition - таным, Culture - мәдениет. CLIL әдісінің қағидалары аясында мазмұн (пәндік мазмұн, пәнаралық байланыс), тіл және таным (сыни тұрғыдан ойлау процесі) ұсынылған. Көптілді білім беру жағдайында өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру үшін төмендегідей әдіс-тәсілдерді қолдану тиімді терминдерді есте сақтау үшін **«From Start to Finish»** бұл ойында студенттер терминдерді қазақша, ағылшынша аудармаларын дұрыс тауып көрсету керек. Бұл ойын генетикалық ұғымдарды қалыптастыру барысында қолдануға өте тиімді.

«Find the terminology» (терминдерді тап) ойын әдісінде ағылшын әріптерінің орындары ауыстырылады оның дұрыс жазылуын табуы қажет.

«Tarsia» (Тарсия) әдісі арқылы ағылшын тіліндегі анықтамаларды оқып, сәйкес орындарға терминдерді қояды.

Ал **«Matching»** (сәйкестендіру) қазақ-ағылшын терминдерінің немесе ережелердің дұрыс сәйкестендірілуіне негізделген.

«True and False» (ақиқат және жалған) ойыны барысында ағылшынша айтылған анықтамасының дұрыс не бұрыстығына байланысты бір-бірінен жауап қайтарады.

«Cards» ойын әдісінде таратылып берілген карточкаларға сәйкес қандай тапсырма берілгенін анықтап, аудармасының жауабын табуы тиіс.

«***Complete the gaps with the words below»:*** кілтті сөздерді пайдаланып бос орынды толтырыңыздар.

Педагогика ғылымында өзіндік жұмысты ұйымдастыру мәселесіне көптеген зерттеулер арналған. Олар педагогикалық әдебиеттерде алғаш өзіндік жұмыс мәселелерін В.К. Буряк, Е.Я. Голант, Б.П. Есипов, Р.Г. Лемберг, Р.М. Микельсон, И.И. Пидкасистый, Е.С. Саблик, М.Н. Скаткин еңбектерінде зерттелініп, оқу үрдісінде білім алушылардың өзіндік жұмысын жүйелі түрде қолдану негіздері қарастырылды. Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың мәнін дидактикалық тұрғыда қарастырғандар: А.Е. Абылқасымова, Н.А. Адельбаева, С.И. Архангельский, М.В. Буланова-Топоркова, М.Г. Гарунов, И.И. Кобыляцкий, Р.Н. Низамов еңбектері. Алдыңғы буын ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, бүгінгі таңның білім беру талабына сай жаңаша бағыттағы өзіндік жұмыстарды іріктеп өз тәжірибеміздеп өткізіп, алып қосатын жақтарын анықтап, әлемнің білім беру тәжірибелерімен астастырып шығармашылық жағынан тың ізденістерді өзімізге үлгі тұтудамыз.

Студенттердің өзіндік жұмысқа деген көзқарастарын анықтау үшін біз Абай атындағы ҚазҰПУ-нің жаратылыстану және география институтының биология мамандығының 50-ге жуық 3 курс студенттерімен сұхбат жұмыстарын жүргіздік. Сұхбат сауалнама түрінде жүргізілді. Сауалнамалық сұрақтар студенттердің «өзіндік жұмыс» ұғымымен қаншалықты таныс екенін анықтады; студенттердің өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыруда оқытушының рөлі қандай; студенттердің пікірінше, өзіндік жұмыстың тиімдірек болуы үшін не істеу керек, олар өзіндік жұмыста қандай қиындықтарға тап болады, студенттер өзін-өзі бақылаудың қандай түрін қалайды.

Студенттердің жауаптарын талдау өздік жұмысты орындау кезінде әсіресе әдістемелік ұсыныстарды қажет ететіндігін көрсетті, өйткені ЖОО түлегінің маман ретінде даярлық деңгейі осыған байланысты. Студенттер бұл жұмысты ұнататынын мойындады, бірақ олар оны топта жасағанды жөн көреді. Осы пилоттық сауалнаманың нәтижелері студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруға арналған генетика бойынша әдістемелік нұсқаулықтарды дайындау қажет екендігін айқындады. Қазір осы бағытта тиімді болатын студенттердің генетикалық білімін дамытуға ықпал ететін әдістемелік жұмыстар жасалуда.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Иманкулова С.К., Кенжебаева З.С., Шалабаев К.И. Роль генетического образования как ключевого звена подготовки специалистов биологов. [Электронды ресурс] Кіру режимі: https://www.fundamental-research.ru › article › view [Қаралу мерзімі: 12.10.2019].
2. Нгуен Динь Ням. Формирование и развитие у учащихся генетических знаний в процессе обучения общей биологии в общеобразовательных школах Вьетнама: Дис. ... канд. пед. наук : 13.00.02 : Москва, 1998, 147 с. РГБ ОД, 61:99-13/136-1
3. Кадырова Г.Р., Маймакова А.Д. Самостоятельная работа студентов как средство повышения их профессионально-познавательной активности в процессе изучения русского языка в вузе**.** [Электронды ресурс] Кіру режимі: repository.kaznu.kz › bitstream › handle [Қаралу мерзімі: 15.10.2019].
4. Гречухина Т.И., Меренков А.В. Самостоятельная работа студентов: виды, формы, критерии оценки. Екатеринбург, 2016, С. 77.

УДК 37.035.6:512.1

Duisenbayev Abay Kabakbayevich,
Candidate of Pedagogical Sciences, associate professor,
Dean of Higher School of Education,
Baishev University,
e-mail: adk7575@mail.ru

Miraliyeva Aizhan Zhaysanovna,
Candidate of Psychological Sciences, senior lecturer,
Department of Pedagogy and Psychology,
Baishev University,
e-mail: Aizhan_6465@mail.ru

PECULIARITIES OF PEDAGOGICAL COMMUNICATION IN THE EDUCATIONAL PROCESS

Аңдатпа. Мақалада педагогикалық қарым-қатынас мәселелері қарастырылады, оның ерекшелігі анықталады. Оқудағы өзара әрекет формасы, педагог пен оқушының бірлесе жұмыс істеуі ретінде қаралатын педагогикалық қарым-қатынасты тиімді ұйымдастыру туралы ой оқу-тәрбие жұмысын оңтайландыратын фактор бола алатынын дәлелдейді.

Кілт сөздер: Педагогикалық қарым-қатынас, психологиялық байланыс, коммуникация, психологиялық климат.

Аннотация. В статье рассматриваются проблемы педагогического общения, определяется его специфика. Подтверждается мысль о том, что эффективно организованное педагогическое общение, как форма учебного взаимодействия, сотрудничества педагога и учащегося, может стать фактором, оптимизирующим учебно-воспитательный процесс.

Ключевые слова: Педагогическое общение, психологический контакт, коммуникация, психологический климат.

Annotation. The article discusses the problems of pedagogical communication, determines its specificity. The idea is confirmed that effectively organized pedagogical communication, as a form of educational interaction, cooperation between the teacher and the student, can become a factor optimizing the educational process.

Keywords: Pedagogical communication, psychological contact, communication, psychological climate.

Pedagogical work refers to this type of professional activity in which the process of communication plays a leading role. Communication is the main means through which the implementation of the tasks of training and education. As a scientific category, pedagogical communication was singled out in the mid-70s of the XX century. The beginning of the study of the problem of pedagogical communication was laid by several areas of research. These are works on issues of social perception (A.A. Bodalev), research on the theory of the collective and interpersonal relationships in the pedagogical process (A.V. Petrovsky), a series of works on the psychology of the work of the teacher (N.V. Kuzmina, A.I. Scherbakov) These psychological studies prepared the appearance of the first works on the problems of pedagogical communication.

In foreign pedagogy and psychology, pedagogical communication is based on the principle of individuality that prevails in Western culture and is characterized by the dominance of the teacher's leadership in the system of communication with students. And this, despite the promotion of equality of opinion of the student and teacher. It is also necessary to highlight separately that in all Western countries there is a distancing of a teacher from students. In contrast, eastern culture is dominated by greater openness between students and teachers. The following situation can be cited as an example: A teacher carries a stack of textbooks or notebooks in Asia, one of the students will often run up and help convey that which is unthinkable in the Western teaching culture. Pedagogical communication requires well-developed skills in parallel to use a wide arsenal of communication tools and languages to simultaneously influence the characteristics of pedagogical communication, due to which it should be qualified as one of the most difficult types of professional communication.

In psychology, pedagogical communication is defined as a private type of communication (in comparison with business communication in business, professional communication of a doctor with a patient) with the common features of this form of interaction and specific to the educational process. Professor I.A. Zimnaya considers pedagogical communication as a form of educational interaction,

cooperation between teacher and students. This is a personal and socially oriented interaction [Zimnaya I.A. Pedagogical psychology. Textbook for universities. – Moscow, 2000. – 320 p.].

V.A. Slastenin defines pedagogical communication as a multifaceted process of organization, establishment and development of communication, mutual understanding and interaction between teachers and students, generated by the goals and content of their joint activities [Slestenin V.A. Pedagogical communication. – Moscow: "Enlightenment", 1999. – 217 p.].

K.B. Seitaliev emphasizes the importance of creating a favorable psychological climate in pedagogical communication and gives the following definition of this phenomenon: "Pedagogical communication is a teacher's professional communication with students in or out of the lesson (in the process of teaching and upbringing), which has certain pedagogical functions and is aimed (if it is full and optimal) to create a favorable psychological climate, as well as another kind of psychological optimization of the educational activities and relations between the teacher and students and within the student team" [Seitaliev K.B. History of pedagogy. – Atyrau, 2007. – 336 p. (in Kazakh)].

Thus, researchers, determining the essence of pedagogical communication, rely on a principled position in relation to the analysis of this phenomenon:

1. The study of pedagogical communication should be carried out in the framework of the general theory of communication and in the same terms.

2. When analyzing, it is necessary to take into account the specifics of pedagogical communication.

3. Pedagogical communication is a form of educational interaction, cooperation between teacher and student.

The multi-objective orientation of pedagogical communication lies in the fact that it is aimed not only at the interaction with students, but also at organizing the development of educational knowledge and the formation on this basis of creative skills, which is fundamental for the pedagogical system. There is a triple orientation of the communication process: on the educational interaction itself, on students (their current status and promising lines of development) and on the subject of development.

As a form of educational cooperation, pedagogical communication is also characterized by the triple orientation of its subjects: personal, social and substantive. Therefore, the peculiarity of pedagogical communication is expressed in an organic combination of elements of personality-oriented, socially oriented and subject-oriented communication.

The originality of pedagogical communication lies in the implementation of its functions, which are determined by the goals of the teacher's professional activity.

According to A.A. Lobanov, four main functions are distinguished in communication:

• instrumental - coordination of activities through communication;
• syndicate - the creation of a community, group;
• self-expression - presentation of the person in the process of communication;
• translational.

The researcher believes that the latter function should be of particular interest for pedagogical communication, since it is this function that lies at the heart of learning: through communication, personality training takes place [Lobanov A. Fundamentals of professional and pedagogical communication: Textbook. Manual for students in high school. – M., 2002. – 220 p.].

From the point of view of A.A. Lobanov, the functions of professional and pedagogical communication have their own distinctive features. Therefore, along with informational, educational and contact functions, the researcher identifies the following:

• the function of people knowing each other;
• the function of organizing and servicing a particular subject activity;
• the function of introducing the partner to the experience and values of the initiator of communication;
• the function of introducing the initiator of communication to the values of the partner;
• the function of opening a child to communicate;
• function of complicity.

Thus, there are many approaches to determining the functions of pedagogical communication, however, despite this, many studies emphasize the multifunctionality of this phenomenon. A wide functional field allows you to solve important tasks of training and education.

Professor N.V. Klyuyeva believes that the task of communication, that is, the communicative task, is the goal to achieve which, under the given conditions, various actions are performed that are performed in the process of communication. The task of communication depends on external and internal conditions, but it determines the nature of the action of communication. The communicative task performs the role of

a stimulator of the response of speech and non-speech, it is a productive and receptive unit [Pedagogical Psychology: Textbook/Ed. N.V. Klyueva. – Moscow: "Enlightenment", 2003. – 310 p.].

In pedagogical communication from the position of a teacher, the following groups of communicative tasks are distinguished:

- transmission of information;
- request, request for information;
- prompting verbal or non-verbal action;
- expression of attitude to verbal or non-verbal action of the partner of pedagogical communication.

A number of studies have attempted to differentiate communicative tasks. The speaker's communicative tasks are distinguished: communication, persuasion, motivation, suggestion, approval, explanation, proof, etc.

The diversity of approaches in the study of the problem of pedagogical communication by the authors did not lead to a unified opinion regarding the content of pedagogical communication, its structural unit and functions, but they reflect significant points in understanding the essence of the problem.

A survey of teachers with different pedagogical experience showed that many of them do not realize the goals and functions of pedagogical communication, do not understand the structure, and do not perceive the communicative task as a necessary element of the pedagogical process.

Communication is present in all types of human activity, but in pedagogy it is an instrument of influence and turns into a professionally significant category.

This point of view is shared by N.E. Mazhar, who believes that “no matter what the teacher teaches, he conveys to the student, first of all, a conviction of the power of the human mind, a powerful desire for knowledge, a love of truth and an attitude toward selfless socially useful work ..." [Slestenin V.A., Mazhar N.E. Diagnostics of professional suitability of youth for pedagogical activity. – M., 1991. – 170 p.].

Effective pedagogical communication is always aimed at creating a positive “I-concept” of the personality, at developing the student’s self-confidence, in his strengths, in his potential. To confirm the great contribution teachers can make to the development of positive self-esteem and self-confidence in a child, we present the results of one experiment. This experience, conducted at an American school by psychologist R. Rosenthal, became a classic. He consisted of the following. The psychologist tested the students on different scales of intelligence, and then randomly selected one out of every five, regardless of the test results, and announced to the teachers that these very few children showed the highest level of intelligence, level of ability and that in the future they will show the highest results in school. And at the end of the school year, he repeated testing of these same children and, strangely enough, it turned out that those whom the psychologist chose at random and praised as the most capable, really learn better than others. The results of this experiment indicate that the “I-concept” depends on the social environment of the child, on the characteristics of the attitude towards him in the process of pedagogical communication. The attitude that the psychologist gave to the teachers was passed on to children in several directions. First: the teacher believed that the child was really capable, and began to discern a potential in him that earlier, without instructions from the side, could go unnoticed. Having discovered such abilities, he will repeatedly give the student a positive verbal assessment; and praise stimulates the child’s positive attitude towards himself, self-confidence. The second direction: believing in the potential of the child, the teacher, most likely, will count on the child as the most capable in the educational process. This will be reflected in his communication with the student not only at the speech level, but also in the organization of such an objective interaction that allows them to effectively develop these abilities.

Thus, an effectively organized process of pedagogical communication is intended to provide: real psychological contact between the teacher and students and turn them into subjects of communication; overcoming a variety of psychological barriers that arise in the process of interaction between teachers and students; the transfer of students from their usual slave position to the position of cooperation, and therefore their transformation into subjects of pedagogical creativity; productive interpersonal relations between the teacher and students, which organically combine the business and personal level of communication; holistic socio-psychological structure of the pedagogical process. With this understanding of this phenomenon, pedagogical communication becomes a factor optimizing the educational process.

REFERENCES

1. Zimnaya I.A. Pedagogical psychology. Textbook for universities. – Moscow, 2000. – 320 p.
2. Slestenin V.A. Pedagogical communication. – Moscow: "Enlightenment", 1999. – 217 p.
3. Seitaliev K.B. History of pedagogy. – Atyrau, 2007. – 336 p. (in Kazakh)
4. Lobanov A.A. Fundamentals of professional and pedagogical communication: Textbook. manual for students in high school. – Moscow, 2002. – 220 p.
5. PedagogicalPsychology: Textbook/Ed. N.V.Klyueva. – Moscow: "Enlightenment", 2003. – 310 p.
6. Slestenin V.A., Mazhar N.E. Diagnostics of professional suitability of youth for pedagogical activity. – Moscow, 1991. – 170 p.

Жакеева Алтынгүл Асқарқызы,
маман,
«НЗМ ДББҰ-ның «Білім беру бағдарламалары» орталығы,
Нұр-Сұлтан қаласы

Ұстағалиев Ернар Опағалиұлы,
маман,
«НЗМ ДББҰ-ның «Білім беру бағдарламалары» орталығы,
Нұр-Сұлтан қаласы

ТАРИХИ ПРОПЕДЕВТИКАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада тарихи пропедевтиканың педагогиканың іргелі саласы ретінде қалыптасу барысы қарастырылады. Ресейдегі білім беру жүйесінде мектеп бағдарламасына тарихты оқытудың бастауыш сыныптарға ену мәселесі мен қазақ даласындағы білім мекемелерінің өзіндік ерекшеліктеріне шолу жасалады. Авторлар қазіргі жаһандану кезеңінде мектеп оқушыларының тарихтың маңыздылығын, оның өмірдегі қажеттілігін жақсы түсінетіндігін ескере отырып, бастауыш сынып оқушыларына тарихи білім берудің заман талабы екендігін негіздейді.

Кілт сөздер: пропедевтика, тарихи білім мазмұны, дүниетану.

Аннотация. В данной статье рассматривается процесс формирования исторической пропедевтики как фундаментальной области педагогики. Предоставлен обзор о системе российского образования по вопросу интерграции истории в учебную программу начальной школы и информация об особенностях учебных заведений на казахской земле. Авторы обосновывают необходимость исторического образования для учащихся начальной школы на современном этапе глобализации с четким пониманием важности изучения истории.

Ключевые слова: пропедевтика, содержание исторического знания, познание мира.

Annotation. This article is devoted to the establishment of historical propaedeutics as a major type of pedagogy. It discusses the issue of introducing history into elementary school classes in Russian educational system and the review of special features of educational institutions in Kazakhstan. Taking into account that school students understand the importance of history, the authors have stressed out that teaching history for elementary school students is the call of our times.

Key words: propaedeutics, content of historical knowledge, world understanding.

Мектептегі тарихи және әлеуметтік білімді зерттеу, білім алу және жеке өмірлік ұстанымды қалыптастыру гуманитарлық ғылымның негізі болып табылады. Тарихты зерделеу оқушыларға өзіндік құндылық бағдарын және азаматтық сенімді қалыптастыруға ықпал етеді. Тарихи түсініктердің қалыптасуы мен дамуын бастауыш сыныптан бастаған дұрыс болады. Мектептегі білім берудің жалпы процесінде, оның ішінде бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеуде тарихтың алатын орны ерекше. Оқушы үшін тарих дүниетанымды, дүниенің тұтас бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік беретін ілім.

Бастауыш сынып оқушыларының тарихи білім мазмұнын дамыту мәселесінің өзектілігі мектептің алғашқы буынында болатын өзгерістермен анықталады. Жаһандану кезеңінде білім берудің мақсаттары, оның құрылымы өзгеруде. Қазіргі психологиялық-педагогикалық зерттеулерге сәйкес, бастауыш білім берудің жаңа тұжырымдамалары жасалып, оқу процесіне енгізіліп отыр. Демек, тарихи мазмұндағы пропедевтиканың қажеттілігі күн тәртібіндегі мәселе болып отыр. Енді, «тарихи пропедевтика дегеніміз не?» деген мәселе төңірегінде сөз өрбітіп, тарихи пропедевтиканың қалыптасу барысын, әр кезеңдегі даму ерекшеліктеріне шолу жасу арқылы қарастырып көрелік.

Тарихи пропедевтика дегеніміз – игерілетін жаңа пәнге өзіндік кіріспе болып табылады, яғни негізгі буын пәндеріне оқушыларды бастауыш сыныптардан бастап біртіндеп бейімдеу, оның өзге пәндерден баланың жас ерекшелігіне бейімделіп, іріктеліп алынған мазмұнымен, баяндау үлгісімен айтарлықтай айырмашылығы бар. Оның негізгі міндеттері мыналар: білім берудің кіріктірілген бастапқы сатысынан пәндік деңгейіне көшуді қамтамасыз ету, тарихтың негізгі сипаттамаларымен байланысты қарапайым түсініктерді беру (уақыт, кеңістік, адамардың өмір сүру ортасы, жекелеген тұлғалардың істері, өткен кезең мәдениеті т.б.), пәнге деген қызығушылығын ояту және дамыту. Тарихи пропедевтика оқушылардың бойында Отанға деген сүйіспеншілікті, оның тарихы мен мәдениетіне деген құрметті қалыптастыруға, адам тағдырында болатын түрлі қиыншылықтарға аяушылық сезімін білдіру қасиеттерін дамытуға, адами

құндылықтарға бас июді, мәдениетке, дәстүрлер мен діни нанымдарға құрмет білдіруді бойына сіңіруге мүмкіндік береді.

Қазақстанның тарих ғылымы өзінің дамуында кезекті жаңа деңгейге өтіп қана қойған жоқ, ол өзінің жауапкершілігі тұрғысынан қазіргі біздің қоғамымыздың рухани құндылықтары мен ережелерін «толық меңгерген» жаңа сапалық деңгейге әлдеқашан өткен болатын.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Халық тарих толқынынында», «Ұлы Даланың жеті қыры» арнайы тарихи зерттеу бағдарламаларын жасауды ұсынды. Бұл аталған бағдарламалардың басты мақсаты қазақ халқы тарихының шеңберін кеңейтіп, ұлттық тарих ғылымының сапалық тұрғыдан қарқынды дамуына барлық жағдайды қамтамасыз ету болып табылады. Бұның барлығы ұлттың жаңа тарихи дүниетанымын қалыптастыру үшін және біздің мемлекетіміздің жиырма жылдық жаңа тарихын ой елегінен өткізу үшін өте қажет [1].

Тарихи-педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдаудың нәтижесінде 7-9 жастағы балаларға тарихты оқыту мәселесінің терең ғылыми зерттеулері негізінен XX ғасырдың 40-60 жылдарында (М.С. Васильева, И.В. Гиттис, С.Г. Геллерштейн, Т.С. Голубева, В.Г. Карцов, И.И. Сукневич, т.б.) жүргізілді және отан тарихы бойынша шағын әңгімелерді зерделеумен байланысты болды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Білім берудің жекелене түсуінің (мұғалімнің еркіндігі, оқыту мазмұнының балама үлгілері) оңтайлы процесі тарихтың алуан түрлі пропедевтикалық курстар санының көптеп қалыптасуына әкелді.

Алайда, олардың көпшілігі оқу жоспарының жекелеген пәні ретінде қалыптасты. Сондай-ақ, бастауыш білім берудің қазіргі концепцияларында баланың санасында әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруда кіріктірілген оқытудың маңыздылығы ерекше аталып өтіледі, бұл біздің көзқарасымыз бойынша адамның табиғатпен және қоғаммен өзара қатынасын түйсіну үшін қоршаған әлем туралы басқа да білім жүйесінде тарихи білімнің алатын орнын түсіну үшін аса маңызды болып табылады. Оқытудағы интеграция шындықты жалпылама қабылдауға бейім бастауыш сынып оқушысының психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

Тарихи тақырыптардың бастауыш мектептің білім мазмұнына ену уақыты туралы В.И. Абрамов, Н.А. Андреевская, В.Н. Вернадский, М.С. Васильева сынды маман әдіскерлер айтып өткен болатын. М.С. Васильева: «Ең алдымен, тарих патшаның балалары мен жоғары дәрежелі адамдардың балаларының бастауыш біліміне енген», – деп көрсетеді [2]. Ал Н.В. Андреевская мен В.Н. Вернадский Ресейде тарихты оқыту XVIII ғасырда академиялық және университеттік гимназиялар мен жоғарғы мемлекеттік мектептерде басталды деп атап өтті. Бұл пікірді М.Т. Студенникин және В.И. Абрамов та қолдайды: «Ұзақ уақыт бойы патшалық Ресейде тарихты бастауыш буында оқыған сыныптардың артықшылығы болды» деп жазады, «тек XIX ғасырдың екінші жартысында (1861 жылғы Реформадан кейін) ғана қала мен ауылдың еңбекші бұқарасының балаларына арналған тарих кейбір бастауыш мемлекеттік мектептердің оқу бағдарламаларына енгізілді» [3].

М.С. Васильеваның айтуынша, Ресейде бастауыш мектепте тарих пәні алғаш рет XIX ғасырдың 60-шы жылдары енгізілген. XVIII ғасырда жеке меншік оқу орындарында: кадет корпусы, қыздар институты, бастауыш мектеп жасындағы балаларға (9 жастан 12 жасқа дейін) тарихты үйрете бастады. Сондай-ақ, сол кезеңде пайда болған пансионаттардағы бастауышқа тарих сабағы енгізілді. Бастауыш мектепте тарихты оқытудың негізгі міндеті, М.С. Васильеваның айтуынша, «оқытудың келесі кезеңдерінде тарихи білімді шоғырландыру мен кеңейту үшін негіз болды, бұл мемлекет пен сот қызметіне дайындықты жақсартты» [4].

Кеңес заманының әдіскерлері, атап айтқанда, профессор В.Г. Карцов кіші мектеп оқушыларына тарихты оқыту ең маңызды міндеттердің бірі болып саналды, ол оқушы жадында ең маңызды тарихи дәуірлердің бейнесін дамытуға мүмкіндік берді деп көрсетеді [5]. Оқытушы әдіскерлер И.В. Гиттис, В.Г. Карцов, М.С. Васильева, И.И. Сукневич, А.А. Вагин және т.б. тарихи пропедевтика сабақтарында оқушылардың тарихи түсініктерін қалыптастыруда әсерлі әңгімелерді, тарихи материалды ұсынудың нақтылығы мен көрнекіліктерді қолданудың рөлін ерекше атап өтті. И.И. Сукневич тарих сабақтарында бастауыш сынып оқушыларында тарихи дүниетанымды қалыптастыру процесін қиялға толы тарихи түсініктер мен ұғымдарды қалыптастыру арқылы жүзеге асыруды ұсынды [6].

Мұғалімдер мен әдіскерлер тарих сабағын кіші мектеп оқушыларының дамуындағы тарихтың жүйелі курсын оқып үйрену қажетті кезең деп санады. Олар бастауыш сыныптарда тарихты көрнекілік арқылы оқытудың қажеттілігі туралы жазды және мұғалімнің әңгімелері мен көрнекіліктері арқылы оқушылардың тарихи бейнелерін байыту жолдарын анықтады.

Кеңестік кезеңде мектептегі тарихи пропедевтика курсының қалыптасуы мен дамуында екі негізгі кезең анықталды. Бірінші кезеңде (1917 – XX ғасырдың 30-шы жылдарының басы) мектептегі тарихи білім беру жүйесіндегі қайта құру процесінде бастапқы тарихи бағыт жаңа «Әлеуметтану» пәнінің құрамына енді. Екінші кезең (XX ғ. 30-80 жж.) Кеңестік мектептің тарихи пропедевтика курсының қалыптасуы мен даму кезеңі болды.

Кеңестік дәуірдің әдіскерлері революцияға дейінгі замандастарының жинақтаған бай тәжірибесіне сүйене отырып, мұғалімнің әсерлі сөзінің көмегімен, тарихи материалдарды көрнекі оқу құралдарымен ұштастыра қолдану арқылы оқушылардың нақты тарихи түсініктерін қалыптастыру қажеттігі туралы өз ойларын білдірген болатын. Тарихи көріністер тарихи концепцияны қалыптастырудағы қажетті алғашқы қадам ретінде анықталды, бұл өз кезегінде бастауыш сынып оқушыларының тарихи дүниетанымының қалыптасуына оң септігін тигізді. Кеңес дәуірінің әдіскерлері түрлі типтегі тарихи бейнелер мен көріністерді жіктеуді, оларды құру әдістерін ұсынды.

Қазіргі кезеңдегі әдіскерлер (Н.И. Ворожейкина, А.И. Саплин, Е.В. Саплина, М.Т. Студеникин және басқалар) өз еңбектерінде мектеп оқушыларының пәндік дағдыларының (картографиялық, хронологиялық және т.б.) негізінде тарихи көріністерді қалыптастыруды жұмыс істеудің маңызды шарты ретінде қарастырады. Тарихи түсініктерді қалыптастыру процесінде қолданылатын негізгі әдіс-тәсілдері ретінде әңгіме, оқулықпен жұмыс, суреттер, тарихи карта, ұғымдар мен терминдер, оқиғалардың хронологиясы және т.б. аталады [7].

Қазақ халқының педагогикалық мәдениетінің даму тарихы тереңде жатыр, осыдан бірнеше ғасырлар бұрын басталған болатын. Қазақстан тарихының дамуының жалпы заңдылықтарына сүйене отырып, халықтарының әлеуметтік прогресінің негізгі кезеңдеріне сәйкес келетін педагогикалық ойдың қалыптасуының үш негізгі кезеңі анықталды.

Бірінші кезең – көне түркі жазба ескерткіштері, әл-Фараби мұрасы, түркілік-мұсылмандық ренессанс дәуірі, Алтын Орданың гүлденуі мен құлдырауы дәуіріндегі ақындар мен ойшылдардың еңбектері қамтылған VI-XV ғасырлар аралығын қамтитын кезең.

Екінші кезең – педагогикалық ойдың дамуы Қазақ хандығының құрылуы және дамуы кезеңімен байланысты (XV ғасырдың екінші жартысы – XVII ғасырлар аралығы). Бұған қазақтың халықтық педагогикасы да жатады.

Үшінші кезең – Ресей империясының ықпалы дәуірімен байланысты, яғни XIX ғасырдағы қазақтың ақыл-ой кемеңгерлері Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбайұлының сүбелі үлестерімен, XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ғылыми-педагогикалық еңбектерімен, Қазан төңкерісінен кейінгі Қазақстандағы кеңестік педагогикалық ойдың дамуымен тығыз байланысты болды.

Дала тұрғындары жас ұрпақты тәрбиелеуде бай тәжірибе жинақтады, халықтың шығармашылық тәжірибесін, адам мінез-құлқының ережелерін, нормалары мен қағидаттарын, атап айтқанда, тұлғаның белгілі бір моральдық-психологиялық стандартын біріктіретін салт-дәстүрлерін қалыптастырды.

Қазақ жерінде педагогикалық ойдың дамуы VII ғасырда басталды. Педагогикаға қатысты мәселелер Йоллығтегіннің жазбаларынан, Қорқыттың, әл-Фарабидің, Жүсіп Баласағұнидың, Махмұд Қашқаридің, Ахмет Йүгінекидің, Қожа Ахмет Яссауидің, Сайф Сараидің еңбектерінен табылып жатты. Ортағасырлық Қазақстандағы сопылық бағыттың негізін қалаушы Қожа Ахмет Яссауидің тәрбие мен білім мәселелеріне қосқан үлесі өте көп. Ол өзінің «Диуани Хикмет» діни-философиялық трактатында адамның этикалық өмірінің негізгі нормаларын анықтап берді. Әбу Насыр әл-Фарабидің көптеген трактаттары, еңбектері бала тәрбиесіне арналып жазылған. Әл-Фарабидің әдістемелік еңбектері шағын трактаттар, нұсқаулықтар түрінде берілген, кейбір мәселелерді зерттеу тәртібі және дидактикалық нұсқаулықтары ұсынылған.

Әл-Фараби өзінің көптеген оқу-тәрбиелік жұмыстарын оқушылардың қажеттілігін ескере отырып, ғылым мен философияның өзекті мәселелері бойынша құрастырды. Ол ауызша оқыту барысында мәселені шешуге негізделген эвристикалық әңгіме (диалог) және проблемалық оқыту әдістерін қолданды [8].

XIII-XVII ғасырларда Қазақстанда әлі де педагогика саласында ғылыми білімнің қалыптасқан жүйесі болмағаны белгілі. XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығының құрылуынан бастап қазақ мәдениеті мен білімінің дамуы жаңа қарқын алады. Қазақ даласында көшпелілік дәстүрдің ерекшелігіне сәйкес бейімделген далалық мектептер, әр ауыл-аймақта айлап, жылдап жатып, бала оқытатын молдалар мен мүддәрістер болды. Отырықшы аймақтарда мектеп-медреселер көптеп шоғырланды. Түркістан, Ташкент, Самарқанд пен Бұхара қалаларында

ғасырлар бойы үздіксіз өзінің білім беру жүйесі мен дәстүрін сақтаған білім ордалары мен белгілі ұстаздардың медреселері қызмет етті. Мыңдаған бала осы аталған білім мекемелерінде білім нәрімен судады. Сондай-ақ, әрбір қазақ отбасында тарихты ауызша айту дәстүрі берік сақталды. Бесік жырынан бастап, ертегілер, аңыз әңгімелер, батырлық жырлар, тарихи жырлар жас ұрпақтың санасына елдік пен батырлықтың, адамгершіліктің дәнін септі, үлкен буын өкілдері бұл үрдісті ұрпақтан ұрпаққа үздіксіз жалғап отырды.

Қазақ ұлтының ұстазы Ыбырай Алтынсарин өзінің практикалық қызметін ағарту, мәдениет, прогресс идеяларын кең насихаттаумен, қазақ халқын орыс халқының мәдениеті мен ғылымымен таныстырумен ұштастырды. Ол қазақ халқын өркениетті ұлттардың қатарында көргісі келді. Ыбырай Алтынсариннің айтуынша, бұл мақсатқа жету үшін, ең алдымен, бүкіл патриархалды-рулық жүйені түбегейлі қайта құру қажет. Ол білім беруді тек қана мақсат ретінде емес, жастарға өзгеру үшін белсенді күресте қажет құрал мен қару ретінде қарастырған. Білімді байлық, атақ, абыройдан жоғары қоя білді. Ол тек жастарға тәлім беріп қана қоймай, оларды ғылымды игеруге шақырды, сонымен қатар бұл білімге жетудің жолдары мен тәсілдерін көрсетеді. Оның ойынша, оқу – міндет емес, қызықты, қуанышты болуы керек деген пікір айтты. Оқуға деген ләззат пен қуаныш – балалардың білімді игерудің ең тиімді әдісі. Ойшылдың пайымдауынша, бастауыш білім – білімді игеру жолындағы маңызды қадам. Тәрбие негіздері тек сауаттылықты игеруден ғана емес, ең алдымен адами қасиеттерді тәрбиелеуден басталуы керек. Ыбырай Алтынсарин тәрбиелік міндеттерді өмір қажеттілігімен, халық қажеттілігімен байланыстырады. Оның ойынша, мектеп оқушыны жан-жақты дамыту мен оның жеке басын адамгершілік тұрғыдан жақсарту мақсатына жетуді қамтамасыз ететін нақты білім беруі керек [9].

Абай Құнанбайұлы қазақ ағартушыларының, ғалымдары мен мұғалімдерінің алғашқыларының бірі болып, тәрбиелеу барысында балалардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескеруді талап етті. Кәсіби тұрыдан педагог-ғалым және практик болмаса да, Абай Құнанбайұлы өзінің бақылауларына арқа сүйеп, қазіргі және болашақ педагогикалық ойдың дамуындағы прогрессивті тенденцияларды болжай отырып, білім беру теориясы мен практикасы туралы өзіндік көзқарастарын өлеңдері мен қара сөздеріне арқау етіп, жас ұрпақты тәрбиелеу ісінде өлшеусіз педагогикалық мұра қалдырды.

Орыстың психология ғылымында дарынды оқушылармен жұмыс жасау мәселесін шешуде қазақтың шығармашылық интеллигенциясының өкілі, жан-жақты дарынды адам Ж. Аймауытов еңбектерінің маңызы зор болды. Ол ақын-аудармашы, лингвист, қазақ романының негізін қалаушылардың бірі, сонымен қатар педагогикалық және психологиялық еңбектердің авторы ретінде танымал. Соғыстан кейінгі күйзеліс пен азаматтық соғыстың күрделі жағдайларында халыққа білім беруді ұйымдастырудың орасан зор қиыншылықтарына қарамастан, осы жылдары ғылыми ізденістерді, тәжірибелік зерттеулерді терең және мұқият жүргізіп, пайдалы еңбектерді дүниеге әкелді [10].

Дүниетану пәнінің қазіргі мазмұнымен тұспа-тұс келетін Ж. Аймауытовтың күнделікті өмірмен, қоршаған ортамен байланысқа негізделген тұжырымдамалары көрсетілген еңбектерінде балалардың дүниетанымын қалыптастыру жолдары мен тәсілдері сипатталған. Ол бастауыш мектеп оқушыларына арнап оқулық, әдістемелік нұсқаулық жазды. Оқушыларды оқыту және тәрбиелеуде затты, құбылысты бақылау негізінде көрсете отырып, табиғат аясында берген білімнің тиянақты әрі мәнді болатындығын дәлелдеді. Ол дүниедегі шындықты, қоршаған заттар мен құбылыстарды тану үшін ұғым пайда болатындығын, сол ұғымның қалыптасуына көрген-білгендерін талдау, іріктеу, игеру, ұғу, үйлестіру дағдылары қажет екендігін анық көрсетіп берді.

1920 жылы Қазақ Автономиялық Кеңестік социалистік республикасының құрылуы республикада халық ағарту жүйесін мақсатты дамытудың бастапқы нүктесі болды. Халық ағарту, жаңа мектеп салу және оған оқытушылар құрамын даярлау ісін бірінші кезекке қойды. Ғылыми-педагогикалық әдебиетті дамытуда, әсіресе бастауыш буын оқушыларына арналған оқу құралдарын дамыту мәселесі бойынша айтарлықтай жұмыстардың жүзеге асырылғандығын атап өткен жөн. 20-жылдары мектептердің бірнеше түрлері болды: төрт жылдық курстар, мектеп-интернаттары бар коммуна мектептері, екінші деңгейлі жеті жылдық мектеп. М. Әуезов ғалым ұстаз ретінде жас ұрпақты тәрбиелеуге, өзін-өзі тәрбиелеу арқылы білімін байытуға үлкен мән берді. М. Әуезовтің педагогикалық еңбектерінің негізінде оқушының өзіндік жұмысының әдіснамасы жасалды. Оның пайымдауынша, мұғалім балаларды өз бетінше білім алуға, кітаппен, газетпен жұмыс істеуге, өз ойларын ауызша және жазбаша түрде жеткізуге, дұрыс тұжырымдар мен қорытынды жасауға үйрету керек. Ол үшін өз бетінше білім алуға, өз бетімен ойлауға дағдыландыратын оқытудың әдістерін қолдануды ұсынды.

Қазіргі таңда бастауыш мектепте білім беру тұжырымдамасына сәйкес «Дүниетану» пәні теориялық негізгі білімдерді қамтып отыр. Олар: адам еңбегінің қоршаған дүниені қорғауы, өзінің жан-жақты дамып жетілуі, ой-өрісінің кеңеюі, мәдениетінің қалыптасуы, адамның мәдени, тарихи, ғылыми мұраларды сақтауы сынды маңызы бар білім-дағдылар [11].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Электрондық ресурс https://e-history.kz/ru/expert/view/8
2. Васильева М.С. Опыт преподавания истории в начальных классах. – М., 1962.
3. Студеникин М.Т. Методика преподавания истории в школе. – М., 2000.
4. Васильева М.С. Первоначальные общественно-исторические представления у учащихся I классов. – М.: Известия АПН, 1959. Вып. 107. – 121-137 бб.
5. Карцов В.Г. Методика преподавания истории в начальной школе: учебник для педучилищ. – М.: Учпедгиз, 1956. – 176 б.
6. Сукневич И.И. Методика формирования исторических представлений и понятий у учащихся IV классов. – М.: Просвещение, 1968. – 159 б.
7. Студеникин М.Т. Становление и развитие школьного исторического образования в России XVI – начала XX вв. – Москва: «Прометей», 2011.
8. Электрондық ресурс. Развитие педагогической мысли в Казахстане https://studwood.ru/1655991/pedagogika/razvitie_pedagogicheskoy_mysli_kazahstane
9. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1955.
10. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. Психология, жан жүйесі мен өнер таңдау. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 4-том. – 384 б.
11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығына 13 қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3-сәуірдегі №115 бұйрығына 187 1 қосымша. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған «Дүниетану» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы.

UDC 81.008

Zhunussova Ainagul,
PhD student,
Ablai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan,
E-mail: ainash.zhunusova@mail.ru

SYSTEM AND PURPOSE-ORIENTED APPROACH IN FORMATION OF INTERCULTURAL COMMUNICATIVE COMPETENCE OF STUDENTS OF SPECIALIZED SCHOOLS

Түйін. Мақалада жүйелік-мақсаттық тәсіл бейіндік мектептердегі оқушылардың мәдениетаралық және коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастырудың қажетті құралы ретінде қарастырылады. Мәдениетаралық және коммуникативті құзіреттілікті қалыптастыру әдістерін ассимиляциялауға және жүйелі пайдалануға ықпал ететін жүйелік-мақсаттық тәсілдің компоненттері анықталды.

Кілт сөздер: бейіндік білім беру, мәдениетаралық және коммуникативтік құзіреттілік, жүйелік-мақсаттық тәсіл, шет тілінде білім беру, жүйелік тәсіл, мақсатты тәсіл, интеграция.

Резюме. В статье рассматривается системно-целевой подход как необходимый инструмент формирования межкультурно-коммуникативной компетенции учащихся профильных школ. Выявлены компоненты системно-целевого подхода, способствующие усвоению и систематическому использованию методов формирования межкультурной и коммуникативной компетенции.

Ключевые слова: профильное образование, межкультурно-коммуникативная компетенция, системно-целевой подход, иноязычное образование, системный подход, целевой подход, интеграция.

Summary. The article considers the system-purpose-oriented approach as necessary tool in the formation of intercultural and communicative competence of students of specialized schools. The components of a system-purpose-oriented approach that promote the assimilation and systematic use of techniques in the formation of intercultural and communicative competence are identified.

Key words: profile/specialized education, intercultural and communicative competence, system and purpose-oriented approach, foreign language education, system approach, purpose-oriented approach, integration.

In pursuance of Elbasy Nursultan Nazarbayev's order, the Government has developed the State Program for the Development of Education for 2011-2020, which provides for the creation of a specialized education system "Beyindik mektep" in senior stages of secondary schools, lyceums, gymnasiums, Intellectual schools, specialized schools for gifted children. The program of specialized training "Beyindik mektep" is being implemented.

The State Program for the Development of Education in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020 says that a comprehensive school is designed not only to provide academic knowledge, but also to develop competencies for the formation of an educational, highly moral, critically thinking, physically and spiritually developed citizen capable of self-development and creativity. The state program for the development of education in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020 indicates the need for a fundamental modernization of education, which should lead to an improvement in the quality of education.

The introduction of specialized training in the Republic of Kazakhstan at the senior level of the school requires determining the purposefulness and subject content of foreign language education from new methodological positions. An event in this connection was the development of fundamentally new approaches to the organization of teaching a foreign professionally-oriented language by the Kazakhstani methodical school: the subject area "foreign language" was expanded to the level of "foreign language education"; a "cognitive-linguoculturological" methodology of foreign language education has been developed, which involves the formation of intercultural and communicative competence of a person through co-study of language and culture.

Currently, specialties are in great demand, where a foreign language acts in its applied function, often as a means of studying another subject area. Many students would like to use their foreign language knowledge and skills in future professional activities. It is possible to give the teaching of a foreign language an applied character at the expense of STEM education, which would familiarize students with the basics of their possible professional activities. With a specialized approach to teaching a foreign language, students simultaneously improve foreign-language communicative competence and acquire knowledge in a certain subject area.

As a result of the presence of marked gaps, the question of the need to resolve the following contradictions arises:

- between the social order of society in the implementation of differentiation of education with the transition to specialized education for students in grades 11-12 of a 12-year comprehensive school and the existing traditional school;

- between the strengthening of the requirements of the state and society for the formation in the system of continuing education of a socially active, competent and abundant personality, capable of successful foreign language activities and insufficient methodological development of the methodology of the ICC for students of specialized schools;

- between the objective need of society for specialists with a high level of information and self-educational competence and insufficient use of the didactic capabilities of information and analytical technologies in the learning process;

- between the need to use IAT (information and analytical technologies) in mastering the foreign language communication and insufficient theoretical and practical elaboration of the conditions for their successful, effective application;

The need to resolve these contradictions identified the research problem as a scientific and theoretical justification based on the integration of information and analytical technologies in the process of the formation of the ICC. And for the successful formation of intercultural and communicative competence of students in specialized schools, it is necessary to determine effective approaches.

Let's consider the approaches to the formation of the ICC of students in specialized schools based on the integration of IAT. The process of developing intercultural and communicative competence of students in specialized schools on the basis of IAT integration will go through four successive stages: conceptual-reflective, conceptual-accumulating, integrative-representative, communicative-modeling, as a person-centered, outcome-based approach, communicative-active and system and purpose-oriented approach will be implemented (Tables 1).

Table 1. Approaches in the formation of intercultural and communicative competence of students in specialized schools based on the integration of information and analytical technologies

Person-centered approach	Outcome-based approach	Communicative-activity approach	System and purpose-oriented approach
A person-centered approach is a methodological orientation in pedagogical activity, which allows, based on a system of interconnected concepts, ideas and methods of action, to provide and support the processes of self-knowledge, self-construction and self-realization of a student's personality, development of its unique individuality	Outcome-based approach involves combining the educational process into a single whole and its understanding, during which the formation of the students' personal position, their attitude to the subject of their activity takes place. In this regard, in the framework of the competency-based approach, the dominant idea is not just about "increasing the volume" of knowledge, but about acquiring versatile experience of activity.	The modern approach to learning is considered as a theoretical basis for building a system for teaching a non-native language. This approach first of all means that the student is in the center of training as a subject of educational activity, and the training system involves the maximum consideration of individual psychological, age and national characteristics of the student's personality	represents the methodological and general didactic principle of the development and practical solution of the problems of upbringing and self-upbringing of creative abilities of a person in their dialectical unity. The main requirements of this principle are: - focus in planning the activities being formed; - clear reasoning and choice of pedagogical goals; - selection of the content of tools and methods, taking into account the dominant goals.

The scientific novelty of the work is an attempt to applicate a system and purpose-oriented approach for the first time as necessary tool in the formation of intercultural and communicative competence of students of specialized schools.

The implementation of the purpose-oriented approach in pedagogical theory and practice is associated with the development of the theory of educational management. In pedagogy, the purpose-oriented approach provides: 1) a reasoned statement of the main and intermediate goals of training and education; 2) determination of the totality of actions aimed at achieving the goals of training and education; 3) providing conditions for the implementation of these actions; 4) the creation of special programs (techniques) for the implementation of goals, the development of the studied educational system; 5) the coherence and integration of all the efforts of the subjects of the educational system. As a result, E.S. Doroshchuk notes, “not only the object that is exposed to the impact is updated, but also the system that controls the development process” [1, p. 28].

Important components of the purpose-oriented approach include programming activities to achieve the goals in the educational system. This is the compilation of the so-called development programs, which allow us to determine the initial state of the developed system, the basic prerequisites for its development; provide an image of the desired future state of this system, expressed as the general goal of the program, and a system of goals, the main tasks of management; outline the composition and structure of actions to achieve goals [2]. So, for our study, the possibility of further development of the student’s thinking, in particular, intuitive, logical, mathematical, heuristic and creative, is practically significant. Thus, the system-purpose-orienteded approach in pedagogy is a methodological and general didactic principle for the development and practical solution of the problems of training, education, development and self-development of the individual’s creative abilities in their dialectical unity.

The key provisions of this approach are: - definition and argumentation of pedagogical goals; - focus in planning the activities being formed; - development of a training management program (education, development) within the framework of a given system; determination of the type of non-standard problem in the corresponding classification; - determination of motivational- need criteria for the application of the systematics of heuristic techniques ; - inclusion in the indicative basis of heuristic techniques of methodological knowledge, that is, knowledge about knowledge, knowledge, activity, independent acquisition of new knowledge; - the formation of intuitive thinking in solving the specified class of non-standard tasks; - determination of the role of each subsequent heuristic device for the growth of productive units (initiatives) of intuitive thinking, emphasizing the "accumulation of coordinates" of the stimulating vector [3]; - forecasting the prospects and possibilities of solving other classes of non-standard tasks; - possible forecasting of the development of the student's heuristic thinking.

The system and purpose-oriented approach in the context of foreign language education must be considered from the point of view of integration of the system and purpose-oriented approaches. A systematic approach is widely implemented in pedagogical research. Based on the fact that the socio-pedagogical process is defined as a diverse, multifactorial process, and the systematic approach has become interdisciplinary and has become general scientific, the essence of the systematic approach in pedagogical research is that the educational institution that participates in the educational process, as well as any process carried out in educational institutions are part of the social system and can therefore be presented as whole dynamic social - pedagogical system it is the basis for their systematic study.

F.F. Korolev, E.G. Yudin and M.A. Danilov were one of the first scholars to research the system approach in pedagogy. The methodological basis for applying the systems approach is the idea that in modern conditions there is a high degree of integration of social processes, which determines the general ties in society. Problems arising under these conditions are also complex and systemic (V.G. Afanasyev). The methodology and pedagogy widely developed the terms "system" and "system approach" (V.G. Afanasyev, V.I. Zagvyazinsky, T.I. Shamova, F.F. Korolev, A.D. Ursul). The system, being an objective form of the existence of matter, is reflected, fixed by consciousness in a concept that can be considered as a concrete scientific and general scientific concept, giving us knowledge about the form of organization of the existence of matter and its reflection in consciousness (A.N. Averyanov).

To identify the essence of the system and purpose-oriented approach, we decided to analyze the key concepts: “system”, “systematic approach”, “purpose-oriented approach”. Since the activities of the teacher are associated with educational institutions that are included in the social system, at the time, the need to use a systematic approach in pedagogical science and practice became apparent. In addition, most scholars consider it to be a reliable methodological basis for improving the theory and practice of pedagogics, and hence foreign language education.

The systematic approach is revealed in the works of V.P. Bespalko, V.G. Afanasyev, F.F. Korolev, E.G. Yudin, M.A. Danilov and others. They understand *a system* as an ordered set of interconnected elements united by a common functioning, the common goal and the unity of management, which acts in interaction with the environment as an integral unity. In her scientific and practical activities T. Batyaeva uses the definition of P.K. Anokhin: "A system can only be called a complex of selectively involved components in which the interaction and relationships take on the character of the interaction of the components to obtain a focused useful result" [4, p.72].

The scholar notes that it is the result that should become the determining component of the system and it creates the ordered interaction between other components.

Since consistency or systemicity is one of the key characteristics of pedagogical phenomena and processes, a systematic approach allows us to analyze, research, develop a certain object as an integral, unified system. Emphasizing the role, the authors consider it the most reliable methodological basis in improving both pedagogical theory and pedagogical practice. With the concept of a system, various aspects of a complex integral object are connected: its composition, structure, methods of functioning of its elements. The analysis, research and development of a certain object as an integral, unified system is a combination of actions of a systematic approach. In the framework of a systematic approach, teachers and psychologists identify the following system characteristics:

1. Integrity. The properties of the whole are not fundamentally reducible to the mechanical sum of the properties of its elements. At the same time, each element in the system has its own place and its own functions.

2. Structurality. The functioning of the system is due not so much to the features of the individual elements as to the properties of its structure.

3. Hierarchy. Each element of the system can be considered as a relatively independent subsystem.

4. The interdependence of the system and the environment. The system functions and develops in close interaction with the environment.

5. The plurality of descriptions. Due to the complexity of system objects in the process of their cognition, various schemes and models for their description can be used.

A feature of pedagogical systems is that, as a rule, they are open, extremely dynamic, variable systems. In scientific knowledge, a systematic approach is used as the methodological basis of training, as a didactic principle [5, p.18].

Systematicity is one of the most important characteristics of pedagogical phenomena and processes, therefore, a systematic approach, being a methodological orientation in activity, allow you to analyze, research, develop the object of cognition or transformation as a holistic, single system. Consistency of knowledge is a key characteristic of the process of cognition. The formation of a systematic knowledge of a learner is associated with the awareness of assimilation of theoretical knowledge by him. "If a certain body of knowledge in the human mind forms a system (concepts, basic principles, consequences), then we are talking about the systematic nature of the assimilation of knowledge," notes L.Ya. Zorina [6, p.15]. System knowledge and the means that are used for its achievements are a prerequisite for the further mastery of knowledge. So, the future teacher must be aware of the nature of knowledge, the ways of obtaining and fixing it, the composition and structure of scientific theory so that he can comprehend new knowledge and rationally build an explanation. The understanding of knowledge in a certain system will lead the student not only to formulate questions, but also to search for answers to them, to a critical perception of new information. All these are necessary elements for the development of the creative thinking of the schoolchild and student. Education that contributes to the formation of systematic theoretical knowledge has a positive effect on interest in science.

The term "system" is correlated with something whole, which consists of individual parts. In the case of pedagogical systems, this may be a list of the components of the educational process; training units, etc. A system can be defined as a set of elements of a certain kind, interconnected, interacting with each other and forming integrity [4, p. 18].

The signs of the system include: the presence of elements - the minimum units having a divisibility limit in the framework of this system; imperativeness as a result of the interaction of all components included in the system; connection with the external environment, which characterizes its openness; purpose-oriented characteristics that make it possible to define systems as purposeful and focused: multifunctionality, development, orderliness. Proceeding from this, the pedagogical system is defined as the total integrity of the elements - participants in the pedagogical

process, due to social factors that interact with each other on the basis of cooperation, as well as with the external environment with the goal of developing and self-development of the individual.

The main point in the systematic approach says that to study a complex object - a system, it is necessary not only to study the features of all the elements that make it up, but also the features of the interaction of these elements. The tasks of understanding the mechanism of relationships between elements of a system are integral tasks in a systematic approach. It is necessary to present the process under study as an object-system in the form of a hierarchical structure of interrelated types, functions, tasks, taking into account their interconnections. It is impossible to study the object as a holistic education, not taking into account the stages of its development. Many researchers discusses about the integrity and interconnection of this principle with a systematic approach. In particular, V.I. Zagvyazinsky points out the necessity of observing the principle of integrity in the process of research and application in the system approach - the system should be considered as a holistic entity. Isolation of elements in it requires research accuracy and caution. It can be conditional, even be temporary. Very important here is the availability of methods that allow you to correlate the results obtained during the study, with the whole process and its progress. Therefore, the system is defined as a kind of purposeful integrity of the elements interacting with each other. Moreover, this integrity has new properties that are not a simple sum of the elements that make up the system, but represent a new entity, characterized by deep external connections.

In the theory of pedagogy, a systematic approach to the process of forming a creatively active personality of a teacher (A.I. Krasilnikova , T.A. Demyanova, P.F. Kravchuk, T.L. Ponomarenko, L.T. Trigub, G.M. Shutkin).

The purpose-oriented approach becomes important in assessing the quality of education for schoolchildren in specialized schools. Its introduction into pedagogical theory and practice is associated with the development of the theory of educational management. For the first time the idea of management by objectives or results appeared in the theory of social control in the seventies of 20^{th} century. G. Kunts and S.O. Donnel attribute this idea to the phenomena of human history. The phenomenality is that for the successful management of enterprises it is necessary to realize a simple truth: in order for the goals to become a source of action, they must be clear and understandable to those involved in their implementation.

The purpose-oriented approach in pedagogy provides: a) a clear statement of the main and intermediate goals of training and education, as the final and intermediate results of the educational process; b) determination of the full structure of actions that are directly aimed at achieving the goals of training and education; c) providing conditions for the implementation of these actions; d) the creation of special programs (techniques) for the implementation of goals, the development of the entire studied educational system; e) consistency and integration of all the efforts of the subjects of the educational system. As a result of using this approach, the competent functioning of the educational system and the development of all its elements at the innovation level are achieved. It stimulates updating not only of the object that is being affected, but also of the system itself that controls the development processes.

An important component of the purpose-oriented approach is the programming of activities to achieve the goals in the educational system. This is the compilation of the so-called development programs, which allow us to determine the initial state of the developed system, the basic prerequisites for its development; provide an image of the desired future state of this system, expressed as the general goal of the program, and a system of goals, the main tasks of management; outline the composition and structure of actions to achieve goals [1].

In addition, the system and purpose-oriented approach involves a specially organized educational environment for modeling the intercultural and communicative competence of students in specialized schools based on information and analytical technologies; development of reception content and structured exercises for the collection; the choice of ways to manage the training created by the systematics of heuristic techniques; determination of forms of control of a student's personal development in the course of communication .

The system and purpose-oriented approach is important in assessing the quality of the formation of intercultural and communicative competence of students in specialized schools. It allows not only to assess the state of vocational training as an object of study, but also to monitor the purpose-oriented and forecasts for improving and introducing innovations in the learning process, thus ensuring a program of corrective goals and actions to improve the quality of training.

The system and purpose-oriented approach to the formation of intercultural and communicative competence of schoolchildren in specialized schools is based on the principle of a systematic pedagogical

process. Its essence comes down to the fact that the learning process is presented as a system in the form of interconnectedness and interdependence of the processes of education, training and learning, formation, self-formation, development and self-development of an individual and a collective.

The ability to systematically evaluate and consider the activity of objects of reality is considered a special cognitive technology. Among the theories created and implemented in this area, the theory of system and purpose-oriented development of the school developed by V.S. Lazarev [7] stands out. This concept is based on a synthesis of the basic ideas of organizational development, as well as system and purpose-oriented approaches to change management. According to this theory, in school, as well as in the university pedagogical system, along with the pedagogical purpose-oriented system, an innovative system is created that implements the processes of change. The goal of creating such a system is to improve the school's ability to identify and solve problems associated with pedagogical and implementation processes. It is based on the methodology of system analysis, which contains four main stages: problem-oriented analysis (problematization); designing the desired educational system; change planning; implementation of changes. For each of these stages, the requirements for the results of the innovation process, the logical structure of actions, as well as the ways and means of their implementation is defined.

Together, they satisfy the main features of the system and contribute to the focused formation of the learner's knowledge and skills for solving non-standard problems. This allows planning the learning process and its results, varying the set and choosing heuristic techniques, developing teaching methods, choosing the ways of forming the skills of students.

Thus, the integration of the system and purpose-oriented approaches as methodological principles allows us to implement a system and purpose-oriented approach in foreign language education. This means that the entire learning process is considered as a system, firstly, from the point of view of its integrity, and secondly, from the point of view of its component composition, orderliness of elements; thirdly, in peace and dynamics; fourthly, from the point of view of managing an object, as a process of achieving goals or results of activity. An object undergoing analysis within the framework of a system and purpose-oriented approach can be represented as a system developing according to a special purpose-oriented program, distinguished by purposefulness, effectiveness, integrity, orderliness.

REFERENCES

1. Doroshchuk E.S. The system and purpose-oriented approach to teaching student journalists the culture of creative activity/E.S. Doroshchuk//Kazan Pedagogical Journal. - 2007. - No. 1. - S. 26–33.
2. Program and purpose-oriented management of the development of education: experience, problems, prospects. - Moscow: Publishing House of Moscow State University, 1999. - 176 p.
3. Shmanova G.A. Didactic prerequisites for the organization of incentive initiatives for solving non-standard tasks/G.A. Shmanova , T.A. Batyaeva//Education Integration. - 2001. - No. 2. - P. 25–27
4. Anokhin P.K. Philosophical aspects of the theory of a functional system. Selected works/P.K. Anokhin. - Moscow: Nauka, 1978. - 400 p.
5. Batyaeva T.A. The system and purpose-oriented approach in the application of heuristic techniques in teaching students how to solve non-standard problems : dis . ... cand. ped. sciences/T.A. Batyaeva . - Saransk, 2000. - 203 p.
6. Zorina L.Ya. Systematicity is the quality of knowledge/L.Ya. Zorina. - Moscow: Knowledge, 1976. - 64 p.
7. Lazarev V.S., Martirosyan B.N., normative approach to the assessment of innovative activities of the school//Pedagogy 2003. - No. 3. P. 23-32.

ГРНТИ 14.07.07

Жүнісхан Назира Бахытбекқызы,
2 курс магистранты,
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан,
E-mail: nazik_juban@mail.ru

Султанова Майра Сактагановна,
п.ғ.к., профессор м.а.,
«Музыкалық білім берудің теориясы мен әдістемесі» кафедрасы,
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан,
E-mail: m.sultanova6767@mail.ru

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-МУЗЫКАНТТЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Түйіндеме. Мақалада «кәсіби құзыреттілік» ұғымының мәндік-мазмұндық сипаты ашылады. Дирижер-хормейстердің қызметі музыкалық-шығармашылық, орындаушылық мәселелерді шешуге бағытталған. Осыған байланысты арнайы кәсіби құзыреттіліктермен қатар дирижер-хормейстердің коммуникативтік құзыреттілікті терең меңгеру қажеттілігі қарастырылады.

Кілттік сөздер: педагог-музыкант, дирижер, хормейстер, кәсіби құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік.

Аннотация. В статье раскрывается сущность и содержание понятия «профессиональная компетенция». Деятельность дирижера-хормейстера направлена на решение музыкально-творческих, исполнительских проблем. В связи с этим наряду со специальными профессиональными компетенциями рассматривается необходимость глубокого освоения коммуникативных компетенций дирижера-хормейстера.

Ключевые слова: педагог-музыкант, дирижер, хормейстер, профессиональная компетенция, коммуниктивная компетенция.

Abstract. The article reveals the essence and content of the concept of "professional competence". The activity of the conductor-choirmaster is aimed at solving musical-creative, performing problems. In this regard, along with special professional competences, the need for deep mastery of the communication competencies of the conductor-choirmaster is considered.

Keywords: teacher-musician, conductor, choirmaster, professional competence, communication competence.

Жаһандану талаптарына сәйкес қазіргі уақытта білім беру жүйесінде белсенді өзгерістер жүріп жатыр. Ақпараттардың өзгеру жылдамдығы мен ауқымдылығына, әлеуметтік-гуманитарлық және ғылыми-техникалық білімнің жаңаруына, білім беру тәжірибесіне жаңа оқу пәндері мен оқыту әдістерінің, жеке тұлғаның сәйкесінше негізгі бағыттарын енгізуге тікелей байланысты болып отыр. Осындай бағыттар қатарына, қазіргі білім беру моделіндегі «адамның жалпы қабілеттілігі, кәсіби қызметі барысында меңгерген білімі мен дағдылары, сонымен қатар іс-әрекеттерді орындаудың жалпы тәсілдерін қолдануы» ретінде отандық және шетел ғалымдарының еңбектерінде қарастырылып жатқан, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін жатқызамыз.

Соңғы жылдары кәсіби маман ретінде қоғамның және өз мүдделерінің шешімдерін жүзеге асыра алатын мәдениетті, ізгілікті адамды даярлау үшін мол жауапкершіліктің үлесін көтеретін мұғалімнің әлеуметтік рөлі нығая түсті. Сол себептен де педагог-мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі маңызды, әрі өзекті деп танылады.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі бірнеше жылдан бері көптеген ғалымдардың (Н.В. Кузьмина, И.Я. Лернер, М.Н. Скаткин, В.А. Сластенин, В.И. Загвязинский, Ю.Н. Кулюткин, М.М. Поташник, Б.Т. Кенжебеков, Г.Ж. Меңлібекова, К.С. Құдайбергенова, Г.А. Колесникова және т.б.) зерттеулерінде теориялық әрі практикалық тұрғысынан қарастырылып, жан-жақты талданып келеді. Музыкалық-педагогикалық білім беру бағытында да кәсіби құзыреттілік музыка мұғалімінің практикалық дайындығы (Л.Г. Арчажникова), әдіснамалық дайындығы (Э.Б. Абдуллин), көркемдік мәдениетті қалыптастыру (Л.Г. Рапацкая) ретінде қарастырылған.

Әдебиеттерде келтірілген анықтамаларды теориялық талдауда құзіреттілік бұрыннан бар білім мен тәжірибенің белсенділігі мен тиімділігіне, құзіреттіліктегі әлеуетке және жүзеге

асырылған құрылымға баса назар аударатындығы байқалады. Зерттеулердің басым көпшілігін жинақтай келе, кәсіби құзыреттіліктің келесідей түрлерін атап өтуге болады:

1. қарым-қатынас технологиясын меңгеру сипатына ие коммуникативтік құзыреттілік;

умений по четырем видам речевой деятельности (слушание, говорение, чтение, письмо) но и составлять новые формы заданий и упражнений, нацеленные на формирование коммуникативной и ИКТ компетенций.

Урок является основной формой организации учебной деятельности обучающихся. Урок – это совместная деятельность обучающего и обучающегося. Качество урока зависит от цели, задачи, подаваемых учебных материалов, приемов и методов, средств, оборудований, используемых обучающим. Результатом урока русского языка и литературы в школах с нерусским языком обучения должно быть формирование коммуникативной компетенции. Для этого, по мнению ученых-педагогов, условия учения должны быть адекватны условиям будущей деятельности: создание условии естественного общения, учитель и ученик должны быть речевыми партнерами, необходимо учитывать индивидуальность ученика с ее субъектным, индивидным, личностным свойствами [*Пассов Е.И., 2010, с.120.]*.

Уроки с использованием ИКТ отличается своей формой, структурой и содержанием и главное отличие уроков с применением ИКТ - триада учебного процесса*: обучающий - машина – обучающийся.* Прежде всего для организации урока с применением ИКТ обучающему надо определить с какой целью используется ИКТ:

- для изучения нового материала и предъявления новой информации;
- для закрепления пройденного, отработки учебных умений и навыков;
- для повторения, практического применения полученных знаний, умений, навыков;
- для обобщения, систематизации знаний.

Также следует определить: благодаря чему усилится обучающий и воспитывающий эффект урока, или это будет просто дань новомодным увлечениям. Исходя из этого, учитель подбирает необходимые формы и методы проведения урока, образовательные технологии, приемы педагогической техники и урок может достичь максимального обучающего эффекта, если он предстанет осмысленным цельным продуктом, а не случайным набором слайдов. Определенный перечень устной, наглядной, текстовой информации превращает слайд в учебный эпизод. Разработчик должен стремиться превратить каждый из эпизодов в самостоятельную дидактическую единицу [*Аствацатуров Г., электронный ресурс*]. Таким образом на уроках с применением ИКТ обучающий должен четко планировать учебные задачи, решаемые тем или иным средством ИКТ. Можно отметить использование возможностей дидактического телевидения для обучения говорению и формирования устно-речевых умений и навыков. Например, в Типовой программе русского языка и литературы с нерусским языком обучения 8 класса есть тема «Мир труда» к теме указано стихотворение Н. Заболоцкого «Не позволяй душе лениться». Учитель имеет возможность использовать ресурсы канала YouTube, где можно найти выразительное чтение данного стихотворения актерами, чтецами и дать как образец выразительного чтения для обучающихся. В данном случае учитель использует ресурс интернет-канала для изучения нового материала и предъявления новой информации. Для закрепления пройденного, отработки учебных умений и навыков большую возможность дает дидактическое телевидение, где можно найти массу учебных материалов для формирования грамматических умений и навыков, говорения, слушания по пройденным в школе новым учебным материалом. Эти ресурсы можно использовать при выполнении домашнего задания обучающимися. Использование возможностей интернет-ресурсов для обучающей цели и грамотное, целенаправленное применение других средств ИКТ при обучении русскому языку и литературе в школах с нерусским языком обучения усиливает восприятие и запоминание учебного материала в силу своей повторяемости и возможностью неоднократного возвращения к нему. Работа с аудиовизуальными средствами тренирует обучающегося не только слышать правильную русскую речь, но и визуально наблюдать, через наблюдение научиться выделять главное и второстепенное в наблюдаемом объекте.

Заключение

Проблема педагогической сущности информационно-коммуникационных технологий в преподавании русского языка и литературы в школах с нерусским языком обучения нами раскрыта путем выделения особенностей таких общедидактических принципов как научность, наглядность, последовательность и системность, систематичность, индивидуализация обучения. Также нами были выделены специфические дидактические принципы ИКТ: комплексного использования мультимедийных средств, интерактивности, нелинейности информационных

структур и процессов, информационной емкости содержания учебного занятия, гуманизации обучения с применением ИКТ, непрерывности и модифицированности. Методы обучения нами рассмотрены как сложное, многомерное, многокачественное понятие и методы, применяемые в обучении языковым дисциплинам с помощью ИКТ должны основываться на законах или закономерностях движения, преобразования полученной учебной информации для созидательной и коммутационной, познавательной деятельности обучающегося в процессе интериоризации и экстериоризации полученных знаний содержание и востребованность которых для них заданы социально необходимым и личностно значимым целеполаганием. Мы в своей статье, выделили следующие уровни методов обучения с применением ИКТ:

- уровень общего метода: компьютерно-информационная модель обучения.
- уровень частных методов: тренинговый, демонстрационный, проблемно-поисковый, коммуникативно-интерактивный, творческо-исследовательский.
- уровень заданий или упражнений: тесты, слайды-презентации, поисковые задания, веб-проекты.

Главной целью обучения русскому языку как неродному является развитие у обучающихся коммуникативных способностей. Здесь учитель является не только носителем языка, но и организатором и координатором обучения через компьютер (машину). Поэтому учитель обязан освоить не только новые методы, направленные на формирование навыков и умений по видам речевой деятельности, но и должен уметь составлять новые формы заданий и упражнений, нацеленные на формирование коммуникативной и ИКТ компетенций.

Урок с применением ИКТ отличается от традиционного урока и поэтому требует тщательной подготовки. Основным требованием к таким урокам является определение цели и задачи применения ИКТ.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Педагогика:учебник/И.П.Подласый. –Москва, 2010 - 574 с.
2. Государственный общеобязательный стандарт общего среднего образования. http://www.enu.kz/downloads/iyun/goso-2018 (Дата обращения 16.01.2020).
3. Типовой учебной программе по учебному предмету «Русский язык и литература» для 5-9 классов уровня основного среднего образования с нерусским языком обучения) по обновленному содержанию. https://nao.kz (Дата обращения 16.01.2020).
4. Методика преподавания русского языка как иностранного. Учебное пособие/С.И. Лебединский, Л.Ф. Гербик – Мн., 2011. – 309 с. (электронная версия). https://www.bsu.by/Cache/pdf/365803.pdf (Дата обращения 16.01.2020).
5. Педагогика: учебное пособие/под ред П.И. Пидкасистого. – Москва, 2011. – 502 с.
6. Зимняя И.А. Психология обучения иностранным языкам в школе. – Москва: Просвещение, 1991. – 222 с.
7. Титова С.В. Информационно-коммуникационные технологии в гуманитарном образовании: теория и практика. – Москва, 2009. – 240 с.
8. Балыхина Т.М. Методика преподавания русского языка как неродного (нового). - М.: Издательство Российского университета дружбы народов, 2007. http://www.foxitsoftware.com For evaluation only.
9. Сысоев П.В. Информационно-коммуникационные технологии в лингвистическом образовании. – Москва, 2013. - 264 с.
10. Казакевич В.М. Новая дидактика как информационная коммуникационная теория процесса обучения//Вестник Московского государственного университета. Серия 20. Педагогическое образование. 2017. №1. file:///C:/Users/User/Downloads/.(Дата обращения: 15.01.2020).
11. Пассов Е.И. Урок иностранного языка/Пассов Е.И., Кузовлева Н.Е. - Ростов н/Д: Феникс; М: Глосса-Пресс, 2010. - 640 с.
12. Курманова Б.Ж. Жоғары оқу орындарында қазақ тілін интерактивті-мультимелиалық жүйемен оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Ақтөбе, 2009. – 408 б.
13. Аствацатуров Г. Педагогический дизайн мультимедийного урока. URL: http://vio.uchim.info/Vio_45/cd_site/articles/art_1_2.htm (Дата обращения: 15.01.2020).

ӘОЖ 37.018.4

Мамадияров Марат Дуйсенович,
География ғылымдарының кандидаты, доцент,
Академик А.Куатбеков атындағы Халықтар достық университеті,
Шымкент қаласы

Куанышбаева Зауре Бекеновна,
Педагогика ғылымдарының кандидаты,
«Өрлеу» БА ҰО АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ,
Шымкент қаласы,
E-mail: Kzb-69@mail.ru

САБАҚТЫ ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ БЕЛСЕНДІ САБАҚТЫ ЖОСПАРЛАУ ҮДЕРІСІ

Түйін. Мақала мазмұнында білім беру ұйымдарында пәндерді табысты оқыту мен сабақты тиімді, әрі жүйелі ұйымдастыру және тиімді сабақты ұйымдастыруда кездесетін проблемалар, белсенді сабақты жоспарлаудың кезеңдері қарастырылған.

Түйін сөздер: Білім беру, оқыту, тиімді сабақ, жоспарлау, әдіс-тәсілдер, педагогикалық үрдіс.

Резюме. В статье расматривается проблемы организаций урока и эфективные методы обучения предметов, а также этапы планирования активных видов занятий в образовательных организациях.

Ключевые слова: образование, обучение, эффективные уроки, планирование, подходы, педагогический процесс.

Summary. The article deals with the problems of lesson organization and effective methods of teaching subjects, as well as the stages of planning active classes in educational organizations.

Keywords: education, training, effective lessons, planning, approaches, pedagogical process.

Қазіргі жылдам өзгеріп жатқан заманда біздің алдымызда жас ұрпақты болашақ өмірге және еңбек етуге тиісті деңгейде даярлап, оқушылардың бойында XXI ғасыр дағдылары деген жалпылама атауға ие болған дағдыларды қалыптастыру міндеті тұр. Бұл дағдылар пән бойынша білім, нақты дағдылар, сауаттылық пен тәжірибені қамтиды.

XXI ғасырдың әрбір дағдысын меңгеру үшін білім алушылардың пән бойынша академиялық білімнің болуы талап етіледі. Пән бойынша терең академиялық білімнің арқасында адамдар сын тұрғысынан ойланып, басқалармен тиімді қарым-қатынас жасай алады.

Қазіргі кезде оқу бағдарламасындағы стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар білім алушылардың сауаттылығын арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, білім ордасында ұлттық сана қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқу пәндерінің оқу үдерісінде қолданатын заманауи оқытудың формалары мен әдістерін мұғалімдерге ұсынылған еңбектерден талдауға назар аударсақ, білім беру жүйесінде сабақты табысты оқыту мен сабақты жоспарлаудың кезеңдерін ерекше талдап көрсете білген.

Жалпы білім беру мекемелерінде пәндерді табысты оқыту ұстаздың кәсіби тәжірибесі мен құзыретілігіне және сабақты тиімді, әрі жүйелі ұйымдастыруына байланысты. Сабақтарды жоспарлаудың басты аспектісі ретінде білім алушыларға пәнаралық байланыс орнатуға көмек көрсетумен қатар, білім алушылардың білім-білік дағдыларының артуына қарай жүзеге асырылатын лайықты педагогикалық тәсілдерді таңдау болып табылады. Мысалы, мұғалім білім алушылардан пән бойынша білімі мен дағдыларын қолдануын талап ететін проблема шешу тапсырмасын бере алады. Тіпті білім алушылардың өз күшіне деген сенімі артып, өз бетінше жұмыс істеп үйренген күннің өзінде де мұғалім жай ғана сырттан бақылаушы болмай, оқуға «ынталандырушы» болуы маңызды екенін ұмытпаған жөн.

Әрбір сабақ біртұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асыруға бағытталады: оқыту, дамыту, тәрбиелеу. Сабақ аудиторияға немесе сыныпқа кіргенге дейін оған алғашқы дайындықтан басталады және сабақ жоспарын дайындау – табысты сабақты құрылымдаудағы жауапты кезең.

Табыстылыққа ұмтылу – оқу мен оқытудың негізгі мақсаты. Білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу алдын-ала болжауға да мүмкін болмайтын көптеген жағдайларға тәуелді күрделі үдеріс.

Оқудың табыстылығы пәнінің ерекшелігіне сәйкес тиімді әдістерді таңдай білетін мұғалімнің шеберлігіне байланысты болатыны анық. Сонымен қатар мұғалімнің мәдениеті мен білім алушыларға деген сүйіспеншілігінің де маңызы зор. Егер білім алушы сабақтан жаңа нәрсе үйреніп, өзіне көңілі толып шықса, сабақтың жақсы өткені, мұғалімнің еңбегі табысты болғаны, ал егер білім алушы сабақтан ештеңе үйренбей, немқұрайлы көңіл-күймен шықса – сабақтың сәтсіз болғаны. Дегенмен сабақтың табысты болуы тек мұғалімге ғана қатысты нәрсе емес, білім алушының ынта-жігері мен өзінің білім алуына деген жауапкершілігіне де байланысты. Сабақта әрбір білім алушының өзіндік маңызын және өзінің қаншалықты табысты болғанын сезіне білуі қажет. Бұл үшін мұғалім дайын, жаттанды білім беруден арылып, білім алушыны жаңа білімді өздігінен игеруіне бағыттауы керек [1, 5].

Ричард Дарант «Үздік сабақтың алты белгісі» мақаласында табысты сабақты сипаттайтын келесі белгілерді анықтайды (www.cpm.kz):

- сабақтың жақсы жоспарлануы, оқу мақсаттарының нақты белгіленуі;
- оқытудың мазмұнды, жаңалыққа толы және мақсатқа бағытталуы;
- білім алушыларға сабақтың ұнауы және олардың өздерінің білім алуына қызығуы;
- білім алушылардың табыс критерийлеріне қол жеткізуі;
- оқыту үшін бағалауды тиімді қолдану;
- сабақта жоғары деңгейлі ашық сұрақтарды қолдану.

Табысты сабаққа оның тиімділігі тұрғысынан келесі талаптар қойылады:

- сабақтың өне бойында әрбір білім алушының белсенді танымдық әрекетте болуы;
- жаңалық ашу арқылы оқудың ұйымдастырылуы;
- сабақ барысында әрбір білім алушының өзінің және достарының әрекетіне эмоциялық қолдау көрсетеуі;
- сабақта білім алушылардың танымдық әрекетке ынталануы;
- сабақтың барлық кезеңдерінде білім алушылардың өзін-өзі бақылауы (басқаруы) және рефлексия жасауы;
- сабақта білім алушылардың өзін-өзі және өзара бағалауын жүзеге асыратын өзіндік жұмыстың және шығармашылық тапсырмалардың болуы;
- оқу мақсаттарына қол жеткізу, т.б.

Сабақтың тиімділігін және табыстылығын қамтамасыз ету – мұғалімнің айтарлықтай күш-жігерін жұмсауын қажет етеді. Дегенмен, сабақтың тиімділігін арттыру әрбір педагогтің қолынан келетіні анық. Тиімді сабақты ұйымдастыруда кездесетін проблемаларды атасақ:

- сабақта қолданатын әдіс-тәсілдердің бірсарындылығы;
- сабақта уақытты тиімді қолданбау;
- проблемалық оқыту элементтерін сирек қолдану;
- сабақта АКТ тиімді қолданбау;
- барлық білім алушылардың танымдық әрекетке тартылуын қамтымау;
- сабақтың және тапсырмалардың логикалық құрылымына мін бермеу;
- сабақта көрнекі құралдардың жеткіліксіздігі;
- теориялық материалдың қажеттігін бағалай алмау;
- жаттығулар мен тапсырмаларды немқұрайлы таңдау;
- білім алушылардың жеке орындауға арналған тапсырмалармен толық қамтымау;
- білім алушыларды шектен тыс көп тапсырмалармен жалықтыру.

Аталған қиындықтарды шешу жолдарының бірі – сындарлы оқыту теориясын басшылыққа алып сабақты белсенді әдістер қолдану арқылы тиімді жоспарлап белсенді сабақ ұйымдастыру болып табылады.

Белсенді сабақ – табысты сабақтың алғышарттарының бірі.

Белсенді сабақты жоспарлау неден басталады?

Мұғалім алдымен дайындық жұмыстарын жоспарлауда:

- оқу бағдарламасындағы, тізбектелген сабақтар топтамасындағы осы сабақтың орнын белгілейді;
- оқу мақсаттарына байланыста сабақтың тақырыбын, мақсаттарын анықтайды;
- тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдар мен түсініктерді зерделейді;
- өткен және келесі сабақтарға шолу жасап, осы тақырыппен байланысын ескеру арқылы бүгінгі сабаққа қатысты ойларды толықтырып жинақтайды.

Келесі кезекте сабақтың кеңейтілген жоспарын жазып, әдістемелік жобасын құрады. Белсенді сабақты жоспарлау үрдісі әрбір педагогке белгілі келесі қадамдардан тұрады:

- Сабақтың мақсат, міндеттерін анықтау (тақырыпқа байланысты сабақтың оқу мақсаттарын, тілдік мақсаттарын анықтау);

- Бағалау критерийлерін анықтау (белгіленген мақсаттарға жету деңгейін бағамдауға қолданатын бағалау критерийлерін анықтау);

- Оқу материалының мазмұнын саралау;

- Оқыту әдістері мен тәсілдерін таңдау;

- Білім алушылардың сабақта жұмыс істеу түрін, оқыту үлгілерін анықтау;

- Бағалауға арналған тапсырмаларды дайындау;

- Үйге берілетін тапсырмаларды таңдау;

- Бақылау, бағалау түрлерін белгілеу;

- Сабақты қорытындылауға қажетті сұрақтарды дайындау, т.б.

Оқытудағы сындарлы тәсіл оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, тиісті сұрақ қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді. Аталған ойлану үдерісі оқушының өз болжамдарына күмәнмен, сын тұрғысынан қарай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігін ұлғайтады. Оқытудың бұл түрінде оқушылар өте маңызды рөл атқарады: олар құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасау арқылы белсенді түрде білім жинақтайды [2].

Мұғалім әрбір кезеңде қолданатын оқыту үлгілеріне (жеке, жұптық, топтық, бүкіл сыныптық), оқытудың әдіс-тәсілдеріне мән беруі керек, себебі белсенді сабақта мұғалім мен оқушының атқаратын қызметі мен іс-әрекеттерінде үлкен өзгеріс бар. Сабақты жоспарлағанда мұғалім педагогикалық іс-әрекетінің мазмұнын анық көрсетеді, яғни өзінің және білім алушылардың орындайтын әрекеттерін ашып көрсетеді. Белсенді сабақта білім алушылардың әрекеті танымдық, коммуникативтік және өзін-өзі басқару тұрғысында көрініс табады.

Оқу мақсаттары нені оқып-білу және нені бағалай алу керектігін көрсетеді. Егер нәтижесінде неге қол жеткізуіміз керектігін білмесек, оқу мен оқытудың табыстылығын бағалау да мүмкін емес.

Қазіргі кезде белсенді сабақ ұйымдастыруда Дэвид А. Колб (David Kolb) ұсынған келесі схема кеңінен қолданыс табуда:

1. Уәж туындату, білім алушыларды сабаққа ынталандыру және жаңа тақырыпты жариялау – сабақ уақытының 10% үлесі;

2. Өткен тақырыпты бекіту (қайталау) – сабақ уақытының 20% үлесі;

3. Жаңа материалды игеру - сабақ уақытының 50% үлесі;

4. Бағалау – сабақтың 10% үлесі;

5. Сабақты қорытындылау (дебрифинг, рефлексия) - сабақтың 10% үлесі. Бұл сабақтың мазмұнды кезеңдерін қарастыратын болсақ, уәж туындату – сабақтың бастапқы кезеңі. Білім алушылардың зейінін сабаққа шоғырландыру, қызықтыру және сабақта үйренетін білімнің қажетті және пайдалы болатынын көрсету. Білім алушылардың ішкі уәжі олардың оқу материалын жақсы игеруіне тікелей әсер етеді. Бұл кезеңде оқу мақсатын білім алушылардың түсінуіне жағдай жасалады.

Бекіту – қызығушылық және материалды меңгерудің тиімділігін көтерумен қатар білім алушылардың санасында пән бойынша оның білімінің бірізді логикалық құрылымның қалыптасуына мүмкіндік беретін маңызды кезең.

Жаңа материалды игеру – білім алушылар жаңа білім алатын негізгі кезең. Бұл кезеңде мұғалім оқушылардың қажетті білім, білік-дағдыларды игеруін қамтамасыз ететін жаттығулар мен тапсырмалар дайындауы керек.

Бағалау – сабақтың маңызды ынталандырушы бөлімі. Бағалау икемді, көрнекті және әділ болуы керек, осындай жағдайда ғана бағалау арқылы білім алушылардың сабаққа қызығушылығын арттыруға болады. Бағалаудың дұрыс болмауы білім алушының пәнге қызығушылығын жойып, оқуға ынтасының төмендеуіне әкелуі мүмкін. Бағалау кезеңі тексеруге емес, білім алушыларды ынталандыруға бағытталғаны маңызды.

Дебрифинг – сабақты қорыту, кері байланыс алу, сабақтың соңғы кезеңі. Мұнда мұғалім білім алушыларға сабақта не ұнағанын және ұнамағанын сұрайды, сабақ бойынша білім алушылардың ұсыныстарын жинайды және сабақты қорытып, игерген білімді білім алушылардың әрі қарай өз бетінше тереңдетуіне бағыттайды [3].

Белсенді оқыту мен оқу әдістерін таңдау, пайдалану және әзірлеу – оңай жұмыс емес, өйткені мұғалімдерде қандай да бір тәсілді қолданардың алдында көптеген сұрақтар туындайды,

мысалы: осы сабақ білім алушылардың жасына сәйкес келе ме? Сыныпта қандай балалар жиналған, мысалы, қабілеттерінің деңгейлері әртүрлі, саны, жынысы және т.б. Жекелеген оқушыларда жоспарлау барысында ескерілуі тиіс белгілі бір мұқтаждық, өзіндік мән-жайлар бар ма?

Белсенді оқыту мен оқудың белгілі бір әдісін пайдаланардың алдында мұғалімдер өздеріне әртүрлі сұрақтар қойып, өзінің үдерістегі рөлі мен іс-қимылын ұдайы ойластырып отыруы керек [4].

Қорытындылай келе, табысты сабаққа жетуде оқу мақсаттарының және оған жету қадамдарының нақты анықталуы қажет. Оқу бағдарламасының талаптары мен сабақтың мақсатына сәйкес мазмұнды сабақты ұйымдастырып сабақтың жекелеген кезеңдерінде және сондай-ақ бүкіл сабақ бойында білім алушылардың меңгерген білік дағдылары мен білім деңгейлерінің жоспарлануы маңызды. Сонымен бірге, білім алушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруда оқу құралдары мен әдіс-тәсілдердің тиімді түрлерін таңдау арқылы сабақта білім алушының жеке жұмысы мен бірлескен оқу үлгілерін тиімді қолданылып өз бетінше білімді игеруіне барлық мүмкіндік берілу қажет. Мұндай іс-әрекетте әрбір білім алушының мүмкіндіктері мен қажеттілігінің ескере отырып, сабақта дидактикалық қағидаттардың жүзеге асырылуын қадағалап, табысты оқу ортасын қалыптастыра отырып, белсенді әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. – Астана: «Назарбаев зияткерлік мектептері, «Педагогикалық шеберлік орталығы». 2017. – 126 б.
2. «Тиімді оқыту мен оқу» білім беру бағдарламасы. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. – Астана: «Назарбаев зияткерлік мектептері, «Педагогикалық шеберлік орталығы». 2016. – 202 б.
3. Үлестірмелі материал. «Назарбаев зияткерлік мектептері, «Педагогикалық шеберлік орталығы». Астана. 2016ж. - 149 бет.
4. Оқыту мен оқудың белсенді әдіс-тәсілдері. «Назарбаев зияткерлік мектептері». Астана. 2013ж. - 279 бет.

УДК 378. 147

Медведева Светлана Михайловна,
PhD-докторант,
Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана,
г. Алматы, Казахстан,
E-mail: svetozara72@mail.ru

ОБУЧЕНИЕ ЭВРИСТИЧЕСКОЙ БЕСЕДЕ СТУДЕНТОВ С ЦЕЛЬЮ ФОРМИРОВАНИЯ ДИСКУРСИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ В РАМКАХ ДИАЛОГИЧЕСКОГО ОБЩЕНИЯ НА ПРАКТИЧЕСКИХ ЗАНЯТИЯХ ПО НЕМЕЦКОМУ ЯЗЫКУ

Түйін: Мақалада тілдік қарым-қатынас аясында тілдік университеттің педагогикалық мамандықтары студенттерінің дискурстық құзіреттілігін (ДҚ) қалыптастыру туралы айтылады. Зерттеудің гипотезасы бойынша дискурстық құзіреттіліктің қалыптасуы сәтті болады егер эвристикалық сөйлесуді оқыту барысында бұл процесс жүзеге асырылса. Эвристикалық әңгіме талқылау түрлерінің бірі ретінде мақала авторларын қызықтырады. Эксперимент Абылай хан атындағы КазХҚ және ӘТУ-да педагогикалық мамандықтағы студенттердің екі тобында (314, 317) өткізілді, неміс екінші шет тілі ретінде оқытылады. Эвристикалық әңгімені неміс тілінің практикалық сабағында қолдануы диалогтік коммуникация аясында дискурстық құзіреттілікті қалыптастыру мақсатында осы оқыту әдісінің тиімділігін дәлелдеді.

Кілтті сөздер: дискурс, дискурстық құзіреттілік, диалогтық байланыс, пікірталас, эвристикалық әңгіме.

Резюме: В статье рассматривается формирование дискурсивной компетенции (ДК) студентов педагогических специальностей языкового вуза в рамках диалогического общения. Гипотеза исследования заключается в том, что формирование ДК будет успешным, если осуществлять этот процесс в ходе обучения эвристической беседе. Эвристическая беседа интересует авторов статьи как один из типов дискуссии. Эксперимент проводился в КазУМОиМЯ им. Абылай хана в двух группах (314, 317) студентов педагогической специальности, где изучается немецкий язык как второй иностранный. Применение эвристической беседы на практических занятиях по немецкому языку доказало эффективность этого метода обучения с целью формирования дискурсивной компетенции в рамках диалогического общения.

Ключевые слова: дискурс, дискурсивная компетенция, диалогическое общение, дискуссия, эвристическая беседа.

Summary: The article discusses the formation of discursive competence (DC) of students of pedagogical specialties of a language university in the framework of dialogic communication. The hypothesis of the study is that the formation of the DC will be successful if this process is carried out during the training of heuristic conversation. The authors of the article are interested in heuristic conversation as one of the types of discussion. The experiment was carried out in Ablaikhan KazUlRandWL in two groups (314, 317) of students of a pedagogical specialty, where German is studied as a second foreign language. The use of heuristic conversation in practical classes in the German language has proved the effectiveness of this teaching method in order to form a discursive competence in the framework of dialogic communication.

Keywords: discourse, discursive competence, dialogic communication, discussion, heuristic conversation.

Введение

Научные теории, рассматривающие вопросы формирования и развития личности будущего учителя, занимают особое место в изучении проблемы профессиональной подготовки студентов в современных условиях. «Будучи ключевой фигурой в педагогическом процессе, учитель должен обладать не только конкретной системой знаний и навыков, но и набором профессионально и личностно значимых качеств, которые отвечали бы постоянно растущим потребностям общества» [1, с. 181-187]. В связи с этим проблема совершенствования подготовки будущих учителей, в нашем случае студентов педагогических специальностей языкового вуза, особенно актуальна и выделяется среди важнейших направлений современной методической науки.

Стратегические цели и задачи подготовки компетентных специалистов, способных решать профессиональные задачи и эффективно осуществлять профессиональную деятельность в иноязычной среде, позволяют говорить о необходимости формирования дискурсивной компетенции (Кучеренко О.И., Игбаева Ж.Т., Амерханова О.О.). Мы будем рассматривать формирование этой компетенции у студентов педагогических специальностей языкового вуза в рамках диалогического общения.

«Диалогическое общение - это целостный коммуникативный процесс обмена мыслями, чувствами, отношениями, высказываниями между партнерами по общей для них проблеме в виде речевой деятельности; цепь логически и содержательно связанных речевых реплик или

высказываний непосредственно общающихся людей. Для осуществления диалогической речи необходимо участие, по меньшей мере, двух коммуникантов» [2].

Нам представляется **данная тема актуальной**, так как сформированная дискурсивная компетенция в рамках диалогического общения позволит студентам педагогических специальностей языкового вуза успешно осуществлять межкультурную коммуникацию.

Владение дискурсивной компетенцией, наряду с другими компетенциями, входящими в состав межкультурно-коммуникативной компетенции (МКК), обеспечивает владение МКК. Межкультурно-коммуникативная компетенция является объектом формирования в иноязычном образовании Казахстана [3, с. 115]. Диалогическое общение нас интересует в силу тех причин, что само существование человека имеет диалогическую природу. «Быть – значит общаться диалогически» [4, с. 280].

Основная часть

Многие исследователи: Ян ван Эк, С.И. Савиньон, Д. Хаймс, Л. Бахман и др. в составе коммуникативной или межкультурно-коммуникативной компетенции выделяют лингвистическую, социально-лингвистическую, дискурсивную, стратегическую, социальную, социокультурную компетенции. Авторы «Нового словаря методических терминов и понятий» Э.Г. Азимов и А.Н. Щукин [5, с. 64] также рассматривают дискурсивную компетенцию как компонент коммуникативной компетенции. Дискурсивную компетенцию в составе межкультурно-коммуникативной компетенции изучает Д.Н. Кулибаева [6].

Исследователи отмечают, что традиционно эта компетенция обозначает способность понимать различные виды коммуникативных высказываний и умение создавать целостные, связные и логичные тексты, используя разнообразные лингвистические средства. В настоящее время дискурсивная компетенция понимается многими учеными: M. Canale, M. Swain, S. Moirand, Н.П. Головина, Л.П. Каплич, О.И. Кучеренко, И.Ф. Ухванова-Шмыгова и др. достаточно широко.

«Дискурсивная компетенция — это не только создание целостных и связных текстов, но также знание разных типов дискурса и правил их построения, умение интерпретировать их в соответствии с коммуникативной ситуацией и продуцировать эти дискурсы с учетом экстралингвистических особенностей ситуации общения, ролей участников коммуникации и способов взаимодействия коммуникантов в рамках единого кортежа» [7, с. 252]. Это определение мы находим крайне удачным, так как О.В. Лущинской удалось в нем объединить традиционную трактовку ДК и современное ее понимание.

Ядром дискурсивной компетенции (ДК) является дискурс. При всем разнообразии толкований понятия «дискурс» ученые сходятся в одном: сущностной характеристикой дискурса является процессуальность (речевая деятельность) и интерсубъективность (речевое поведение), ориентированное на результативность. Нам глубоко импонирует трактовка дискурса, данная Н.Д. Арутюновой. Ученый рассматривает дискурс как «связный текст в совокупности с экстралингвистическими, прагматическими, социокультурными, психологическими и другими факторами» и под дискурсом понимает речь, «погруженную в жизнь» [8, с. 136–137].

Основными типами дискурсов принято считать бытовой разговор, деловой разговор, интервью, дискуссию и полемику [9, с. 204]. **Гипотеза исследования** заключается в том, что формирование ДК в рамках диалогического общения будет успешным, если осуществлять этот процесс в ходе обучения эвристической беседе. Эвристическую беседу мы, вслед за В.Е. Гаибовой, будем рассматривать как один из видов дискуссии [10].

Среди современных дидактических методов дискуссия и эвристическая беседа играют заметную роль. Они диалогичны по своей сути и как форма организации обучения, и как способ работы с содержанием учебного материала. Их применение помогает развитию критического мышления, приобщению студентов к культуре демократического общества. Чрезвычайно важным нам представляется «сопутствующий результат» дискуссии - формирование коммуникативной и дискуссионной культуры. Именно этот аспект представляет для нас особый интерес. В ходе дискуссии формируются коммуникативные и дискурсивные навыки и умения, которые крайне важны в профессиональной деятельности будущих педагогов.

Использование эвристической беседы при обучении студентов имеет определенные преимущества перед монологической формой, требующей длительного слушания. Монологическая форма в значительной мере неадекватна заложенным в природу человека возможностям, поэтому она утомляет обучающихся. Вот почему так важно, чтобы сообщение

новых знаний происходило в форме диалога. Диалогичность свойственна природной сущности человека.

Создателем эвристической беседы считается Сократ, в честь которого беседа именуется также сократической. Она имеет двухтысячелетнюю историю, однако наиболее продуктивный период изучения эвристической беседы начался с середины 50-х годов XX века в связи с разработкой концепции проблемного обучения. В общей педагогике ее исследовали И.Я. Лернер, М.Н. Скаткин, Н.М. Плескацевич, С.И. Брызгалова; в частных методиках - В.И. Капинос, Н.М. Кудряшов (русский язык и литература) и мн.др. В результате этих исследований были определены: сущность эвристической беседы, ее структура, типы, функции, место в обучении учащихся; разработана также система методических приемов, позволяющих творческому преподавателю реализовать эвристическую беседу в своей педагогической деятельности.

Итак, рассмотрим, что такое эвристическая (сократическая) беседа как метод обучения. В «Новом словаре методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам)» находим следующее определение: «Эвристическая беседа (от греч. heuriskó - нахожу) – диалог преподавателя с учащимися, в процессе которого сами учащиеся находят решение обсуждаемой проблемы» [5, с. 350]. Ключевым здесь для нас является слово «диалог», т.е. в своей сущностной основе эвристическая беседа предполагает взаимодействие преподавателя и учащихся, коммуникацию между ними; поиск решения проблемы, сопровождаемый диалогическим общением.

Нам также импонирует определение, данное М.Н. Скаткиным, так как оно, с нашей точки зрения, также подчеркивает диалогический характер данного вида дискуссии. «Эвристическая беседа – вопросно-ответная форма обучения, при которой учитель не сообщает учащимся готовых знаний, а умело поставленными вопросами побуждает их самих на основе имеющихся знаний, наблюдений, личного жизненного опыта подходить к новым понятиям, выводам и правилам» [11].

«Сократическая беседа позволяет студентам развивать и оценивать особенности своей логики, размышлять о предмете разговора и разбираться в нем; предлагать и создавать свои идеи, возникающие спонтанно или на основании услышанного на занятиях; помогает приходить к решению через собственную аргументацию; настраивает обучаемых на точность, ясность и релевантность своих высказываний» [10]. Студенты могут соотносить свои убеждения с новым материалом, прорабатывая и запоминая его.

Нам представляется крайне важным тот факт, что в процессе эвристической беседы обучающиеся учатся общаться, взаимодействовать, слышать друг друга и находить общие решения. **Обучение общению служит основой для формирования дискурсивной компетенции.**

“Эвристическая беседа - это взаимосвязанная серия вопросов, большая или меньшая часть которых является небольшими проблемами, в совокупности ведущих к решению поставленной учителем проблемы. … Суть эвристической беседы в том, что для поиска учениками решения какой-либо проблемы учитель выстраивает серию взаимосвязанных и вытекающих один из другого вопросов» [12]. Основными признаками эвристической беседы являются:

а) каждый вопрос представляет логический шаг поиска;

б) все вопросы взаимосвязаны;

в) поиск протекает при частичной самостоятельности обучающихся под руководством преподавателя: преподаватель направляет поиск, а студенты решают частичные задачи, то есть шаги целостной задачи;

г) поиск ориентирован на получение знаний и способов получения знаний либо на доказательство истинности последних;

д) успех поиска обеспечивается наличным запасом исходных знаний.

Очевидно, что основные структурные элементы эвристической беседы (ЭБ) – это вопрос и ответ. Следует ответить, что ведущим элементом является вопрос. Для нас этот аспект представляет особую важность, так как в ходе ЭБ у студентов активно формируются навыки вопросно-ответной формы, которые необходимы, если целью обучения является развитие дискурсивной компетенции.

Рассмотрим возможную тематику эвристических бесед, которая бы соответствовала программе студентов педагогических специальностей языкового вуза. Это могут быть ЭБ по истории Германии и Европы (лингвострановедение), по содержанию известного классического или современного произведения немецкого писателя (литература), на лингвистические темы, по содержанию популярных немецких фильмов (внеклассные мероприятия), по предметам: «Экология», «Педагогика» и др. Приведем фрагмент эвристической беседы для будущих учителей

иностранных языков (3-ой курс) по предмету «Методика преподавания иностранных языков». Студенты изучают немецкий язык как второй язык (Табл.1).

Таблица 1.

Фрагмент эвристической беседы на немецком языке по предмету «Методика преподавания иностранных языков»

№	Fragen des Lehrers	Antworten der Studenten	Fragearten
1.	Welche Unterrichtsmethoden sind interaktiv?	Studenten haben Probleme	Problemfrage
2.	Welche Unterrichtsmethoden kennen Sie?	Heuristisches Gespräch, Debatte, Aquarium, Problemvortrag, Spiel, Präsentation, Brainstorming, Projektmethoden.	Frage, um vertraute Informationen zu reproduzieren.
3.	Was bedeutet der Begriff „interaktiv“?	Studenten haben Probleme.	Problemfrage
4.	Aus welchen Wörtern besteht dieser Begriff?	“inter” + “aktiv”	Klärungsfrage
5.	„inter“ + „aktiv“ - Was bedeutet das?	Diese Methode ist auf gemeinsame Aktivitäten ausgerichtet.	suggestive Frage
6.	Welche der von Ihnen erwähnten Begriffe sind interaktiv?	Debatte, Aquarium, Problemvortrag, Spiel, heuristisches Gespräch, Brainstorming, Projektmethoden.	Problemfrage

Эксперимент

Эксперимент проводился в КазУМОиМЯ им. Абылай хана в группах: 314, 317 студентов педагогической специальности, где изучают немецкий язык как второй иностранный. Учитывая, что эвристическую беседу можно проводить при работе над любой темой, использование данного типа дискуссии носило систематический характер на практических занятиях по немецкому языку.

Среди студентов был проведен опрос по итогам эксперимента, где им было предложено оценить эффективность эвристической беседы в рамках диалогического общения с целью формирования дискурсивной компетенции.

В ходе эксперимента были сформулированы критерии, по которым определялась эффективность ЭБ в рамках диалогического общения, являющегося основой для развития ДК:

1. Целенаправленно формирует навыки и умения вопросно-ответной формы обучения. Учит четко и ясно формулировать вопрос.

2. Развивает у студентов когезию: достижение связности слов в предложении, связности предложений в высказывании.

3. Формирует когерентность: достижение грамматической, стилистической, логико-семантической целостности высказывания; → т.е. умение порождать связные, логически выстроенные иноязычные высказывания (дискурсы).

4. Развивает умение внимательно слушать и слышать партнера по общению.

5. Формирует умение осуществлять анализ экстралингвистических особенностей ситуации и продуцировать дискурс с учетом экстралингвистических особенностей ситуации.

6. Настраивает обучающихся на точность, ясность и релевантность своих высказываний.

7. Побуждает учитывать точки зрения участников коммуникации.

8. Способствует воспитанию коммуникативной и дискуссионной культуры.

Принимая во внимание данные критерии, студенты оценили эффективность эвристической беседы в формировании ДК (Табл.2).

Таблица 2

Оценивание эффективности эвристической беседы в формировании дискурсивной компетенции студентами 3-го курса педагогической специальности языкового вуза

№	Эффективность ЭБ	Количество респондентов
1.	Высокая	74 %
2.	Средняя	17 %
3.	Низкая	09 %
	Итого	100 %

Заключение

Роль эвристической беседы как метода проблемного обучения сложно переоценить. ЭБ выполняет такие сложные задачи как получение глубоких и прочных знаний, побуждение к установлению связей и закономерностей, помогает проникнуть в суть изучаемой темы, найти в ней причинно-следственные связи, опровергнуть ошибочные суждения и обосновать свои, воспринимать факты критически.

Применение эвристической беседы на практических занятиях по немецкому языку доказало результативность этого метода обучения с целью формирования дискурсивной компетенции студентов. ЭБ как метод проблемного обучения активно исследовался. Поэтому фокус нашего исследования был сосредоточен на диалогической природе эвристической беседы, на ее интерактивном характере. Мы рассмотрели ЭБ как один из типов дискуссии. Также ее можно исследовать как жанр дискурса.

Итак, развитие дискурсивной компетенции в рамках диалогического общения с использованием эвристической беседы на практических занятиях по немецкому языку являлось целью данного исследования. ДК, по мнению многих ученых, входит в состав межкультурно-коммуникативной компетенции. МКК - объект формирования в иноязычном образовании Казахстана.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Makhashova P.M., Smatova K.B. Trends in the research of the essence and content of the concept of «competence»//Наука и жизнь Казахстана. – 2019. - №7/1. – С. 181-187
2. [Электрон. ресурс]. – URL: https://studwood.ru/ 981554/literatura/ osobennosti_dialogicheskogo_obscheniya (Дата обращения: 11.08. 2019)
3. Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. – Алматы, 2010. – 344 с.
4. Бахтин М.М. Проблемы творчества Достоевского//Собрание сочинений, Т.6. Москва, 2002. – С.5-300
5. Азимов Э.Г., Щукин А.Н. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам). - Москва: Икар, 2009. – 448 с.
6. Кулибаева Д.Н. Инновационная модель формирования международно-стандартных уровней владения иностранным языком в условиях школ международного типа. Алматы, 2002. – 216 с.
7. Лущинская О.В. Дискурсивная компетенция как цель в обучении будущих журналистов-международников иноязычному письменному дискурсу. Материалы III Междунар. науч. конф. Минск: Тесей. [Электрон. ресурс]. – 2009. - URL: http://elib.bsu.by/bitstream/ (дата обращения: 10. 02. 2019)
8. Арутюнова Н.Д. Дискурс/Н.Д. Арутюнова//Лингвистический энциклопедический словарь / Гл. ред. В.Н. Ярцева – М.: Сов. Энциклопедия, 1990. – С. 136–137.
9. Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика. - Москва: Академия», 2008. – 336 с.
10. Гаибова В.Е. Эвристическая беседа как один из типов дискуссии. Педагогика, № 2. [Электрон. ресурс]. – 2008. - URL: https://cyberleninka.ru/.../evristicheskaya-beseda-kak-odin-iz-tipov-diskussii (Дата обращения: 25.02.2019).
11. Скаткин М.Н. Эвристическая беседа. Педагогическая энциклопедия. Т.4. Москва: Советская энциклопедия, 1968. – 740 с.
12. Лернер И.Я. Методы обучения. Некоторые проблемы современной дидактики. - Москва: Просвещение, 1982. – 320 с.

ӘОЖ 37.02

Оразова Жанна Урумбасаровна,
докторант,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
E-mail: orazova.1974@bk.ru

«ҚҰЗЫРЕТ», «ҚҰЗЫРЕТТІЛІК», «ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТ» КАТЕГОРИЯЛАРЫНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесінде кеңінен қолданылатын «құзырет», «құзыреттілік» категорияларының «жеке тұлғалық құзырет» ұғымымен арақатынасы қарастырылған. Отандық және шетел ғалымдарының еңбектерінде осы ұғымдарға берілген анықтамалар салыстырылып, мән-мағынасы ашылады.

Кілт сөздер: құзырет, құзыреттілік, нәтижеге бағытталған, тұлға, жеке тұлғалық құзырет.

Аннотация. В данной статье рассматривается корреляция понятий компетенции и компетентность, которые широко используются в современном образовании, ориентированном на результат. В статье дается описание понятий, раскрывается их значение в трудах отечественных и зарубежных ученых.

Ключевая слова: компетенция, компетентность, ориентированный на результат, личность, личностная компетенция.

Annotation. This article examines the relationship between the categories of competence and competence, which are widely used in result-oriented education. Definitions of domestic and foreign scientists on these concepts are compared and their meaning is revealed.

Keywords: competence, competence, oriented on result, personality, personal competence.

Қоғамда болып жатқан өзгерістер Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын әлемдік өркениетті және мәдениетті 50 елдің қатарына көтеру мәселесі білім беру саласына өзгерістер енгізіп отыр. Бұл өзгерістердің қарқындылығы білім беруге жаңаша көзқараспен қарауды талап етеді.

Нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесінде «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдары кеңінен қолданылады. Бұл ұғымдардың негізі «құзыр», «құзырлылық» сөздерінен туындаған.

К.С. Құдайбергенева «құзырлылықты» жеке тұлғаның субьектілік тәжірибесіне байланысты енген ұғым, «competens» нақты бір сала негізінде жан-жақты хабардар болу, қандай да бір сұрақтар бойынша оңтайлы шешім қабылдай білуі деп түсіндіреді. К.С. Құдайбергенева құзыр, құзырлылық ұғымдарының ғылыми айналымға енуін шартты түрде бес сатыға бөліп қарастырады:

1) Дайындық сатысы, ол 1950 жылдардан бастау алады;
2) Бірінші саты, 1960-1970 жылдар аралығын қамтиды;
3) Екінші саты, 1970-1990 жылдар;
4) Үшінші саты – құзырлылық амалының қалыптасуы;
5) Төртінші саты - құзырлылық амалының тұрақтануы [1, 178].

Алғаш рет «құзыр» сөзін ұғым ретінде американдық психолог Н. Хомский өз еңбектерінде қолданған. Оның ойынша «құзыр» мазмұны өзіндік тұлғалық сипаттармен толықтырылса, ал құзырлылықты құзырдың байқалмайтын әлеуеттерін өзектендіруі ретінде түсіндіреді. Кейін бұл ұғым кеңінен ғылыми әдебиеттерде қолданысқа ие бола бастады.

1960-1970 жылдары құзыр, құзырлылық ұғымдары ғылыми аппаратқа кеңірек ендіріліп, кейін 1970-1990 жылдары осы ұғымдар шет тілдерін оқыту теориясы мен практикасында, басқару, менеджмент, қарым-қатынас теорияларында қолданыла бастады. Бұл кезеңде зерттеушілер құзыреттіліктің әртүрлі 37-ге дейін түрлерін анықтады.

1990 жылдардан бері құзырлылық амалының қалыптасуы ғылыми категория ретінде кең таралды. Кейін құзырлылық амалының тұрақтануынан «құзыр», «құзырлылық» ұғымдары білімнің негізгі күтілетін нәтижесі ретіндегі дидактикалық деңгейде дамыды.

Қазірде құзырлылық ұғымының тұрақтануы нәтижесінде білім және ғылым саласына қатысты нормативтік құжаттарға осы ұғымдар енгізілген.

«Құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарының қалыптасуын И.Я. Зимняя төмендегідей үш кезеңге бөліп қарастырады:

Бірінші кезең - 1960-1970 жылдары «құзыреттілік», «коммуникативті құзырет» түсінігі қалыптасты.

Екінші кезең - 1970-1990 жылдары «әлеуметтік құзырет» түсінігі енгізілді.

Үшінгі кезең - 1990 жылдан бері құзыреттілік ЮНЕСКО тарапынан қолдау тауып, білімнің күтілетін нәтижесі түрінде қолданыла бастады

Демек, «құзыр», «құзырлылық» ұғымдары 1950 жылдардан, ал «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдары 1960-1970 жылдардан қолданысқа түскен. Осы ұғымдарға сөздіктерде әр қилы анықтамалар берілген.

Құзыр, құзырлы, құзырет, құзыреттілік ұғымдарын зерттеушілер латынның «competens» сөзінен шыққан деп қарастырады және «құзырыңа құлдық», «бұл менің құзырымдағы дүние емес» тіркестері арқылы бұл ұғымдардың бұрыннан өзіміздің сөз қолданысымызда бар екендігін айтады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «құзыр» ұғымы 1) әмір, билік; 2) белгілі бір адамның жетік білетін мәселесі, хабардарлық деп, құзырет – белгілі бір мекеме немесе қызметкер уәкілдігінің міндеті, - деген түсінік берілген.

Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «Құзыр 1) жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау; 2) тіл мен психолингвистикада тілдің базалық, абстрактілі ережелерін меңгеру; 3) сот психиатриясында сот отырысына қатысуға психикалық тұрғыдан қабілетті деп есептелетін адамды белгілеуге қолданылады», - деп түсіндіреді.

Орысша-қазақша педагогикалық сөздікте «құзыреттілік» - хабардарлық, жете білушілік, «құзыретті» - хабардар, жетік білетін, «құзыретті мұғалім» - өз ісіне жетік мұғалім деген мағынада берілген.

Орысша-қазақша психологиялық сөздікте «құзыреттілік» – хабардарлық, жете білушілік, «құзырет» - жетік, терең білетін, хабардар, толық құқықты делінген.

Методикалық терминдер сөздігінде «құзыреттілік» (латынның competentes – бейім сөзінен) – қандай да бір пәнді оқу үрдісінде қалыптасатын білім, білік, дағды жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі делінген.

Шетел сөздерінің сөздігінде: «Құзыреттілік – бір нәрсеге баға беру үшін білімге ие болу. Құзырет – сұрақтар төңірегінде адамның игерген білімі мен тәжірибесі», - деген түсінік берілген.

Орыс тілі сөздігінің авторы С.И. Ожеговтың анықтауы бойынша «Құзырет» – 1) адамның белгілі бір сұрақтар аясында жетік білуі, 2) біреудің құқықтары мен өкілеттілік шеңбері; «Құзыретті» – 1) қандай да бір салада беделді, білімді; 2) құзыретке ие болуы.

Н. Даль сөздігінде «Құзырет – құзырлы сот, біреу туралы, бір нәрсе туралы, немесе кімді; кімге не бұйырып тұр; сот заңды, тік, толық; атақты және танымал; сот толық құқықты. Құзырлы - толық құқықты» - делінген.

ЮНЕСКО глоссарийінде «Құзыреттілік – бұл күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайда болатын проблемалар мен міндеттерді тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін қабілеттілік» - деген анықтама берілген.

Отандық және шетел ғалымдары «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарын түрліше түсіндіреді.

М.Ж. Жадринаның ойынша, құзыреттілік оқушының мәселелерді өзіндік даму, өзіндік басқару, білім, икемділік, дағдыны пайдалана отырып шешумен ерекшеленеді.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ш.Т. Таубаеваның пайымдауынша «құзыреттілік» бұл:

1) өзінің әлеуетін жүзеге асыру қабілеті мен оған талпынысы;

2) табысты шығармашылық әрекет үшін өзінің білімін, іскерлігін, біліктілігі мен тәжірибесін іс жүзінде көрсете білу қабілеті;

3) өз әрекетінің нәтижелеріне жеке жауапкершілікпен қарау және оның әлеуметтік мәнін түсіну, оны әр уақытта жетілдіру қажеттілігі.

Б.Т. Кенжебековтің пікірінше, құзыреттілік жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесіне сай белгілі бір міндеттерді орындауға дайындығы және қабілеті [2].

К.С. Құдайбергенованың айтуынша «құзыреттілік» - белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қарастыра отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алу. Сондай көзқарасты Б.К. Сейлхановаңың ұстанған анықтамасынан да байқаймыз. Оның пікірінше, құзыреттілік адамның бір мәселеден хабардарлығы, танымдар мен тәжірибелерді меңгеруі.

Қ.Ж. Аганина өз кезегінде, құзырет – міндетті білім мен тұлғалық сапасының жиынтығы, интегралды қасиет. Ол білім беру аймағында ғылыми немесе практикалық іс-әрекетті тиімді шешуге негізделген. Құзыреттілік өз білімін, шығармашылық іс-әрекетін практикаға асыру, іс-әрекеттің нәтижесін жете түсіну, жетілдіру деп есептейді.

А. Кенжеғұлова «құзырет» – берілген нормаға сәйкес келемін, қол жеткіземін, «құзыреттілік» – ойлау мен дүниетанымнан басталып, рефлексивтік-бағалауға дейінгі тұлғалық қасиеттер жатады, - деп сипаттайды.

А.К. Аманова зерттеу жұмысында «құзырет» - жеке тұлғаның қандай да бір мәселелерді шешуге, іс-әрекетті орындауға, бір нәрсені істеуге құқықтылық мүмкіндігі, ал «құзыреттілікті» - жеке тұлғаның өз мамандығына қатысты теориялық білімі, іскерлігі, дағдысы мен тәжірибесімен өзара байланысқан сапаларының жиынтығы ретінде қарастырады [3].

Ю.Н. Емельяновтың ойынша, құзыреттілік – дара тұлғаның өзіндік қабілеттері мен статусы шеңберінде қоғамда ойдағыдай жұмыс істеуге мүмкіндік беретін белсенділіктің әлеуметтік және жеке дара формасын үйрету деңгейі.

Б.И. Хасан: «құзырет» – адамның өз орнына лайықтығы, оның әлеуметтік сұрақтарға сай қызмет ету қабілеті немесе мүмкіндігі, - деп анықтама береді.

Н.В. Кузьмина, Л.А. Петровская, А.Ф. Присяжная, Т.Н. Синенко зерттеулерінде құзыреттілікті «тұлғаның қасиеті» деп таныса, В.П. Шапалов құзыреттілікті тұлғаның әлеуметтік тәжірибені меңгерудегі мотивациялық, этикалық, әлеуметтік және мінез-құлықтық құрамдас бөліктерді қамтитын «қабілеттілігі» деп түсіндіреді.

Л.М. Митинаның пікірінше «құзыреттілік - білім, дағды, білік, сонымен қатар практикада, тілдесуде, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуда қолданатын тәсілдері».

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Жаңартылған оқу бағдарламасы негізінде бағалау жүйесінде де түбегейлі өзгеріс орын алып, критериалды бағалау жүйесіне көшті. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді [1]. Критериалды бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Жаңартылған бағдарлама бойынша әлемдік білім беру жүйесі бәсекеге қабілеттілікке қарай білім алушыны баулу, қоғамнан өз орнын таба білетіндей сапалы маман болуына бағытталынған. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналасуға ықыласын туғызады [2].

Жаңартылған оқу бағдарламасына көшу бірте-бірте 2017-2018 оқу жылында 2, 5, 7-сыныптар, 2018-2019 оқу жылында 3, 6, 8, 10-сыныптар, жаңартылған білім мазмұнына көшті, 2019-2020 оқу жылында 4, 9 және 11-сыныптар жаңартылған білім мазмұнына көшті. Демек, мұғалім балаларды осы жаңартылған білім мазмұнына көшуге дайындау керек. Оның бір жолы – білім алушы қызметін жандандыру тәсілдерін пайдалану, оларға барынша дербестік беру [3]. Сонымен қатар мұғалімге көмек ретінде оқу процесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы тәсілдеріне, әдістеріне, технологияларына әдістемелік-нұсқау хат арқылы қысқаша сипаттама ұсынылған.

Зерттеудің мақсаты: жаңартылған білім бағдарламасын қолдана отырып мектеп жасындағы оқушылардың тікелей емес есте сақтау қабілетін зерттеу.

Жұмыстың міндеттері: мектеп жасындағы оқушылардың тікелей емес есте сақтау қабілетін бағалауға анализ жасау.

Соңғы онжылдықта елімізде болып жатқан білім саласындағы инновациялақ өзгерістерді теориялық және практикалық жағынан зерттеу көпшіліктің қызығушылығын тудырып отыр. Оқытудың жаңа әдістерінің барлығы көбінесе эксперименталды болып табылады және оқушылардың психофизиологиялық жағдайын зертеуді талап етеді. Шет елдердің көпшілігі бізге енді жетіп жатқан жаңа бағдарламаларды біраз жыл бұрын қабылдап, оқушылардың физиологиялық жай – күйіне қалай әсер ететін қарастырып кеткен [4].

Сол зерттеулерге тоқталсақ: тарихи материалдар білім беру мекемелерінің (гимназиялар, лицейлер және т.б.) жұмыс істеген уақытында олар ешқашан өмір қажеттіліктеріне қанағаттанбағанын және олардағы оқыту мен тәрбиелеудің ұйымдастырылуы дәрігерлер, ғалымдар, ата-аналар тарапынан қатаң сын тудырғанын куәландырады. Сол кезде оқушылардың шамадан тыс қажуы мен шаршауы дәрігерлерді алаңдатты. Бұл мәселе қазіргі білім беруде де өзекті [5].

Оқушылардың оқу жүктемесі жайлы алғаш рет Германияда доктор Лоринзель өзінің "мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау туралы" мақаласында көптеген пәндер, үйге берілген жұмыстар, мектептің сыртқы құрылымының қанағаттанарлықсыз болуы оқушы жастардың денсаулығына нұқсан келтіреді деп айтқан. Білім беру мақсаты тек білім байлығымен ғана айқындала алмайды және тек бір ақыл-ой тәрбиесімен шектелмеуі тиіс деген қорытынды жасалды [6]. 1882 жылы доктор В.Н. Жук физиологиялық педагогиканың негіздерін әзірлеуді ұсынды, сондай-ақ мұғалімдерге баланың даралығын тежейтін нәрседен аулақ болуға кеңес берді. Ол бұл үшін өсіп келе жатқан ағзаның физикалық және психикалық ерекшеліктерін білу қажет деп ойлады, сондықтан "тәрбие жүйесі үнемі даму пәні болып қалуы және үздіксіз жақсаруы тиіс [7].

Ғылыми зерттеулерде балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайы әсіресе жаңа үлгідегі мекемелерде (гимназияларда, лицейлерде, авторлық мектептерде) нашарлайды делінген. Онда апталық жүктеменің нақты көлемі (білім беру мекемесінде және үй тапсырмаларын орындауға кеткен уақыт) бастауыш сынып оқушылары үшін 10-12 сағатқа дейін және жоғары сынып оқушылары үшін — тәулігіне 15-16 сағатқа дейін оқушылардың жұмыс күнін ұлғайтуға әкеледі [8]. Мектеп оқушыларының патологияларының өсуі соңғы онжылдыққа мынадай

көрсеткішке тән екенін атап өткен жөн. Мысалы, жоғары сынып оқушылары арасында жүрек-тамыр жүйесінің функционалдық бұзылулары мен созылмалы ауруларының таралуы 10,3-тен 17,8%-ға дейін, ас қорыту жүйесі — 6,6-дан 12,5%-ға дейін, омыртқа — 4,3-тен 15,7%-ға дейін, жоғарғы тыныс алу жолдары - 6,7-ден 10,5%-ға дейін, эндокриндік-алмасу бұзылыстары - 2,4-тен 7,3%-ға дейін өсті [9].

Зерттеу материалдары мен әдістер. Зерттеу Алматы қаласындағы Ғ. Мұстафин атындағы №191 жалпы білім беретін мектептің 9-10 жастағы оқушыларына жүргізілді. Зерттелген оқушылардың саны – 23. Кіші мектеп жасындағы оқушылардың қалыпты жағдайдағы тікелей емес есте сақтау қабілетін зерттедік. Бұл көрсеткіштерді анықтау үшін пиктограмма әдісін қолдандық. Пиктограмма әдісі тікелей емес есте сақтауды зерттеуге бағытталған. Пиктограмма жүргізу үшін балаға ақ парақ (А4), қалам және есте сақтау үшін сөздер жинағы беріледі. Берілген сөздерді оқушы есінде сақтау үшін оны сурет арқылы қағазға түсіреді. Суреттің сапасы емес, оның айтылған сөзбен байланысы маңызды.


Зерттеу нәтижелері. Кіші мектеп жасындағы оқушылардың тікелей емес есте сақтау қабілетін пиктограмма әдісі арқылы зерттеу нәтижелері 1 кестеде ұпай санымен көрсетілген. Ең алдымен дұрыс еске түсірілген сөздердің саны есептелді. Бұл жастағы балалар үшін физиологиялық қалыпты норма 10-12 сөздер (яғни 100% еске түсіру). Орташа есеппен алғанда оқушылардың тікелей емес есте сақтау деңгейі 9,09±0,383 болды. Яғни 10-12 сөзді есіне сақтай алып, қалыпты норманы көрсеткен оқушы саны – 12 болса, сынып оқушыларының 52,2%-ы физиологиялық норма көрсеткішіне сай келді. 6 оқушының тікелей емес есте сақтау қабілеті орташа деңгейді көрсетті, яғни сыныптың 26%-ын құрады. Ал 5 оқушы бұл әдістің нәтижесі бойынша төмен деңгейді көрсетті, бұл сыныптың 21,8%-ын құрайды. Яғни 47,8% оқушыларда тікелей емес есте сақтау қабілеті бойынша физиологиялық нормадан ауытқу байқалды.

Кесте 1. 9-10 жастағы балалардың тікелей емес есте сақтау қабілетінің ұпай саны бойынша анықталған көрсеткіштері

Оқушылардың Саны	Тікелей емес есте сақтау қабілеті (ұпай саны)	Тікелей емес есте сақтау қабілетінің деңгейі
1	11	Қалыпты
2	10	Қалыпты
3	8	Орташа
4	11	Қалыпты
5	9	Орташа
6	12	Қалыпты
7	8	Орташа
8	6	Төмен
9	10	Қалыпты
10	11	Қалыпты
11	7	Төмен
12	8	Орташа
13	10	Қалыпты
14	11	Қалыпты
15	8	Орташа
16	10	Қалыпты

17	11	Қалыпты
18	7	Төмен
19	7	Төмен
20	11	Қалыпты
21	6	Төмен
22	9	Орташа
23	10	Қалыпты
M±m	9,09±0,383	


Оқушылардың 52,2%-ның физиологиялық нормаға сәйкес еске түсіру қабілеті 100% деп бағаладық. Физиологиялық қалыпты нормадан ауытқу байқалған оқушылардың еске түсіру қабілетін төмен деп айтуға болмайды. Бастауыш сынып оқушылары көпке дейін тапсырманы қалай орындаудың тәсілін жақсы білмейді. Олар берілген тапсырманы жаттап алғысы келіп тұрады. Осылай болуы олардың жаттауға икемділігінің молдығынан емес, оқуға әлі төселмегендігінен, қалай жұмыс істеуге ешкім оны үйретпегендігінен кездеседі. Білімді не болмаса қандай да бір ақпаратты қабылдап оны тиімді жолмен есте сақтауды бала бірте-бірте үйренеді. Соған сәйкес білім беруде баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және физиолого-гигиеналық көрсеткіштерін ескере отырып, дидактикалық әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана білу керек.



Абциссада- еске түсіру қабілетінің деңгейлері; ординатада – есте сақтау деңгейінің көрсеткіштері (ұпай саны бойынша)

Сурет 1. Тікелей емес есте сақтау деңгейінің ұпай саны бойынша көрсеткіштері

2 суретте 9-10 жастағы оқушылардың тікелей емес есте сақтау қабілетінің проценттік көрсеткіштері келтірілген. Сынып оқушыларының 52%-ы қалыпты физиологиялық нормаға сай келеді. 26%-ы орташа деңгейді көрсетті. 22%-ы тікелей емес есте сақтау қабілеті бойынша төмен нәтиже көрсетті.



Абциссада – тікелей емес есте сақтау қабілетінің деңгейлері;
ординатада – оқушылардың саны (процент).

Сурет 2. 9-10 жастағы оқушылардың тікелей емес есте сақтау қабілетінің проценттік көрсеткіштер

Қорытынды

Осы зерттеу әдісінің нәтижесінде кіші мектеп жасындағы балалардың тікелей емес есте сақтау қабілеті олардың айтылған ақпаратты қалай қабылдағанымен байланысты болытынын айтуға болады. Мәліметтерді тек қана қабылдап қана қоймай, оны толыққанды талдағаннан соң ғана оны еске түсіру жоғарғы деңгейде болады деп бағалауға болады.

Зерттеу қорытындысы бойынша кіші мектеп жасындағы балалардың тікелей емес есте сақтау қабілеті орташа деңгейде болды. Орта есеппен алғанда 9 ұпайға сәйкес. Ал осы жастағы балалар үшін қалыпты норма 10-12 ұпай болуы тиіс. Алайда зерттеулердің нәтижесі бойынша сыныптағы оқушылардың жартысы дерлік физиологиялық қалыпты нормаға сай ұпай жинады.

Олар ұғымдардың басым көпшілігіне кескін таңдай алды; олардың суреттерінде белгілі бір бейнелер басым болды. Бұл оқушыларда ұсынылған түсінік пен оның пиктограммасы арасында негізделген байланыс бар, бұл жеткілікті жоғары адекваттылық туралы айтады. Сондай-ақ, олар ұсынылған ұғымдардың тізімін тез және оңай қалпына келтірді. Ал төмен көрсеткіш көрсеткен оқушылар әртүрлі ұғымдарды беру үшін бірдей немесе бір біріне өте ұқсас пиктограммалады қолданып, қателіктер мен дәлсіздіктер жіберді.

Осылайша, тікелей емес есте сақтау ерекшеліктерін, тиімділігін, сондай-ақ ойлау қызметінің сипатын, ұғымдық ойлаудың қалыптасу деңгейін зерттеу педагогтарға педагогтар мен оқушылардың байланысқан қызметіне негізделген қазіргі заманғы оқыту әдістерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді, онда саралау мен дараландыру принциптері ескеріледі.

Осы аталған әдісті пайдалану барысында оқушылардың есте сақтаумен қатар көру, қимыл-қозғалысты есте сақтау типтері дамиды. Бұл әдісті педагогтар сабақ өткізу барысында пайдалана отырып, оқушылардың алған білімді есте сақтап, функционалды сауаттылығын дамытуға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. https://cyberleninka.ru/*Л.С. Альмагамбетова, К.А. Амангельдиновна*
2. Әдістемелік нұсқаулық хат 2018-2019 ж.
3. Білім беру жүйесін басқарудың әдіснамалық негізі:/Т.М. Баймолдаев, Алматы, 2013.
4. Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции//Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. 10 января 2018 г. [Электронный ресурс]. - URL: http://www.akorda.kz
5. Осипова В.Н. Возрастная физиология и психофизиология МГИУ, 2010.
6. Титов В.А. ВПС: Психофизиология. КЛ./В.А. Титов. - М.: А-Приор, 2007. - 176 с.

7. Шостак В.И. Психофизиология. 2-е изд./В.И. Шостак, С.А. Лытаев. - СПб.: Элби, 2009. - 352 с.
8. Педагогика развития: содержательный досуг и его секреты/Под ред. Кареловой И.М.. - Рн/Д: Феникс, 2018. - 288 с.
9. Айзман Р.И. Здоровье школьника и психолого- педагогические проблемы его коррекции.- Новосибирск: НГПУ, 2005. – 167 б.
10. Кравченко А.И. Психология и педагогика: учебник/А.И. Кравченко. Проспект, 2015. – 400.

ӘОЖ 378.14.015.62
ҒІМРА 14.35.09

Саримбаева Балзат Бериковна,
6D011300-Биология мамандығының 2 курс докторанты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ.,
E-mail: sbalzat@mail.ru

МҰҒАЛІМНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ РЕФЛЕКСИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі жаңартылған білім бағдарламасына өту жағдайында мұғалімнің рефлексиялық ойлау қабілетінің, талдау, бағалау, моделдеу және өздігінен оқу-әдістемелік базаны таңдай алу дағдыларының болуының, яғни рефлексияға қабілетті болудың маңыздылығы анықталған. Кез келген тұлғаның оқу қызметінде өзін-өзі ұйымдастырудың ең қолайлы әдістерінің бірі рефлексия болып табылады. Педагогикадағы рефлексия – бұл процесс және педагогикалық процеске қатысушылардың өздерінің даму, өздігінен даму деңгейлерін бекіту нәтижесі. Білім беру процесінде рефлексиялық тәжірибені пайдалану «білім алушы-оқытушы» жүйесінде тиімді субъектаралық қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: мектеп мұғалім, рефлексия, педагогикадағы рефлексия, оқушы, оқу процесі, рефлексиялық іс-әрекет.

Аннотация. В предлагаемой статье рассматриваются значимость наличия у учителя биологии рефлексивного мышления, навыков анализа, оценки, моделирования и самостоятельного выбора учебно-методической базы в условиях перехода к современной обновленной образовательной программе. Одним из наиболее приемлемых способов самоорганизации в учебной деятельности любой личности является рефлексия. Рефлексия в педагогике - это процесс и результат закрепления участниками педагогического процесса уровня своего развития, самообразования. Использование рефлексивного опыта в образовательном процессе позволит установить эффективные межсубъектные отношения в системе "ученик-преподаватель".

Ключевые слова: школьный учитель, рефлексия, педагогическая рефлексия, ученик, учебный процесс, рефлексивная деятельность.

Annotation. This article discusses the importance of a biology teacher having reflective thinking, analysis, evaluation, modeling skills and independent choice of a teaching and methodological base in the context of the transition to a modern updated educational program. One of the most acceptable ways of self-organization in the educational activity of any person is reflection. Reflection in pedagogy is a process and result of fixing by participants of pedagogical process of the level of the development, self-education. The use of reflexive experience in the educational process will allow to establish effective inter-subject relations in the system "student-teacher".

Key words: school teacher, reflection, pedagogical reflection, student, educational process, reflexive activity.

Қазіргі жаңартылған білім бағдарламасына өту жағдайында мұғалімнің рефлексиялық ойлау қабілетінің, талдау, бағалау, моделдеу және өздігінен оқу-әдістемелік базаны таңдай алу дағдыларының болуы маңызды болып отыр. Ал бұлардың барлығы болашақ мұғалмідер мен қазіргі мұғалімдердің кәсіби қалыптасуы мен дамуының сапалық көрсеткіштері ретінде қарастырылады.

Кез келген тұлғаның оқу қызметінде өзін-өзі ұйымдастырудың ең қолайлы әдістерінің бірі рефлексия болып табылады.

Педагогика ғылымына «рефлексия» ұғымы соңғы онжылдықта ене бастады. Алайда мұғалімнің педагогикалық қызметі үнемі рефлексивті сипатта болады, себебі педагог білім алушылардың әрекеттерін ұйымдастыру барысында өзінің әрекеттеріне және өзіне олардың көздерімен қарауға тырысады, яғни олардың көз-қарастарын, олардың ішкі жан-дүниесін, эмоционалдық жағдайларын және тәрбиеленушілерінің өзіне беретін бағасын ескереді. Педагог өзінің оқуышлармен қарым-қатынасын құру барысында, өзін сол диалогтың, қарым-қатынастың мүшесі ретінде бағалап, педагогикалық процесте субъект-субъект аралық қатынас жағдайы орнайды. Педагогикалық рефлексия процесінде орын алған педагогикалық жағдайда, түрлі педагогикалық жағдайлар мазмұнында, оқушылармен қарым-қатынасында, басқа педагогпен – әріптестерімен, түрлі педагогикалық технологиялар қатынасында педагог өзін анықтайды, салыстырады және сәйкестендіреді.

Сонымен, педагогикалық рефлексия немесе педагогикалық процестегі рефлексия дегеніміз не?

Педагогикалық процестің мақсаты педагог пен оқушының даму жағдайын, өздігінен дамуын құру. Педагогикалық процестегі дамудың мәні, ол ең алдымен процеске қатысушылардың дәйекті

өзгеруі: әрекет жағдайларының, сезім мен эмоцияның, білімнің, икем мен дағдының және т.б. алмасуы. Ал даму - ішкі процесс болғандықтан, оны даму субъектісі өзі ғана бағалай алады. Өзіндік дамуды, дамудың нәтижелілігін, өнімділігін бағалау субъектінің өзіндік бақылау, өзіндік талдау, өзіндік рефлексия арқылы жүзеге асады.

Сонымен, педагогикадағы рефлексия – бұл процесс және педагогикалық процеске қатысушылардың өздерінің даму, өздігінен даму деңгейлерін бекіту нәтижесі. Білім беру процесінде рефлексиялық тәжірибені пайдалану «білім алушы-оқытушы» жүйесінде тиімді субъектаралық қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар рефлексивті білім беру «тұлғаның санасында жаңа білімді туындатады» [1].

Білім берудегі рефлексия – бұл жасалынған әрекеттердің нәтижесін бекіту және келесіде оның тиімділігін арттыру мақсатындағы зерттеулерді меңзейді. Рефлексивті тұғыр білім алушыларға жасалынған әрекеттердің негізгі компененттері, яғни оның маңызын, типін, әдістерін, проблемаларын және оларды шешу жолдарын, алынған нәтижелерін анықтауға, түсінуге, еске түсіруге көмектеседі және одан әрі қарай жұмыс жасаудың мақсаттарын анықтауға жағдай жасайды.

Рефлексия - субъектінің өзінің әрекеттерін қорыту қабілеті ретінде көптеген мамандықтардың, әсіресе тұлғааралық қарым-қатынас саласындағы мамандар психограммасының маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Субъектінің рефлексивтік қабілетінің қалыптасу деңгейі ғана, оның жоғары кәсіби шеберлілікке жетуін анықтайды.

Р. Рассел, Д. Спаффорд пікірлері бойынша мұғалім өзінің білімі, практикалық тәжірибесі және өзінен тәжірибелі әріптестерінен үйрене отырып кәсіби маман болады. Сонымен қатар, мұғалім - зерттеуші бола отырып, яғни «шынайы өмірінде кездесетін күтпеген және проблема туындататын жағдайларға өзінің кәсіби әлемін үнемі өзгерте отырып» кәсіби шеберлікке қол жеткізе алады [2].

Кәсіби рефлексия – «жақсы мұғалім» не жасап жатқанын және қалай жасап жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Л. Велверденің пікірі бойынша «рефлексия жасау – ол өзіне «Мен қазір не істеп жатырмын және неге?» деген сұрақтар қою деп түсіндіреді. Рефлексия – бұл өзін-өзі бағалаудың сәл өзгертілген формасы [3].

Мұғалімнің кәсіби рефлексиясы – бұл білім аушының «ішкі жандүниесін» көрсете алу қабілеті (Кулюткин Ю.Н., Сухобская Г.С., 1990). Операциялық мағынада мұғалім үшін рефлексивті ойлау: ең бірінші оқушысы кім екенін түсінуге талпыну болып табылады. Содан соң оның даму перспективалары қандай екенін болжап, содан кейін ғана оның дамуын ынталандыратын жағдаят қандай болуы керек екенін шешуге болады.

Мұғалімнің кәсіби қызметінде рефлексивті процестер оқушымен тікелей қарым-қатынас жағдайында, сабақты жоспарлау және құру кезінде, сонымен қатар өзіндік талдау және өзіндік бағалау жүргізу кезінде туындайды. Көренкті орыс ғалымдары Ю.Н. Кулюткина мен Г.С. Сухобскийдің пікірлері бойынша рефлексивті процестер «буквально пронизывают профессоинальную деятельность учителя» [4].

В.И. Слободчиковтың пікірінше қарқынды пелагогикалық процесте рефлексия үш түрлі бағытта кездестіріледі. Бірніші бағыт бұл ойлау, яғни мәселелердің шешімін табу кезіндегі өзінің әрекеттерінің дұрыс негізде екенін түсінуге бағытталған рефлексия.

Рефлексивті процесті дамытатын екінші бағыты - ол оқу мәселесін шешуге бағытталған, дискуссияға түсуші топтар арасындағы коммуникация және кооперация. Бұл рефлексияны туындататын механизм - рефлексивті қарым-қатынас. Нәтижесінде топтар арасында рефлексивті кооперация мен коммуникация топтың әр мүшесіне дұрыс позиция таңдауға және бірлестікте жұмыс жасауына ықпал етеді.

Үшінші бағыты бұл тұлғаның өзін-өзі, ішкі бағдарын анықтау кезінде рефлексияны талап ететін өзін-өзі тануы.

Рефлексияны «туындатушы» субъект - ол сабақ үстінде рефлексивті үдерісті іске қосатын оқытушы, оқу мәселесін бірлесіп шешетін, дискуссияға түсетін оқу тобы немесе жеке проблемалық тапсырманы орындаушы топтың бір мүшесі болуы мүмкін.

В.А. Петровский педагогтың рефлексиясында бір қатар бір-бірімен тығыз байланысты бірнеше сәттерді бөліп көрсетеді:

1. Рефлексия - педагогқа өзінің педагогикалық қызметінің шынай себептерін, өзінің «тәрбие беру әрекеттерін» түсінуге мүмкіндік береді.

2. Рефлексия педагогқа, арнайы психологиялық көмексіз, жеке басының қиындықтарын, қиыншылық тудырған проблемаларды және тәрбиеленушілерінің проблемаларын ажыратуға көмектеседі.

3. Рефлексия жасай алушы педагог эмпатияға қабілетті болады.

4. Рефлексивті процестер педагогқа білім алушыларға жеке ықпалының салдарын адекватты бағалауға, оқушының тұлғалық дамуына жауапкершілікті сезінуге мүмкіншілік береді [5].

А.А. Бодалев, В.И. Загвязинский, Л.М. Митинаның пікірлері бойынша өзінің сезімі мен қарым қатынасын, тұлғасының күшті және әлсіз тұстарын бағалай және талдай алу қабілеті мұғалімнің психологиялық жетілуінің негізгі шарттары болып табылады.

Рефлексиялық іс-әрекет оқушыға өзіндік талдау кезінде ғана байқалатын өзіндік жеке дара ерекшеліктерін тануына мүмкіндік туғызады. Білімді саналы түрде өзіндік қорыту, яғни рефлексия нәтижесінде ғана жүзеге асады. Рефлексия нәтижесі дегеніміз міндеттерді шешу тәсілдерін түсіну. Рефлексияның қай түрі болмасын мақсатпен тікелей байланысты. Шығармашылық рефлексия – мақсатқа жету нәтижесі, ол қорытынды ғана болмай, жаңа білім мен жаңа мақсаттарға бастама бола алады. Сонымен, шығармашылық рефлексия – жекетұлғалық құндылық сапаларын қалыптастыруда және өзіндік даму бағытын айқындауда, оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруға бағытталған шығармашылық іс-әрекетте ішкі жан дүниесінің ресурстары арқылы ой қорыту. Рефлексиялық танымдық дағдылар субъектілердің өзіндік басқару қабілеттерін дамытуға, өз әрекеттерінің (танымдық, білімдік, қарым-қатынастық) нәтижелі болуына, олардың өз жауапкершілігін арттыруға бағытталады. Оның мазмұны баланың өз іс-әрекеттерінің субъектісі ретіндегі өз көзқарасын қалыптастыру: өзіндік тұжырым жасай алу, өзін-өзі бағалау, өзіне сенім қалыптастыру арқылы өзіндік таным, өзіндік қажеттіліктерді айқындау, өз мүмкіндіктерін пайдалану әрекеттерінде жүзеге асырылады.

Қазіргі мектептің мұғалімінің басты міндеті – оқушының өткізген күні немесе істеген жұмысы жайлы айтқысы, ойымен бөліскісі келетіндей психологиялық ахуал жасау. Әсіресе баланың өзі жасаған әрекеттеріне байланысты басынан өткен сезімдерін қайта оралта алуы, ол жайлы қағазға түсіруі немесе басқаша суреттеуі ерекше жағдайды талап етеді.

Рефлексияның әр деңгейі мұғалімнің мүмкіндіктерінің мазмұнын, түсініктері мен толғаныстарын анықтайды. Мүмкіндіктер шекараларының рефлексиясы, өзі мен басқалардың арасындағы айырмашылықтарды тұжыру кезінде қарама-қайшылық туындап, оны шешуге тырысады.

Инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыру кезеңіндегі рефлексия екі үрдіспен қоса жүреді:

1) мұғалім болжамдау кезеңіне қайта оралғандай болады, сол кезеңнен тұжырымдаманың жекелеген құрамды бөліктерін іздестіреді;

2) екінші үрдіс өз іс-әрекетінің рефлексиясымен, яғни мақсатты жүзеге асыру үрдісімен тығыз байланысты: мұғалім мүмкіндіктері мен сыртқы жағдайлардың ара қатынастарын талдау жүреді.

Мұғалімнің рефлексиялық қызметінің мақсаты: педагогикалық әрекеттің негізгі компоненттерін есіне түсіріп, олардың мәнін, алынған нәтиженің «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдей алу, қолданылған әдіс пен құралдардың тиімді не тиімсіз болғанына байланысты өзіндік көзқарасын білдіру, орындалып өткен әрекеттің нәтижесін зерттеу. Тек сонда ғана алдағы жұмыстарда дұрыс мақсат қойып, алға қарай шығармашылықпен жылжудың жобасын жасау мүмкін болады.

Мұғалімнің басты міндеті: оқушының өткізген күні немесе істеген жұмысы жайлы айтқысы, ойымен бөліскісі келетіндей психологиялық ахуал жасау. Әсіресе баланың өзі жасаған әрекеттеріне байланысты басынан өткен сезімдерін қайта оралта алуы, ол жайлы қағазға түсіруі немесе басқаша суреттеуі ерекше жағдайды талап етеді. Сонымен рефлексия – көп қырлы, кіріккен әрекет. Алдағы жұмыстарда ондай кемшілікті жібермеуге тырысамыз, деген ойда рефлексиялық әрекет іске асады.

Рефлексияның тиімділігін атап көрсетуге болады:

Мұғалім үшін:

- Ақпаратпен күнделікті жұмыс;
- Шығармашылыққа деген ынта-жігері;
- Әрбір оқушының пікіріне құлақ түру;
- Пәндік білім сапасының артуы;
- Өзіндік сынның қалыптасуы;
- Сын тұрғысынан ойлауға жетелеу.

Мұғалімнің кәсіптік даму бағдарламасына іздеу, зерттеу қызметінің мүмкіндіктері жатады.

Рефлексиядан кейінгі білімнің құрамына келесідей компоненттер кіреді: «нені білемін» (өзінің білетін және білмейтін ақпараттарының мазмұны); «қаншалықты білемін» (игерілген білімнің деңгейі, мүмкіншілігі, одан әрі дамыу жайлы ақпарат); «не үшін білемін» (ақпараттың мағынасын түсіну және оны алудың әрекеттерін білу); «мен білемін» (осы білімге және тиісті ақпаратқа қатысты өзін-өзі анықтау).

Осылайша, рефлексия болашақ білім алу әркетіне ынталандырушы бола алады: «Ол туралы тағы нені білуге болады? Нені анықтамадық, бірақ білгіміз келеді? Ол не үшін маңызды?» және т.б. Мұндай жағдайда мынадай көлемді суреттің сызықтық бейнелеуі: миға шабуыл,мотивация (ойлауға шақыру) — іске асыру (түсіну) — рефлексия (ойлау) шығады.

Миға шабуыл, мотивация (ойлауға шақыру) – жаңа тақырыптық мәтінге дейінгі дискуссия, келесідей сұрақтарды қамтиды:

- Тақырып қандай? (Оны атау)
- Бұл тақырып бойынша бұрыннан не білеміз? (білетіндерін жазу)
- Тағы не білгіміз, анықтағымыз келеді? (өз қажеттіліктерін жазу)
- Не үшін білгіңіз келеді? (оз ойларын жазу)

Іске асыру (түсіну) - білім алушылардың жаңа мағыналарға байланысты ақпараттарды іздеу деңгейіне байланысты болады. Бұл этапта таныс емес мәтінді, идеяларды, хабарламаны оқып үйрену іске асырылады.

Рефлексия (ойлау, талдау) - келесідей жағдайларды түсінуге мүмкіндік береді:

- Нені анықтадық?
- Қандай маңызды жаңа ақпарат алдық?
- Не себепті олай ойлайды екен, неге басқаша емес?

Сонымен қатар рефлексия әрі қарай оқу әрекетіне ынталандырады:

- Ол туралы тағы не білуге болады?
- Нені анықтадық, бірақ тағы нені білуіміз керек? Бұл не үшін маңызды?

Рефлексия сатысында білім алушылар жаңа білімдерін бекітеді, өз идеяларын белсенді түрде қалыпқа келтіреді, жаңа білімді «өзімдікі» жасайды, білім алады. Бұл сатыда «білім» адамға ұзақ қызмет етеді, өзгеріске және жаңа сапаға көшуге әкеледі. Мұндай өзгерістерді жаңа мінез-құлық моделі ретінде қабылдауға болады.

Осындай білім алу процесін талдау барысында теориялық білім алудың, диагностика мен өзіндік диагностиканы игерудің қажеттілігі туады. Оқушылар өзі жасаған әрекеттеріне ауызша баға беру, суреттер салу түрінде, кестелер, диаграммалар, сауалнамалар толтыру, эссе жазу сияқты рефлексивті жұмыс түрлерімен айналыса алады.

Сонымен мұғалімнің педагогикалық қызметіндегі рефлексия – көп қырлы, кіріккен әрекет. Бұл әрекет психологиялық тұрғыда адамның психикалық қызметінің өзгеруіне ықпал етсе, педагогика саласында мұғалімнің кәсіби әрекетін жоғары шығармашылық деңгейде жүргізуіне негіз болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бизяева А.А. Психология думающего учителя: педагогическая рефлексия - Псков: ПГПИ им. С.М. Кирова, 2004. - С. 216.
2. Кашапов М.М. Особенности мышления преподавателя в процессе решения проблемных педагогических ситуаций: автореф. дисс. канд наук. Ярославль: 1989. С. 23.
3. Кашлев С.С. Современные технологии педагогического процесса: Посбие для педагогов. – Мн.: Высшая школа, 2002. – 95 с.
4. Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. – М.: 1981. С. 584.
5. Петровский В.А. Психология воспитания - М.: 1995. С. 168.

ХҒТАР 16.41.21

Сманова Газиза Илескановна,
к.п.н., доцент и.о,
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,
E-mail: gaziza_on@mail.ru

Әлмұханбет Шолпан Бақытжанқызы,
магистрант,
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет

ФОРМИРОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ ЛИЧНОСТИ ШКОЛЬНИКА

Аннотация. Қазіргі заманғы динамикалық өзгеретін қоғамдағы адамның маңызды қасиеттерінің бірі - өз біліктілігін үнемі жетілдіріп отыру, өз бетінше білім алу. Басқаша айтқанда, қазіргі заманғы адам ақпаратпен кәсіби түрде жұмыс істей білуі керек, өйткені ақпарат пен білім бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Соңғы жылдары кәсіптік сөйлеуде ақпаратпен тиімді жұмыс істеуді қамтамасыз ететін білім мен дағдылардың жиынтығы көбінесе «дербес ақпараттық мәдениет» терминіне айналуда. Жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетін қалыптастырудағы жетекші рөл білім беру ұйымдарына беріледі, бірақ олар әрқашан өздеріне жүктелген міндеттерді шеше бермейді.

Түйінді сөздер: кәсіби түрде, тәрбие, үйлестіру, оқу, кәсібилік.

Аннотация. Одним из наиболее важных человеческих качеств в динамично меняющемся обществе является постоянное улучшение своих навыков и самообразования. Другими словами, современный человек должен уметь работать с информацией профессионально, поскольку информация и знания являются тесно связанными понятиями. В последние годы термин «личная информационная культура» часто стал совокупностью знаний и навыков, которые позволяют эффективно общаться с информацией в профессиональной речи. Образовательные учреждения играют ведущую роль в формировании информационной культуры личности, но они не всегда отвечают стоящим перед ними задачам.

Ключевые слова: профессионально, образование, координация, образование.

Abstract. One of the most important human qualities in a dynamically changing society is the continuous improvement of their skills and self-education. In other words, a modern person should be able to work with information professionally, since information and knowledge are closely related concepts. In recent years, the term “personal information culture” has often become a combination of knowledge and skills that allow you to effectively communicate with information in professional speech. Educational institutions play a leading role in shaping the personal information culture, but they do not always meet the challenges they face.

Keywords: professionally, education, coordination, education

1. Цель: современная социально-культурная ситуация отличается в Республике Казахстан стабилизацией национальных отношений, весомыми достижениями в области экономики и политики, ростом национального самосознания коренного населения страны, стремящегося к постижению своей истории, к возрождению народных традиций и обычаев. Такое положение дел вызывает потребность в поиске эффективных педагогических технологий, призванных в период школьного обучения сформировать у молодого поколения страны способы познания и развития национальной культуры.

2. Методы исследования: прокламируя актуальность заявленной темы и предлагая гипотезу о важности формирования у молодежи этнокультурных знаний и навыков, мы приступили к поискам эффективных механизмов становления этнокультурной личности. Была проанализирована научная разработанность междисциплинарного подхода к решению поставленной проблемы и выявлены позитивные возможности этнологической ориентации школьников средствами фольклористики как своеобразного способа, призванного повлиять на гармонизацию личности с окружающим миром.

3. Основные результаты: определение этнологического рефлексивного подхода к формированию личности имеет психологический генез, как при рассмотрении становления индивида, так и при анализе воспитательного воздействия на коллектив. Осмысление путей для выбора эффективных способов погружения человека в этнопоток, в конкретное социально-культурное пространство позволило обнаружить консолидирующую функцию устного народного творчества и декоративно-прикладного искусства.

Девяностые годы ознаменовались в Республике Казахстан глубокими изменениями в области социокультурной ситуации, которая характеризуется поворотом в сторону традиционной

культуры. Эта тенденция обнаруживается в культурно-досуговой деятельности, в развитии различных видов творчества, в стремлении возродить декоративно-прикладное искусство, в обращении к ритуальным семейно-обрядовым обычаям. В стране расширяются архивные и исследовательские фонды этнографии; в образовательной системе разрабатываются учебные программы и методики трансляции народных традиций. Известное высказывание Ю. Лотмана «Хранить – значит регенерировать, воссоздавать заново» воспринимается сегодня как девиз теми, кто профессионально изучает утилитарно-бытовые и обрядово-приуроченные традиции. На смену копированию официозных этнокомплексов и их трансформации в эстрадно-сценическую концертность приходит стремление широких общественных масс осмыслить ценность национальной культуры, не допустить ее разрушения и исчезновения, сохранить этническое и национальное наследие, в котором заключена духовность народа, его широта и богатство, красота языка. По большому счету – это желание понять свои истоки и не утратить преемственность с предшествующими и последующими поколениями.

В девяностые годы этнология интегрируется с философией, историей, социологией, мировой и отечественной культурологией. Стремление к интеграции названных отраслей наук обусловлено необходимостью в понимании духовной субстанции своего народа. Для осознанного наследования нравственно-этической, утилитарно-прикладной и художественно-эстетической, для усвоения обычаев межличностного и межэтнического общения закономерным становится обращение к этнопедагогике и этнопсихологии. Комплексно-интегративное изучение названных отраслей определяет методологию этнокультуры – научной области, призванной обобщить, аккумулировать способы трансформации теоретических знаний в практику и позитивно повлиять на сохранение и приумножение традиций определенной нации.

На начальном этапе исследования мы познакомились с материалами Международной научно-практической конференции «Культура и образование двадцать первого века», состоявшейся в г. Алматы в 2000 году. В обращении участников конференции к народу РК нашла яркое отражение мысль о приоритетной роли школы в «формировании личности человека, его умений, отношений и ответственности за судьбу и историческую миссию своего народа и государства. В качестве главных стратегических доминант этнокультурологического образования были определены:

- осмысление исторического этнокультурного наследия;
- сохранение традиций и преемственность в конкретных социальных проявлениях;
- возрождение патриотического духа казахстанской системы образования и культуры.

Понимая важность поставленной задачи и ее актуальность, мы приступили к сбору, систематизации, апробации и описанию учебно-воспитательного обеспечения работы по формированию личности, адаптированной к жизненным обстоятельствам путем приобщения к культуре своего народа. Формирование человеческой личности представляет собой процесс вхождения в общемировую цивилизацию. Для совершенствования этого процесса необходимо создание культурно-образовательной модели, в которой достойное место должны занять компоненты этнокультурной направленности: обращение социума к своей истории и культуре необходимо для преодоления отчужденности и бездуховности молодежи.

В настоящее время складывается картина благожелательности и искреннего интереса по отношению к этнологии вообще и к этнокультурологии в частности: разрабатываются механизмы преемственности традиционной культуры, намечаются ориентиры и стратегии ее использования в деятельности общественных организаций, активизировались научные исследования, вводятся специальные элективные курсы. В ноябре 1989 года Юнеско публикует материалы «О сохранении фольклора», что делает еще более значимой работу по научному описанию и паспортизации сведений, имеющих непосредственное отношение к этнокультурологии. Но по-прежнему остро стоит проблема обеспечения образовательных учреждений программами, планами и учебно-методическими пособиями, в которых описаны методические подходы к формированию этнокультурной личности, способной бережно хранить и приумножать традиции своего народа и воспитанной на уважительном отношении к культуре других народов.

Выводя в качестве стержневого, опорного слова проведенного исследования понятие *этнокультура*, мы рассматриваем его в несколько специфичном значении: во-первых, нам представляется бесспорным его неразрывное единство с понятиями *фольклор* и *декоративно-прикладное искусство*, поскольку речь идет о привитии художественно-эстетических идеалов; во-вторых, ярко прослеживается его связь с народной педагогикой, решающей вопросы формирования у молодого поколения этических, моральных и нравственных качеств; в-третьих, не

остается без внимания его соотнесенность с психологическим аспектом формирования такой личности, в мировоззрении которой грамотно сочетаются индивидуальность и коллективизм, национальное и интернациональное. Сформулированный выше тезис позволяет сделать вывод об интегрированном характере исследования [Балтабаев М.Х., 2000, с. 82].

Такая характеристика значимости этнокультурологии предполагает накопление, фиксацию и констатацию материала, необходимого для включения в учебные программы различных типов школ, где особенно активно идет процесс формирования личности, для которой немыслимы функционирование и деятельность без связи со своим этносом, без знания его традиций и обычаев. Изучение основ этнокультурологии имеет практическое значение, поскольку служит действенным механизмом возрождения и повышения самосознания нации, но важно, чтобы становление личности определялось не только проблемами узкой этнической выживаемости, чтобы понимание потенциала социума, нации, этноса вело к отказу от этноцентризма, раздвигало мировоззренческие рамки и вело к пониманию моделей сосуществования различных этносов.

Процесс становления личности предполагает приоритетность позиции универсального плана – сохранение и развитие целостного и сущностного возможно при сохранении и развитии составляющих это совокупное целое компонентов. Национальное самосознание включает в себя принадлежность к данной общности, любовь к родному языку, национальной культуре, приверженность к национальным ценностям, осознанное чувство национальной гордости и осознание общности интересов. Эти структурные компоненты национального самосознания находятся в постоянном диалектическом развитии и оказывают существенное влияние на способность человека к адаптации как возможности гармонизации с окружающим миром.

Национальная культура в силу своей сути и целостной природы обладает способностью с наибольшей наглядностью отображать национальное – психологию, черты характера, особенности своего народа, его нравственное сознание и самосознание. Этнокультура и национальное самосознание тесно связаны между собой, при этом последнее – необходимая и специфическая сторона общественного сознания, которая отражает общественное бытие человека, его материальную культуру. Важной стороной адаптации человека к жизненным условиям является осознание им своей индивидуальности, принадлежности именно к этой, а не к другой национально-этнической, социально-политической общности – нации и народности.

В условиях обновления общественной жизни раздвигается динамика развития национального самосознания, углубляется интерес к познанию культурного классического наследия, вырабатывается новое явление в сфере духовной культуры. Расширение информационного блока способствует интенсификации коммуникативной связи. Долгие годы был обрыв в развитии и усвоении национальной культуры, этнокультурных связей с народами других стран Востока и Запада. Сейчас идет осмысление духовного наследия у всех народов, возвращаются мощные пласты национальной культуры. Национальное, как философская категория, представляет собой многие стороны жизни этнообщностей, воплощает многообразие индивидуального, особенного, отдельного, охватывает все богатство материальной и духовной жизни нации. При этом надо учитывать, что особенное и общее, национальное и общечеловеческое – явления органически взаимосвязанные. Хотя культура и представляет собой порождение коллективной жизнедеятельности людей, ее практическими творцами и исполнителями являются отдельные личности.

Всякий индивид прямо или опосредствованно работает на формирование личности, социально и культурно адекватной обществу ее проживания, ведет постоянную корректировку параметров этой адекватности на протяжении всей жизни. Личность воспринимается как потребитель культуры, использующий ее нормы и правила в своей социальной практике (особенно во взаимодействии с другими людьми), пользующийся языками и символами коммуникации, знаниями, оценочными стандартами, типовыми этическими формами как данными ему уже в готовом виде инструментами и способами личностной самоидентификации и социальной самореализации. В то же время личность является производителем культуры, творчески порождающим ее новые формы, воспроизводящим или оценивающим в суждениях имеющиеся формы, что уже по самому факту индивидуального интерпретирования (собственной оценки) может быть квалифицировано как акт творчества. И, наконец, личность характеризуется как транслятор культуры, поскольку, воспроизводя ее образцы в практической деятельности и в своих суждениях, она тем самым передает информацию о них другим людям [Лотман Ю.М., 2008, с. 34].

В этой связи постановка проблемы адаптации личности в современном социокультурном пространстве через этнокультурную ориентацию является позитивным фактором. При таких

подходах можно говорить о возрождении гуманизма, становлении ноосферы, приоритетности культуры и о воспитании самодостаточной созидательной личности, которая будет ощущать себя комфортно благодаря пониманию своей принадлежности не только к определенному этносу, но и ко всему человечеству.

Правильно отобранное содержание образования, его эффективные технологии и наличие методического обеспечения деятельности учителей и классных руководителей призваны способствовать формированию грамотных национальных отношений, в основе которых – устремление к прогрессу и цивилизованному сообществу. Ведущим положением этнокультурного образования в целом становится роль средних и высших учебных заведений, где возвращение в обиход фольклорных жанров обусловлено воспитательными задачами, где на успешную социализацию и этнокультурную адаптацию ребенка оказывают благотворительное воздействие этнопедагогические методы, а также наличие большой сети этнохудожественных и этнографических клубов, студий, кружков. Завоевав свое право на жизнь, они призваны способствовать реализации воспитательных и образовательных задач в аспекте становления личности, ощущающей свои национальные корни и способной в семейно-бытовой и общественно-производственной деятельности использовать этнокультурный потенциал, освоение которого происходило под руководством профессионалов-педагогов [Гусейнов А.А., 2002, с. 51].

Школы, став пропагандистами народной традиционной культуры, помогут обществу в освоении, сохранении и развитии этнографии и этнокультуры. Провозглашение значимости и актуальности инновационной образовательной доктрины станет не декларативным приемом, используемым в идеологических целях, а действенным способом гуманизации и гуманитаризации общественных отношений внутри страны. Повсеместное открытие гуманитарных гимназий и лицеев предполагает разработку новых подходов к этноэстетической и этнокультурной подготовке выпускников. Кроме того, такая подготовка является прочной и необходимой базой в усвоении знаний по страноведению, без которых практически невозможно говорить об элитном светском образовании.

Таким образом, диалектические подходы к адаптации молодого поколения страны к современной политической, экономической, идеологической жизни общества немыслимы без освоения этнокультуры, которая, в свою очередь, призвана служить той надежной базой, на которой будет идти усвоение культур других народов и наций, а по большому счету – процесс формирования евразийцев, обладающих национально-патриотическим зарядом и способных к интернациональному восприятию явлений действительности.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Лотман Ю.М. Культура и взрыв. – М, 2008.
2. Балтабаев М.Х. Методологические основы культурологического образования.//Сб. докладов МНПК «Культура и образование XX! века». – Алматы, 2000. – С. 82-84.
3. Гусейнов А.А. Золотое правило нравственности. – М., 2002.

ҒТАХР: 14.01.01

Смихан Айдана Естаевна,
2 курс phd докторанты,
Абай атындағы ҚазҰПУ,
Қазақстан, Алматы қаласы,
E-mail: alikeeva.aidana@mail.ru

БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУДІҢ МӘНІ

Аннотация: Қоғамымыздың ертеңгі болашағы – мектеп жасындағы жас жеткіншектер. Оларды халықтық салт-дәстүрді, әдет ғұрыпты қастерлеуге, құрметтеуге үйреткен абзал. Өз халқының мол мұрасын, ұлттық ерекшеліктерін білудің адам болып қалыптасуына берер пайдасы зор. Оқушыларды ұлтжандылыққа, халқын қастерлеп, оған қалтықсыз қызмет етуге тәрбиелеу және адамгершілікке, қайырымдылыққа баулу мақсатында күнделікті оқу-тәрбие жүйесінде халықтық педагогиканың тағылымдарын енгізу кең өріс алып келеді. Сондықтан біз биология пәніндеде күнделікті этнопедагогика элементтерін тиімді түрде пайдалана аламыз.

Кілт сөздер: этнопедагогика, этномәдени, тәрбие, салт-дәстүр, биология.

Аннотация: Молодые подростки школьного возраста - наше завтрашнее общество. Мы должны научить их уважать народные традиции, обычаи. Для становления человеком полезно знать наследие своего народа. В целях воспитания подрастающего поколения в духе патриотизма, уважения к народу, беззаветного служения ему и привития нравственности и милосердия, в повседневной учебно-воспитательной системе широко развиваются использование народной педагогики. Поэтому мы можем эффективно использовать элементы этнопедагогики на уроках биологии.

Ключевые слова: этнопедагогика, этнокультурная, воспитательная, традиции, биология.

Annotation: Young school-age teenagers are our society of tomorrow. We must teach them to respect national traditions and customs. To become a person, it is useful to know the heritage of your people. In order to educate the younger generation in the spirit of patriotism, respect for the people, selfless service to them and instill morality and charity, the use of folk pedagogy is widely developed in the daily educational system. Therefore, we can effectively use elements of ethnopedagogy in biology lessons.

Key words: ethno-pedagogy, ethno-cultural, educational, tradition, biology.

Ата-бабамыз тәрбие негізі - өнеге, оның мақсаты адамды, сол адамның ұлтын, барлық адамзат дүниесін бақытты ету. Ұлт мүшесі - әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесі бақытты деген. Қазақ халқының тәрбие туралы ой-армандары тек қазақша ұғымдармен тараған. Ата-баба тәлім-тәрбие жүйелері - ғасырлар бойы қалыптасқан қағидаларында, қисындарында, жөн-жосығында, әдетте осылай еді деген сездері мен ұғымдарында, болжам-топшылауларында. Ал осылар халық әдебиетінде, тарихымыз бен мәдениетімізде, әдет-ғұрып, дәстүрімізде, оларды әнге қосқан, жыр еткен ұланғайыр поэзиямызда, ата-бабаларымыздың даналығында, батырлардың білегінде, қыранның қанатында, арулардың жүрегінде, ақсақалдардың ақ батасында, аналардың тілегінде, ақындарымыздың арман құсында, тұлпарлардың дүбірінде, шығыс данышпандарының ғаламат нақылдарында, сан ғасырлық тәжірибелерінде. Тобықтай түйінмен айтсам, қазақтың тәлім-тәрбие теориясы, сол қағидалары, жөн жосығы, қисындары, салт-дәстүрлері, өмірлік дағдылары, өмір өрнегі, психологиясы қазақша терең ойлауында, даналық сөздерінде. Ата-бабаларымыздың айтқандары дәлелді, озық, тайға таңба басылғандай көп жағдайда қазіргі заман талабымен үндесіп, мәңгі жойылмайтын дайын үлгі, өнеге, тәлімдік әдіс-тәсіл ретінде егеменді елімізге баға жетпес үлес қосып отыр. Ауыл үйдің айбары болған бабалар сөзі, аталар батасы, мірдің оғындай шешендік суырып салма сөздері, өнегелері т.б. біле білсек бүгінгі мен кейінгі ұрпақ үшін болашақтан-болашаққа дейін баға жетпес байлық. Олар болашақ ұрпағын бақытты еткісі келеді.

Қазақ халқы ұрпақ тәрбиесінде, яғни, отбасы тәлімінде қажыр-қайрат, сабыр-тағат тәрбиесіне ерекше мән берген. Себебі, қажырды мұрат-мақсат пен арман-тілекке жету жолындағы алтын тірек десе; қайратты сол көздеген мақсат-мұрат пен арман-тілекке жеткізетін рухани күш; ал, сабыр тағатты ақыл-ойдың алтын көпіріне балап, ұрпақтарын биік мұрат, асқақ арманға жету үшін қажыр-қайрат көрсетіп, әр қандай қиындыққа бас имей, сабыр-тағат көрсетуге баулып отырған.

Болашақ камын ойласақ, сол асыл мұраны жандандырып насихаттап, тәрбие мәселесінде кеңінен пайдалану керекпіз. Өйткені, казақ халкының "Қанжардың ұшында, қылыштың жүзінде тіршілік кеше отырып қалыптастырған салт-дәстүрі" - "Адамгершілік" деп аталатын ұлы ұғымның

алтын қазығы. Ұмыт болып бара жаткан ырым мен тыйым, жөн-жосық, жол-жоралғы, ұлттық қағида, ғұрып, әдеп пеп әдет тағы сол сияқты казақтың өмірлік үлгі, тәлім-тәрбие түрлері көрсетілді.

Баланың психикасы негізінен өмір барысында, оқу-тәрбие барысында қалыптасады. Бала дүниеге ақылды, не ақылсыз, зұлым, не ақ ниетті болып келмейді. Бала ойлау, сөйлеу қабілетіне туыстас болатын икемділікпен ғана дүниеге келеді. Бала психологиясының жетіліп, қалыптасуы бір күннің ісі емес, ол ұзақ уақытты қажет етеді, мұндай қабілетке үлкендердің өзі үнемі оқу, үздіксіз іздену арқылы жетеді. Мысалы „Көргеннен көрмегенім көп, білгеннен білмегенім көп“, „Көргенің бір тоғыз, көрмегенің тоқсан тоғыз“, „Естімеген елде көп“, „Адам туа білмейді, жүре біледі“, „Сөйлей-сөйлей шешен боларсың, көре-көре көсем боларсың“ деген мақалдардан да осы түйінді анғарамыз. Даналардың сөзі ұрпақ үшін тек танымдық дүние ғана емес, ол ата-аналар үшін де аңсап, сусап оқитын тәлімдік, тәрбиелік өнеге.

Халықымыздың сан ғасырлық тыныс-тіршілігінің өзіндік ерекшеліктерінен туындаған ұлттық тәлім-тәрбиеге қатысты салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары да мол. «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» дегендей, атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келер ұрпақтың бойына сініріп, ізгілікке тәрбиелеуді арман етіп, «шыншыл, әділетті, иманды болу сонау ата-бабамыздан келе жатқан дәстүріміз» дейді де сол дәстүрді бұзғандарға ат-шапан айып тартқызып, кейінгі ұрпақтың ата салтын мықтап ұстауын да талап еткен. Мәселен, атасы немересін алдымен, елінің құтты қонысымен таныстырған. Жылдың әр мезгілінде елдің қайда, қалай көшетінін, суды қайдан ішетінін, жеті атасын, олардың зираттарын, елдегі даңқты адамдардың ерлік хикаялардың, ауыл-аймақтағы жер-су атауларын ерінбей баласының санасына сіңіре білген. Ауыл үйдің айбары болған бабалар сөзі, аталар батасы, аналар сүті, енелер өсиеті, мірдің оғындай шешендік суырып салма сөздері, сезімталдығы, дархан пейілі, қайырымдылығы сияқты қадір-қасиеттері - біле білсек бүгінгі мен кейінгі ұрпақ үшін бала шақтан - болашаққа дейін баға жетпес байлық. Осындай асыл қазынаны шыр етіп жарық дүниеге келген сәбидің көзін ашқан күннен бастап бойына сіңірмесе, рухани мүгедек болуы анық. Істерің байқасаң баланың, білесің мінезінің таза дұрысын (қазақ нақылы) [4, 10, 17 б.].

Қазақ халқы өз ұрпағын бесікке салғаннан бастап, оның ақыл-ойын ойдағыдай қалыптастырып, ойлау-сөйлеу жүйесін дамыту жолында өзіндік әдіс-тәсілдерді шебер пайдаланып отырған. Халқымыз ғылым-білімді дәріптеп, ақыл-ой тәрбиесінің негізі - терең ойлау мен пайымдау екендігін ұрпаққа жан-жақты ұғындырып отырған, әр отбасы өз баласының ойлау жүйесін дамыту үшін санамақтар мен жұмбақтардың, түрлі аңыз-әңгімелер мен тақпақтардың, өсиет сөздердің тәрбиелік мәнін әр кез қатты ескерген. Сондықтанда, осы дәстүрді жалғастырып, біздерде бүгінгі күні ұлттық дәстүрімізді жандандырып, ұлттық мұрамызды ұрпаққа үйретуіміз керек. Осы орайда, биология пәнінде де, этнопедагогикалық элементтерді пайдалану арқылы өкізсек, әлбетте ол пән оқушыларға танымды, қызықты өтуі әбден мүмкін. Мысалы, биология пәніндегі әртүрлі тақырыптарда біз түрлі жұмбақтарды пайдалансақ болады. Себебі, жұмбақ - баланың дүниетану жолындағы жан-жақты ой-өрісін, оның қиялын шарықтататын ойлы сөздің мәйегі. Ол - баланы зеректік пен алғырлыққа, тапқырлық пен парасаттылыққа тәрбиелеуде іздесе таптырмайтын құрал. Баланың ақыл-ой тәрбиесінде оның алатын орны ерекше зор. Баланың жасы өскен сайын оларға айтатын ертегілердің мазмұны да күрделене түседі.

Ахмет Байтұрсынов [2, 337-339 б.] зерттеулерінде де адам баласына жас шағынан-ақ өзін қоршаған ортаның неден тұратынын білу шарт екенін айтады. 1926 жылы жарық көрген “Әдебиет танытқыш” атты еңбегінде “біздің сезіп көріп жүргендеріміздің бәрі табиғат заттары, табиғат денелері және адам ісінен шыққан жасанды нәрсслер, жасанды нәрселерді істеуге жұмсалатын адамның өнері, білімі, күші, олай болса, сол заттарды істейтін де, пайдаланатын да болашақ жастар екенін ұмытпау керек”, - дейді. Бұл пікірдің биология ғылымына да қатысы бар деп қарауымыз керек.

А. Байтұрсынов бала қиялын дамытуда жұмбақ, жаңылтпаштардың маңызы зор екенін атап көрсетті. Ол жаңылтпаштың бала тілін дамытудағы рөлін өте жоғары бағалады. Жаңылтпашты жаңылмай айту үшін алдымен сөздің мағынасын түсіну, сонан әрі дұрыс айту үшін бала үлкен күш жұмсайды, ойланады, ой қорытады. Осы арқылы оның санасында ұғым қалыптасады. Міне бұл пікір биология сабағында да жұмбақ, жаңылтпаштарды кеңінен қолдануға болатындығын көрсетеді.

Кемеңгер, ойшыл ақын Шәкәрім Құдайбергеновтың [3, 327 б.] табиғатты суреттейтін шығармаларының оқушыларға табиғат заттары мен құбылыстарынан білім беруде теңдесі жоқ дайын материал. Осы тұста академик Сухомлинскийдің: “... балалардың сезіміне, түйсігіне,

қиялына ықпал жасаңдар, шексіз әлемге дсген терезені біртіндеп қана ашыңдар", - деген қағидасы ойға оралады. Шәкәрімнің әрбір өлеңі дүниеге қызығуы, еліктеуі мол, қиялы ұшқыр, бала жанына тербеу салып, әдемілікке, сұлулыққа еліктетіп, сол сұлулықты өзін қоршаған ортадан іздеуге итермелейді. Нақты табиғи өзгерісті көркем тілмен жеткізе отырып, табиғатта болатын құбылысты, оның шаруашылыққа тигізетін әсерін паш ететін өлеңдері оқушылардың дүниетанымын кеңейтеді, оларда табиғат туралы ғылыми түсініктердің пайда болуына, дұрыс көзқарастарының қалыптасуына негіз салады.

Шәкәрім шығармаларында халықтың бай дәстүрі жете сипатталады. Сонымен қатар, ол балаларға жұмбақ шештіру арқылы олардың тапқырлық, сезімталдық қасиеттерін дамытуға әсер етуге мүмкіндік туатынын сөз етеді.

Бесарыс еңбектеріне [1, 209, 214 б.] шолу жасағанда кемеңгер ойшылдарымыздың қай-қайсысы да, балаға тәрбие беруде, олардың білімін кеңейтіп көзқарасын қалыптастыруда ұлттық тәлім-тәрбиенің, әдет ғұрыптың алатын орынын баса көрсеткен.

Бұл ғалымдар қазақ халқының болашағы - жастарды дамыту үшін нені оқыту, қалай оқыту керектігін айта келіп, берілетін білімнің ұлттық педагогикаға негіздеу арқылы олардың бойында халықтың рухани байлығын сіңіруге болатындығын дәлелдейді.

Революциядан кейінгі кезеңдегі мектептердегі дүниетану матсриалдарының оқытылу жайын сөз еткенде, оның тарихына тоқталғанда ең көрнекті орын алатын пікірлермен дайын қағидаларды жоғарыда аталған азаматтарымыздың еңбектерінен кездестірдік. Бұл ғылыми, педагогикалық, психологиялық, әдеби және тарихи шығармаларды халқымыздың асыл мұрасы ретіндс зерттеулерімізге негіз етіп, оларды теориялық, әдістемелік құралдар тұрғысында пайдалануға тырыстық. Бесарыс шығармаларының психологиялық, педагогикалық тұстарын биология пәнін оқыту барысында кеңінен қолдануға болатындығына көз жеткіздік.

Ертегі — баланың таным-тіршілігін, ақыл-ойын дамытуда тамаша құрал екенін естен шығармағанымыз абзал. Халқымыздың сан ғасырлық тыныс-тіршілігінің өзіндік ерекшеліктерінен туындаған ұлттық тәлім-тәрбиеге қатысты салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары да мол. «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» дегендей, атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келер ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеуді арман етіп, «шыншыл, әділетті, иманды болу сонау ата-бабамыздан келе жатқан дәстүріміз» дейді де сол дәстүрді бұзғандарға ат-шапан айып тартқызып, кейінгі ұрпақтың ата салтын мықтап ұстауын да талап еткен.

Сүйер ұлың болса, сен сүй, Сүйенерге жарар ол, Бес жасқа дейін баланды патшадай күт, Бес жастан кейін құлша жұмса, Он бес жастан кейін досындай қара,

- деген ата-бабамыз бала тәрбиесін ең алдымен мейірбандыққа үйретуден бастап, екіншіден ақылын қалыптастырған. Ақыл-ауыздан, мерей-көзден танылған. Содан кейін барып білім берген. Осы үш жолда да дене, сұлулық, мінез-құлық, құқ-әдеп мәселесі естен шығарылмаған. Ұлы жол үйінің табалдырығынан бастаған.

Қазақта жар таңдаудағы ер азаматқа ең бірінші қойылар талап та бар психологияда - ол қалыңдықтың тектілігі. Халықтың түйгісі: «Тегіне қарап қызын ал, соғуына қарап қару ас», «Көріп алған көріктіден, көрмей алған текті артық», - деген ғибратқа меңзейді. Мысалы:

Тектіден текті туады Тектілік тұқым қуады, Тегі бекзат болғандар Өмірдің мәнін ұғады, деп атам казақ бекер айтпаған. Тектілік деген - қасиетті сөз. Ол сөздің мағынасын ұғыну да, сезіну де керек. Ең негізгісі өміріңде тектінің ісін істеу, тексіздік әрекетке бармау, оған жол бермеу, өзіңді қоршаған ортада ғумыр бойы тектілікті қалыптастыра білу болып табылады. Халқымыздың тектілік, адамгершілік тәрбиесі қай халықтан да кем болмағаны белгілі. Қазақ - өзінің имандылығымен, қайырымдылығымен, ақниеттілігімен, инабаттылығымен, жомарттығымен көзге түскен халық. Сондықтан әр ұлт өз халқының педагогикасымен сусындап, жастардың ұлттық намысын оята отырып, оларды өркениетті дамуға жақындатқаны жөн. Қай елдің ұрпағы күшті болса, ол мемлекет күшті де қуатты болады.

«Топырағына қарап дән өседі, Тегіне қарап жан өседі», деген сөз соның дәлелі. Қазақтың ата тегі мәдениетіне назар аудару ондағы елдің менталитеті ұғымын түсінуге мүмкіндік береді. Қазақтың ата тегінің болмыс шындығына тікелей жақындығы - олардың бақылауы, қабылдауы, дүниеге сезімдік тұрғыдан жақын болуы және бұл болмыспен тамырластығы уақытты, кеңістікті, адамның ішкі дүниесін, тіршілік етудің басқа да жақтарын, болмыс мәнін, ар-ождан бастауларын түсінуінен өз көрінісін тапты. Оның үстіне бұл игіліктер ежелден келе жатқандығы сонша, олар адамға нәресте күнінен қанына сіңген, сондықтан да көбінесе санасыз әрекеттерге барғанымен, оның түпкі мәнін түсіне алады. Бұл адам санасында жиі кездесетін, қанында бар, туа біткен және атадан қалған мінез-құлық формалары, оларды жеке адамның тек өз өмірі арқылы түсіндіруге

болмайды. Бұл дүниедегі барлық заттардың өз тарихы бар, яғни ақыл-ойдың да өз тарихы болуға тиіс. Тектілік атадан қалған рухани асыл мұра. Бұған тіпті шетелде «homo sapiens» деп үлкен мән берген. Тәуке ханның «Жеті жарғысында» да тектіліктің оның назарында болып, неке жеті атаға дейін рұқсат етілмей, тыйым салынған. Тарихтан белгілі жәйт, тіпті Жәнібектің өзі басқа ел-жұрттың басшысы жеті атаға қарамай үйленіп жатса, оған қарсы соғыс ашқаны. Бұдан қазақ халқының тектілікке мән беріп, назарында ұстап отырғанын байқаймыз. Бұл туралы академик Досмұхамет Кішібеков былай дейді: «Басқа халықтан бір өзгешелігі - қазақта тектілік деген аталы сөз бар. Бұл оның менталитетінің бір қыры. Ол үлкен азаматтықтың, адамгершіліктің көрінісі. Шыншыл болу, ойынды бүкпей айту, турашыл болу, мүсәпірге қол үшін беруге, біреуге жәрдемге келуге дайын болу, ол да тектілік. Қоғам қашанда тектілерге сүйенеді. Кейбіреулер өзінің тектілігін бұрын өмір сүрген бабаларынан іздейді. Бұл дұрыс. Бірақ өзіңнің тектілігіңді тек солардан ғана шығару жеткіліксіз. Өзің сол ата-бабалар рухын көтеруде еңбегіңмен қоғамға қандай үлес қосып жүргенің де көрсетеді. «Тектен шығатын тектілік» қазаққа тәрбиелік манызы үшін ас қажет. Жалпы, тегін іздеу - тектілікті іздеу болмақ. Тектілікті жоғалту - ұлттың тек қалыбындағы келбетінің өзгеруі, ғылыми тілде алсақ, ассимиляциялану қаупінің төнгенінен емес. Ол, ең алдымен, әрбір әулеттің ғасырлар бойында қалыптасқан «мендік» ерекшеліктерінің шашырап кетуінен, яғни, «тегін танымай өскен ұрпақтың» тегінен бас тарта бастағандығынан көрінеді. Аталары туыс, жеті атаға дейін қандары жақын адамдар бір-бірімен үйленсе, олардан туған ұрпақтың өмірге әлжуаз, аурушаң, керең, мылқау, соқыр, денелері ұсақ, қол-аяғы кем, ақыл-естері шала болып келетінін атам қазақ ежелден-ақ біліп, ондай некеге тыйым салған. Адамдардың бойындағы бар адамгершілік пен мейірімділіктің, ер-жүректілік пен адалдықтың, инабаттылық пен ақылдылықтың, шешендік пен тапқырлықтың, көрегенділік пен ақындылықтың, қатігездік пен жауыздықтың тұқымнан тұқымға қан арқылы беріліп отыратын ерекше бір қасиеттер екенін бабаларымыз сезген. Бұқар жыраудың «Жаманнан жақсы туса да, жақсыдан жаман туса да, адамның ата-тегінен» деген. Қазақ сонау тұқым-тұяғынан бері қарай, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан, тұқым қуалайтын барлық жақсы қасиеттердің жиынтығын «тек» деген ұғымға сыйғызып, ондай адамдарды «текті» деп, бір ауыз сөзбен сипаттаған. Нақ сондықтан да көреген ата-бабаларымыздың тегін таза сақтау үшін, тұқымын аздырмас үшін текті жерден қыз алып, текті жерге қызын беріп, ардақты елмен, өсіп-өнген атамен құда-жекжат болуға, сүйек жаңғыртып отыруға тырысқан. Сөйтіп халықтың жазылмаған Ұлы Заңын қалыптастырған. Ұлттық ерекшеліктерін қатаң ұстап, пәлендей дабыраламай ұрпақтан ұрпаққа жеткізуіне тектілік негіз болды деп айтуға болады. Себебі біздің заманымыздың үлкен, кішісі қара шал, қара кемпір, қара бала атанатын, жастарымыздың арақ-шарап ішіп, анаша тартып, тасбауыр, қатыгез, адам жеуге дейін баруы осындай тектік негізден айырылып қалғанымыздан шығар деген түйін ойландырады. Өйткені түрлі нәсілдерді біріктірудің, бір тілге, бір одаққа айналдырудың тарихтан өткен сәтсіз тәжірибелері бәрімізге белгілі. Сондықтан мәңгүрттіктің төркіні - тектің бұзылуында деген бабаларымыздың тобықтай тұжырымын ескергеніміз жөн сияқты. Ақын Жүсіп Баласағұн:

«Жақсы болсын тегі, заты, тұқымы, Пәк, ұятты болсын жанның тұнығы», десе, оны Ақтанберді жырау: «Елден елді аралап, Тектіден текті саралап, Нұсқасын байқап шамалап Көріп алсаң көріктіні, Тандап алсаң тектіні, Содан көңіл толмай ма?» — деп қостағандай болады. Ашығын айтсақ, тектілікті қадағалау, қазір ешкімнің де ойына кіріп-шықпайды. Негізінен халықтың генофонының алтын арқауы осында жатыр ғой. Ол біздің дәстүрімізге «Жеті атаға дейін қыз алыспау» салтымен орай сіңгені түсінікті. Бүгінде ең ауыр зауал ата-ана мен бала арасындағы қайшылық. Көпшілік жағдайларда ықпалы әлсіреген ата-ананың пікірімен балалары санаспайды. Осының салдарынан ата-ана мен бала арасындағы шын жүректен шығатын сыйластықтар, мүлдем жасанды қылықтармен алмаса бастайды. Қазақ ежелден ұрпақ тәрбиесіне, оны өсіруге қатты көңіл бөлген халық. Тәлім-тәрбие жүйелері ғасырлар бойы қалыптасқан қағидаларында, жөн-жосығында «әдетте осылай еді» деген сөздері мен ұғымдарында, болжам, топшылауларында жатыр. Осы орайда, ойы терең, өмірден түйгені мол өз заманының ақылгөй даналары былай деген: «Қорегі бар текті жерден нәр алған Арғы атасы көк түріктен жаралған. Атасының тектілігі, ақылы Ұмай ана ақ сүтімен тараған». XX ғасырдың білікті қоғам қайраткерлерінің бірі Әлихан Бөкейханов былай деген: «Менің сүйегі сынбас, сағы таймас, текті рухты халқымның кереметтігі сол, ол өзінің тегіне тән сұлулықты, тектілікті сақтай білген. Мен танитын қазақ халқы осы. Бұл менің ғана халқыма тән қасиет», - деген.

Биология пәнінде «Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтарын» оқыған кезде ата-бабаларымыз жеті ата, жеті атаға жетпей қазақта қыз алып, қыз беруге тыйым салғандығын оның негізі дүниеге дені сау ұрпақ келуін қадағалағандығын айтуға болады. Осындай халықтық

педагогика элементтерін сабақ барысында пайдаланудың тиімділігі жоғары ол халқымыздың тыныс-тіршілігінің барлық жақтарын қамти отырып, адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелейді. Осы үлгідегі оқытудың әдіс-тәсілдері оқушылардың есте сақтау қабілетін арттырып, оларды жинақылыққа, дәлдікке, шығармашылыққа баулуға көмектеседі деп ойлаймын.

Қазіргі ғылыми дәлелдеулер бойынша, қазақ ұлтының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері әу бастан-ақ дамыды. Оның озық үлгілері ұрпақтан-ұрпаққа көшіп, біздің дәуірімізге жетті.. Ұлтымыздың осындай тәлім-тәрбиелік, сезімдік мәніне терең үңіліп қарап, сырын ашатын болсақ, одан өте көп ғибратты істерге қанық боламыз. Адамдардың қарым-қатынасын реттейтін ұлттық ойындар, қалжыңның түрлері, достық-құрдастық, туыс- қандық қарым-қатынастардың деңгейлері (жеңгесі мен қайнысы, нағашысы мен жиендері, жездесі мен балдыздары, т.с.с) тәрізді салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, ырымдардың барлығы қазақтың өзіндік дүниетанымын қалыптастыруда, тәлім-тәрбие беруде үлкен рөл атқарады. Өйткені ұрпақ тәрбиесі - келешек қоғам мұрагерлерін тәрбиелеу ісі. Ол мемлекеттік маңызы зор, аса жауапты іс. Дені сау, сезімі сергек, ақыл-ойы жетілген «сегіз қырлы, бір сырлы» абзал азамат өсіру ісі халқымыздың ғасырлар бойы ой арманы болып келеді. Осы арман дене, әдеп, ақыл-ой адамгершілік, кәсіптік және парасат пен намыс т.с.с. тәрбиенің түрлері арқылы ұрпақтан-ұрпаққа заманалар бойы халықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарда марапатталып, сіңіріліп, іске асырылып отырды.

Бұл мақсатты жүзеге асырудың бір саласы - биология сабақтарында халық шығармашылығы мен халықтық педагогика элементтерін пайдаланудың жолдары мен әдістерін қарастыру деп ойлаймыз.

Бүгінгі таңда қоғамның ұлттық мәдени тұрғыдан ксмелденуі жас ұрпақты өз халқының рухани қазынасымен, ұлттық тәрбиенің озық өнегелі дәстүрлерімен тереңірек таныстырып, соның негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру, оның шығармашылық, рухани мүмкіндіктерін дамыту міндетін қойып отыр. Тәуелсіз мемлекетімізге ішкі дүниесі солқылдақ, рухани мәдениеті таяз адам емес, халық тәжірибесімен сусындаған, ұлттық дүниетанымы, мінез-құлқы қалыптасып, жан-жақты жетілген, парасатты адамдардың қажет екендігі бүгінгі күні толық мойындауда.

Осы орайда республикамызда халықтық дәстүрді жинақтап зерттеу, саралап игеру, оларды жастар тәрбиесіне кеңінен ендіру, жаңғырту мәселелері қолға алынуда. Уақыт талабымен өмірге қайта оралған халықтық педагогиканың озық дәстүрлері бұл күнде отбасы, мектеп тәжірибесінен лайықты орын алуда. Мұндай игі бастама қазірдің өзінде білім мазмұны мен тәрбие әдістеріне, оқу жоспарларына, ғылыми зерттеулерге жаңа леп, өзгерістер әкелуде.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әшімханов Д. Бес арыс.-Алматы: Жалын. – 1992. - 209-214 б.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол. Алматы: Жалын. - 1991. - 337-339 б.
3. Құдайбергенов Ш. Шығармалары. - Алматы. Жазушы, - 1988. - 560 б.
4. Оразбекова К.А. Қазақ отбасы психологиясы. 2-басылым. Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, Алматы 2016, - 208 б.

Стычева Ольга Андреевна,
к.п.н., доцент,
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,
e-mail: gaziza_on@mail.ru

Ақтөреева Сабина,
магистрант,
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет

ВЛИЯНИЕ ЭТНОКУЛЬТУРЫ НА СТАНОВЛЕНИЕ ЛИЧНОСТИ

Аннотация. Этномәдениет феноменінің әлеуметтік-педагогикалық мәні адамның өмір сүруіне мән беретін әлемді, өмір салтын және мінез-құлықты қабылдау тәсілін айқындайтын адамның және оның халқының ортақ тағдырларының терең байланысын сезіну арқылы тұлғаның қалыптасуына әсер ете алады.
Түйінді сөздер: толеранттылық, өзара түсіністік, мәдениет, дәстүрлер, жетістік.
Аннотация. Социально-педагогический смысл феномена этнокультуры заключается в ее способности оказать влияние на становление личности через ощущение глубинной связи общности судеб человека и его народа, определяющей способ мировосприятия, уклад жизни и поведения, придающей смысл человеческому существованию.
Ключевые слова: Толерантность, взаимопонимание, культура, традиций, успех.
Abstract. The socio-pedagogical meaning of the phenomenon of ethnoculture lies in its ability to influence the formation of personality through a sense of the deep connection of the common destinies of a person and his people, which determines the way of perception of the world, lifestyle and behavior that gives meaning to human existence.
Key words: Tolerance, mutual understanding, culture, traditions, success.

1. Цель: национальная политика суверенного Казахстана способствует решению фундаментальной задачи – обеспечению равных возможностей каждому гражданину в реализации конституционных прав. В Ассамблее народов Казахстана нашла отражение глубинная суть единства казахстанского общества – взаимоуважение и взаимопонимание людей разных национальностей. Толерантность и уважение к традициям и обычаям других народов и их языку – главное достижение государственной национальной политики. Коренные жители страны, казахстанский народ с гордостью должны осознавать и то, что нам удалось сохранить устои своей культуры, язык, особенности своих обычаев и традиций. Задача сегодняшнего дня – закрепить успех, создав условия для формирования этнокультурной личности, осознающей свои корни, знающей свою истории и в этом черпающую силы для сохранения нации и – в то же время – для преодоления национальной замкнутости [Назарбаев Н.А., 2006, с. 3-4].

2. Методы исследования: анализируя социальные, этнические и культурные процессы, происходящие в нашей стране, мы обнаруживаем много общего с теми явлениями и процессами, которые происходили в других странах, достаточно всесторонне изучены и описаны. И вместе с тем Республика Казахстан по многим параметрам представляет собой феномен: индивидуальный характер протекающих в ней процессов служит предметом пристального внимания отечественных и зарубежных ученых, о нем рассказывает в своей новой книге «Казахстанский путь» Президент страны Н.А. Назарбаев.

3. Основные результаты: стране удалось избежать кризисных тенденций и негативных явлений в области этносоциальных и межличностных отношений, но такое положение дел отнюдь не освобождает социологов, политологов, культурологов, психологов и педагогов от поиска и внедрения в повседневную практику культуротворческих механизмов в формировании личности. История свидетельствует, что все переходные эпохи актуализировали и оптимизировали этот процесс поиска, используя в разные времена различные механизмы воздействия на человеческую психику, на формирование личностного статуса индивида. Это и гармонизация с природой, и воздействие через религию, и облагораживание средствами искусства, и воздействие через возбуждение (эффект «высвечивания»). Использовались также суггестивно-гипнотические методы, а в последние годы эффективными признаны средства экранной культуры.

Говоря об акселерации, мы отмечаем ее позитивные и негативные стороны. Скоростное освоение механизмов адаптации декларативно-назидательными способами не влияет положительно на усвоение информации, поверхностная эффективность мешает глубокому и всестороннему усвоению таких сведений, которые должны составить социологическую базу

личности, не создает условия для ее потенциального роста и планка притязаний относительно социального престижа оказывается достаточно низкой, ни в коей мере, не задевающей вопросов духовности. Возникает необходимость в создании психолого-педагогических основ, призванных повлиять на процесс становления личности, обладающей духовными ценностями, содержание которых связано с ее этническими корнями. При таком подходе особым содержанием наполняется значимость родного языка, история своего народа, сам процесс овладения этнокультурой.

Молодое поколение должно быть ориентировано не на «деэтнизацию», а на овладение мировой духовной культурой через глубокие знания традиций и моральных устоев своего народа. Этническое и национальное не должно представляться экзотическим развлечением, внешним проявлением обрядовой атрибутики. Оно должно стать той основой, которая делает человека уверенным и сильным, которое формирует чувства гражданственности и патриотизма, его готовность с вниманием и уважением знакомиться с культурой и традициями других народов и этносов. Опасно, если этническое общество испытывает усталость, депрессивную подавленность и стрессовую тревожность: это провоцирует процессы эндо-экологического напряжения, истощение генетических, регенераторных и репродуктивных резервов. Нарушается естественный ход событий, отсутствуют возможности для формирования компенсаторных адаптационных механизмов. Все это грозит этносу необратимыми последствиями. Что можно противопоставить этому негативному процессу?

Поиск эффективных механизмов адаптации человеческой личности, ее коррекции, компенсации и развития, который ведут ученые социально-гуманитарных отраслей знаний, приводит к убеждению в том, что именно этнокультурный подход к становлению личности может служить своеобразной и эффективной моделью гармонизации человека и окружающего его мира. Этнокультурные ценности невозможно навязать извне ни человеку, ни социальной группе, ни обществу в целом. Необходимо создать такие условия, которые бы способствовали формированию этих ценностей. В качестве эффективного средства социальной адаптации личности может быть использована этнокультура [Балтабаев М.Х., 2000, с. 82-84].

Этнокультура призвана стать двигателем социального развития, способом для снятия социального напряжения, интегратором нации, коммуникатором для ее представителей. Исследуя методическое обеспечение психологической педагогики, мы отобрали те дидактические и воспитательные приемы, которые существенно влияют на формирование адаптивности и:

а) повышают уровень толерантности;

б) формируют уверенность в собственных силах путем правильной самооценки;

в) минимизируют собственные претензии.

Этнокультура как средство формирования личности предполагает обращение к нравственно-духовной сфере и способствует передаче этической, эстетической, полихудожественной и утилитарно-прикладной информации. Поиск эффективных путей этноориентации личности привел к определению сущностной роли образовательной системы вообще и системы обучения в школе в частности. Модели этнокультурной адаптивности личности, ее гармонизации с окружающим миром строятся на принципах этнокультурного воздействия, которое организуется в средней общеобразовательной школе путем разработки и внедрения этнокультурных педагогических технологий.

Содержательная сущность работы определяется музыкальным воспитанием и использованием фольклора, знакомством с рукодельными ремеслами и художественно-изобразительным творчеством. На этой этноплощадке ребенок не изолируется в избранном фрагменте этнокультуры: этнопедагогические механизмы и методика овладения навыками и умениями традиционной культуры призваны продемонстрировать ему возможности их использования в современном социально-культурном процессе. Этому способствуют:

- игровой принцип освоения информации, обращение к театрализации;

- осознанное следование принципам устного народного творчества: коллективность, импровизационность, вариативность и синкретизм;

- создание позитивного психологического реагирования на основе учета возрастных и индивидуальных особенностей школьников;

- регламентация проводимых мероприятий законами календарно-земледельческой и семейно-бытовой циклизации;

- работа над осознанием и освоением не только приуроченности мероприятия, но и его нравственно-эстетической ценности и практической обусловленности;

- открытость этноэстетической модели, предполагающая опору на современные научные отрасли – культурологию, социологию, этнографию [Кенжеахметулы С., 2006, с. 20-22].

Казахский народ бережно сохраняет и передает из поколения в поколение свои традиции, обычаи, обряды. Культура народа, в том числе и обрядность, обладает большой силой – она формирует личность сильную, бескомпромиссную, способную противопоставить себя обстоятельствам. Эта сила и уверенность имеют вполне определенное обоснование: чувство своих корней, формирующее комфортность. Для формирования такой личности система образования в нашей стране располагает необходимым арсеналом средств и может быть охарактеризована как идеальное этнопространство, где идет процесс формирования этнокультурной личности. На этнопространстве возможно использование трех основных моделей ее становления, при этом каждая модель отличается достаточным уровнем эффективности и способствует реализации задач этнокультурного воспитания.

1. Модель *частичной этнокультурной направленности* воспитания. Эта модель отличается традиционностью и на ее основе раньше всего школы приступили к этнокультурной работе. Она заключается в проведении мероприятий воспитательного характера на уровне классных часов и общешкольных праздников. Компоненты этой модели описаны в педагогической литературе и достаточно полно обеспечены методически. Ярким примером может служить подготовка и празднование дня весеннего равноденствия – Наурыза.

2. *Полная этнокультурная модель* становления личности предполагает систематическое использование элементов этнокультуры в учебной работе, создание при школе сети клубов, секций, кружков, в задачу которых входит тщательное изучение, хранение и использование материалов фольклора как главного резерва для формирования личности. Кроме того, предполагается тесная связь школы с учреждениями досугового профиля, их целенаправленное взаимодействие, при котором этнокультурные традиции, обряды и ритуалы становятся главной частью бытия. Организация в школе народного клуба «Духовное наследие», функционирующего в течение учебного года, проведение в рамках его деятельности различного рода внешкольных мероприятий, в которых принимают участие общественные организации указанного профиля, а также родители, – яркий пример обращения к полной этнокультурной модели.

Следует отметить, что работа в этом направлении уже проводится: учителя различных типов школ ведут активный поиск, определяя возможности внедрения элементов этнопедагогики в содержание всех учебных предметов, классные руководители планируют и проводят мероприятия, на которых знакомят детей с традициями и обычаями казахского народа. В полном соответствии с требованиями времени вписывается в образовательную модель разработанный нами элективный курс «Быт и культура казахского народа», рассчитанный на 35 часов.

В процессе работы над освоением данного курса учащиеся глубоко и всесторонне осваивают этнокультуру при условии четкой организации межпредметных связей и слаженных действия всех учителей, усилия которых направлены на использование указанного материала как на учебных занятиях, так и во внеклассной работе. При таком условии курс носит обобщающий характер, что существенно влияет на активность учащихся, позиция которых оценивается индивидуальными свойствами и личностными качествами. Только при высоком уровне заинтересованности учащихся курс будет эффективен.

На уровень активности призваны повлиять те инновационные методы, которые будут использованы учителем: проведение бесед, организация заседаний круглого стола, различного рода научных семинаров и конференций. Не менее полезным будет посещение этнографических музеев, организация встреч с представителями старшего поколения, хорошо знающими не только обряды и обычаи, но и природу их глубинного смысла. Также большое значение имеет проведение наблюдений на различного рода мероприятиях этнической направленности. В целом элективный курс призван способствовать укреплению преемственности поколений в духе казахстанского единства; бережному отношению к духовному и культурному наследию; сохранению вековых культурных традиций; созданию условий для развития поликультурного пространства.

3. *Модель компромиссного* этнологического и всеобщего *соединения* механизмов формирования личности может быть использована в многонациональном государстве, где грамотные межнациональные отношения предполагают глубокое изучение и бережное сохранение собственной культуры, и одновременно – формирование интереса и стремления к освоению культуры другого, живущего рядом народа. Это тот самый вариант формирования гражданина и патриота, ощущающего свою абсолютную гармонию с миром путем освоения не только своей культуры, но и культуры других народов [Кенжеахметулы С., 2006, с. 50].

Этнокультурный подход к воспитанию организуется, прежде всего, средствами этнохудожественного образования и этноэстетическими воспитательными установками. Разработка основ этноадаптации имеет практическое предназначение в современной этнокультурной ситуации как механизм возрождения и повышения самосознания народа средствами обращения к языку, фольклорной практике, календарной и семейно-бытовой обрядности, архаическим суггестивным жанрам. Отказ от этноцентризма, принятие компромиссных моделей сосуществования способствуют возрождению и закреплению культуры. В основе такого подхода лежит изучение, сохранение и применение обычаев и обрядов, исследование которых рождает интерес и желание разобраться в мифологических кодах этноса, воспринять их структуру и содержание как проявление коллективной памяти или феномен национального самосознания.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Назарбаев Н.А. Казахстанский путь. – Астана, 2006.
2. Балтабаев М.Х. Методологические основы культурологического образования.//Сб. докладов МНПК «Культура и образование XX! века». – Алматы, 2000. – С. 82-84.
3. Кенжеахметулы Сейит. Традиции и обряды казахского народа. – Алматы, 2006.
4. Кенжеахметулы Сейит. Быт и культура казахского народа. – Алматы, 2006.

УДК 371. 39 44

Сыдыкова З.Е.,
п.ғ.к., аға оқытушы,
педагогика және психология кафедрасы,
Халықаралық гуманитарлық-техникалық университет,
Шымкент қ., Қазақстан

Алиева Ш.Т.,
аға оқытушы,
педагогика және психология кафедрасы,
Халықаралық гуманитарлық-техникалық университет,
Шымкент қ., Қазақстан

Кожагельдиева С.С.,
п.ғ.к., доцент,
білім технологиялары кафедрасы,
Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ,
Түркістан қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Аңдатпа. Бұл мақалада жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасы аясында оқушыларымызға заманауи жаңартылған білім беру мен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттігі бүгінгі күн талабы. Жаңартылған бағдарлама баланы сыни тұрғыдан ойлантып, алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйретеді. Басшылыққа әдістемелік материалдардың толық ресурсы: оқу бағдарламалары, оқулықтар, күнделікті сабақ жоспарлары, мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулықтар, бағалау жөніндегі ұсынымдардың бәрі де болады.

Кілт сөздер*:* жаңартылған білім беру, жаңартылған білім беру, бағалау жүйесі.

Резюме. В этой статье, в рамках обновленной программы содержания образования, необходимо воспитать наших учащихся современными методами и способностями, умениями, сознательными, свободными гражданами. Обновленная программа обучает ребенка критически мыслить и применять полученные знания в жизни. Полный ресурс методических материалов для руководства: учебные программы, учебники, ежедневные планы занятий, методические рекомендации для учителей, рекомендации по оценке.

Ключевые слова: обновленное образование, обновленное образование, система оценивания.

Summary. In this article, as part of the updated educational content program, it is necessary to educate our students with modern methods and abilities, skills, conscious, free citizens. The updated program teaches the child to think critically and apply the acquired knowledge in life. A complete resource of teaching materials for management: curricula, textbooks, daily lesson plans, guidelines for teachers, evaluation recommendations.

Keyword: the new education, the new education, system evaluation

Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтқандай: «Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білу» үшін мектеп оқушыларының терең білім алып, саналы да саламатты болып шығуына педагог мамандардың шығармашылықпен атқарған жұмыстарының қосар үлесі мол. Жаңартылған білім беру бағдарламасының мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Ата-бабамыз «Оқу – инемен құдық қазғандай» демекші, жан-жақты, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ғана табысты болып, нәтижеге жетеді [1].

Жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасы аясында оқушыларымызға заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттігі бүгінгі күн талабы. Жаңартылған бағдарлама баланы сыни тұрғыдан ойлантып, алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйретеді. Басшылыққа әдістемелік материалдардың толық ресурсы: оқу бағдарламалары, оқулықтар, күнделікті сабақ жоспарлары, мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулықтар, бағалау жөніндегі ұсынымдардың бәрі де болады.

Кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құру үшін:

- білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдану;
- сын тұрғысынан ойлау;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;
- коммуникативті қарым-қатынас тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды пайдалану;
- топпен, жұппен және жеке жұмыс жасай білу.

Сауат ашу пәнінде оқушыларды оқыту мақсаты буынмен оқу, тұтас сөздерді оқу, мәнерлі мазмұндау, жатқа айту қабілеттерін қалыптастыру, сауатты жазу қабілеттеріне дағдыландыру, байланысты сөйлеуін дамыту болып табылды. Коммуникативті оқыту ұстанымы: тілдік дағдыларды дамыту. Төрт дағдыны ескере отырып Ж. Аймауытовтың «..бала әуелі тәжірибеге талпынып, нәрсемен танысып, сонан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, тыңдасын, жазсын, оқысын, тілге үйренсін» деген сөзін еріксіз еске түсіреді. Сондықтан, бірінші сыныптықтардың танымдық қызметінің оң мотивациясын қалыптастыру ерекше маңызды болып саналды және оқу процесі қарапайымнан күрделіге, жеңілден қиынға өту қағидасы бойынша құрылды [2].

Бастауыш сыныптағы жаңартылған білім беру бағдарламасының тағы бір ерекшелігі - бастауыш сыныптарда «Жаратылыстану» пәнінің енгізілуі. Оқушылардың қарапайым ғылыми білім деңгейін қалыптастыруға бағытталған. Зерттеуді жоспарлау, теорияны іс-тәжірибе арқылы оқып-үйреніп, оқушылардың фунционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді. Жаратылыстану, дүниетану сабақтарында оқушылардың өз бетінше ізденіп, алған білімдерін күнделікті өмірде кездесетін табиғат құбылыстарына байланыстырып зерттей білуге үйретуге негізделген.

Жаңа бағдарламада оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі де өзгерді. Критериалдық бағалау - бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Сонымен қатар, бастауыш сыныптарға арналған оқу бағдарламаларының маңызды қағидаты білім беру бағдарламасының спиральділік қағидаты болып табылады. Ол оқу бағдарламалары спиральді білім беру бағдарламасы (Джером Брунер) моделіне негізделген. Оның негізінде оқушылар келесі сыныпқа ауысқанда зерделенген материалдар мен білім қайталанып отырады деген тұжырым жатыр. Спиральді білім берудің негізгі ерекшелігі: әрбір қайталанып оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі. Жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.Спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді. Бұл жаңартылған білім бағдарламасы оқушы үшін де, мұғалім үшін де тиімді бағдарлама.

Брунер теориясының ажырамас бөлігі «Жаңалық ашу» және «Егер оқушыға бөліктерді бір жерге жинауға және өзін ашушы болуға рұқсат етілсе, алынатын нәтижелер шынайы» деген ұғымдар болды (1962). Оқытудың мұндай типінің артықшылығына төрт аспектінің арасында; біріншіден, зияткерлік мүмкіндіктердің өсуі арқылы; екіншіден, сыртқы марапаттаудан ішкі марапаттауға өту арқылы; үшіншіден, жаңалық ашу арқылы және соңғысы, жадыны дамыту үшін осындай оқытудың тиімділігі арқылы қол жеткізіледі [3].

Басқаша айтсақ, оқушыға бағдарланған оқыту ортасында оқушыларымның сыныпқа келген кездегі бастапқы сенімдерін, білімін және өзіндік ойын негізге ала отырып, өз пайымдарын жасауға қабілетті екенін түсіндім. Егер оқу үдерісі оқушы мен оқу материалын жалғастыратын «көпір салуға» негізделсе, онда осы үдерісті үйлестіретін әріптестерім көпірдің екі жағын да қадағалай білуі тиіс.

Оқыту әдіс-тәсілдері:

Құндылықты-бағдарланған тәсіл - оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді.

Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

Тұлғалық-бағдарланған тәсіл — педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақылойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық,

эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

Жүйелік-әрекетті тәсіл — оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

Коммуникативтік тәсіл - бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

Интегративтік тәсіл - оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Бастауыш білім беру мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әр түрлі пәндік салалардан білімдерді кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу тәсілі — зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

Интербелсенді әдіс

Интербелсенді әдіс – үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер (inter – аралық, бірнеше, action - әрекет дегенді білдіреді). Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті» деп атаймыз. Интерактивті сөзі – ағылшын тілінен аударғанда туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді.

Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл интерактивті әдістің мақсаты – тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты.

Интерактивті негізде оқу мақсаты – білу емес, үйрене білу:

- өзіне деген сенімге тәрбиелейді;
- шешендік өнерін жетілдіреді;
- танымның мәнін түсінуге көмектеседі (яғни, кейде абсолютті шындық болмайтынын);
- сыни ойлау дағдыларын дамытады;
- өз пікіріне деген құқығын түйсінуі артады.

Жалпы қорыта айтқанда, аталған бағдарламаға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізгенімде, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйренетіндігіне, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын байқадым. Яғни, оқушы өз ой-пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді, сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады. Сондықтан басқа пәндердің де осындай оқыту формасымен оқытылса, тиімді болатындығын айтуға болады. Осы бағдарламаны меңгергенде ғана жан-жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, бәсекеге қабілетті рухани бай тұлға қалыптастыра алатынымызға сеніміміз мол.

Қорыта айтқанда, «Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу», - деген Әл-Фарабидің сөзіне жүгінетін болсақ, ел ертеңі білімді ұрпақпен ғана өлшенбек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауы, 31қаңтар 2017 ж. http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700002017
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. http://adilet.zan.kz/rus
3. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2017 ж.

УДК 159.92

Taganova Aru Merekeevna,
Candidate of Pedagogical Sciences, associate professor,
Aktobe regional state university named K. Zhubanov

Amanzhol Marina Amanzholkyzy,
Master of Pedagogical Sciences,
Aktobe regional state university named K. Zhubanov

Bozgulanova Nazgul Yerbolkyzy,
Master of Pedagogical Sciences,
Aktobe regional state university named K. Zhubanov

THEORETICAL AND METHODOLOGICAL BASES OF STUDYING INTELLECTUAL AND PERSONAL CHARACTERISTICS OF STUDENTS AS SUBJECTS OF SELF-DEVELOPMENT IN THE PROCESS OF UNIVERSITY TRAINING

Түйін. Мақала мазмұнында студенттерді жоғары оқу орнында психолог мамандығына дайындау барысында өзін-өзі дамыту субъектісі есебінде интеллектуалдық жеке сипатын белсенділендіру бағыты, сонымен қатар теориялық және практикалық зерттеу жұмыстарының нәтижелерін сипаттау мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: өзін-өзі дамыту, субъекті, интеллектуалдық жеке сипат, белсенділендіру, теориялық және практикалық зерттеу жұмысы.

Резюме. В содержании статьи рассматривается направление активизации интеллектуальной личности как субъекта саморазвития при подготовке студентов к профессии психолога в вузе, а также описание результатов теоретических и практических исследований.

Ключевые слова: саморазвитие, субъект, интеллектуальный индивидуальный характер, активизация, теоретические и практические исследовательские работы.

Summaru. The content of the article considers the direction of activation of the intellectual personality as a subject of self-development in preparing students for the profession of psychologist at the university, also there are given a description of the results of theoretical and practical research.

Keywords: self-development, subject, intellectual individual character, activation, theoretical and practical research works.

Introduction

Modern society feels the need for active people striving for self-development, which is why education is entrusted with the task of developing the subjective position and subjective qualities of students in various activities. A special role in the aspect of updating the intellectual and personal characteristics of the subject of self-development belongs to the period of study at the university.

At the same time, the analysis of existing educational practices shows that sufficient attention is not paid to the purposeful formation of the subject of self-development in the process of University training. In this regard, the task of developing psychological (intellectual and personal) characteristics of students as subjects of self-development becomes urgent.

Currently, in science there are certain theoretical prerequisites for solving the investigated problem. Foreign psychologists (A. Adler, A. Maslow, C. Rogers, V. Frankl, Z. Freud, E. Fromm, E. Erickson, K. Jung) studied the manifestations and sources of the "self" of a person, prospects and barriers to personal growth. Russian scientists have developed theoretical and methodological approaches to the analysis of the category "subject", identified the essential characteristics and subjective qualities of the developing personality (K.A. Abulkhanova, L.I. Bozhovich, A.V. Brushlinsky, L.S. Vygotsky, A.N. Leontiev, B.F. Lomov, V.A. Petrovsky, S.L. Rubinstein, E.A. Sergienko).

Methodology

At the moment, psychology has developed three areas of research on the problem of personal development and self-development: functional, considering a person as a purely functional being in all spheres of his life (B.G. Ananyev, L.I. Antsyferova, V.G. Aseev, L.I. Bozhovich, M.I. Lisina, V.N. Myasishchev, V.A. Petrovsky, D.N. Uznadze); subject-target, focusing on value-semantic and regulatory characteristics of the individual (A.G. Asmolov, A.A. Baranov, D.A. Leontiev, V.M. Rozin, B.A.

Sosnovsky, V.V. Stolin) and system, combining the two previous approaches based on the principle of system determination of any event (A.A. Bodalev, A.B. Zaporozhets, A.N. Leontiev, B.F. Lomov, L.M. Popov, S.L. Rubinstein). Special attention in scientific research is paid to the period of professional development of the individual. There is a need to focus the training of a modern specialist not only on the continuous growth of the acquired knowledge, but also on the ability to master it independently, accompanying self-development of the individual (N.R. Bityanova, L.M. Popov, S.L. Rubinstein, I.I. Chesnokova, etc.). The methodologically correctly organized educational process not only contributes to the most effective assimilation of the material, but also the development of students as creative personalities (V.I. Andreev, D.B. Bogoyavlenskaya, Y.A. Ponomarev, etc.). Certain prospects for organizing the process of self-development are associated with the idea of L.S. Vygotsky about “zones of proximal development” and its further development in the works of L.M. Popov, who described the mechanism of “mutual transitions” of external and internal intellectual activity processes.

The problem of this study is the need to reveal the features of personal mechanisms of self-development and their actualization in the process of studying at the University.

Psychological readiness for professional activity is manifested in self-regulation of the individual. Self-regulation is the process of arbitrary control of a person's behavior, through which conflicts are resolved, their behavior is mastered, and negative experiences are processed.

Personality management of its development is carried out through the regulation of self-education. The activity of self-education is formed as a result of self-knowledge and awareness of the discrepancy between the real Self and the ideal self-image in the future. When the interests of self-education and individual opportunities for self-regulation do not correspond to external educational goals and images, personal self-regulation becomes deformed and diffuse. With harmonious self-education, this external goal is formed as a personal goal [1, p. 66].

In humanistic, phenomenalistic psychology, K. Rogers defends the thesis of the positive nature of man and the possibility of his self-actualization; the human being has a tendency to move towards greater "congruence", to a more realistic functioning and maturity. Congruence is defined as the degree of correspondence between one's feelings, their perceptions, and statements about them.

A. Maslow points out that the motivation for growth can be significantly suppressed by unsatisfied physiological needs, the need for security, respect, etc. A person is limited by habits that prevent the manifestation of flexibility and productive behavior, as well as social influences and group norms that interfere with individual autonomy.

If we take, for example, the theoretical point of view, where the initial launch of the psychological pendulum is carried out "from outside-inside", which is customary for interiorization as a method of explaining the stages of personal development, then the easy "swinging" of this pendulum by means of external or internal determination is an opportunity to control the process of this swing, which, according to the canons characteristic of all types of fluctuations, can be both rhythmic and arrhythmic in nature. Thanks to the idea of the psychological pendulum, the idea of L.S. Vygotsky's idea of child development as a movement towards "zones of immediate development" can also become effective for students with norms that interfere with individual autonomy [2, p. 200].

The development of the individual can occur in the direction of both regression and progress. Personal growth involves a progressive movement "up". The dynamics of personal growth consists in overcoming obstacles, the meaning of which outgrows the value of the tasks set by the individual. In this case, qualitatively new personality characteristics arise, whose reaction to properties and functions that have already arisen consists in consolidating, supplementing, strengthening, accentuating, etc. It is necessary to highlight those properties whose functions reflect the creative orientation of the personality [3, p. 208].

Results

In the course of our research work, S.R. Kettell's intellectual survey was received from 1st-year students of the specialty "Psychology". 29 students of the groups took part and showed the intellectual level.

In the foregoing research it has been revealed that the formation of intellectual personality traits during the preparation of students for the profession of psychologist at the university is still at a moderate level.

Description of the survey: the group's students answered 40 questions. In the answer sheet, you select a variant of the question with a choice of options: "Yes", "No"," I don't know".

Абайдың қара сөздері – оның өнертанымының өзегін құрайтын өзгеше өнер түрі. Олардың ішкі мазмұны бірін-бірі толықтырып, бірін-бірі ашып, бірте-бірте ауқымды кеңейе түсетін, күннің нұрындай жарыса тарап жатқан ой сәулелері секілді. Адамның дүние есігін ашқанынан бастап, ақыретке кеткенге дейінгі аралықтағы өмір сырын жік-жікке бөліп, жүйелеп түсіндіреді. Онда нәпсі мен қанағаттың, бай мен кедейдің, ақ пен қараның, адал мен арамның көзге көрінбейтін, қолға ұсталмайтын нәзік пернелері рентгенмен түсіргендей аса бір дәлдікпен дөп басып ажыратылып отырады. Сондықтан да, Абай қарасөздері әлі де зор мәнге ие болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики. – М., 1975. – 235 с.
2. Топоров В.Н. Миф. Ритуал. Символ. Образ. Исследования в области мифопоэтического. Избранное. М., 1995. – 624 с.
3. Лотман Ю.М. Художественное пространство в прозе Гоголя//Лотман Ю.М. В школе поэтического слова. Пушкин. Лермонтов. Гоголь. М., 1988. – 352 с.
4. Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы. 3-е изд. М., 1979. – 360 с.

5. Силантьев В.И. Сюжетно-мотивные комплексы русской литературы. Новосибирск, 2012. – 311 с.
6. Қабдолов З.Қ. Сөз өнері. – Алматы, 1976. – 374 б.
7. Джуанышбеков Н.О. Введение в литературоведение: учеб. – Алматы : Қаз. ун-ті, 2006. – 292 с.
8. Майтанов Б.Қ. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. Алматы,: Ғылым. 1982. – 148 б.
9. *Құнанбаев А.* Шығармаларының екі томдық жинағы: II т. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977. – 312 б.

МРНТИ 16.21.35

Есенова Қалбике Өмірбайқызы,
ф.ғ.д., профессор

Бактиярова Райгуль Муратовна,
докторант,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

МЕДИА-МӘТІН ЖӘНЕ МЕДИАДИСКУРС ҰҒЫМДАРЫНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ ЖАЙЫНДА

Түйіндеме. Мақалада қазіргі лингвистикадағы "медиамәтін", "медиадискурс" ұғымдарының қызмет ету ерекшеліктері талданып, олардың арақатынасы мен ара-қатынасының негізгі мәселелері сипатталады. Медиамәтін және медиадискурс ұғымдары заманауи медиалингвистика тұрғысынан қарастырылады. Сонымен қатар, медиамәтін медиадискурстың бірлігі ретінде қарастырылып, негізгі айырмашылықтары мен ұқсастықтарына назар аударылады. Динамикалық доминантты медиадискурс пен оның статикалық кескінді медиамәтіні зерттеледі.

Түйін сөздер: дискурс, медиатекст, медиадискурс, сөйлеу қызметі, медиалық қасиеттер, медиалингвистика, мәтін, дискурсивті лингвистика.

Аннотация. В статье анализируются особенности использования понятий «медиатекст» и «медиадискурс» в современной лингвистике, а также описываются основные вопросы их взаимосвязи. Понятия медиатекста и медиадискурса рассматриваются с точки зрения современной медиалингвистики. Вместе с тем медиатекст рассматривается как единое целое медиа-курса, и подчеркиваются основные различия и сходства. Исследуются медиадискурс с его динамической доминантой и медиатекст в качестве его статического среза.

Ключевые слова: дискурс, медиатекст, медиадискурс, речемыслительная деятельность, медийные свойства, медиалингвистика, текст, дискурсивная лингвистика.

Abstract. The article analyzes the features of using the concepts of “media text” and “media discourse” in modern linguistics, and also describes the main issues of their relationship. The concepts of media text and media discourse are considered from the point of view of modern media linguistics. At the same time, the media text is considered as a single whole of the media course, and the main differences and similarities are emphasized. Media discourse with its dynamic dominant and media text as its static slice are investigated.

Keywords: discourse, media text, media discourse, speech-cognitive activity, media properties, media linguistics, text, discursive linguistics.

Қазіргі кездегі сөйлеу коммуникациясын зерттеуге бағытталған жұмсалымдық-стилистикалық әдіс аясында XX ғ. екінші жартысында сөйлеудің әлеуметтік сабақтастығы мен тілдесім саласымен айқындалды. Осыған қатысты зерттеулер сөйлеу тәжірибесін дискурсивтік бағыт тұрғысынан қарастыруда өз жалғасын тауып, аталған ғылым шеңберінде дами бастағаны белгілі. Өйткені, кәсіби қызметі коммуникацияның сөйлеу формаларымен тығыз байланысты тіл-зерттеушілері үшін «неліктен кейбір айтылымдар дәл осы тұста ғана пайдаланылады», «неге басқа емес, тек осы айтылымдар қолданылады» секілді және т.б. сұрақтардың жауабы аса маңызға ие бола бастайды [Фуко А., 1996, б. 29].

Ғылымда неғұрлым терминологиялық мәртебеге ие болғысы келетін ұғымның көлемі мен мазмұны белгісіздеу болса, соғұрлым ол көптеген ғылым саласының орталықтық категориясына айналуына мүмкіндігі жоғары болады деген пікір қалыптасқан. Осы пікірге қатысты, тілді зерттейтін ғылымдардың көзқарасы ұқсас болып келеді. Мысалы, тілдік бірліктерге қатысты (сөзге) тілтанымнан басқа семиотика, социология, философия, этнология, антропология, әдебиеттану т.б. ғылым салалары бар. Осы орайда, «дискурс» терминінің тағдыры да дәл жоғарыда келтірілгендей, басқа ғылым салаларын былай қойғанның өзінде, тіл туралы ғылымның аясында да, алуан түрлі түсініктемелер мен анықтамаларға ие екені белгілі.

Аталған термин 1970 жылдан бастап кең қолданысқа ие бола бастады. Француз тілтанымдық дәстүрі бойынша «дискурс» (discours. fr.) – жалпы сөйлеу дегенді білдіреді. Алғаш рет бұл сөзді терминретінде қолданысқа енгізген ғалым Э. Бенвенист, оның анықтауы бойынша, сөйлеу тілдесімнің нақты жағдаяттарының прагматикалық мақсаттарымен айқындалатын «сөйлеушінің сөзі». Яғни, бұл мәтіннің дискурсқа айналуын әйгілі тіл зерттеушісі Н.Д. Арутюнова метафоралық түрде былайша анықтайды: «речь, погруженная в жизнь» және мәтін дегеніміз – дискурс емес

[Ярцева В., 1990, Б. 136-137]. Осыған сәйкес, қазіргі ғылыми әдебиеттерде өте жиі «дискурс» терминін «дискурсивтік тәжірибе» терминімен алмастырып қолдана беретіндігін байқауға болады.

Сондықтан да, нақты айтқанда дискурс дегеніміз – белгілі бір коммуникативтік тәжірибе шеңберінде өз мақсаттарын іске асырушы-коммуникацияға қатысушылардың айтылымдарына ықпал ететін әлеуметтік және идеологиялық шектеулер жүйесі болып табылады. Дискурстың нақты сан-алуан түрлерінің аталымдары, оның небір сансыз өлшемшарттары туралы сөз етеді: Отан туралы дискурс, діни дискурс, саяси дискурс, медициналық дискурс, экономикалық дискурс, жарнама дискурсы, педагогикалық дискурс, БАҚ дискурсы (масс-медиялық, медиялық) т.б.

Ал, қазіргі кезде дәл осы аталған дискурс өлшемшарттары мен шектеулері қаншама зерттеу жұмыстарына арқау болып жатқаны да анық, мәселен:

- дискурстың ***әлеуметтік лингвистика*** тұрғыдан зерттелуі (тілдесімнің кең әлеуметтік-мәдени мәнмәтініндегі жағдайлары мен шарттарын қарастырып, ал тілдесімге қатысушыларды белгілі бір әлеуметтік топ өкілдері ретінде сипаттайды);

- дискурстың ***лингвомәдени зерттелуі*** (тілдесімнің белгілі бір этнос аясындағы ерекшелігін, этикетті-сөйлеу формулары мен үлгілерін, менталды бірліктер ретінде концепттер түріндегі мәдени доминанттарды, прецеденттік мәтіндер қолданысының тәсілдерін т.б. анықтайды);

- дискурстың ***когнитивтік лингвистика*** тұрғыдан зерттелуі (дискурс – фрейм, сценарий, менталды схемалар, когнитивтік типтер т.б. түрінде «ақиқат болмыс конструкторы» ретінде қарастырады).

Бұл қатарды ары қарай да жалғастыра беруге болады, алайда бұл бағыттардың бір зерттеу жұмысының шеңберінде өзара әрекеттестікке түсетінін және де тығыз байланысын жоққа шығара алмаймыз. Оның үстіне, бұл күрделі құбылыстың пәнаралық сипатын ғалым Т. ван Дейк ерекше коммуникативтік оқиға «тілдік форма, білім мен іс-әрекеттің күрделі біртұтастығы», - дей келе, яғни «жай айтылымның әлде қайда шеңберінен тыс шығатын оқиға интерпретациясы, ал ол өз кезегінде көптеген деректердің талдауға алынуын талап етеді: сөйлеушілердің пікірі, ұстанымдары, этникалық мәртебесі т.б.», - деп түйіндейді [Т. ван Дейк, 1989, б. 121].

Яғни, дискурс дегеніміз – ең бір кең, әрі жалпы мағынасында белгілі бір «сөйлеу, сөз саласындағы» сөйлеу тәжірибесі болып саналады. Бұл жеке дара мәтін емес, адресат пен автор арасында пайда болып, туындау шартымен жұмсалуынан пайда болған тәжірибе деп саналады. Дискурс – мәтіндердің тұтас бір жиынтығы, сонымен қатар ол – белгілі бір уақыт пен кеңістіктегі тұтас мәтіндердің ағыны секілді. Нақтырақ айтсақ, жазбаша, сондай-ақ ауызша мәтіндерде айқындалатын «уақыт пен кеңістіктің өзі» дегенді білдіреді. Ғалым Ю.С. Степановтың пікірінше, дикурс: «тіл ішіндегі тіл», сол себепті болар, ол өз мәтіндері болатын әрбір тіл ретінде сипатталады. Бұл ретте, «өз» деп отырғанымыз – сол бір дискурсқа тән келетін ерекшелік пен өзгешелік.

Осыған сәйкес Ю.С. Степановтың мына бір пікірін толық құптаймыз: «Ең бастысы және ең алдымен, дискурс мәтінде орын алады, бірақ қандай мәтін дегенде – ерекше грамматикасы, ерекше лексиконы, ерекше сөзқолданысы мен синтаксисі, ерекше семантикасы, сайып келгенде – ерекше дүниені айқындайтын мәтінде. Әрбір дискурс әлемінде өзіндік синонимдер қолданысы, ақиқат пен шынайылық, өз этикет ережелері болады» [Степанов Ю., 1995, Б. 44-45]. Сондықтан да әрбір дискурс түрін ерекше етіп тұратын негіз, оның тілінің белгілі бір қызмет саласындағы (ғылым, білім, саясат, медицина, спорт, БАҚ және т.б.) немесе рухани тәжірибе өрісіндегі (өнер, дін т.б.) жұмсалымы.

Сонымен қазіргі дискурсивті лингвистика мәтін мен дискурстың аражігін ажыратуда бірнеше бағытты ұстанатынын айқындадық:

- ***формалды бағыт*** бойынша, дискурс мән-мағынасы мен құрылымы бар салыстырмалы түрде аяқталған, когерентті сөйлеу туындысы ретінде түсініліп, жазбаша немесе ауызша формасына қатысты ажыратылады: егер сөйлеу туындысы жазбаша репрезентацияланатын болса, онда ол мәтін, егер ауызша болса – дискурс;

- ***прагматикалық бағыт*** сөйлеу туындысы мен айтылымдардың жағдаяттық тәуелділігін, олардың мәдени, әлеуметтік және психологиялық факторлар мәнмәтінінде жүзеге асырылуын есепке алады: егер сөйлеу туындысы немесе айтылымдар өзінің жазбаша я ауызша формасына қатыссыз жағдаяттық және оқиғалы белгілерге ие болатын болса, онда бұл дискурс, егер аталған белгілер жоқ болса, онда ол мәтін. Алайда, прагматикалық бағыт бойынша мәтін дискурстың статикалық формасы, сөйлеу актісінің динамикасы мен оның сөйлеуде жүзеге асуы шарттарын тіркеуші ретінде түсіндіретінін де естен шығармау қажет;

- ***сыншыл бағыт*** дискурсты әлеуметтік фактілерге мән-мағына мен баға бере алатын ережелер, нұсқаулар, түрлі талаптар жинағы ретінде түсіндіреді [Кожемякин Е., 2008, 2010; Макаров М., 2003].

Енді, зерттеуіміздің нысаны – бұқаралық коммуникация мәселесіне назар аударатын болсақ, олардың (дискурстың) ақпаратты БАҚ арқылы беру жағдайында ие болатын ерекше медиалық қасиеттерін есепке алу қажет деп санаймыз. Осы тұрғыдан алғанда, медиадискурс дегеніміз – күрделі феномен, күрделі сөйлеу-ойлау қызметі. Ол, ең алдымен, медиа-коммуникациямен тығыз сабақтастықта айқындалады, өз кезегінде ол ғылыми әдебиеттерде: «медиамәтін өндірісі, таралуы және қабылдануының ерекшеліктері мен шарттарының жиынтығы», - деп түсіндіріледі [Бабаян В., 2006, б. 127].

Жалпы, коммуникативтік фон (бағдар) медиадискурс белгілерін статикалық күйде көрсетіп, медиамәтінде репрезентацияланушы пресса арқылы жария болатын оқиғалардың әлеуметтік-мәдени компоненттерін айқындайды. Осы ретте, ең күрделі мәселелердің бірі – медиамәтін мен медиадискурс ұғымдарының арақатынасы екені сөзсіз. Өйткені медиа-коммуникация өзінің динамикасымен ерекшеленіп, ауызша да, жазбаша да болсын, бірдей ақпаратты бір мезгілде бірнеше форматта репрезентациялайтын конвергентті журналистиканың техникалық мүмкіндіктерімен сипатталады.


Осыған байланысты, сөйлеудің ауызша және жазбаша түрлерінің ажыратылуына сәйкес кейбір медиа-жанрларды бірден медиамәтін немесе медиадискурсқа жатқызу қиындықтар туғызады, мысалы: аналитикалық баяндама, полемикалық сұхбат, интервью және т.б. Себебі, олар ауызша сөйлеу туындылары ретінде бейнеге түсіріліп, қалың жұртшылыққа жазбаша түрде таралатыны баршаға белгілі. Сондықтан да, БАҚ тілін зерттеушілердің басым көпшілігі медиамәтін және медиадискурс ұғымдарын қарастыруда оны коммуникация бағдарымен, яғни бағдарлы біліммен тығыз байланыстырып қарайды.

Белгілі ғалым, профессор Қ.Е. Есенова: «1. Медиа-мәтін – БАҚ арқылы жүзеге асырылатын ақпараттық-коммуникативтік процестің маңызды элементі болып табылады; 2. Медиа-мәтін қарым-қатынастың өзге түрлерінің жүзеге асырылуы үшін қолданылатын сөзжұмсамдық әрекет формасы; 3. Медиа-мәтін – коммуникацияның аяқталған және тұтас бірлігі; 4. Медиа-мәтін ақиқат болмыстың қандай да бір үзігінің репрезентациясы болып табылатын күрделі, құрастырылмалы моделі; 5. Медиа-мәтін – оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді интерпретациялаушы көп құралдың ішіндегі аса әлеуеттісі; 6. Медиа-мәтін – мәтіндік интерпретациялаушы механизмдер әрекетінің жемісі; 7. Медиа-мәтін – әсер етудің прагматикалық стратегияларының жүзеге асырушы; 8. Медиа-мәтін – әлеуметтік регуляцияда қолданылатын қуатты құрал; 9. Медиа-мәтін – ғаламның медиа бейнесін қалыптастырушы фактор болып табылады», - деп медиа-мәтіннің толық анықтамасын береді [Есенова Қ., 2007, Б.43-44].

Зерттеуші Т.Г. Добросклонскаяның пікірі бойынша, бағдар концепциясы медиа-коммуникацияда медиадискурс ұғымымен тығыз байланысты: коммуникативтік бағдар медиа-мәтіннің вербалды компоненттерін лингвистикадан тыс (әлеуметтік-мәдени және жағдаяттық-мәнмәтіндік) факторлармен толықтырады, ал оларды зерттеушілер медиадискурс белгілеріне жатқызады [Есенова Қ., 2007, Б. 43-44]. Бірақ әлеуметтік-мәдени және жағдаяттық аспектілердің медиа-мәтіндерді зерттеудегі рөлін жоққа шығаруға болмайды.


Дәл осы пікірді Я.Н. Засурский де қолдайды: «...медиа-мәтін вербалды және экстралингвистикалық медиақұрылымдарға; визуалды, дыбыстық, мультимедиалық контентке; ақпаратты беру және тарату арналарынан тұратын (газет, журнал, радиастанциялар, теледиар арналары, ұялы байланыс, электронды бұқаралық ақпарат құралдары) түрлі медиалық жағдаяттарға қосылатын коммуникативтік тұтастық» [Засурский Я., 2003, б. 5]. Жоғарыда аталған аспектілердің барлығы да медиа-мәтінге тікелей қатысты, себебі олардың жиынтығы конвергентті журналистика қызметінің жаңа коммуникативтік өнімін айқындайды. Сондықтан да медиа-мәтіндерді медиалық дискурстық тәжірибенің нәтижесі де, құралы да болып табылатын медиадискурс бірліктері деп қабылдауға болады.

Яғни, медиа-мәтін медиалингвистиканың вербалды бөлігін медиалық қасиеттері немесе арналардың ақпаратты тарату қасиеттері жиынтығымен қарастыратын негізгі категориясы болып табылады. Көрнекі түрде беретін болсақ:



Сурет 1. Медиалингвистиканың негізгі категориялары мен ұғымдары

Сонымен, медиадискурс медиалық континуумдегі тақырыптық сабақтастықтағы саналы субъектті-субъектілі сөйлеу-ойлау қызметі болып табылады. Ал, медиа-мәтін мен медиадискурстың ортақ белгілеріне мыналар жатқызылады: мәтін түзу тәсілі (авторлық - ұжымдық); жасалым формасы (ауызша - жазбаша); таралу арналары (бұқаралық ақпарат құралдары – тасымалдаушы: баспасөз, радио, теледидар, ғаламтор); мәтіннің жұмсалымдық-жанрлық түрі (жаңалықтар, комментарий, публицитика, жарнама); тақырыптық басымдылық т.б. Сондықтан да, біздің ойымызша, медиа-мәтін мен медиадискурстың ең басты айырмашылығын төмендегідей белгілер айқындайды:



Сурет 2. Медиа-мәтін мен медиадискурс ұғымдарының арақатынасы

Әрине, мәтін түзу тәсілі, жасау формасы, сөйлеу туындысының жұмсалымдық-жанрлық түрі дегендерді мәтіннің басты белгілеріне жатқызуға болады, ал тақырыптық басымдылық пен қайта жасалу тәсілдері арқылы ақпарат таратын арналарды таза дискурстық деп тұжырымдауға нақты негіз бар. Алайда, аталған белгілердің барлығы да тұтас ажыратылмайтын медиалық сөйлеу туындысының қасиеттері екені сөзсіз. Сонымен, медиа-мәтін де, медиадискурста көп деңгейлі құрылымдар ретінде медиалық жасалымдарды талдау барысында жұмсалымды-жанрлық қатыстылықтың маңызын айқындайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Фуко А. Археология знания. – Перевод с французского С. Митина и Д. Стасова под общей редакцией. Бр. Левченко. – К., 1996.//[Электронная публикация]: Центр гуманитарных технологий. – 21.06.2014. URL: https://gtmarket.ru/laboratory/basis/6850
2. Лингвистический энциклопедический словарь/гл. ред. В.Н. Ярцева; - М., 1990. – 709 с.
3. Т. ван Дейк. Язык. Познание. Коммуникация. М., 1989. – 308 с.
4. Степанов Ю.С. Альтернативный мир. Дискурс. Факт и принцип причинности//Язык и наука конца XX века. М. 1995. - 432 с.
5. Кожемякин Е.А. Массовая коммуникация и медиадискурс: к методологии исследования//Научные ведомости Белгородского государственного университета. Серия: Гуманитарные науки. – Белгород, 2010. - №12 (83). - С. 13-21.
6. Кожемякин Е.А. Дискурсный подход к изучению институциональной культуры. – Белгород: Изд-во БелГУ, 2008. - 244 с.
7. Макаров М.Л. Основы теории дискурса. - М.: ИТДГК «Гнозис», 2003. - 280 с.
8. Бабаян В.Н. Дискурс как сложный коммуникативный феномен//Вестник Костромского государственного университета. – Кострома, 2006. - №4. - С. 127-129.
9. Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде): дисс ...фил.ғыл.докт: 10.02.02/*Есенова Қалбике Өмірбайқызы.* – А., 2007. – 450 б.
10. Засурский Я.Н. Колонка редактора: Медиатекст в контексте конвергенции//Вестник Московского университета. Серия 10: Журналистика. – М.: Изд-во «Московского университета, 2005. - №2. – С. 3-6.



Жаңабекова Айман Әбділдәқызы,
ф.ғ.д., бөлім меңгеруші,
Қолданбалы лингвистика бөлімі,
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: aiman_miras@mail.ru



Өтегенова Баян Жеңісқызы,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті және
«Ғылым ордасы» кешенінің базасындағы ғылыми-зерттеу институттарының
бірлескен білім беру бағдарламаларының 2 курс магистранты,
Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: bayan.jeniskizi@mail.ru

ЖИІЛІК СӨЗДІКТЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ОРНЫ

Аңдатпа. Еліміздің жарқын болашағына қол жеткізудің бірден-бір көзі – білімді де парасатты жастарды тәрбиелеу. Бұл бүгінгі күннің талабы. Осы орайда елімізде атқарылып жатқан игі істері жетерлік. Компьютерлік техниканың дүниеге келуі қазіргі кезде инженерлік-экономикалық есептерді шешуді жеңілдетумен қатар, білім саласының қарыштап дамуына да игі әсер етті. Мақалада қазақ тілінің жиілік сөздіктерінің тарихы, тіл байлығын анықтаудағы рөлі, сонымен қатар жиілік сөздіктердің қазіргі жаппай автоматтандыру заманында атқаратын маңызы мен орны, тиімді жақтары туралы айтылады. Жиілік сөздіктер мемлекеттік тіліміздің оқу-әдістемелік жүйесінің тілтанымдық базасын жаңғыртуға, тілді оқыту үдерісінің тиімділігін арттыруға, оқулық, оқу кешендері мен құралдарының тілдік материалын жүйелеуге, оларды заманауи талапқа сай құрастыруға септігін тигізеді және сонымен қатар жиілік сөздіктің мәліметтері заманауи ақпараттық-технологиялық құралдар арқылы жасалатын табиғи тілді автоматтаушы, мәтінді өңдеуші компьютерлік қондырғы, бағдарлама, қосымшалар, интернет-ресуртар және тағы басқа әзірлеу үшін аса маңызды болып отыр.

Тірек сөздер: жиілік сөздік, статистикалық лингвистика, тіл жүйесі, сөз, мәтін, әдістеме.

Аннотация. Достижению видения страны единственным источником знаний – это разумное воспитание молодежи. Рождение компьютерной техники в настоящее время способствовало и динамичному развитию сферы образования с упрощением решения инженерно-экономических задач и плодотворное влияние на развитие сферы образования. История частотных словарей казахского языка, роль в определении языковых богатств, кроме того, речь идет о значении и месте, эффективных сторонах частотных словарей в современных условиях массовой автоматизации. В статье рассматриваются частотные словари государственного языка в учебно-методической системы, систематизация языкового материала учебных комплексов и пособий они способствуют формированию их в соответствии с современными требованиями и кроме того, данные частотного словаря являются автоматизирующими природно-языковые средства,

создаваемые современными информационно-технологическими средствами и обработка текста имеет важное значение для разработки компьютерного оборудования, программ, приложений, интернет-ресурсов и так далее.

Ключевые слова: частотный словарь, статистическая лингвистика, языковая система, слово, текст, методика.

Abstract. To achieve the country's vision, the only source of knowledge is a reasonable education of young people-a requirement of today. The birth of computer technology has not only facilitated the solution of engineering and economic problems, but also the dynamic development of education. The article describes the history of frequency dictionaries of the Kazakh language, the role of language in determining language riches, as well as the role and role of frequency dictionaries in modern conditions of mass automation, and the effective aspects. Frequency dictionaries contribute to the modernization of the language base of the educational and methodological system of the state language, improve the efficiency of the language learning process, systematize the language material of textbooks, training complexes and manuals, and form them in accordance with modern requirements and language richness, frequency dictionary data is important for the development of computer installations, programs, applications, Internet resources, and so on, created using modern information technology tools.

Keywords: frequency dictionary, statistical linguistics, language system, word, text, methodology.

Кіріспе

Қазақ тілінің жиілік сөздігінің дамуы қазақ тілін статистикалық зерттеу мәселесі қолға алынған кезден басталады. Халықтың сөз қазынасы ұшан-теңіз. Тілдің сөздік құрамына тән басты бір қасиеті – жаңа сөздермен толығып, үнемі даму күйінде болуы. Мұндай тіл өзінің негізгі екі қызметін – ой-пікір алмасу қызметі мен дүние тану құралы қызметін – орындай алмас еді.

Тіл дегеніміз ең алдымен сөз, сөйлеу. Тіл үйрену алдымен оның сөздерін үйренуден басталады. Жалпы тілдің дамуы ең алдымен оның сөздік қорының баюынан көрінеді.Ұлттық тілдердің даму деңгейінің бір обьективті көрсеткіші – сөздіктер жасау. «Сөздіктер барлық заманда да халықтың мәдениеті мен тарихының алтын қазынасы деп есептелгені белгілі. Сол себепті әр заманның көзі ашық, көкірегі ояу азаматтары көріп білгендері мен ұққандарын хатқа түсіріп, оны келесі ұрпаққа жеткізіп отыруға тырысады», - деп өте жақсы айтып өткен [1.168].

Негізгі бөлім

Қазіргі таңда тілдік құбылыстардың сандық сипаттамаларын зерттеу тіл білімінде тосын жаңалық емес. Сонымен, зерттеудің көп қырлы әдіс-тәсілдерінің бірі – ол статистикалық әдіс болып табылады. Бұл – есеп-сынаққа қол артатын әдіс, яғни лингвистикалық статистика әдісі. Осыған қарай «Тіл білімінде зерттеудің көптеген әдіс-тәсілдері бар. Солардың бірі математикалық тәсілдер»дейді [2.5]. Яғни, тіл білімінің кейбір теориялық негізде және практикалық мәселелерін шешуде лингвистикалық статистиканың атқаратын қызметі үлкен. Сөздер қатынас құралы есебінде қолданылған шақта әр түрлі жиілікте жұмсалады да, құрылымы жағынан заңдылық сипат алады. Тілді статистикалық әдістер арқылы зерттеу сол статистикалық құрылымның заңдылығын түсіндіруге септігін тигізеді.

Өзге қоғамдық және жаратылыстану ғылымдары сияқты тіл білімінде де сандық бағдарлаудың қажеттілігі теориялық лингвистиканың алдына жаңа мақсаттар қойды. Компьютерлік техниканың өркендеуі, дәл әдістердің қолданыс табуы тіл білімінің сан алуан салаларын, соның ішінде, лингвистика ғылымын да жеделдете дамытуға ықпалын тигізді. Үнді-Еуропа тіл білімі мамандары қолданған математикалық және кибернетикалық әдістердің түркітану бағытындағы зерттеулерге де әсері тимей қойған жоқ. Алайда, бұл құбылыс 1960 жылға дейін айтарлықтай еленіп, ескерілмеді [3. 24].

Қазіргі кездегі жиілік сөздіктер компьютерлік техникалардың жәрдемімен жасалынады десек те, алғашқы кездері қазақ тіл білімінде қазақ мәтіндері негізінде дайындалған жиілік сөздіктер қолмен құрастырылды. Бұл әдіс тек 1965-1966 жылдары газет мәтіндерінен жиілік сөздіктер құрастырғанда қолданылды. Бұдан басқа тілдік стильдерден құрастырылған жиілік сөздіктерде «Минск-22», «Минск-32» электронды есептеуіш машиналары қолданылды [4.6].

Қазақ тіл білімінде ғылыми зерттеулерде статистикалық әдіс жиі қолданылғанымен, лингвостатистика мәселесімен арнайы айналысқан ғалымдар саны көп емес. Тіл білімі саласының сан ұғымымен тығыз байланысты болып, математика саласымен астасып жатқандықтан, бұл мәселеге математик ғалымдар алдымен қызығушылық танытты [5.5]. Алғашқы қазақ статистикасының негізін қалаған белгілі қазақ математигі Қалдыбай Бектаев XX ғасырдың 70-жылдары А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында Компьютерлік лингвистика бөлімін ашып, әртүрлі жиілік сөздіктер жасау мәселесін көтерді. Осы кезеңнен бастап, қазақ тілін статистикалық тұрғыдан зерттеу ісі жүйелі түрде қолға алынып, өз нәтижелерін бере бастады.

Қазақ тіл білімінде кезінде 70-жылдары компьютерлік технология дами қоймаса да, қазақ тіл білімінде алғашқы жиілік сөздікті құрастырушылар сөздердің әртүрлі мәтіндердегі кездесу жиілігін ЭЕМ көмегімен анықтады. Қазақ тілін зерттеу тәжірибесінде лексикографиялық жұмыстарды электронды есептеуіш машиналар көмегімен автоматтандыру мәселесі 1973 жылдан ғана бастама алды. Алғашқы тәжірибе ретінде М. Әуезовтің «Абай жолы» романының, ал содан кейін 20 томдық толық шығармалар жинағының мәтіндері ЭЕМ жадына жазылып, арнайы бағдарламалар көмегімен неше түрлі жиілік сөздіктер алынды. Сондай-ақ осымен байланысты 1978 жылы жарық көрген Қ. Бектаевтың «Статистико-информационная типология тюркского текста» атты докторлық монографиясы ғылымның қазақ тіл білімінің статистикалық зеттеу саласына қосқан сүбелі еңбегі деуге болады [6.183].

Көріп отырғанымыздай Тіл білімі институтында ашылған аталған ғылыми топтың зерттеу нысанына, негізінен, статистикалық құрал ретінде сол кездегі электронды есептеу машиналары көмегімен жасалатын әр түрлі жиілік сөздіктер алынды. Тілдің сөздік қорын зерттеуде статистикалық әдістерді қолдану жиілік сөздіктерді құрастырумен тығыз байланысты. Осындай жиілік сөздіктер негізінде ұлы жазушының тіл байлығы мен стильдік ерекшелігі жайында бірнеше ғылыми зерттеулер жүргізіліп, ғылыми диссертациялар қорғалды. Түркі тілдері бойынша статистикалық зерттеулер жүргізіліп, жиілік сөздіктердің алғаш қазақ тілінде жарық көруі сол кезеңдегі үлкен жаңалық еді. Бұл еңбектер күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан емес. Қазақ тілінің статистика саласында еңбек еткен азғантай топтың шығарған жиілік сөздіктері, статистикалық зерттеулері – құнды зерттеулердің өміршеңдігінің дәлелі.

Қазақ тіл біліміндегі компьютерлік лингвистиканың теориялық-әдістанымдық негізі ретінде анықталған осы зерттеудің нәтижесінде қазақ тілінің қолданбалы бағыты компьютерлік және корпустық лингвистика сияқты жаңа салалармен толығып, жаңа әдіс-тәсілдер молынан қолданылатын тың зерттеу аясы кеңеюге әсер етті деуге болады. Сонымен, 1970-2000 жылдар аралығындағы қолданбалы лингвистика саласының әдіс-тәсілдері қамтылып, жиілік сөздіктер мәселесі, олардың автоматты жасалу жолдарын көрсетуге және қазақ мәтініндегі негізгі сөз таптары үлестірілуінің ықтималды-статистикалық моделін құру мәселесіне қатысты ғылыми ізденістер, негізінен, жеке авторлар шығармаларын, функционалдық стильдерді, сондай-ақ толық әдеби тіл қамтылған мәтіндерді статистикалық әдіс-тәсілдермен зерттеу тәжірибесі әртүрлі жиілік сөздіктерді жасаудың өзекті мәселе екенін көрсетті. Осы бағыттағы зерттеу нәтижелері негізінен аса маңызды және күрделі мәселелерді: тілді лексика-грамматикалық нормалауға, түркі тілдерін өзара салыстырмалы-типологиялық зерттеуге және олардың компьютерлік қорын құруға зор мүмкіндік жасайтындығы дәлелденді.

Қазіргі таңда білім беру мен тәрбие жұмысын қоғам сұранысына сәйкес жаңарту мен дамыту мәселесі алға қойылып отыр. Осымен байланысты мемлекеттік тілді мектеп оқушыларына, сондай-ақ жалпы елімізде тұрып жатқан өзге ұлт өкілдеріне де тез әрі тиімді меңгертудің жаңартылған әдіс-тәсілдерін тауып, негізін айқындап, ұтымды пайдалану қазақ тілі мамандарының алдында өзекті мәселе екені белгілі [7.4]. Қазақ тілі – өмірдің сан саласында қолданылуға әлеуеті әбден жететін түркілік түбірін сақтаған сөздік қоры жағынан әлемдегі ең бай, саламатты әрі жаңғырған тілдердің бірі. Ұлтымыздың ұлы қазынасын тіліміз арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыру – кез-келген қоғам үшін парыз. Бұл – білім беру жүйесінің басты мақсаты. Тілде сақталған ұшан-теңіз білімдер жүйесіне болашақ қазақстандықтардың барлығы дерлік қол жеткізе алуы үшін, алдымен оларды кез-келген қоғамдық ортада жаппай мемлекеттік тілде сөйлеуге баулуымыз керек. Жиілік сөздіктер сөйлеушінің діттеген ойын жеткізуге, орындатуға, сәтті тілдік қарым-қатынас орнатуға көмегін тигізеді. Жиілік тізім терминін кез-келген лингвистикалық единицаларға қолданамыз. Ол единицалар, әрине, сөз, сөз формасы немесе сөз тіркесі, яғыни графемалар тағы басқа түрінде болуы мүмкін.

Жиілік сөздік жасаушы лексикографтар кейбір тіл мамандары және тіл білімі мен шұғылданушылар жиілік сөздікке мынадай анықтама береді: «Словарь, содержащий перечень словданного языка, расположенных постепениих употребительности». «Частотным словарем называется упорядоченный список всех слов какого-либо текста». «Частотным словарем обычно называют перечень или список слов, сопровождающийся указанием частоты их употребления в исследованных текстах». Жиілік сөздік зерттеуші зерттеген мәтіндерінен тізіліп жасалған сөздер мен басқа да лингвистикалық бірліктерден тұратын сөздік. Онда ол лингвистикалық бірліктердің берілген мәтінде қолданылу жиілігі көрсетіледі [8.4]. Жиілік сөздіктер ең алдымен мемлекеттік тілді оқытуда, оқулық, оқу құралдарын, оқу сөздіктерін, тілдік (лексикалық, грамматикалық) минимумдарды ғылыми негізде жасауда аса қажетті. Сонымен бірге сөздік морфологиялық,

фонетикалық дублет, жарыспалы сөздердің қай нұсқасын әдеби нормаға алуды анықтауда, кірме сөздер, терминдер, неологизмдердің тілдің жалпыхалықтық лексикадағы орнын анықтауда, басқа да түрлі сөздіктер жасауда, лексикографиялық теориялық мәселелерді шешуде, тілдің лексикалық байлығы мен стильдік ерекшелігін, түрлі стильдердегі сөзқолданыс сипатын анықтауда, типологиялық зерттеулер жүргізуге керек материал жинауда, сөздер мен сөз таптарының статистикалық деректерін алуда бірден-бір қажетті құрал болып табылады. Сөздіктің негізгі мақсаты – тілдегі белсенді сөздік қор шегарасын, сол арқылы қазақ тілін, әсіресе екінші тіл ретінде үйренетіндерге арналған тиімді оқулықтар мен оқу құралдарын, оларға база болатын лексикалық-грамматикалық минимум әзірлеуге қажетті лексикалық материалды анықтап беру [9.8].

Байқағанымыздай базалық деңгейде қазақ тілін тіл үйренушілерге талапқа сай үйрету үдерісінде Ұлттық стандарттың атқаратын рөлі ерекше демекпіз. Бүгінде қазақ тілін ересектерге жаңа заман талабына лайықты меңгеру мемлекеттік тіл мәртебесін арттыру мәселесімен ұштасып жатыр. Қазіргі таңда еліміздің экономикалық, мәдени, әлеуметтік жағдайына байланысты қоғам өмірінің барлық салаларында кәсіби біліктілігі жоғары, мемлекеттік тілде сөйлеп-жаза алатын сауатты мамандарды дайындау – мемлекеттік тілді дамытудағы басым бағыттардың бірі болып табылады. Бұл тіл саясатын ұстанып отырған егемен елде қызмет етіп жүрген мамандардың мемлекеттік тілде еркін сөйлеп, оны өзі қызмет ететін салада қолдана алуы – олардың кәсіби әлеуетін арттырудың басты шарты болып табылатынын танытады. Бұл аталған мәселе өз шешімін табу үшін тілдің нормативтік-базалық мәселесі анықталуы керек екені белгілі.

Бәрін жинақтай келіп жиілік сөздіктердің маңызына тоқталсақ, бұл сөздіктерде жиі қолданыстағы сөздер алдымен сөздіктің басында орналасатындықтан, оларды қазақ тілінің қарым-қатынас жасау кезіндегі жиі қолданылатын сөздер ретінде тануға болады. Ал бұл жалпы алғанда тілді оқытуда, әртүрлі лексикалық минимум сөздіктер құрастыруда негізгі құрал қызметін атқарады деуге толық негіз бар. Белгілі бір кезеңдер бойынша статистикалық ақпараттар береді [5.13]. Енді, сөздіктің оқу-білім ғана емес, қазіргі қазақ тілінен ақпарат іздеген ғылыми-зерттеулер саласында да құнды құрал бола алатынын көрсетеді. Себебі жиілік сөздіктің базасына алынған мәтіндер қазіргі стиль қоғамның сан саласында өмір сүріп отырған алуан түрлі тілдесім әрекетіне қатысты болуы арқылы тіліміздің бүгінгі тынысын, айырым ерекшелігін, онда орын алған заманауи трендтер мен тенденциялардан сандық көрсеткіштер арқылы дәйектелген мәлімет бере алады. Тілдегі құбылыс – санадағы өзгерістің бейнесі, санадағы трансформациялар тілде айнаға түскен кескіндей анық бейнеленеді, олай болса, Сөздік қоғамдық санадағы құбылыстарды зерттеушілер үшін де таптырмас құрал бола алады демекпіз [9.9].

Жалпы әр кезеңде жасалған жиілік сөздіктердің мақсаты әртүрлі болады:

1. 70-жылдары тілді жалпы математикалық әдіспен зерттеудің алғашқы тәжірибелері ретінде әртүрлі стильдер ерекшелігін,жазушы тілін зерттеу мақсаты қойылды;

2. «Жалпы білім берудегі жиілік сөздіктің» мақсаты – тілдегі белсенді сөздік қор шегарасын, сол арқылы қазақ тілін, әсіресе екінші тіл ретінде үйренетіндерге арналған тиімді оқулықтар мен оқу құралдарын, оларға база болатын лексика-грамматикалық минимум әзірлеуге қажетті лексикалық материалды анықтап беру;

3. «Қазақ графемаларының жиілік сөздігінің» мақсаты – қазақ жазуын латын қарпіне көшіруге қатысты мәселені шешудің ғылыми-практикалық (лингвостатистикалық негіздерін) алғышарттарын жасау.

Жоғарыдағыларды қорыта келгенде, жиілік сөздік ең алдымен тіл үйрету үшін қажет. Алайда оның тілді ана тілі ретінде үйретудегі пайдасы екінші тіл ретінде үйретуге қарағанда өзгеше. Өзге тілдің иелмені үшін қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда, сөз жоқ, жиілігі жоғары, яғни белсенді сөздік қордағы сөздерді анықтап, түрін түстеп алудың маңызы зор. Ал қазақ тілін ана тілі ретінде игерген тұлға үшін белсенді сөздерден гөрі, жиілігі аз сөздерді игеру пайдалырақ. Сонымен қатар жиілік сөздіктің мәліметтері заманауи ақпараттық-технологиялық құралдар арқылы жасалатын табиғи тілді автоматтаушы, мәтінді өңдеуші компьютерлік қондырғы, бағдарлама, қосымшалар, интернет-ресурстар және тағы басқаларды әзірлеу үшін аса маңызды болып отыр.

Мысалы «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» күнделікті тілдік ортада естіліп, айтылып қолданылатын қазақ сөздері тілдің барлық стильдеріне қатысты мәтіндердің алынғаны, әсіресе оқу дискурсына мән берген. Ол туралы белгілі тіл зерттеушісі А. Фазылжанова орыс тілді оқушының тілдік ортасына тән мәтін базасы қоғамдық ортада кездесетін қазақ сөздерін, радио мен теледидардан еститін, қазақ тілін ақпарат құралдарынан оқитын сөздерді қамтығанын айтады. Атап айтқанда, төмендегідей мәліметтер берілген:

- 2,5 миллион сөзқолданыс ғылыми стильдегі мәтіннен;
- 746 мың сөзқолданыс көркем әдебиет стиліндегі мәтіннен;
- 465 мың сөзқолданыс сөйлеу стиліндегі мәтіннен;
- 69 мың ресми-іс-қағазы стилінен;
- 669 мың сөзқолданыс публицистикалық стиль мәтіндерінен;
- 268 мың сөз әр стильден аралас жиналған мәтіннен алынған [1.167].

Қорыта келгенде, жиілік сөздіктерді оқыту үдерісінде айқын мақсатқа сай қолдануға негізделген бұл жаңа әдістеме көптеген міндеттердің шешімін бере алады.

Жиілік сөздіктерді құрастырудағы басты мақсаттардың бірі – белсенді лексиканы анықтап, тіл үйренушілерге сол сөздерді тірек етіп оқыту арқылы максималды жетістікке жету. Жалпы жиілік сөздіктер тарихынан деректер келтіретін болсақ,алғашқы кездегі ғалымдардың есебі бойынша, жиілік сөздіктің алғашқы 100 сөзі мәтіндегі сөз қолданыстарының 50 пайызын, алғашқы 1000 сөз 70-80 пайызын түсінуге мүмкіндік береді екен. Демек, жиілік сөздіктер нақты мәтіндерге, дискурстарға байланысты болады. Алғашқы жиілік сөздіктер жазба тіл негізінде іріктеліп, оқу мақсатына сай сұрыпталып алынған мәтіндер бойынша жасалғандықтан, ауызша тіл назардан тыс қалып қойды. Тілді үйренудегі мақсат тек жазбаша емес, ауызша қарапайым тұрмыстық қарым-қатынасқа үйрену болғандықтанда, ауызша тілдің жиілік сөздігін құрастыру маңызды болып табылады. Жазбаша әдеби тілде жазылған мәтіндерде ауызекі тұрмыстық тілде қолданылатын көптеген сөздер қолданылмайды. Заманауи құрылғыларды пайдалана отырып ауызша тілді үйренуде үлкен көмегі тиетін «Ауызша тілдің жиілік сөздігін» құрастыруға үлкен себеп бар. Сөйлеудегі «жанды тілдің» өзіне тән болмысы мен табиғатын зерттеудің өзектілігі мен қажеттілігі күн санап артып келеді. Себебі шынайы тіл ол қолданыстағы, қоғамдық өмірдің барлық саласына белсене араласқан, қоғамдық қарым-қатынас барысында, сұрыпталған, шыңдалған, қалыптасқан, сол қатынас нәтижесінде өмір сүруге бейімделген тіл болып табылады. Шынайы тіл тілдік қарым-қатынастың барлық түрлері арқылы жүзеге аса алатын, эмоциялық көңіл-күй сезімдер, ақиқат өмір туралы ақпарат бере алатын тіл болып табылады. «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау» дейді ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы. Сонымен бірге тілдік процестерді автоматтандыру мәселесі тоқырап қалмай, үнемі жетілдіру жағынан өзінің жалғасын тауып тұруы қажет. Егер ана тілімізге күн сайын жаңа сөздер, жаңа қолданыстар мен жаңа терминдердің еніп отыратынын ескерсек, мұндай зерттеу күн тәртібінен түспейтін әрі ұтымды, әрі заман сұранысына сай зерттеу деп білеміз.

Қорытынды

Жоғарыда аталған мәселелердің қолданбалық сипаты қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесіне сай оның халық оқыту мен тәрбиелік жұмыстарында және қазақ халқының мәдени өмірі мен егемен еліміздің қазақ тіліндегі ақпаратпен қамтамасыз ету мәселелерінде аса маңызды болмақ. Сондай-ақ автоматтандырылған жүйелерді құру мәселелері жаһандану үрдісіне сай әлемдік дәрежеге көтерілуі тиіс. Ғылым мен техниканың даму қарқыны оқу-ағарту саласының оқыту үдерісінде жаңа компьютерлік технологияларды кең көлемде қолдануды қажет етеді. Бүгінгі ұрпақ сауатты, техниканың соңғы жаңалықтарын терең меңгерген. Жаппай автоматтандыру заманына қоғамның әрбір мүшесі белгілі дәрежеде «компьютерді пайдаланушы» болып саналатыны мәлім. Сондықтан гуманитарлық саласына, әсіресе, қазақ тіл біліміне, компьютер мүмкіндігін толығымен пайдалану егемен еліміздің дамуына қосқан зор үлес болар еді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жиілік сөздік және оны тіл үйрету әдістемесінде қолдану. Сұлтанғалиева Р.Б. Өтемісов М. атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің хабаршысы. - 2018.
2. М. Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі. Алматы, Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, - 1979 ж. – 336 б.
3. Жұбанов А.Қ. Қолданбалы лингвистика: қазақ тілінің статистикасы. Оқу құралы. - Алматы: Юрист, - 2004. - 209 б.
4. Қазақ тексінің статистикасы (2-шығуы) Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы. Алматы - 1973. – 6 б.
5. Жұбанов А., Жаңабекова А., Карбозова Б., Қожахметова А. Қазақ тілінің жиілік сөздігі. - Алматы: Қазақ тілі, - 2016. - 792 б.
6. Бектаев К.Б. Статистика–информационная типология тюркского текста. - Алма-Ата: Наука, - 1973. - 281б.
7. Қазақ тілінің жиілік сөздігі. Сейтбекова А. Ана тілі. - 2018. - 5-10 қаңтар (1) – 4 б.

8. Алексеев П.М. Частотные словари. СПб: Санкт Петербугского университета, - 2001. - 156 с.
9. Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі. Алматы, - 2016. – 147 б.

УДК 372.881.1

Калиаскарова Айнур Амановна,
сениор-лектор, аударма ісінің магистрі,
Халықаралық Ақпараттық Технологиялар Университеті,
e-mail: Ainuramanovna@gmail.com

Калмыкбаева Айжан Батырбекқызы,
лектор, педагогика ғылымдарының магистрі,
Халықаралық Ақпараттық Технологиялар Университеті,
e-mail: kalmykbaeva@list.ru

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА БЛОГ ТЕХНОЛОГИЯСЫН (BLOGGING) ҚОЛДАНУ

Анықтама. Бұл мақала ағылшын тілін оқытуда Блог технологиясын (Blog немесе Blogging) қолданудың қаншалықты тиімді екендігі қарастырады. Блогтың анықтамасы мен әр түрлі зерттеушілердің ол туралы пікірлері жазылған. Автордың пайымдауынша, блогты оқыту процесіне енгізу жағымды нәтижелер берді. Ағылшын тілін жақсарту мақсатында Блог-технологиясын қолдануға кеңес беріледі.

Кілт сөздер: Блог технологиясы, blogging, заманауи компьютерлік технологиялар, ағылшын тілі сабағы.

Аннотация. Данная статья посвящена использованию Блог-технологий в обучении ангийскому языку. В статье даются разные определения и мнения разных исследователей об этой технологий. По мнению автора, использование Блог-технологий в учебном процессе принесли положительные результаты. Автор советует использовать Блог-технологию для улучшения уровня английского языка.

Ключевые слова: технологии блога, blogging, современные компьютерные технологии, урок английского языка.

Abstract. The given article is about the use of Blog technology (Blogging) in teaching English language. Different definitions and opinions about this technology are written in this research work. According to the author, the use of blog technology in teaching process brought positive results. The author suggests using this technology in teaching English language.

Keywords: blogging technologies, modern computer technologies, English lesson.

Жаңа технологиялардың дамуымен дүние жүзіндегі барлық оқытушылар, оның ішінде Қазақстандық оқытушылар сабақтарын замануи, динамикалы, интерактивті және әсерлі ету мақсатында өз сабақтарында түрлі компьютерлік технологияларды, интернет желісіндегі түрлі платформаларды қолданады.

Бүгінгі оқушылар, студенттер фотосуреттер, бейне және дыбыс материалдарымен, сондай-ақ мәтіндермен бір мезгілде жұмыс істей алады. Олар ақпарат көздерін өзі құруға және қолданыстағы желілік ресурстарды өңдеуге дайын. Осылайша, мұғалімдердің қазіргі уақыттағы міндеті - ақпараттық-білім беру кеңістігін ұйымдастыру. Ол кеңістіктің бірі – блогтар [Шишковская Ю.В., 2014, 210 б.].

Википедияға жүгінсек, ең алғашқы блог 1992 жылы ашылған Тим Бернарси Лидің интернет желісінде жаңалықтармен бөлісіп отырған парақшасы болып есептеледі. 1996 жылдан бастап блогтар кең түрде қоданыла бастады [11]. «Веб-блог» термині «web» және «log» деген екі сөздің қосындысы, тікелей аударғанда «бүкіләлемдік ғаламтордағы журнал» [Wortham J., 2007]. Кейін, П. Мерхольц бұл сөзді оңайлатып, жай «блог» деп қолдана бастады [Loving C.C., 2007, 323 б.].

Егер блог алғашқы кезде тек жаңалықтарды тарату мақсатында қолданылса, біртіндеп білім беру жүйесіне қарқынды еніп кетті. Ол оқытушылардың сабақтарына белгілі бір тақырыпты немесе толық курстың мазмұнын көрсететін, оқушылардың немесе студенттердің түрлі жазба жұмыстарын енгізіп бөлісетін платформа ретінде қолданыла бастады.

Блог технологиясы не деген сұрақтың жауабын келесі ғалымдардың еңбектерінен табуға болады.

Дж.Х. Бейкердің пайымдауыншы, оқыту мақсатында қолданылатын веб-блог - берілген тапсырма бойынша оқытушылардың құзіреттілігін қалыптастыратын ғылыми журнал [Baker J.H., 2003, 11 б.]. П.В. Сысоевтің анықтамасына сәйкес, блог-технология - күнделік немесе журнал түрінде құрастырылатын жеке парақша немесе блог. Ол хат жазуға және ауызша айтылған мәліметтерді тасымалдауға, блогқа кірушілерге өз пікірлерін қалдыруға мүмкіндік береді. Осының

барлығы Web 2.0 қызмет көрсету технологиясының мүмкіндіктері болып табылады [Сысоев П.В., 2013, 115 б.].

Ең алғаш рет блог-технологияны шет тілінде пайдалану жөніндегі методикалық жұмыс К. Кеннедидің мақаласында жазылған. Бастапқыда блог оқушылардың өз ойларын жеткізетін веб-журанал ретінде түсіндірілген. Өзінің зерттеуінде К. Кеннеди блог құрастырып, онда оқушылардың жазба жұмыстарын, пікірлерін, оқытушыға сұрақтарын салып отырған [Kennedy K., 2003, 11 б.].

М.В. Пласкинаның айтуыншы, блогты сабақ барысында қолданудың өзектілігі оның ыңғайлы, жан-жақты, қол-жетімді, авторлық құқықты сақтауға және жазбаларды мұрағаттуға болатын қасиеттеріне байланысты [Пласкина М.В, 2016, 159 б.].

В.А. Киракосянға сүйенсек, блог технологиясы әлеуметтік желінің мүмкіндіктерін үйлестіреді, себебі ол әртүрлі ресурстар арқылы жеке профиль жасауға және виртуалды байланысқа түсуге, сонымен қатар, қажетті оқу материалдар мен бағдарламаларды орналастыру арқылы педагогикалық көріністің құралдарын қосуға мүмкіндік береді. Сондай ақ, блог технологиялары студенттерге қол жетімді болып табылады. Оқушылар сайтқа кіріп, материалдармен тек сабақ кезінде ғана емес, кешке үй тапсырмаларын жасаған кезде де кирип, коре алады [Киракосян В.А., 2017, 181 б.].

А. Заини өз еңбегінде блог технологиясын ағылшын тілін үйренуге мүмкіндік беретін оқу платформасы ретінде қарастырады. Автордың айтуынша, блог жүргізу студенттердің жазу іскерлігін жақсартты. Блогтың архитектурасының ерекше жүйесі мен арзан бағасы студенттердің өз жұмыстарын ауқымды аудиторияға таратуын ғана емес, сонымен қатар өздерін автор ретінде көрулеріне қатты әсерін тигізгенін жазады [Zaini A., 2011, 537 б.].

Зерттеулердің қорытындысы қандай болса да, оқытушылар студенттерді ынталандыру үшін және оқытуды мәнді ету үшін өз сабақтарында түрлі жаңа технологияларды пайдалануы қажет [Richardson, 2010, 123 б.]. Сондықтан, біз ағылшын тілін оқытуда блогты пайдаландық. Блог платформасы ретінде Nicenet.org сайты қолданылды.

Nicenet сынып блогы болып табылады. Бірінші оқытушы өз сыныбын құрастырады. Кейін студенттерге кіру кілтін беру арқылы сыныпқа қосады. Студенттер конференция бөлімінде оқытушыдан тапсырма алады және басқа студенттремен оны талқылайды. Оқытушы студенттердің жеке e-mail адрестеріне қателерін түзетіп жібере алады не осы блогтың өзіне жаза алады.

Бұл еңбек келесі сұрақтарға жауап беруге тырысады:

1. Блог технологиясын қолдану студенттердің ағылшын тілінің деңгейін жақсарта алды ма?
2. Студенттердің блог жүргізуге деген көзқарастары қандай?

Қатысушылар Халықаралық Ақпараттар Технологиялар Университетінің 1 курс студенттері. Олардың мамандықтары - ақпараттық жүйелер, математикалық модельдеу және радио-электрондық жүйелер. Студенттердің жасы 17 мен 19 аралығында. Олардың ағылшын тілі деңгейлері Pre-Intermediate (A2). 5 топ эксперимент ретінде алынды, әр топта 12-14 студент бар, жалпы студенттер саны 62.

Студенттер 14 апта бойы оқу бағдарламасы бойынша берілген тапсырмаларды Nicenet платформасында жасады. «Менің болашақ мамандығым» атты тақырыпта студенттер үлкен жоба жасады. Әр апта сайын жобаға қатысты тапсырмалар берілді. Әр студент кемінде басқа 2 студенттің жобасын талқылап, өзінің ойын, кеңестерін, грамматикалық және сөздік қателерін жазып отырды. Оқытушы әр студенттің жазбасын тексеріп, сараптама жүргізіп отырды.

Ең соңғы аптада судентерге 10 сұрақтан құралған сауалнама жүргізілді. Ол сауалнама блог жүргізуге қатысты тәжірибе, блогты қолдану жиіліктері, оқуға блогтың әсері, блогқа қатысты студенттердің өз сезімдері мен түсініктері, болашақ блогтардың қандай болуы керек және өз ұсыныстары деген сұрақтарды қамтыды. 62 қатысушының 58-і жауап берді. 2 студент басқа жоғары оқу орнына ауысып кетті және 2 студент ауырып қалу себебімен қатыспады.

Сауалнама жауаптары процент пен жиілік түрінде көрсетілді. Бұл жауаптар блогтың қаншалықты тиімді екендігін көрсетеді.

Сауалнама қатысушылардың 100 пайызы блогты ең кемінде 1 рет ашқанын көрсетті. Бірақ, студенттердің 15 пайызы блогпен жұмыс жасауды ұнатпаған. 25 пайызы блогты пайдалану бойынша сенімсіздік білдірген. Алайда, қатысушылардың 60 пайызы блог жүргізуді қатты ұнатқан.

Ұнатпағандардың 4 пайызы блогпен жұмыс жасауды түсінбедік деп жауап берген. Алайда, семестрдің басында оқытушылар жұмыс жасау процесін, қалай жасау керектігін толық

түсіндірген. 3 пайыз қатысушы үйінде интернет болмағандықтан блогпен жұмыс жасау қолайсыз болды дейді. 5 пайызы тапсырмалар қызықсыз болғанын жазған, ал қалған бөлігі студенттердің жазған посттардың қызықсыз болғанын, оларға жауап бергілері келмегенін, өз жазғандарының басқа студенттердің көргенін қаламайтынын жазған.

Сауалнама жауаптарына сүйенсек, студенттердің блог жүргізу жөніндегі әсерлері әр-түрлі. Бұл сауалнама блогты ұйымдастырудың жолдарын өзгретуді, берілген тапсырмаларды өзгертуді қажет екендігін көрсетті.

Блог жүргізуді жақтағандардың жауаптары әрине жағымды болды. Бір студент блогтың өте креативті екендігін және өз қалаған уақытында сайтқа кіріп жасай алатынын жазған. Тағы біреуі өзінің аудиторияда сөйлегенге қысылатынын, бірақ блогқа жазу арқылы өз-өзіне деген сенімділігінің артқанын жазған. Бір студент «блогқа жазу арқылы сабақта өткен грамматика немесе сөздерді игеру қолайлы болды», тағы бір студент «бір нәрсе жазу үшін өткен материалды қайта оқу керек болды, сондықтан тақырыпты жақсы меңгердім». Енді біреуі «тақырыпты сабақта оқып, уйренсем, екінші жағынан өз құрбыларымнан көп нәрсе үйрендім». «Жазу арқылы көп сөздер мен сөз тіркестерін уйрендім», «грамматикам жақсарды» және т.б. сияқты көптеген жағымды жауаптар болды.

Керісінше, жағымсыз жауаптардың ішінде блогтың пайдасыз және оны сабақ барысында қолданбау керек деген жауап болды. Бір студент, блогқа не жазатынын, сұрақтарға қалай жауап беру керектігін білмеген. Тағы біреуі жобаға берілетін бағаның өте төмен екенін жазған. Бір студент уақытым болмады, жоба жасау өте көп уақытты қажет етеді деп жауап берген.

Сауалнаманың блогтардың қандай болуы керек және өз ұсыныстары деген бөлігінде келесі пайдалы кеңестер берілген. «Емтихан сұрақтары блогта берілген тапсырмалардан алынса, барлық студенттер толық қатысар еді» «Блог платформасын өзгерту қажет. Nicentet.org қызықсыз», «Пост жасамаған студенттерден балл алынып тасталуы керек», «Жобаның тақырыбын өзгерту керек» деген жауаптар болды.

Сондай-ақ, повесте *көркемдік уақытты* білдіретін тұрақты сөз тіркестері де кездеседі: «Күз келді. Көзі қызарған ауыр қыстың ызғары түсе бастады. Ауыр қыстың ортасы ауды. *Жуан жіңішкеріп, жіңішке үзілуге айналды*. Бұл аш-арықтың екі бүктетіліп кетер шағы. Одан Қалиша қайдан аман қалсын. *Ит ашыққан, бит тойынған шаққа* ол байғұс елден бұрын кездесті» [3, 33 б.], немесе: «Он күн өтті. *Ел құлағы елу*. Бір қазақтың құлағы елу» [3, 46 б.]. Бұндай мысалдарды *экологиялық уақыт* түрінің қатарына жатқызуға болады, шығармада олар көптеп кездеседі: *«Марттың аяғына таман», «түнеугүні», «ертең түнде», «кешкі ойын», «күн бата», «бүгінгі күн», «айналасы бір сағатта», «таң қараңғысы», «таң бозаландаған сайын», «он күн», «бір-ақ ай», «таң атты», «сенбі күні», «бір жұма», «күн көтерілгенше», «түс ауа», «күн сайын», «таң ала сәуледе», «жеті қараңғы түнде»* - бұл сөздер мен сөз тіркестері негізінен нақты маусымдық немесе айлық, бір тәуліктік кезеңдерде айналасындағы уақыт межесін айыру мақсатында қолданылып тұр.

«Экологиялық уақыт бойынша жыл мезгілдерін «көктем», «жаз», «күз», «қыс» деп саралау халықтың таным-тәжірибесінде айрықша мән-мағынаға ие. Әр маусымның өз ішінде өтетін табиғат құбылыстары, сол табиғат құбылыстарымен тікелей байланысты әрекет-шаралар уақытқа меже болып отырады. Бұл ретте, қоршаған орта, табиғат, аспан денелерінің құбылыстары, сол құбылыстармен орайлас келетін әрекет-шаралар да уақытқа меже бола береді» [5, 7 б.].

Кеңістікті суреттеуде де автор кейіпкерлер басындағы жағдаймен байланыста алады: «Әлі жел. Әлі гуілдеп ұлып тұр. Жер-көкті шайқап тұрғандай. Жер-көк жылжып, тұтас бір жаққа көшіп бара жатқандай. Оң жақ, сол жақ деген қалып, қай жағы екенін адам айыра алмастай, әлем тапырық. Асты-үстіне келіп, қопарылып қалған дүние секілденеді. Сеңмен бірге өздері қалай ағып бара жатқандары да білінбеді. Сабалаған қарлы жаңбыр бетке ұрады. Сең, толқын, қайық тұтас көшіп барады. Жолы бір, жөні бір, тілектері басқа, біріне-бірі жау жолдастар осылар екен. Ашынған жандар от елестеген көздерінің ақтық қайратымен, кейде секіріп сеңге, кейде қайыққа мініп жанталасты. Бет түзеу былай қалып, арыстандай арсылдаған ажалмен алысты, әл азайды, үміт азайды...» [3, 39-40 бб.]. Бұл жерде автор кеңістіктің шеңбері тарылып, ендігі ретте теңіз үстіне ауысып, қауіп пен қорқыныштың күшейе түскенін аңғартады. Табиғаттың толқын, сең, жел, ағыс сияқты құбылыстары ендігі кезекте *динамикалық түрде* өзара ауыса отырып, Шәйза мен Біржан тағдырының қыл үстінде екенін көрсетеді. «Көзге түртсе көргісіз қараңғы», «ұлыған ызғырық жел», «түнерген аспан», «тамтығы қалмаған дүние», «үмітсіз өмір елестеді» үлкен шеберлікпен төгілте жазылған табиғаттың осы дүлей ышқынысы – жойылуға жақын қалған ескі заманның ақырғы ыңқыл-күңгірі тәріздес. Еріксіздікке, құлдық-күңдікке көнбеуге батыл түрде бел буған, жас тілектері жарасқан қаһармандар қанша қалжыраса да, қайратты, қасарысқан күймен дес бермей, түн түнегінен сытылып шығады [7, 88 б.]. Табиғаттағы осындай алай-дүлей жағдай тұтас қоғам мен адамдар өміріне ендігіде үлкен өзгерістер әкеліп, дүние астан-кестең болатынын танытқандай. Осындай ретпен Шәйза мен Біржанның айналасы және өскен ортасы жалаң күйде суреттелмейді. Әр түрлі өмірлік жағдаяттар, шынайы оқиғалар, адамдардың қилы тағдыры әлеуметтік оқиғалармен қиюласа суреттеледі.

Кеңістіктің көзге көрінбейтін, қолға ұстауға келмейтін, мөлшерлеуге болмайтын, былайша айтқанда, *абстрактылы* түрлері де бар – ол бостандық, азаттық жолы сияқты адамға қанат бітіретін, дем беретін түсініктер: «Отпен кіріп, күлмен шығып жүрген Шәйза енді өзін үлкен бір жаңалық сүрлеуін салғандай сезінді. Ол сүрлеу әуелі су бетіне қайықпен салынып, білінбей қала беріп еді, енді міне, елге жеткен соң, әрбір қыз-келіншектің жүрегіне түсіп жатқандай екен. Әлі күдігінен арылып бола қоймаған соң, тоңған, қалжыраған қыз бір сәтте жайнап сала берді. Барлық қыз-келіншектерге бостандық жолын көрсете алардай күш сезінді» [3, 43 б.]. Осыған дейін бір ауылда шоғырланған оқиғалардың да кеңістік ауқымы кеңейіп, азаттыққа бастайтын жол қалаға, өзгеше кеңістікке нұсқап тұрғандай.

Ғ. Мүсірепов шығармада өзі әңгімелеп отырған елдің тұрмыс күйін: кедей үйдің жұтаң, жүдеу кейпі мен ауқаттылардың кекірік атқан тоқшылық салтанатын шендестіре суреттейді. Айқын әрі нанымды. Жеке кейіпкерлердің іші-сыртын ақтарып ашып тастауға ұмтылысы да сәтсіз болған жоқ. Ғабит адамның мінез-құлқын, арғы астар-қатпарларын ашудың да қыр-сырына біршама дайындықпен келгенін де, қаншама мүмкіндігі бар екендігін де көрсетті [8, 25 б.].

Яғни, хронотоп Ғ. Мүсірепов прозасының көркемдік әлемін танытуында, атап айтқанда, суреттеп отырған болмысты игеруге, сонымен қоса, повестің бейнелеу жүйесінің қыр-сырын ашуда маңызды орын алды. Уақыт пен кеңістікті өзара бірлікте ала отырып, кейіпкерлер басындағы небір қилы оқиғаларды, ушыққан жағдайларды шебер суреттеп берді. Туындыны талдау барысында нақты тарихи дәуір мен шығарма авторының бір-бірінен мезгілдік жағынан да,

мекендік жағынан да сәйкес келуін, яғни автор көп ретте өз дәуірі мен өз ортасын объект етіп алған деген байламға келуге болады.

Еліміздің тарих беттерінен орын алған осы кезеңдік оқиғаларды әрі саяси, әрі психологиялық, әрі әлеуметтік тұрғыдан көркемдеп жеткізе білген Ғ. Мүсіреповті өзі ұстазы деп санаған Ж. Аймауытовпен бір қатарда атауға да негіз бар. «Ғ. Мүсірепов аталған әңгімені жазу мәнерінде сол тұстағы енді-енді ажары ашылып келе жатқан қазақ прозасының мәнер-машығына еліктеу, соны сіңіру жөндері сезіледі. Бірде Бейімбетше, бірде Жүсіпбекше, бірде Мұхтар Әуезовтің жиырмасыншы жылдардағы прозасының ыңғайына ауық-ауық ауып кетіп отырғаны – жас Ғабиттің ізденіс ізі. Ізденіс соқпақтары классикалық орыс, Батыс әдебиетіне қарай да тартып жатыр. Сол үйрену, үлгі іздеу үстіндегі жас қаламгердің болашақ классик жазушыға, толысқан, кемел суреткерге айналуының; тек қана өзіндік, өзгеше ұқсамайтын дара жаратылыстың көркемдік ұрығын да тұп-тура сол «Тулаған толқындардан» табатынымыз – заңдылық» [8, 8 б.].

Қорытынды

Кеңістік ұғымының астарында халық дүниетанымы, көзқарасы, әлеуметтік өмірінің небір тұстары мен ерекшеліктері орын алған, осы белгілер арқылы адам, ұлт және адамзат өмірі жалғасын тауып отырады. Ол - жаратылыстан бері келе жатқан бұлжымас өмір заңдылығы, үзілмейтін шеңбер.

Автор негізінен барлық шығармаларында кеңістік ретінде қазақ даласы мен қазақ ауылын, ал уақыт ретінде сол кеңістік аумағында көрінетін оқиға-өзгерістер кезеңдерін алып суреттейді. Бұл орайда кеңістік пен уақыттың бірлігін автордың өмір шындығын көркем игерудегі өзіндік оңтайлы тәсілдерінің бірі ретінде көреміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
2. Ханкей Е. М.О. Әуезов прозасындағы көркемдік уақыт пен кеңістік (1920-30 жылдар). Фил.ғыл.канд.дәрежесін алу үшін дайынд.дисс. – Алматы, 2010. – 124 б.
3. Мүсірепов Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Жазушы, 1980. – 538 б.
4. Ғабит Мүсірепов туралы естеліктер/құрастырған С. Оразалы. – Алматы: Алаш жолы, 2012. – 592 б.
5. Сейдімбек А. Уақыт пен кеңістік//Ана тілі. – 1996, қаңтар – 4.
6. Жұмабаев М. Өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер/Құрастырған Ж. Сүлейменов. - Петропавл: Полиграфия, 2006. – 428 бет.
7. Әзиев Ә. Қазақ повесі. – Алматы: Мектеп, 1989. – 224 б.
8. Әбдікерімова Г.Ғ. Мүсірепов повестеріндегі тақырыптық-идеялық ізденістер: Филол. ғыл. канд. дис. Автореф. - Алматы, 2006. – 24 б.

Қазыбек Гүлмира Құдайбергенқызы,
профессор м.а., ф. ғ. к.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: Kazybek__68@mail.ru

Мәтбек Нұрсұлу Құрманбекқызы,
доцент м.а., ф. ғ. к.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

С.А. АКСЕНОВА-ШТЕЙНГРУДТЫҢ АУДАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

Аннотация. Мақалада С.А. Аксенова-Штейнгрудтың аудармашылық қызметі туралы айтылады. Аудармашының аудармалары туралы, кімдерден аударды т.б. сараланады. С.А. Аксенова-Штейнгруд туралы жазылған ғылыми пікірлер келтіріледі. Қолданылатын педагогикалық әдістерге тоқтала отырып, шығарманы аударуда жүйеленген тәсілдерге тоқталады.

Тірек сөздер: аударма,түпнұсқа,ақын,поэзия, еркін аударма, әдіс, кластерлер, портфолия.

Аннотация. Статья посвящена переводческой деятельности С.А. Аксеновой-Штейнгруд. Анализируется переводы данного переводчика, труды каких авторов воспроизвел на другой язык данный переводчик.Предоставляются научные отзывы о деятельности С.А. Аксеновой-Штейнгруд. Руководствуясь педагогическими способами, используемыми в переводоведении, приводятся систематизированные методы при переводе произведений.

Ключевые слова: перевод, оригинал, поэт, поэзия, вольный перевод, метод, кластеры, портфолио.

Resume. The article is devoted to the translation activity of S.A. Aksenova-Shteingrud. The translations of this translator are analyzed, the works of which authors were reproduced into another language by this translator. Scientific comments are given on the activities of S.A. Aksenova-Shteynrud. Guided by the pedagogical methods used in translation studies, systematized methods are given for translating works.

Keywords: translation, original, poet, poetry, free translation, method, clusters, portfolio.

Аударма – халық пен халықты жақындастыратын дәнекер болса, аудармашылар сол достықты нығайтатын жандар. Қазіргі кезде қазақ поэзиясының орыс тіліне аударылуына үлес қосып жүрген аудармашылар да баршылық. Аударма теориясы мен тәжірибесінің негізгі нысаны – аударма мен аударма нұсқа. Аударма теориясы мен тәжірибесі де үздіксіз кемелденіп отырады. Бұл пәндерді оқытуда түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Әдістеме — педагогика ғылымының жеке пәндерден берілетін білім көлемі мен мазмұнын негіздеп, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін бір саласы. аударма теориясын оқытуда оқытушы түрлі әдістерді қолдана алады. Ол оқытушының білімі мен біліктілігіне тікелей байланысты болады. Әдіс бұл білім берудің жолдары, яғни оқытушы өзінің пәніне студенттерді қызықтыру мақсатында түрлі жолдарды пайдалануы қажет.

Қазіргі кезде қазақ поэзиясын орыс тіліне аударып жүрген аудармашылардың қызметтері жайлы оқытуда біраз кемшіліктер бар. Әсіресе, қазіргі заманға аудармашылар туралы студенттер өте аз біледі. Кеңес өкіметі дәуірінде аударматануға арналып жазылған ғылыми зерттеулер, мақалалар көбірек болды. Нақты қазір оқулықтарда аударма шығарманы талдау ғана басым болып жүр. Аудармашылар қолданған әдіс-тәсілдер туралы аз айтылады.

Аударма туралы дәріс жүргізу барысында әлемдік педагогика саласында қолданылып келе жатқан алуан түрлі әдістемелік үрдістерді барынша пайдалануға болады. Сабақта оқу, оқыту, талдау, салыстыру, жаттығу, жаттықтыру және есте сақтау қабілетін арттыру мақсатында мұғалім портфолиясы дайындалады. Бұл портфолияда сабақтың мақсаты мен міндетіне сай жүзім кластерлері әдісі арқылы тапсырмалар дайындалады. Жүзім кластерлері әдісі бойынша бірнеше міндетті бір тапсырманы орындата отырып, білім алушыға тиімді тәсілмен меңгертуге болады. Аударма мен түпнұсқаның мазмұндық тұтастығы, тілдік ерекшеліктері, тілдік бірліктерді қолдану шеберлігі, мәтінді ойната отырып аудару, құбылыс элементтерін сипаттауға мән беру, нақтылық пен дәлдәкті ескеру, қысқалық пен тапқырлық туралы сұрақтар қоя отырып, аударма қыр-сырлары ашылады. Аудармашыға керек қасиеттерді жеткізу үшін осындай амал қолданамыз. Бір автордың жазғанын екінші адам дәл сондай бере ала ма, жоқ па, қиындығы неде екеніне осы әдіс арқылы көз жеткізіледі.

Мұғалім портфолиясының негізгі қызметіне түрлі педагогикалық технологиялар мен тиімді әдіс түрлерін қолдана отырып, сабақты меңгерту жатады. Портфолия түрлері бойынша

мақсаттық, жекеменшік, есептік, жобалық,мазмұндық, проблемалық бағдарлы, тақырыптық болып бөлінеді. **Case-study** әдісі де мұғалім портфолиясының негізгі бір бөлігін құрайды. Бұл топтық жұыстарға негізделген бірлескен әрекеттерден тұратын таңдау жасау мен шешім қабылдаудан тұратын практикалық әдіс түріне жатады.

Біз мақаламызда аударматануға үлкен үлес қосқан аудармашы С.А. Аксенова-Штейнгрудтың аудармашылық ұстанымдары туралы сөз қозғаймыз. С.А. Аксенова-Штейнгруд аударма барысында еркін және балама тәсіл қолданады. Осы тәсілдер арқылы аударылған поэзиялық шығармаларды талдау барысында оның сапасы анықталады.

Ең алдымен аудармашының өмірі мен негізгі шығармалары, ол аударған аудармалар, аударманың сапасы, жетістіктері мен кемшіліктері туралы мәліметтер қамтылуы тиіс. Осы арада жүзім әдісіндегі неге, не үшін, қалай сауалдарына жауап іздейміз. Оның аудармаларына негіз болған еңбектер қандай, аударматанудағы орны мен ролі, аудармасының сапасы туралы айтпас бұрын неге сол еңбектерді аударуға таңдап алғанына мән беріледі.

Танымал журналист, ақын, аудармашы Светлана Александровна Аксенова-Штейнгруд 1945 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. Қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология және әлем тілдері факультетінің түлегі. 1970 жылы «Қазақстанның жас жазушылары» сыйлығының иегері атанған. С.А. Аксенова-Штейнгруд Қазақстан Жазушылар және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. 1979 жылдан бастап Мәскеуде, ал 1991 жылдан бастап Израильге қоныс аударған.

2013 жылы «Почуять ускользающую вечность…» деген атпен берген бір сұхбатында өзінің неліктен шетелге қоныс аударғаны, өлеңдері мен аудармалары т.б. туралы жан-жақты айтқан. Осы сұхбатында:«...Я опубликовала стихи талантливого казахского поэта Магжана Жумагулова в переводах моего педагога и друга, профессора Александра Лазаревича Жовтиса. А стихи этого поэта и на казахском не смели публиковать, потому что он боролся с советской властью и был расстрелян. Или – интервью с главным режиссером казахского театра драмы А. Мамбетовым. Он сетовал на то, что приходится ездить по аулам, чтобы набрать студентов на актерский факультет театрального института, где Мамбетов преподавал. Казахская молодежь крупных городов, особенно Алма-Аты, плохо знала казахский: было престижно отдавать своих детей в русские школы…», - деген пікірі назар аудартады [1].

2015 жылдың 18 наурызында Алматы қаласында Морис Давидович Симашко тұрған үйдің қабырғасына мемориалды тақта орнату кезінде С. Аксенованың арнайы жазылған естелігі оқылады. Сол естелікте: «В жизни Морис Симашко был обаятельной, харизматичной личностью. Еще школьницей я подружилась на литературном объединении при молодежной газете «Ленинская Смена» и Союзе писателей Казахстана с его дочерью Риммой. И наша дружба продолжается уже более 50 лет. А вначале я немного смущалась: это ведь дочь самого Симашко! Потом, когда уже работала заведующей отделом литературы и искусства в молодежной газете «Ленинская Смена» я писала и публиковала интервью с ним, рецензии, статьи о его книгах. Но общаться стала еще раньше. Однажды, когда я училась на последнем курсе университета, куратор нашего курса, незабвенная Рашида Садыровна Зуева пригласила меня к себе домой. Я пришла и увидела ослепительную компанию друзей Рашиды: Мориса Симашко, Олжаса Сулейменова, Николая Ровенского, еще нескольких блистательных, творческих людей. Я была счастлива, что меня, девочку, значительно моложе всех, приняли в эту компанию. Посиделки у Рашиды были замечательной отдушиной в то душное советское время. Какие интересные разговоры там велись, сколько была дружбы, любви, тепла, искрометного юмора – под звон бокалов и поедание вкуснейших блюд, приготовленных Рашидой...»,- деген ойлары айтылған [2]. Бұдан С. Аксенова-Штейнгрудтың Қазақстан жазушыларымен тығыз қарым-қатынаста болғандығын дәлелдей түседі.

Ақынның өлеңдері қазақ, белорус, неміс, иврит тілдеріне аударылған. Оның «Новые стихи», «Я рисую дождик», «Времена души», «К дому по снегу следы», «Мотыльковое новоселье», «Отважная доброта», «Свет зимы», т.б.жинақтары жарық көрген.

С. Аксенова-Штейнгрудтың лирикасы өзіне ғана тән стилімен, көркемдігімен ерекшеленеді. Мысалы, «Мама» деген өлеңінде адамзаттың ең асылы саналатын ана туралы былай жырлаған:

Случайность шороха в прихожей.
Сложенье бликов в силуэт.
Да быть не может, быть не может,
Что мама… мамы с нами нет.
Она жива, но по-другому,
Не откликаясь никому.

По обезжизневшему дому
Проходит, озаряя тьму.

С. Аксенова-Штейнгрудтың 1997 жылы «Предчувствие жизни» деген атпен аударма кітабы жарияланған. шығармалары Қазақстанда «Простор», «Жалын» журналында шыққан.

Светлана Аксенова-Штейнгрудтың өлеңдері мен аудармалары «Юность», «Литературное обозрение», «Литературная газета», «Октябрь», «Тарусские страницы», «Нева», «Диалог», «Балтийские сезоны», «Алеф», «Свет двуединый», «Мишпоха» , «Грани», «Альбион», «Форвертс» атты журналдар мен альманахтарда үзбей жарияланып отырған. 2009 жылы орыс тілді ақындардың ішінде Давид Самойлов атындағы жүлденің иегері атанса, 2011 жылы Ашдод қаласында өткен «Жыл адамы» байқауында «Көркем әдебиет» саласы бойынша жеңіске жетеді.

«Русские писатели Израиля» деген журналда 2016 жылдың наурыз айында С. Аксенова-Штейнгрудпен оқырмандардың кездесуінде ақынның туған жеріне арналған сағынышты өлеңдерін оқығандығы туралы жазылған.

2010 жылы ақынның мерейтойына арналған мақалада: «Это потрясающий поэт: над некоторыми её стихами я плакала, и даже, от слёз, не могла прочесть их в слух. Она умный и глубоко порядочный человек. Я думаю, что эти понятия должны идти рядом, потому что "умный" - это ещё не характеристика. Строй мысли определяет сердце, и сколько умных людей, с которыми мне совершенно не интересно, потому что в их рассуждениях ни на грош нет любви и сердца. Светлана - это единение души, сердца и ума... », - деп жазылған екен [2]. Ақын туралы жазылған жылы лебіздердің барлығы да осындай мағынада.

С. Аксенова-Штейнгруд аударма саласында да біраз тыңғылықты еңбектер атқарған. Аудармашы молдован ақыны Е. Буковтың, поляк ақыны Ю. Тувиманның, иврит ақыны Ашера Райханың, қазақ ақындары А. Нысаналиннің, А. Асылбековтің, А. Егеубаевтың өлеңдері мен поэмаларын орыс тіліне аударған. Атап айтқанда, А. Асылбековтің 1987 жылы «За тучами — солнце», 1989 жылы А. Егеубаевтың «Движение: Стихи, поэма» шығармаларын аударып, жариялаған.

Жақсы аудармашы болу үшін ақын болу да шартты ұғым. Соған қарамастан, ақын жанын түсініп аударатын аудармашылар қатарына С. Аксенова-Штейнгрудты да жатқызуымызға әбден болады.

Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтары сыйлықтарының иегері, ақын, аудармашы А. Нысаналин «Көктем кешікпейді», «Алыстағы алау», «Көзайым», «Күн қайдан көтермелі?», «Армысың, БАМ!», «Сүмбіле», «Иірім», «Тыныс», «Мәуе», «Үш пайғамбар», «Жансарай», «Гүлтәж», «Төрттаған», «Омарта» өлең кітаптарының авторы. Сонымен қатар А. Нысаналинді талантты журналист ретінде де білеміз. Оның «Ақсақ Темір», «Адамзаттың алтын бесігі», «Даланың іңкәр дауысы», «Дауылпаз. Қасым Аманжолов туралы», «Суретші мен саяхатшы», «Төле би», «Армысың, БАМ!», «Жалған тарих жарға жығады», «Асанқайғы:Ақиқат пен аңыз», «Марқасқа» т.б. мақалалары мерзімді баспасөздерде жарияланған.

2015 жылы 8 шілде күні жарияланған мақаладағы журналист Ж. Әбділдәнің мына бір пікіріне назар аударайық:«Жақсы қартайған, әдемі қартайған» деп жатамыз ғой әдетте. Ал ақын Аян Нысаналинді, сонымен бірге, сергек қартайған адам десек, жарасардай. Жасы жетпістен асса да, елгезек. Алдындағы ағаларына құрметі бөлек. Артынан ергендерге ізетті» [3]. Ақынның бүкіл болмысын осы пікір аумағына сиғызғандай көрінеді. Ақын туралы Қ. Бекхожин, С.Оспандар арнайы мақала жазып, ақын поэзиясының ерекшеліктеріне тоқталған.

2014 жылы А. Нысаналиннің «Хан тәңірі» баспасынан «Отамалы»деген атпен әдеби- сын мақалалары мен естеліктері жарияланған.

А. Нысаналин аударма саласында да өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған ақын ретінде де танымал. Ол қазақ халқының басқа да әдеби мұраларымен танысуына өлшеусіз еңбек етіп келеді. Атап айтқанда, әл-Фараби, Низами, Ю. Тувим, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Б. Пастернак, В. Пшавела, Р. Тагор, А. Йожев, Антуан де Сент-Экзюпери, А. Камю т.б. қазақ тіліне аударған. Қарап отырсақ, аударма шығармалардың ауқымы да, тақырыптары да әртүрлі. Дегенмен ақын қазақ оқырмандарына түсінікті әрі жақсы аудармалар жасай білген.

Ал С. Аксенова-Штейнгруд ақынның «Пейзаж», «Аквариумдегі балықтар», «Кино» т.б. өлеңдерін орыс тіліне аударған. Ақынның «Кино» өлеңінің аудармасын салыстырайық. Мысалы,

Түпнұсқа:

Қайда қалды албырт ойдың қызығы!
Жетімдауда жалбызды бір жаз күні,
Тұңғыш кино көріп едім, есімде,

Қалмапты тек жадымда оның мазмұны.
Бесте едім көктеген бәйшешегі,
Бірақ білем... бір көгілдір кеш еді.
Ақ шаршыда ақбоз атпен ойқастап,
Өтті біреу... сол ат қайтып өшеді! [4,157 б.].

Аударма:

В голубой и ласковый вечер,
В Жетымтау, давным-давно,
Как подснежник, юн и доверчив,
Я впервые увидел кино.
Там, на белом экране, мчался
Красный всадник на белом коне!
И казалось — мне улыбался
И скакал, обжигая, ко мне! [5,107 б.].

Түпнұсқада - 5 шумақ, 20 тармақ. Аудармада – 5 шумақ, 20 тармақ. Аудармашы өлеңнің өлшемін, яғни шумақ жолдарының санын сақтаған. Аударма еркін тәсілмен жасалған. Ол өлеңнің мағынасын ашқан. Қатарлардың орнын ауыстырып, өз жанынан сөздер қосқан, яғни аударма бірліктерін қолданған алған. Аудармада орташа шыққан.

Мысалы, «Қайда қалды албырт ойдың қызығы»- деген «В голубой и ласковый вечер» деп аударылған, мағынасы ауысып кеткен. Немесе «жалбызды бір жаз күні «давным-давно», «Қалмапты тек жадымда оның мазмұны» дегенді «Как подснежник, юн и доверчив» деп аударылған. Ал «Бесте едім көктеген бәйшешегі, Бірақ білем... бір көгілдір кеш еді» деген жолдарды «Там, на белом экране, мчался Красный всадник на белом коне» деп түпнұсқадағы адамның жасын шатастырған. Түпнұсқада адамның жасын көрсетіп тұрса, ол туралы аудармада берілмеген.

Дегенмен, аудармашы біршама жұмыс жасаған, түпнұсқаның ойын, мағынасын жеткізуге тырысқан. Егер де аудармашы аударылатын тілді жақсы білсе ғана сәтті аударма жасайтындығы белгілі. Аудармашының ең алдымен сөздіктерді пайдаланып, сөзбе-сөз, жолма-жол аударма жасап алып, кейіннен әдеби аудармаға айналдырғандығы байқалады. Түпнұсқадағы кейбір кемшіліктердің болуы осының әсері деп ойлаймыз.

А. Асылбеков 1938 жылы 1 мамырда дүниеге келген. Қазіргі Абай атындағы Қазақ педагогикалық ұлттық университетінің түлегі. Әр жылдары «Жазушы», «Жалын» баспаларында «Әділет», «Заң», «Мәдениет», «Құқықтық Қазақстан » т.б. газеттерінде жұмыстар атқарған. Оның «Жапырақтар», «Байқа,балақай», «Бал бұлақ», «Әнші бала», «Ғажап бала», «Светофор сыры», «Ақ тілек», «Алтын арай», «Сауысқанның сәлемі» т.б. жинақтары бар. Көптеген ән мәтіндерінің авторы. Қазақ тіліне И. Крылов мысалдар аударып, оны «Мысалдар» деген атпен 2008 жылы жариялаған. Ақынның балаларға арналған ертегілер кітабы «За тучами-солнце» деп «Жалын» баспасынан 1968 жылы шықты. Аударған С. Аксенова-Штейнгрудт. Бұл аударма кітап сыншылар тарапынан оң баға алды.

Филология ғылымдарының докторы, ақын әрі аудармашы, талантты журналист Асқар Егеубаев 1950 жылы 6 наурызда дүниеге келген. Қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің түлегі. «Жұлдыз» баспасында, «Жалын» журналында, «Қазақ әдебиеті» газетінде әдеби қызметтер атқарған. Ол «Сыр мен сымбат», «Сөз жүйесі», «Әділет», «Аламан», «Қала салған қазақтар: Поэмалар», «Тайқазан: Дастандар мен өлеңдер», «ХХ ғасырдың екі сағаты», «Жүсіп Баласағұн: Роман-эссе», «Кісілік кітабы», «Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі»,«Құлабыз: Поэтиканың тарихилығы» т.б. кітаптардың авторы. Сонымен қатар А. Егеубаев Жамбыл атындағы халықаралық және Махамбет атындағы сыйлықтардың иегері. А. Егуебаев аударма ісіне де үлес қосқан талантты аудармашы. Ол М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегін қазақша аударған. Ж. Баласағұнның «Құтты білік» шығармасын да аударған. Осы аударма туралы талантты жазушы Р. Сейсенбаев былай деп жазған болатын: «Мәскеудегі Жазушылар одағына әр республиканың кітап баспаларынан кітаптар жөңкіп келіп жататын. Оны қарау, зерттеу, талдау керек болатын. Бүкіл Кеңес Одағының кітап көмбесі Мәскеудегі КСРО Жазушылар үйі болғаны мен үшін таптырмайтын олжа еді. Сол кітап қорына кіріп алып апталап, айлап шықпаушы едім. Бір күні сол көмбеге Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» атты дастаны түсті. Кітапты аударған қазақтың айтулы ғалымы, әдеби сыншысы Асқар Егеубаев інім екен. Жинақты бауырыма басып тұрып қатты қуандым. «Құтты білік» кітабымен бір апта жалғыз қалдым. Үстелімде де сол кітап, жатқан жерімде де сол кітап, Сокольники бағына серуенге

шыққанымда да сол кітап маған серік болды. Асқардың аудармасы да, кітапқа жазған алғысөзі де маған ұнады. Өкінішке қарай, Асқар Егеубаев ортамыздан ерте кетті. Білгір, талантты ғалым еді. Адамгершілігі, кішіпейілдігі де өзгеше болатын.«Құтты білік» менің қолыма желтоқсанның басында тиген. Көлемді дастанды мен қыс бойы талмай оқыдым. Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн ақынның теңдессіз ақылына таңғалдым. Отаншыл жүрегіне бас идім. Адалдығы үшін ардақтадым. Қанағатты серік еткен жан дүниесін риясыз көңіліммен құрмет тұттым» [6]. Аударма түсінікті әрі көркем тілмен жасалған. Бұдан басқа Гете, Т. Шевченко, О. Сүлейменов, А. Кузнецов т.б. тәржімалаған.

А. Егуебаевтың әдеби шығармашылығы мен аудармалары жайлы кезінде Т. Кәкішев, С. Негимов, Ә. Әлібекұлы, Ә. Дәулетханов т.б. пікірлер айтқан.

1989 жылы С. Аксенова-Штейнгрудт А. Егеубаевтың шығармаларын орыс тіліне аударып оны «Движение: стихи, поэма» деген атпен «Жазушы» баспасынан шығарды. Көлемі - 126 бет.

Белгілі аударматанушы Т. Әлімқұлов: «Аударма үстінде шабыттанбаған, бейнетіне рахаттанбаған, жүректің қанымен жазбаған адам ана тілде ұзақ жасайтын дүние тудыра алмайды. Сонымен бірге, поэтикалық шығарманы сөзбе-сөз, жолма-жол аудармай, тұтас алып аудару керек. Ойдың, сезімнің, образ жүйесінің жиынтығы сомдалып шығуға аудармашының қанынан қайнап шығу керек. Аудармашыны актерге ұқсас деген сөз менің көкейіме қонбайды. Аудармашы-автор», - деп айтқандай аудармашы өзі аударатын елдің мәдениетін, тарихын т.б. білуі шарт. Келешекте екі тілді жетік меңгерген билингвист аудармашылардың осындай қателіктерді болдырмайды деген үміттеміз.

Біз осы мақаламызда аудармашының қандай аудармалар жасады, кімдерден аударды, аудармашылардың сәтті-сәтсіз аударуына назар аударарда аудара теориясын оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерінің бірі - жүзім кластерлеріне сүйендік, жеке-жеке кластерлік сұрақтарға жауап іздедік, аудармаларын талдаудың әдіс-тәсілдері т.б. мәселелерге ғана тоқталып өттік. Аудармашы мен еңбек арасындағы кластерлік байланысты арқау ете отырып, аудармашының айқын мақсатсыз сапалы аударға жете алмайтынын сөз еттік. Әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, жүзім дәндері сияқты сатылай талдау арқылы аударманың теориялық мәселелеріне тоқталуға болады. **Case-study** әдісі бұл- таңдау мен шешім шығару дағдыларын қалыптастырушы жаңа технологияны қолдайтын тиімді әдіс. Мұнда аударматануда пәнаралық байланыс айқындалады, аналитикалық ойлау жүйесі талданады, шешім қабылдай білу дағдысы қарастырылады, баламалық (альтернативалы) шешімдерге мүмкіндік беріледі. Болашақ аудармашылар С. Аксенова-Штейнгрудтың аудармашылық еңбегін, соның ішінде қазақ ақындарының шығармаларын орыс тіліне аударудағы игілікті де жауапты әрі қиын жұмысының қыр-сырын, кемшіліктері мен жетістіктерін жіті зерттеп, әділ бағасын беретіндігіне сеніміміз мол.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Почуять ускользающую вечность.//Еврейский образователь. № 08/248 .08. 2013
2. На доме Мориса Симашко установлена мемориальная доска.//jewishkz.com.18 Март 2015.
3. www.ikitap.kz. Сәрсенбі, 08 Шілде 2015
4. Али Нысаналин. «Мәуе». Өлеңдер жинағы. - Алматы : Жазушы, 1990. - 256.
5. Дорог небесных вехи. Независимый Казахстан: Антология современной литературы в трёх томах. Поэзия. Том III. — М.: Художественная литература, 2013. — 464 с
6. Мәңгілік кітап. Егемен Қазақстан газеті. 2016 жыл 28 қыркүйек.

ӘОЖ 811.581′362

Қалибекұлы Толқын,
филология ғылымдарының кандидаты, профессор,
Шығыс тілдерінің аудармасы кафедрасы,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
e-mail: tolkyn.kalibek@mail.ru

Тұрсынәліқызы Жазира,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Шығыс тілдерінің аудармасы кафедрасы,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
e-mail: jazen_25@hotmail.com

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ КЕЙБІР ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада сөйлем теориясы, сөйлемге тән грамматикалық белгілер қарастырылған. Қытай тіл біліміндегі сөйлемді құрылымдық, семантикалық және функционалдық аспектіде зерттеудің тарихына шолу жасалып, соның негізінде қытай тіліндегі синтаксистік құрылымдарды сөйлем деп танудағы қиындықтар және оның себептері көрсетілген.

Түйін сөздер: сөйлем, синтаксистік бірлік, қытай тілі, қазақ тілі, предикативтілік, интонация.

Резюме. В статье рассматриваются теория предложения и грамматические особенности предложения. Проведен обзор истории изучения предложений на китайском языке в структурном, семантическом и функциональном аспектах, что показывает трудности в распознавании синтаксических структур в китайском языке как предложения и их причины.

Ключевые слова: предложение, синтаксическая единица, китайский язык, казахский язык, предикативность, интонация.

Abstract. The article discusses the theory of sentences, grammatical features characteristic of sentences. In the structural, semantic and functional aspect of the sentence in Chinese linguistics, a review of the history of the study was conducted, on the basis of which the problems and reasons for the recognition of syntactic structures in the Chinese language were described.

Key words: Sentence, syntactic unit, Chinese language, Kazakh language, predicativity, intonation.

Тілдің басты қызметінің бірі – адамдар арасында өзара пікір алмасу, қарым-қатынас жасаудың құралы болу қызметін атқаруы. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда “Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау” [1, 141 б.]. Тілдің бұл қызметі сөйлеуден көрініп, басты коммуникативтік бірлік сөйлем болып табылады.

Тіл білімінде сөйлемге беріліп жүрген анықтамалар аз емес және сөйлем табиғатын түсіндірудегі бірізділіктің болмауы нысанның (сөйлемнің) қай қырынан алып қарастырылуына байланысты болып келеді. Бір анықтамада сөйлемнің мәні логикамен байланысты айқындалса, енді бір анықтамада сөйлемнің табиғаты лингвистиканың шеңберінде қарастырылу арқылы түсіндіріледі.

Синтаксистің басты зерттеу нысаны болып табылатын сөйлемді зерттеудің бірнеше аспектісі бар. Біріншісі – сөйлемді қатынас құралы болу тұрғысынан қарастыру. Сөйлемді мұндай қатысымдық (коммуникативтік) құрылым ыңғайында зерттеушілер актуалды мүшелердің, яғни тема мен реманың арақатынасына назар аударады. Екіншісі – сөйлемді құрылымдық аспектіден қарастыру. Үшіншісі – сөйлемді мағыналық құрылысы жағынан сипаттау. Дәлірек айтқанда, сөйлемнің құрылысы мен мағынасын бірге қарастыру [2, 7 б.].

Сөйлем синтаксисін зерттеуші ғалымдардың қай-қайсысы да сөйлем құрылымына байланысты осы үш аспектіні жоққа шығармайды. Таратып айтар болсақ:

1) сөйлемнің формалық жағынан ұйымдасуы, яғни предикативтік орталық ыңғайындағы құрылым, оны формалды немесе структуралық деп те атайды;

2) мазмұндық жағынан ұйымдасуы, яғни белгілі бір объективті шындықты білдіру ыңғайындағы құрылым болып табылуы;

3) сөйлем арқылы берілген хабардың белгілі бір қарым-қатынас мақсатына лайық құрылуы, бұл комуникативтік құрылым деп аталады [3, 13–14 бб.].

Қазақ тіл білімінде сөйлем табиғатын анықтауға байланысты айтылған ғылыми пайымдауларға келер болсақ, А. Байтұрсынұлы “Сөйлем дегеніміз – сөздің басын құрастырып, біреу айтқан ой” деген анықтама беріп, тұжырымын былайша жалғастырады: “... ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық даражада түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады” [4, 157 б.]. А. Байтұрсынұлының сөйлемге берген анықтамасында сөйлемге тән болып келетін және сөйлемнің атқаратын қызметіне қатысты мынандай фактор қамтылған: сөйлем ойды жеткізу құралы; сөйлем коммуникативтік бірлік болып табылады, яғни сөйлем “айтушының ойы” және “тыңдаушының ұғуы” тұрғысынан анықталады; сөйлемнің мазмұнының көлемі коммуникативтік мақсатқа қатысты анықталады, яғни тыңдаушы ұғарлық дәрежеде болуы. Басқаша айтқанда ойды жеткізетін сөйлемнің бірнеше сөздер тізбегінен тұратын құрылым да, сөйлемдер тізбегінен тұратын мәтін болып келуі де мүмкін екендігін байқау қиын емес. Бұл айтушының коммуникативтік мақсатына байланысты болып келеді.

Қазақ тіл білімінде бір құрамды және екі құрамды жай сөйлемнің модельдерін жасау жеке зерттеу нысаны ретінде жан-жақты қарастырылған. Бұл орайда Ж. Садуақасовтың “Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдер” (1996) атты еңбегі мен Б. Қайыровтың “Қазақ тіліндегі екі құрамды хабарлы жай сөйлемдердің құрылымдық-мағыналық модельдері” (1999) атты еңбегін ерекше атауға болады. А.Қ. Жұбановтың мәтін мазмұнын формализациалау мен формалды модельдеуге арналған еңбектерін де атап өткен орынды.

Қытай тіл білімінде сөйлемді құрылымдық, семантикалық және функционалдық аспектіде зерттеу өткен ғасырдың 80 жылдарынан басталады. 1981 жылы қытайдың көрнекті тілші ғалымы Ху Юйшудің (Hu Yushu) редакциялығымен шыққан “Қазіргі қытай тілі” атты оқулықта қытай тілі грамматикасы үш аспект теориясымен зерттеліп, алғаш рет “үш аспект теориясы” ортаға қойылды. 1982 жылы Ху Фу (Hu Fu) мен Уын Лян (Wen Lian) “Сөйлемді талдау туралы” атты ғылыми мақаласында “үш аспект теориясымен” қытай тіліндегі сөздердің орын тәртібі, көмекші сөздер, бастауыш, сөйлемнің оңашаланған мүшелері, және т.б. тілдік құбылыстарды құрылымдық, семантикалық және функционалдық аспектіде қарастырған. Фан Шяудың (Fan Xiao) редакциялығымен шыққан “Қытай тіліндегі сөйлемнің түрлері” (1998) атты ұжымдық еңбек – сөйлемді үш аспект теориясы негізінде жан-жақты сипаттаған алғашқы ғылыми еңбектердің бірі болып табылады. Ал сөйлемді модельдеуге арналған еңбектердің ішінен Ли Ляндіңнің (Li Lianding) “Қазіргі қытай тіліндегі сөйлемнің модельдері” (2011) атты монографиясын ерекше атап өткен жөн.

Жалпы тіл білімінде сөйлемді сөйлем деп танытатын негізгі грамматикалық белгілерге предикативтілік, модалділік және интонацияны жатқызады.

Предикативтілік сөйлемнің негізгі ұйымдастырушы тірегі бастауыш пен баяндауыштың арасындағы синтаксистік байланыс ретінде түсініледі. Профессор Т. Сайрамбаев сөйлемнің негізгі белгісі туралы ғылымдарының пікірлерін саралай келе, предикативтілікке жақ, шақ мәселесі негіз болып, осы екеуі арқылы предикативтік жүзеге асырылатындығын көрсетсе, модальділік белгісінің рай категориясы, модаль сөздер, демеуліктермен іске асырылатындығына тоқталады [3, 5–6 бб.].

Профессор Р. Әміров бастауыш пен баяндауыштың арасындағы қатынасты предикативтілік қатынас деп атайды. Тілде осы предикативтілік қатынасты танытатын грамматикалық формалардың болатындығына тоқталады, олардың бірнешеу және бәріде баяндауыш мүшенің құрамынан орын алатындығын атай отырып, шақтық тұлға мен жақтық тұлғаға қоса, рай тұлғасын да көрсетеді [5, 50–51 бб.].

Предикативтілік екі құрамды сөйлемдерде толық, бір құрамды сөйлемдерде жартылай, көрінеді. Егер предикативтілікті бастауыш пен баяндауыштың қатынасы ден түсінсек, онда ол сөйлемнің барлық типтік түрлерін толық қамти алмайды.

Предикативтілік – сөйлемнің функционалдық ерекшелігін танытатын синтаксистік катергория, хабарды шындаққа қатысты етіп, сол арқылы сөйлемді единица ретінде қалыптастыратын сөйлемнің ең басты, шешуші белгісі. Міне, бұдан предикативтіліктің сөйлемнің жоғарыда айтылған үш түрлі сипатымен де тығыз байланысты, сол құрылымдық сипаттарды анықтайтын белгі екенін байқауға болады. Сондықтан сөйлем предикативтілігі жөнінде ғалымдардың көзқарасымен түсініктері де олардың алған бағыттарына қарай ерекшеленіп жатады. Нақтырақ айтқанда, предикативтілік сөйлемді формалдық (структуралық) тұрғыда қарайтындар үшін – бастауыш пен баяндауыштың немесе синтаксистік бас мүшелердің қатынасы (байланысы), сөйлемді семантикалық құрылым тұрғысынан қарайтындар үшін – логикалық немесе бас мүшелер деп есептелетін субъект пен предикаттың қатынасы, ал коммуникативтік құрылым ыңғайына

зерттеушілер үшін – сөйленім (высказывание) мүшелерінің – тема мен реманың (актуалдық мүшелердің) қатынасы болып табылады.

Қытай тіл білімінде сөйлем жан-жақты қарастырылған деп айтуға болады. Қазақ тілімен салыстырғанда қытай тіліндегі сөйлемге тән басты белгілер, сөйлемнің жасалу жолдары мен түрлерге бөлуде айтарлықтай айырмашылықтар бар.

Ең алдымен, мұны қытай тілінің өзіндік ерекшелігі болып табылатын ондағы сөз түрлендіруші формалардың тапшылығымен, сөйлемде сөздердің орын тәртібі мен көмекші сөздердің грамматикалық мағыналарды білдіретін басты тәсілдердің қатарына жататындығымен байланыстыруға болады.

Қытай тілінде сөйлемге берілген анықтамаларда сөйлемге тән мынандай басты белгілер негізге алынып жүр:

1) сөйлем белгілі бір синтаксистік заңдылықтар арқылы құралған сөздер тізбегі;

2) сөйлем біршама тиянақты ойды білдіреді;

3) сөйлемде міндетті түрде өзіне тән интонация болу керек;

4) сөйлем мен сөйлемнің арасында кідіріс болады.

Қытайдың көрнекті тілші ғалымдары Хуаң Боруң (Huang Borong) мен Ляу Шуйдоң (Liao Xudong) сөйлемге мынадай анықтама береді: “Сөйлем – тиянақты интонациямен айтылатын, біршама тиянақты ойды білдіретін тілдік бірлік” [6, 5 б.].

“Shiyong Duiwai Hanyu Yufa” атты педагогикалық грамматикада сөйлемге берілген анықтамада мынадай мазмұндар қамтылған: “Сөйлемнің алдында немесе артында айтарлықтай кідіріс болады, тиянақты интонациямен айтылады, біршама толық мағынаны білдіретін дыбыс пен мағынаның бірлігінен түратын тіркесім, ең үлкен грамматикалық бірлік, бір сөйлем аяқталған соң айтарлықтай кідіріс жасалады, жазуда нүкте (。), сұрақ белгісі (?) немесе леп белгісі (!) қойылады.” [7, 4 б.].

Т. Қалибекұлының “Қазіргі қытай тілінің грамматикасы (синтаксис)” атты оқу құралында сөйлемге мынадай анықтама берілген: “Сөйлем – коммуникативтік бірлік. Сөйлем сөз немесе сөз тіркестерінен құралған, белгілі бір интонацияға ие, біршама аяқталған ойды білдіретін тілдік бірлік” [8, 35 б.].

Қытай тілінде сөйлемдегі есімдік немесе зат есімнен жасалған бастауыш пен толықтауыштың орнын ауыстырса, бүтіндей сөйлемнің мағынасы өзгеріп кетеді. Мысалы, 他认识我 [Ta Renshi wo]. *Ол мені таниды (сөзбе-сөз: ол тану мен)* деген сөйлемнің құрамындағы 他 (*ол*) сөзі – бастауыш, ал 我认识他 [Wo Renshi ta]. *Мен оны танимын* (*сөзбе-сөз: мен тану ол*) деген сөйлемнің құрамында 他 (*ол*) сөзі толықтауыш болып тұр. Қазақ тілінде *Мен оны танимын* деген сөйлемді *Оны мен танимын* деп орнын ауыстырып айтсақ, мағынаға айтарлықтай нұқсан келмейді.

Қытай тілінде сөйлемдегі сөздердің орындарын ауыстырғанда, сөйлем мағынасының өзгеріске ұшырауының басты себебі: қытай тілінде сөз түрлендіруші формалардың тапшылығынан немесе септік жалғауларының жоқтығынан деп айтуға болады.

Қытай тілінде көмекші сөздер арқылы немесе көмекші сөздерсіз білдірілетін грамматикалық қатынастар мен грамматикалық мағыналар да бірдей болмайды. Мысалы, 说话shuo hua (*сөйлеу, сөз сөйлеу*) деген көмекші сөздерсіз тіркескен сөз тіркесі толықтауыштық қатынасты білдірсе, 说的话shuo de hua (*айтар сөз, айтатын сөз*) деген сөз тіркесіне көмекші сөз, яғни 的 құрылымдық шылауы жалғанғандықтан, анықтауыштық қатынасқа өзгереді.

1956 жылы жасалған “Уақытша жасалған қытай тілінің мектеп грамматикасы жүйесінде” кеңестік тіл білімінің әсерімен қытай тіліндегі жай сөйлемдер қос құрамды және бір құрамды сөйлемдер деп бөлінген. 1984 жылы жасалған “Мектеп бағдарламасында” қытай тілінің грамматикалық ерекшеліктері ескеріліп, жай сөйлемдер бастауыш-баяндауыш құрылымды (主谓句), бастауыш-баяндауыш құрылымды емес сөйлемдер (非主谓句) деп жіктелген.

Бастауыш пен баяндауыштан құралған сөйлем бастауыш-баяндауыш құрылымды деп аталады. Бұл сөйлем баяндауыштың сипатына, яғни баяндауыштың қандай сөз табынан болуына қарай есім баяндауышты (名词谓语句), етістік баяндауышты (动词谓语句), сын есім баяндауышты (形容词谓语句) және баяндауышы бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінен жасалған сөйлемдер (主

谓谓语句) болып 4 түрге бөлінеді. Қазіргі кезде қытай тіл білімінде “қос құрамды сөйлем” және “бір құрамды сөйлем” деген терминдер қолданыстан қалған.

Қытай тілінде баяндауышы бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінен жасалған сөйлемнің болуы қазақ тілімен салыстырғанда, өте маңызды ерекшеліктердің бірі болып саналады. Қытай тілінде қалыптасқан дәстүр бойынша сөйлем мүшелері бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш және толықтырғыш болдып 6 түрге бөлінеді. Бастауыш, баяндауыш және толықтауыштар сөйлемнің негізгі мүшелері (яғни тұрлаулы мүшелер), ал анықтауыш, пысықтауыш және толықтырғыштар сөйлемнің қосалқы мүшелері (яғни тұрлаусыз мүшелер) деп аталады.

Қытай тілінде сөздің, сөз тіркесінің және жай сөйлемнің құрылымы, негізінен, ұқсас болып келеді. Мысалы, 地震 [dizhen] *жер сілкіну* деген сөз де, 身体好 [shenti hao] *денсаулығы жақсы* (сөзбе-сөз: *денсаулық жақсы*) деген сөз тіркесі де, 老师来了 [Laoshi lai le] *Мұғалім келді* деген сөйлем де бастауыш-баяндауыштық байланыс арқылы жасалған.

Қытай тілінде сөйлемнің құрамындағы баяндауыштың жақтық, шақтық және рай сияқты грамматикалық формалары болмайды, сондықтан бастауыш пен баяндауыш тек орын тәртібі арқылы байланысады. Қытай тілінде сөйлемді сөйлем деп танытатын негізгі грамматикалық белгі – интонация.

Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі сөз түрлендіруші формалары өте аз қытай тіліне тән елеулі өзгешелік болып табылады. Қытай тіліндегі бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің құрамындағы сыңарлар бір-бірімен тек орын тәртібі арқылы байланысады. Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің соңынан келетін демеуліктер қосылып айтылса немесе сөйлемге тән тиянақты интоноциямен айтылса, бастауыш-баяндауыш құрылым сөйлемге айналады. Ал сөз түрлендіруші формаларға бай тілдерде, мысалы, қазақ тілінде бастауыш-баяндауышты конструкцияның (субъектілік-предикаттық қатынастағы тіркестің) құрамындағы баяндауыштың, әсіресе, етістіктердің жақтық, шақтық, көптік және рай сияқты грамматикалық формалары болғандықтан, тұтас конструкция сөйлемдік қасиетке ие болады да, сөз тіркесі болмайды.

Қытай тілінің дәстүрлі грамматикасында жай сөйлемдер ең алдымен бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлем және бастауыш-баяндауыш құрылымды емес сөйлем болып екі үлкен топқа бөлінеді. Бастауыш пен баяндауыштан құралған сөйлем бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлем деп аталады. Бұл сөйлем баяндауыштың қандай сөз табынан болуына қарай есім баяндауышты, етістік баяндауышты, сын есім баяндауышты және баяндауышы бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінен жасалған сөйлемдер болып төрт түрге бөлінеді. Жай сөйлемнің ішінде бастауыш пен баяндауышты тауып алуға болмайтын сөйлемдер бастауыш-баяндауыш құрылымды емес сөйлемдер деп аталады. Бұл сөйлемдер бастауыш-баяндауышты тіркестерден басқа сөз тіркестерінен, я жалаң сөздерден жасалады. Бұл сөйлемдер екі түрге бөлінеді. Бірі – жақсыз сөйлем, екіншісі – атаулы сөйлем.

Қорыта айтқанда, “…тілдің грамматикалық құрылымы айқын ұлттық сипатқа ие, сондықтан әр тілдегі сөз тіркестері түрлі-түрлі топтастырылады. Мысалы, бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі (предикативтік сөз тіркесі) мен толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі (баяндауыш-толықтырғышты сөз тіркесі) негізінен сөз түрлендіруші формалары өте аз тілдердің бірі – қытай тілінің табиғатына тән құбылыс” [9, 289 б.].

Қазақ тілінде сөздердің орын тәртібі жылжымалы сипатқа ие болғанымен, сөздердің орын тәртібі барлық жағдайда өзгере бермейді. Қазақ тілінде жалғаулықсыз орын тәртібі арқылы қабыса байланысқан сөз тіркесінің байланысы берік болады. Ал қытай тілінде синтаксистік құрылымдағы сөздердің орындарының өзгеріске түсуі оның байланысу тәсілі мен мағынасын өзгертеді. Қытай тілінде бастауыш-баяндауышты тізбектің құрамындағы баяндауыштардың жақтық, шақтық және рай сияқты грамматикалық формалары болмайды. Бастауыш-баяндауышты тізбек сөйлемге тән тиянақты интонациямен айтылса немесе сөйлемнің соңынан келетін демеуліктер қосылып айтылса, бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлемге айналады. Қытай тілінде сөйлемді сөйлем деп танытатын негізгі грамматикалық белгі интонация болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зеттеулер. –Алматы: Жазушы, 1989. –320 б.
2. Арват Н.Н. Семантическая структура простого предложения в современном русском языке. – Киев: Вища школа, 1984. –160 с.

3. Сайрамбаев Т. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. –Алматы: Қазақ университеті, 1991. –168 б.
4. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы: Абзал-Ай, 2013. –640 б.
5. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі . –Алматы: Мектеп, 1983. – 168 б.
6. Huang Borong, Liao Xudong. Xiandai Hanyu (2). –Beijing: Gaodeng Jiaoyu Chubanshe, 1997. – 309 p.
7. Hu Peian. Shiyong Duiwai Hanyu Yufa. –Wuhan: Huazhong Keji Daxue, 2011. –263 p.
8. Қалибекұлы Т. Қазіргі қытай тілінің грамматикасы (синтаксис). –Алматы: Мерей, 2018. – 218 б.
9. Қалибекұлы Т. Қытай тіл біліміндегі толықтырғыш пен толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі//Қазақстанның ғылымы мен өмірі. 2019. – №9/2. –283–289 бб.

УДК 81’1 – 027.21

Қалыбаева Айгуль Жакыповна,
Гуманитарлық ғылымдарының магистрі, оқытушы,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Магзымова Жанат Салауатовна,
Гуманитарлық ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ СҰЛУЛЫҚ ҰҒЫМЫНА ҚАТЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕР МЕН ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация: Бұл мақалада ағылшын және қазақ тілдеріндегі сұлулық ұғымына қатысты фразеологиялық бірліктер мен теңеулердің лексика-семантикалық ерекшеліктері салыстырмалы түрде қарастырылады.

Кілт сөздер: теңеу, сұлулық ұғымы, фразеологиялық бірліктер, ағылшын тілі, қазақ тілі.

Аннотация: В данной статье рассматриваются лексико-семантические особенности фразеологических единиц и сравнений по понятию красоты в английском и казахском языках.

Ключевые слова: сравнение, понятие красота, фразеологические единицы, английский язык, казахский язык.

Annotation: This article discusses the lexical and semantic features of phraseological units and comparisons on the concept of beauty in the English and Kazakh languages.

Key words: simile, the notion of beauty, phraseological units, the English language, the Kazakh language.

Кіріспе

Лингвомәдениеттану бағытының негізгі мақсаты – алдыңғы ұрпақтың ғасырлар бойы жинақтаған рухани және материалдық мәдениетінің жетістіктері мен тәжірибелерін, ұлт өркениетіне қатысты ақиқат белгілерін таңбалайтын тұрақты тілдік бірліктерді зерттеу.

Қазақ тіл білімінде «қазіргі лингвистиканың құрылымдық, яғни тілді өз жүйесі ішінде ғана зерттеу парадигмасының антропоцентристік қағида негізінде – сол тілдің иесі болып табылатын адаммен, оның (тілдің) функционалды қолданыс табатын әлеуметтік орта, тарих, мәдениет пен танымдық үрдіспен байланыстыра қарайтын зерттеулердің нәтижесі болып табылар соңғы он жыл көлемінде тіл мен мәдениеттің өзара байланыс тетіктері мен жалпы ұлттық дүниетаным, ұлттық мәдениеттің тілдегі көрінісін зерттейтін лингвомәдениеттану ғылымы пайда болды», – деп айтуға толық негіз бар [25; 27]. Тілді лингвомәдени бағытта қарастырудың кешенді сипаты мен ғылымиаралық сабақтастығын атап өткен жөн. Атап айтқанда, зерттеу барысында этнография, тарих, мәдениет, салт-дәстүр, өнер, космонимия, т.б. ғылымдарының деректері де тиімді пайдаланылады.

Осы саладағы жалпы тіл білімінің теориялық тұжырымдары мен қазақ тіл біліміндегі нақты деректер негізіндегі зерттеулердің нәтижелері лингвомәдениеттанудың маңызды да айқын тұжырымдары мен қағидаларын қалыптастырды. Нақты түрде айтсақ, лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан алғанда, тіл тек қарым-қатынас және танымдық қызмет атқаратын құрал ғана емес, сондай-ақ *ұғым – тіл – мәдениет* жиынтығынан құралатын, тұтас дүние жөніндегі мол мағлұмат беретін ұлттық мәдени код, қор, мәдени ақпарат көзі ретінде танылады. Себебі, адамға рухани, интеллектуалдық, әлеуметтік мүмкіндіктерден туындайтын аса мол алуан түрлі ақпарат тілдік арналар арқылы беріледі. Санадағы бұл ақпараттар *концепт* немесе *ұғым* арқылы түйінделеді. Осыған орай, *ұғым* белгілі бір объектінің ең мәнді белгілерін көрсететін сананың нәтижесі болса, *концепт* объектінің ең мәнді белгілерімен қатар, мәнді емес белгілерін де қамтитыны жоғарыда аталған зерттеулерде дәлелденген.

Негізгі бөлім

Ұлттық атаулардың жасалуының бір жолы, ұғымды берудің көркемдік амалы – ұқсату. Ол күнделікті өмірде, тұрмыстық тәжірибеде қалыптасады. Себебі, адамдардың табиғаттағы әртүрлі құбылыстарды бақылап салыстыруы, оны өз іс-әрекетімен, тәжірибесімен салыстыруы,

